

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ**

ЖАЛПЫ БӨЛІК

ОҚУЛЫҚ

Қостанай 2018

ӘОЖ 343
КБЖ 67.411
Қ 18

Баспаға Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Ғылыми кеңесімен ұсынылды

Пікір бергендер:

заң ғылымдарының докторы, профессор *Т.К. Акимжанов*
заң ғылымдарының кандидаты, доцент *А. Қалиев*
заң ғылымдарының кандидаты, доцент *А. Майтанов*

Авторлар ұжымы:

О.Т. Сейтжанов, А.В. Брылевский, С.Н. Бачурин,
С.А. Едресов, С.М. Сафронов

Қ 18 Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы. Жалпы бөлік [Электронды ресурс]: оқулық / О.Т. Сейтжанов, А.В. Брылевский, С.Н. Бачурин және т.б. – Электронды деректер (0,9 Мб). - Қостанай: Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2018. – 198 б. - 1 электрон. опт. диск. – Жүйе талаптары: процессоры Intel Core i3 және одан көп ДК; 512 Мб және одан көп; дискжетек CD/DVD – ROM; Microsoft Windows XP және одан жоғары; SVGA 800x600.16 bit және одан көп; Internet Explorer; Adobe Acrobat Reader 8.0 және одан жоғары.

ISBN 978-601-7897-46-8

Оқулық Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік құқығының Жалпы бөлігінің маңызды мәселелері бойынша тақырыптарды қамтиды. Олар қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнаманы, қылмыстық-процестік құқығының жалпы бөлігі ережелерін түсіндіру және іске асыру мәселелері бойынша тәжірибе мен қазіргі заң әдебиеттерін талдау негізінде мазмұндалған.

Еңбек ІІМ, ҰҚК арнайы оқу орындарының және университеттердің заң факультеттерінің тыңдаушыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жоғары оқу орындарының магистранттарына, докторанттарына, оқытушылары мен практикалық қызметкерлеріне арналған.

ӘОЖ 343
ББК 67.411

ISBN 978-601-7897-46-8

© Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, 2018
© О.Т. Сейтжанов, А.В. Брылевский, С.Н.
Бачурин, С.А. Едресов, С.М. Сафронов, 2018

Мазмұны

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР	5
КІРІСПЕ	6
1-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, МӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ.....	7
1. Қылмыстық-процестік құқығының ұғымы, оның міндеттері және мәні	7
2. Қылмыстық процестің жүйесі	10
3. Қылмыстық-процестік функциялар	12
4. Қылмыстық-процестік актілер	16
5. Қылмыстық-процестік құқығы және құқықтың басқа салалары.....	21
2 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМАСЫ	24
1. Қылмыстық-процестік құқығының көздері	24
2. Қылмыстық-процестік заңнаманың міндеттері.....	32
3. Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте, уақыт тұрғысында, адамдарға қатысты қолданылуы	33
3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ	39
1. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарының ұғымы, мәні және жүйесі	39
2. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарының мазмұны.....	43
4-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІ ЖҮРГІЗЕТІН ОРГАННЫҢ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІМЕН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ АҚТАУ ЖӘНЕ ӨТЕУ ИНСТИТУТТАРЫ: ҰҒЫМЫ, НЕГІЗДЕМЕЛЕР, ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЛАРЫ	88
1 Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды ақтау және өтеу институттарының ұғымы, мәні мен мазмұны.....	88
2. Қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізу	95
5-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР	101
1. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар ұғымы және жіктеу	101

2. Сот және тергеу судьясы	105
3. Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар	112
3.1 Қылмыстық процестегі прокурор және оның өкілеттіктері	112
3.2 Тергеуші, оның міндеттері және процестік жағдайы.....	117
3.3 Анықтау органдары.....	119
3.4 Анықтау органының бастығы және анықтаушы	120
4. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар	122
5. Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар	133

6-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ТЕОРИЯСЫ. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ТЕОРИЯСЫ

1. Дәлелдемелер ұғымы және мазмұны	141
2. Дәлелдемелік құқығының әдіснамалық негіздері	143
3. Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар	147
4. Дәлелдеу шектері	149
5. Дәлелдеме және оның қасиеті	151
6. Дәлелдемелерді жіктеу	153

7-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ДӘЛЕЛДЕУ

1. Дәлелдеу ұғымы және мәні.....	160
2. Дәлелдемелерді жинау	165
3. Дәлелдемелерді зерттеу	170
4. Дәлелдемелерді бағалау және пайдалану	171

8-ТАРАУ. ПРОЦЕСТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ.....

1. Қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары	175
2. Күдіктіні ұстап алу.....	178
3. Бұлтартпау шаралары ұғымы және маңызы	181
4. Бұлтартпау шараларының түрлері және олардың саралануы.....	183
5. Бұлтартпау шарасын қолдану, күшін жою және өзгертудің процестік тәртібі	191

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕҚЫҰ	– Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ҚПК	– Қылмыстық-процестік кодексі
ҚК	– Қылмыстық кодексі
ҚАК	– Қылмыстық-атқару кодексі
АК	– Азаматтық кодексі
ҚРЗ	– Қазақстан Республикасының Заңы

КІРІСПЕ

Сот ісін жүргізудің сапалық тұрғыдан жақсара түсуі, қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді ғана емес, сонымен бірге қылмыстық-процестік қызметтің сапасы мен тиімділігін де елеулі арттыру қажеттігін алдын ала айқындап береді. Бұл құқық қорғау органдарының болашақ қызметкерлерінің әрқайсысынан шешімін табуы сот ісін жүргізу деңгейінің әрбір кезеңде артуына тікелей байланысты теориялық мәселелерді жан-жақты білуді талап етеді. «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» пәні бойынша оқулық – тыңдаушылардың курстың мазмұнын игеруін жеңілдетуге арналған «тірек» материал. Ол зерделеуге жататын негізгі сұрақтардың қысқаша мазмұндамасы болып табылады және пәннің бағдарламасына сәйкес келеді. Оның мақсаты – жалпы теория, қолданыстағы заңнамалар, құқықтардың ресми түсіндірмесі мен құқық қолдану тәжірибесі көзқарасы тұрғысынан Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық процесі туралы жалпы түсінік беру. Баяндалған материалдың көлемі, оның ақпараттылығының деңгейі мен мазмұндылығы баяндалған мәселелердің күрделілігіне, әдебиет көздерінің және басқа да ақпараттық қорлардың қолжетімділігіне байланысты ерекшеленеді. Оқулықта келтірілген материалдар тиянақты білім алудың қамтамасыз етілуіне көмектеседі, алайда дәріс курстарын алмастыра алмайды және сапалы білім алу үшін бірден-бір және жеткілікті негіз ретінде қаралмайды. Зерделеуге ұсынылған және оқулықты жазу кезінде пайдаланылған әдебиет, негізгі және қосымша әдебиеттердің жалпы тізіміне енгізілген. Бұған қоса, оқуға ыңғайлы болу үшін ол әр тараудың соңында келтірілген. Оқулықты жазу үстінде пайдаланылған әдебиетті қажет кезде тыңдаушыларға үлестірмелі материал түрінде беруге де болады.

Ұсынылып отырған баспа, біздің республикамыздағы бар әдебиетті толықтыра түседі және білім алушылардың, ПО практикалық қызметкерлерінің және кең бейінді заңгерлердің қылмыстық-процестік құқығынан біліміне қосымша дерек көз болады деп пайымдаймыз.

1-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, МӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Қылмыстық-процестік құқығының ұғымы, оның міндеттері және мәні

Анықтау, тергеу, прокуратура, сот органдарының заңмен реттелетін және бағытталатын қызметі қылмыстық процестің негізгі мазмұнын құрайды. Бұл органдардың ең басты қызметі қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру және соттың қарауы кезінде кезек күттірмейтін және ұйымдастырушылық маңызға иелігінде. Тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қылмыстық іс бойынша іс жүргізу және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін жауаптылықта болады.

Аталған қызмет, алайда, қылмыстық-процестік құқығының мазмұнын сарқа қарастырмайды. Қылмыстық-процестік қызмет, мемлекеттік органдардан басқа, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге әртүрлі процестік жағдайларда тартылатын адамдар қатысатын, процестік әрекеттер жүйесінен тұрады. Мұндай қатысу үшін заң оларға процестік құқықтар береді немесе нақты іс-әрекеттерді жасауға міндеттейді. Бұл іс-әрекеттердің барлығы қылмыстық-процестік қызметтің құрылымы мен міндеттерді орындауға табиғи түрде енеді.

Қылмыстық-процестік қызмет – мемлекеттің органдарымен, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге қатысатын барлық адамдармен жасалатын процестік әрекеттер жүйесі.

Қарап талқыланған элементтердің бірлігі қылмыстық процесс ұғымын құрайды. Қылмыстық процесс ұғымы, белгіленген тәртібі мен жүйесі бар сотқа дейінгі тергеп-тексеру, прокуратура мен соттың қызметін де, сонымен бірге оған қандай да бір шамада тартылғандар арасында осы қызметпен байланысты туындайтын қатынастарды да қамтиды. Сондай-ақ мұндай қызмет пен қатынастар өздігінен, қайсыбіреудің қарап шешуімен өткізілмейді, қылмыстық-процестік заңның нұсқамаларына, олардың белгілеген тәртібіне сәйкес өтеді.

Сонымен, қылмыстық процесс – анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының, қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және ашу, олардың жасалуына кінәлі адамдарды әшкерелеу және оларға қылмыстық жазалау немесе өзге де ықпал жасау бойынша заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызметі (іс-әрекеттер жүйесі), сондай-ақ осы қызметпен байланысты оған қатысатын органдар мен адамдар арасында туындайтын құқықтық қатынастар.

Әдебиеттерді зерделеу кезінде анықтаманың көптеген түрлерін кездестіруге болады, олардың саны, қылмыстық процестің мәні мен мазмұнын түсіндіруге тырысқан автор қанша болса, соншама дерлік. Бұған түсіністікпен қарауға болады, себебі әркім анықтамаға өзіндік, тың тұжырым қосқысы, қылмыстық процестің теориясы мен тәжірибесіндегі негізгі мәселелердің бірін шешуде шығармашылық көзқарас танытқысы келеді.

Алайда, көп жағдайда назар саналы түрде мынадай үш негізгі элементке

ауады::

1. Уәкілетті органдардың, олардың лауазымды адамдарының және процестің қатысушылары аталатын адамдардың қылмыстық-процестік заңда нақты белгіленген қызметіне (ретке келтірілген іс-әрекеттер жүйесіне).

2. Қызметті (сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында) жүзеге асыру барысында туындайтын құқықтық қатынастарға.

3. Тиісті уәкілетті органдардың қызметін және оның негізінде туындайтын өзара қарым-қатынастардың мұқият (Заңнамалық) регламенттелуіне.

Шетелдік авторлар берген анықтамалар да аса бір біркелкілігімен тамсантпайды, олардың ішінен толық біріне-бірі ұқсас екі анықтаманы табу қиын, мысалы: неміс заңгерлері, негізінен, қылмыстық процесс – үкімді қаулылау мақсатында қылмыстық істің қозғалысының заңмен реттелуі деп түсінеді. Басқаша айтқанда, олар қызмет (іс-әрекеттер жүйесін) пен оның негізінде туындайтын құқықтық қатынастарды қылмыстық процестің маңызды элементтері деп санамайды.

Қылмыстық процесс пен сот төрелігі өзара тығыз байланысты, бірақ олар әртүрлі ұғымдар: қызметінің міндеттері, мәні бойынша сот төрелігі қылмыстық процестен кең, себебі сот билігі қылмыстық сот ісін жүргізу арқылы ғана жүзеге асырылып қоймайды. Іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың шеңбері бойынша, қылмыстық процесс сот төрелігіне қарағанда кең: сот төрелігі соттың қызметімен аяқталады, ал қылмыстық процесс соттан бөлек, анықтау, тергеу және прокуратура органдарымен де жүргізіледі. Тіпті сот отырыстарында да сот төрелігі мен қылмыстық процесс бірікпейді. Қылмыстық процесс ұғымы осы сатыдағы барлық қатысушы субъектілердің қызметін қамтиды, сот төрелігі ұғымы – тек қана соттың ісін қамтиды.

Қылмыстық процесс ұғымы қылмыстық-процестік құқығы ұғымымен ажырамастай тығыз байланысты. Оның астарын мемлекет санкциялаған және қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді регламенттеуге арналған нормалардың, мінез-құлық қағидаларының жиынтығы деп түсіну қалыптасқан. Ол жалпы құқықтан бөлініп шығатын сан алуан салалардың біреуі болып табылады. Аталған құқық саласы қылмыстық құқыққа едәуір жанасады, себебі ол қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін белгіленетін ықпал ету шараларын іске асыру тәртібін айқындайды. Қылмыстық-процестік құқығының мазмұны белгілі бір дәрежеде қылмыстық құқық нормаларының мазмұнымен алдын ала анықталады (қылмыстық құқық бұзушылық құрамы туралы ұғым қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде дәлелдеу мәнін алдын ала анықтайды; қылмыстық жауапқа тартылатын адамның есінің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі тұжырымы медициналық сипаттағы және тағы басқа да мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібіне елеулі ықпал жасайды).

Жоғарыда баяндалғандар, қылмыстық-процестік құқығы – өзіне көптеген әртүрлі тараптарды, аспектілерді қамтитын күрделі, ауқымды, бір мағыналы емес ұғым екенін білдіреді. Бұл оның мәнін анықтауға арналған бір мағыналы көзқарастың жоқтығын аңғартады. Дәстүрлі көзқарас қылмыстық-процестік құқығын қылмыстық-процестің мақсатына қол жеткізу және міндеттерін шешу

мақсатында, қылмыстық істерді тергеу, қарау және шешу бойынша қызметті реттейтін заңның қағидаларында (нормаларында) көрініс тапқан әлеуметтік-ескерту жүйесі ретінде түсіну болып табылады [6, 27 б.].

Осылайша, қылмыстық-процестік құқығы – қылмыстық процестің міндеттеріне қол жеткізу мақсатында қылмыстық істерді тергеу, қарау және шешу бойынша қызметті реттейтін заң қағидаларында (нормаларында), яғни, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттері іске асырылуы қажет тиісті құқықтық процедуралар қағидаларында көрсетілген әлеуметтік ескерту жүйесі.

Қылмыстық процестің түпкі мақсаты қылмыстық жауаптылық туралы сұрақты шешу болып табылады. Алайда оған тұтас мақсаттың аралық, кішігірім дәрежесін бағындыру арқылы қол жеткізуге болады. Қылмыстық-процестік заңнамада олар міндеттер деп аталады. Қылмыстық-процестік құқығында міндеттер үш деңгейге бөлінеді (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-б.) [2].

Бірінші деңгей:

- құқық бұзушылықтарды бейтараптықпен, тез және толық ашуды;
- қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тартуды;

- әділ сот талқылауын және қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтиды.

Аталған деңгейдің міндеттерін шешу қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыруға бағытталған, ол қылмыстық мінез-құлыққа ықпал ету бойынша барлық процестік әдістер мен амалдарды қолдану болып табылатын әділ сот мәнінің бір ғана аспектісін бейнелеп көрсетеді.

Екінші деңгей:

- негізсіз айыптау мен соттаудан қорғауды қамтамасыз етуді;
- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды қамтамасыз етуді;

- кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету міндеттерін қамтиды.

Олардың оң бағытталуы, ол әділ соттың кінәсіз адамдарды қылмыстық қудалаудан қорғау болып табылатын екінші аспектісін бейнелеп көрсететіні ақиқат.

Міндеттердің үшінші деңгейі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруды нығайтуға көмек көрсету мәселелерін шешеді. Бұл деңгей жалпылама сипатқа ие. Алғашқы екі деңгейдің міндеттерін шешу бір мезгілде үшінші деңгейдің міндеттерін де шешуді білдіреді. Егер бірінші және екінші деңгейге тиісті міндеттердің тіптен біреуі шешілмей қалса да, үшінші деңгейдің барлық міндеттері шешілмеген болып саналады.

2. Қылмыстық процестің жүйесі

Қылмыстық процесс тергеу, прокурорлық және сот органдары әрекеттерінің күрделі жүйесін және олардың осы қызметке қатысушы адамдармен өзара байланыстары болып табылады. Қылмыстық-процестік құқығының нормаларымен реттелетін осы әрекеттер мен қатынастар қылмыстық істі тергеу және шешу барысында өзгеріске түсіп және дамып отырады.

Процеске қатысушылардың әрекеттерінің барлығы белгілі бір тәртіпте, белгілі бір ретте өтеді, оның нәтижесінде процестік әрекеттер мен процестік қатынастардың жиынтығы қылмыстық процестің қатаң, барлық жағынан келісілген жүйесінен көрінеді [13, 326-б.].

Бұл жүйе қылмыстық істің әрқайсысы бойынша қылмыстық процесті жүргізу іс бойынша шындықты анықтауды, нағыз қылмыскерді соттауды және жазалауды, азаматты негізсіз айыптаудан қорғауды қамтамасыз ету негізіне құрылады. Осыған сәйкес, қылмыстық іс бойынша іс жүргізулердің барлығы қылмыстық процестің бірқатар жүйелі кезеңдері мен сатыларынан өтеді.

Өзіне тән тікелей міндеттерімен, процестік әрекеттерімен және процестік қатынастарымен сипатталатын бөліктері қылмыстық процестің сатылары деп аталады. Іс бойынша іс жүргізу келесі сатыға алдыңғы кезеңдердің міндеттері орындалғаннан кейін ғана көшіріледі. Қылмыстық процесс кезеңдерінің реттілігі, олардың бір-бірімен байланысы, қылмыстық процестің жүйесін құрайды.

Ондай сатыларға: сотқа дейінгі тергеп-тексеру (хаттамалық нысан, анықтау және алдын ала тергеу); басты сот талқылауын тағайындау; басты сот талқылауы; апелляциялық іс жүргізу; үкімді орындау жатады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру. Қылмыстық істі тіркеу аяқталған соң (сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалғыз тізілімінде), ол тергелуі тиіс. Тергеу, анықтау және алдын ала тергеу органдарының істің мән-жайын анықтауға, дәлелдемелерді жинауға және тексеруге, қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі адамдарды әшкерелеуге бағытталған процестік әрекеттерінен тұрады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үш түрі бар: хаттамалық, анықтау және алдын ала тергеу. Тергеу, анықтау органдарының және прокурордың міндетті емес қорытындысы соттың болашақтағы қызметіне қатысы бойынша алдын ала тергеу деп аталады. Анықтау – уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды және қылмыстық істі дұрыс шешу үшін мәні бар басқа да мән-жайларды анықтау мақсатында жүзеге асыратын қылмыстық-процестік қызметі. Айрықша күрделілігімен және салмақты сипатымен ерекшелене қоймайтын істер бойынша, анықтау органы тергеп-тексеруді толық жүргізеді, ал заңда көрсетілген күрделірек және маңыздылау істер бойынша, орындалуы бойынша кешіктіруге болмайтын әрекеттерді, істі алдын ала тергеп-тексеру ісін жүргізу үшін тергеушіге береді. Алдын ала тергеп-тексеру істің барлық мән-жайын егжей-тегжейлі зерттеу, айыпталушыны әшкерелейтін, сондай-ақ оны ақтайтын барлық дәлелдемелерді жинау және тексеру үшін жасалады [12, 266-б.].

Басты сот талқылауын тағайындау. Істі тергеу аяқталғаннан кейін, соңғысын прокурор бекітілген айыптау актісімен бірге сотқа береді. Істі тыңдауға тағайындағанға дейін, сот отырысында судья істі қарау үшін негіздемелер жеткілікті болған кезде, сот мәжілісінде кінәлілік туралы сұрақты шешпестен, басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады (келесі сатыда шешілетін – сот талқылауында). Бұдан әрі, судья алдағы сот талқылауын ұйымдастыруға қатысты мәселені шешуге міндетті (куәларды шақыру туралы, айыптаушы мен қорғаушыны жіберу туралы және т.б.). Егер сот айыпталушыны сотқа беруге негіздемелер таппаса, ол не істі прокуратураға қосымша тергеу үшін қайтарады, немесе оған негіздемелер болған кезде істі тоқтатады. Бұл саты сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысына қатысы бойынша тексерістік болып табылады, және келесі сатыға – басты сот талқылауына қатынасы бойынша дайындық болып табылады.

Саты – үкім қаулысымен аяқталатын басты сот талқылауы, - барлық процестік әрекеттер мен қатынастар жүйесінде негізгі орын алатын процесс кезеңін шешетін, басты. Алдағы тұрғандардың барлығы процестің осы сатысымен оны дайындайды, оған қажетті жағдайларды жасайды, одан кейінгілердің барлығы сот талқылауының дұрыстығын, үкімнің заңдылығы мен негізділігін, сондай-ақ үкім заңды күшіне кіргенде, оның іске асырылуын бақылауға алып келеді. Тараптар, соттың талқылауына қатыса отырып, өздерінің функцияларын орындайды, өздерінің көзқарастары мен ұстанымдарын қорғайды. Процестің бұл кезеңі соттың үкім шығаруымен, сондай-ақ сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы және кінәлі деп танылған сотталушыға жаза қолдану туралы соттың шешімімен аяқталады.

Апелляциялық іс жүргізу сатысы – үкіммен келіспейтін тараптардың, үкімнің заңдылығы мен негізділігі тұрғысынан тексеретін және осы тексерудің нәтижесіне қарай, үкімді күшінде қалдыратын немесе оның күшін жоятын, не болмаса оған қажетті өзгерістер енгізетін жоғары тұрған сотқа шағым түсіруінен (мысалы, прокурор - наразылық келтіреді) тұрады.

Үкімді орындау сатысы – заңды күшіне енген үкімді іске асыру, онда мазмұндалған шешімдерді жүзеге асыру болып табылады.

Барлық кезеңдер бірыңғай міндеттер мен қағидаттарға бірігеді. Сонымен бірге, сатының әрқайсысы өзінің нақты мақсаттарына, өзінің процестік әрекеттері мен олардың қатысушылары тобына ие болады [7, 30-б.]. Мысалы, сот отырысын тағайындау кезінде, сот отырысында істі қарау үшін негіздемелердің жеткіліктілігі тексеріледі және ол отырыстың істің материалдарын барынша толық, жан-жақты және объективті зерттеу талаптарына жауап беретін жағдайда өтуі үшін мүмкіндік туғызатын бірқатар әрекеттер жасалады. Істі сот отырысында қарау үшін негіздердің жеткіліктілігін тексеру кезінде, атап айтқанда, істің осы сотта қарауға жататыны, әрекеттің мазмұндалуы, айыпталушының кінәсіне есі дұрыстың әрекетін мазмұндайтыны, қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде қылмыстық-процестік заңнама талаптарының сақталуы, қанағаттандырылмаған өтінішхаттардың болуы, іс соттың қандай құрамында қаралуы тиістігі және т.б., анықталады. Мұның барлығы, сайып келгенде,

жалпы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерінің орындалуына ықпал етеді.

Осы сатылармен қатар, қылмыстық-процестік заңнама заңды күшіне енген үкімдер бойынша айрықша тағы екі сатыны – қадағалаушы инстанцияларда іс жүргізуді (Қазақстан Республикасы ҚПК 484-498 б.б.) және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қайта бастауды (Қазақстан Республикасы ҚПК 499-508 б.б.) көздейді [2].

3. Қылмыстық-процестік функциялар

Қылмыстық-процестік функциялар деп қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде жүзеге асырылатын қызметтің негізгі бағыттарын түсіну қажет.

Олар мынадай төрт негізгі процестік функцияларға бөлінеді: қылмыстық құқық бұзушылықты тергеу; қылмыстық қудалау (қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына айыптау); қорғау (қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына айыптаудан); сот төрелігін жүзеге асыру (қылмыстық істі сотта қарау және шешу). Кейбір ғалымдар өзге де функцияларды бөліп көрсетеді – заңдылықты прокурорлық қадағалау, тәрбиелік, әлеуметтік бақылау [8, 73-б.].

Біз бұл жерде негізгі процестік функцияларды ғана қарастыратын боламыз. Ал функция ұғымын: мінсіз (міндет, тағайындау), іске асатын (шын орын алған, құқықтың белгілі бір бағыты – қолдану) және маңызы бар функциялар ретінде (тікелей процестің субъектісін белгілеуден шығатын және оның өкілеттігіне, оның қылмыстық-процестік мәртебесіне толық сәйкес келетін қызмет бағыты) өзара байланысты үш түрге бөліп қарауды ұсынамыз [9].

Анықтау және алдын ала тергеу органдарының қызметі қылмыстық құқық бұзушылықты ашу, оны жасаған адамды анықтау, кінәлінің тергеуден немесе соттан жалтару мүмкіндігін болғызбайтын шараларды қабылдау мақсатында дәлелдемелерді жинау, бекіту, зерттеу, тексеру және бағалау бойынша сотқа дейінгі қызмет болып табылады. Осылайша, жоғарыда көрсетілген органдар тергеу функциясын орындайды. Нақ осы функцияға қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, кінәлілерді табу бойынша негізгі жүктеме артылады. Анықтау және алдын ала тергеу органдарының қылмыстық тергеуді жүзеге асыра отырып, айыптауды тұжырымдайтынын (айыптау актісін негіздейтінін) ескеруіміз керек. Сондықтан бұл функция айыптау функциясына өте жақын.

Алдын ала тергеу барысында көптеген шешімдер, соның ішінде кінәлілік туралы мәселеге қатысты шешімдер қабылданады. Бұл шешім соңғы сипаттағы болған күннің өзінде (қылмыстық істі тоқату), іс мәні бойынша қарастырылса да, оны сот төрелігін жүзеге асыру функцияларын іске асыру ретінде қарауға болмайды. Сөз айыптаудан бас тарту немесе істі тоқтату туралы болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына айыптау функциясы – уәкілетті органдар мен адамдардың қылмыстық жазалауға жататын әрекетті ашуға, оны жасаған адамның кінәсін дәлелдеуге, оның жауаптылығы туралы

мәселені соттың дұрыс шешуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізетін қызметі [11, 37-39 б.].

Бұл функцияны кім және қандай нысанда жүзеге асыруына байланысты айыптаудың үш түрі көрсетіледі: жариялы (мемлекеттік), жекеше-жариялы және жекеше (жәбірленуші ұстанатын).

Қылмыстық қудалау мен айыптауды үш тәртіпке бөлу құқық бұзушылықтан жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін анағұрлым жедел қорғауға, іс бойынша іс жүргізу кезінде елеулі процестік үнемдеуге және мемлекеттік күштер мен құралдарды ауыр және аса ауыр қылмыстарға қарсы күреске жұмылдыруға ықпал жасайды. Қылмыстық қудалау мен айыптауды жүргізудің мұндай тәртібі қылмыстан жәбірленушілердің іс бойынша іс жүргізуге аса белсенді қатысуын көздеуі аса маңызды, олар жеке айыптаушылар болады және қылмыскерлікке қарсы күреске елеулі үлес қосады [3].

Ыңғайлы болу үшін қылмыстық қудалау мен айыптау құрылымының мұндай тәртібінің негізіне жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты (қылмыстық әрекетті саралау) және ауырлығы (қоғамға қауіптілік дәрежесі, санаты) жатқызылған. Қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануын қамтитын нормалар қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық қолсұғушылықтардың объектісіне қарай сараланған ҚК Ерекше бөлігінде баяндалған. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың санаттары ҚК бабында келтірілген және осы нормаларды ҚК Ерекше бөлігінің нормаларымен салыстыру жолымен жасалған қылмыстық-жазаланатын әрекеттің сипаты мен ауырлығын еш қиындықсыз анықтауға мүмкіндік туғызады.

Қорғаудың келесі функциясы – айыптауды теріске шығаруға және айыпталушының кінәсіздігін анықтауға не болмаса оның жауаптылығын жеңілдетуге бағытталған процестік қызмет.

Бұл функцияны айыпталушының өзі (күдікті, сотталушы), оны қорғаушы, заңды өкіл және қоғамдық қорғаушы жүзеге асырады.

Қорғау функциясы қарсы айыптау болып табылады, бұл айыптаушының айыптауының дәлелділігі, оның заңдылығы, қылмысты саралау және жазалау шарасы туралы қорытындысына қатысты қорғаушының жалпы, дәл осындай ішінара дау айта алатындығынан көрінеді [5].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қорғау функциясының мүмкіндіктері сотта істі қараумен салыстырғанда едәуір шектелген. Бұл, ең алдымен, сотта сотталушыға барлық дәлелдемелер ұсынылады және ол өзінің қорғалуын органның алдында, айыптаудан тәуелсіз жүзеге асырады.

Сотта істі қарау процесінде айыптау және қорғау тараптары дәлелдемелерді ұсыну, дәлелдемелерді зерттеуге қатысу және өтінішхаттарды мәлімдеу бойынша тең құқықтарды пайдаланады.

Бұдан кейінгі маңызды қылмыстық-процестік функция – істі мәні бойынша шешетін сотқа тән – сот төрелігін жүзеге асыру. Бұл функция қылмыстық істерді сот отырыстарында қарау және қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі адамдарға жазалар қолдану, не болмаса кінәсіздерді ақтау үшін жасалады.

Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылық және теңдік негізінде жүзеге асыру қағидаты (Қазақстан Республикасы ҚПК 21-б.), сот төрелігі функцияларының негізгі мазмұны сот отырысында істің барлық мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу және оны мәні бойынша шешу болып табылады. Оның мағынасы – сотқа ұсынылған айыптауға байланысты адамның кінәлілігі немесе кінәсіздігіне қатысты қорытынды жауап беру. Басқа қылмыстық-процестік функциялардың барлығы сот төрелігінің табысты жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Берген айғақтары (қорытынды) дәлелдемелердің көзі болып табылатын іске қатысатын адамдардың, сондай-ақ тергеу және сот әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесетін адамдардың қызметі, сот орындайтын функцияларға қатысы бойынша қосалқы болып табылады.

Сотқа сот төрелігін жүзеге асыра отырып, айыпталушыны жасалған құқық бұзушылыққа айыпты деп тану және оны қылмыстық жазаға тарту құқығы берілген. Заң қылмыстық процесте сотқа басқару тәртібін ұсынады және оған қабылданатын шешім үшін толық жауаптылық жүктейді.

Сот істі маңызы бойынша шеше отырып, бірінші сатыдағы, екінші (апелляциялық немесе кассациялық) не болмаса қадағалау сатысындағы сот ретінде әрекет етуі мүмкін. Ол қылмыстық процесте барлық мәселелерді дербес, ешкімге тәуелсіз, өзінің ішкі сенімі бойынша шеше отырып, әрқашан басымдыққа ие болады.

Өзінің қызметінде соттар анықтау немесе тергеу органдарының қорытындыларына, прокурордың пікіріне және жоғары сатыдағы соттардың қорытындыларына тәуелді болмайды.

Сот жүйесінің әртүрлі топтарының арасындағы өзара қарым-қатынастар судьялардың тәуелсіздігі және олардың заңға ғана бағыну принципі негізінде құрылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-б.) [1]. Бірінші сатыдағы соттың қорытындыларымен және шешімдерімен келіспеген кезде апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау сатыларының соттары өз құзыретінің шегінде – жазаны жеңілдетіп, айыптау эпизодтарын жойып, әрекетті анағұрлым жеңіл жаза түріне қайта біліктендіріп не болмаса істі сотта қарау толық болмаған кезде үкімді өзгертуге, соттың қылмыстық-процестік заңның нормаларын елеулі бұзуы кезінде үкімді жоюға құқылы.

Үкімнің күшін жою және істі жаңа сот қарауына не болмаса сотқа дейінгі тергеп-текесруге қайтару кезінде, сот жіберілген қателерді жою және зерттеулердегі ақтаңдақтарды толықтыру үшін қандай процестік әрекеттер өткізілуі тиістігі туралы міндетті нұсқаулар береді.

Сот істі қарау кезінде істі сотта қараудың орнатылған тәртібін қамтамасыз етуге, қылмыстық сот ісін жүргізулерге қатысушылардың заңды мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдана отырып, бейтарап және объективті болуы тиіс.

Қылмыстық-процестік қызмет белгілі бір субъектілердің (қатысушылардың) қылмыстық-процестік құқықтар мен міндеттерді іске асыру бойынша қызметі болып табылатындығы себепті, ол осындай қызметтің субъектілері болатын құқықтық қатынастардан тыс мүмкін емес. Міне сондықтан да құқық нормаларымен белгіленген қылмыстық құқық бұзушылық

туралы (қылмыстық процесс) істерді тергеу, қарау, және шешудің процесік тәртібі көрсетілген қызметті ғана емес, осы қызмет саласында құралатын қоғамдық қатынастарды да қамтиды. Қылмыстық-процестік қатынастар – бұл қылмыстық-процестік заңнамаларының нормаларымен реттелетін, қылмыстық сот ісі процесінде жинақталатын құқықтар мен міндеттер [10].

Осы қатынастарға қатысатын органдар мен адамдар, қылмыстық-процестік қатынастардың субъектілері деп аталады. Құқықтық қатынастардың бір субъектісінің өзінің құқықтарын жүзеге асыруы сәйкесінше басқалардың процесік міндеттерін тудырады.

Басқаша айтқанда, қылмыстық-процестік құқықтық қатынастар – мемлекет (іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті органдар мен лауазымды адамдардың атынан) пен қылмыстық-процестік құқығының қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған өзге де субъектілерінің арасындағы қатынастар деп анықтама беруге болады. Қылмыстық-процестік қатынастар, өзге құқықтық қатынастар секілді қылмыстық процеске қатысушылардың өзара құқықтары мен міндеттерін іске асыру кезінде туындайды. Мысалы, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жауапты мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, оларға берілген өкілеттіктер шегінде кез келген процесік әрекеттерді жүргізуге, іс бойынша кез келген шешімді қабылдауға құқылы. Алайда, сонымен қатар, олар Қазақстан Республикасы ҚПК талаптарын сақтауға, процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, қылмыстық процеске қатысушы адамдардың субъективті құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Айыптауды ұсынған лауазымды адамдарға айыпталушының кінәсін дәлелдеу міндеті жүктеледі [14].

Екінші жағынан, құқықтық қатынастарға істің басталуына мүдделі адамдар – күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері қатысады. Сонымен қатар қылмыстық-процестік қатынастардың қатысушылары куәлар, сарапшылар, мамандар, аудармашы, куәгерлер де болуы мүмкін.

Қылмыстық-процестік құқықтық қатынастар бірқатар ерекшеліктерге ие. Біріншіден, бұл құқықтық қатынастың бір тарапы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жауапты, мемлекетпен уәкілеттік берілген және билік жүргізу өкілеттігі берілген мемлекеттік орган немесе лауазымды адам болып табылады. Демек, қылмыстық-процестік құқықтық қатынастар «билік-бағынысты» қатынасы ретінде құрылады.

Қылмыстық-процестік қатынастардың келесі ерекшелігі, олардың бар материалдық-құқықтық қатынастардың аясында туындайтыны болып табылады. Қылмыстық-құқықтық қатынасы бойынша екінші бола отырып, олар құқықтық қатынастардың екі еселенген нысаны болып табылады [12, 168-б.] (құқықтық қатынастағы құқықтық қатынас). Олар қылмыстық құқықтық қатынастардан тыста туындай алмайды.

Қылмыстық-процестік құқықтық қатынастарды, әдетте, реттеуіштер деп атау қалыптасқан, дегенмен, олардың материалдық-құқықтық қатынастардан ажырамастай байланыстылығына қарай, оларды қорғаушылық ретінде

сипаттауға болады. Қылмыстық-процестік құқықтық қатынастарға құқықтық реттеу құралы ретінде қарайды, себебі заңда бекітілген құқықтар мен міндеттер қоғамдық қатынастарды реттеуші болып табылады [15]. Екінші жағынан, қылмыстық-процестік қатынастар құқықтық реттеудің нәтижесі болып табылады, себебі құқықтарды іске асыру және міндеттерді орындау құқықтық қатынастарды туғызады.

Қылмыстық-процестік құқықтық қатынастардың туындауы, олардың өзгеруі мен тоқтауы, өзге құқықтық қатынастар секілді, белгілі заң фактілерінің болуымен байланысты. Осыған байланысты қылмыстық-процестік құқықтық қатынастардың келесі бір ерекшелігіне де назар аударуымыз керек. Қылмыстық-процестік құқығында заң фактілерінің ерекшелігі бар: олар, әдетте, құқық қолдану актілері болып табылады. Құқық қолдану құқықты іске асыру нысаны ретінде қылмыстық процесте басымдыққа ие болады. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуымен байланысты қылмыстық-процестік құқықтық қатынастардың туындауына алып келетін заң фактісі, мысалы, материалды СТБТ-не тіркеу (Сотқа дейінгі тергеулерді бірыңғай тізімдеу) және тергеушінің (анықтау органының) істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап алуы болып табылады. Қылмыстық істің материалдарын тіркеу сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының тергеу әрекеттерін жүргізуді бастау құқығын туғызады.

Бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы, айыптау актісі (қылмыстық қылық туралы хаттама), үкім, апелляциялық сатыдағы сотты белгілеу және т.б. – аталған құқық қолдану актілері нақты қылмыстық-процестік құқықтық қатынастардың туындауына алып келетін заң фактілері ретінде қолданылады.

4. Қылмыстық-процестік актілер

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларын қолдану практикасы қылмыстық сот ісін жүргізу нысанын біріздендіру мәселесін көрсетті. Заңға бірыңғай процестік ресімделуі сот және тергеу практикасымен (сотқа дейінгі іс жүргізуге сот бақылауы, жария емес тергеу әрекеттерінің іс жүргізуі және т.б.) өңделмеген көптеген шешімдер, іс-қимылдар мен іс жүргізулер енгізілген.

Сотқа дейінгі қылмыстық-процестік актілерді құрастыру кезінде Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабының 3-бөлігінің талаптары ескерілуі тиіс:

- қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмеген процестік құжаттарды адамның кінәсін дәлелдеу негізіне жатқызуға болмайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабының 3-бөлігі);

- Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 4-бөлігіне сәйкес кез келген сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы процестік әрекеттердің хаттамасының соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалуы тиіс;

- жауап алу және өзге де тергеу әрекеттерінің хаттамасының әрбір бетіне оған қатысушылардың барлығы қолдарын қоюы тиіс;

- процеске қатысушылар алуға құқығы бар процестік әрекеттердің қаулыларының және хаттамаларының көшірмелерін, оларға тиісті өтінішхат болған кезде қылмыстық қудалау органдары тапсырады. Өзге жағдайларда бұл құқық қаулыға, хаттамаға қол қою арқылы таныстыру негізінде іске асырылады;

-қылмыстық-процестік заңның ұқсастығының күшіне қарай жекелеген процестік құжаттардың әмбебап және процестің әртүрлі қатысушыларына (қылмыстық сот ісін жүргізуде жұмсалған шығындарды толтыру туралы қаулы, іске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы, куәге құқықтарын түсіндіру және т.б.) қатысы барлығын атап өту қажет;

-куәгерлер туралы деректер процестік әрекет хаттамасында тегін, атын және әкесінің атын, туған жылын, тұрғылықты жерін және жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті қамтуы тиіс;

-сот сараптамасы органдарының қызметкері болып табылмайтын сарапшы, өзінің құқықтарымен және міндеттерімен танысады (Қазақстан Республикасы ҚПК 79-б.) және Қазақстан Республикасы ҚПК 420-бабы бойынша көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі. Өзге жағдайларда қылмыстық қудалау органы Қазақстан Республикасы ҚПК 79-бабының 7-бөлігін басшылыққа алады;

-16 жасқа толмаған кәмелетке толмаған көрген адамдардан (жәбірленушілер) ата-аналарының немесе оларды ауыстыратын адамдардың қатысуымен жауап алынады;

-айыпталушы, қылмыстық құқық бұзушылық жасалу кезеңінде, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің өзге уақытында атқарып отырған лауазымынан уақытша шеттетілуі мүмкін;

-мүлікке тыйым салу туралы қаулының қарар бөлігінде ықтимал тиесілі болуы, айыпталушының мүлкінің болжалды тұрған жері, оның алдын ала талап қоюмен және басқа да мүліктік өндіріп алулармен өлшемдестігі көрсетіледі. Сондықтан прокурорлық практика қылмыстық қудалау органдарынан тыйым салуға жататын мүліктің тізімі мен тұрған жерін нақты анықтауды талап етулері, қылмыстық процесс міндеттеріне – қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез ашу, кінәлілерді әшкерелеуге сәйкес келмейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-б.);

- басқа ауданда (қалада) процестік әрекеттер жүргізу үшін іс бойынша қадағалауды жүзеге асыратын прокурордан санкция алынады. Әрекет жүргізу орны бойынша прокурорға хабарландырылады;

-процеске қатысушылардың қауіпсіздігі туралы процестік актілер (мәліметтерге қол жетімділікті шектеу және т.б.) қажеттілігіне қарай процестік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға берілмеуі мүмкін;

-анықтау жүргізу кезінде анықтаушы Қазақстан Республикасы ҚПК 62-бабының 5-бөлігінде тізбектелген шешімдерді анықтау органы бастығымен келіседі;

- айыптау актісін жасау кезінде бірден істің парақтары нөмірленуі тиіс, себебі, Қазақстан Республикасы ҚПК 296-бабының 1-бөлігіне сәйкес істің

барлық материалдары тігіліп және нөмірленіп айыпталушыға және оның қорғаушысына танысу үшін ұсынылады;

- егер сотқа дейінгі тергеу хаттама жасау тәртібінде жүргізілсе, қылмыстық іс айыптау хаттамасын жасаумен аяқталады (Қазақстан Республикасы ҚПК 527-б.);

- қылмыстық іс тоқтатылған кезде (Қазақстан Республикасы ҚПК 289-бабының 3-бөлігі) тараптар істің материалдарымен танысады, ол жөнінде айыптау актісі жасала отырып тергеудің аяқталу кезеңі баламасы бойынша хаттама жасалады;

- оналту негіздері бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулыда адамның кінәсіздігі туралы мәселе күдік келтіретін жазуларды енгізуге жол берілмейді. Оналтуға жатпайтын негіздер бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату кезінде, прокурор мен шешім қабылданатын адамның келісімі талап етіледі;

- егер қылмыстық іс аудандық (қалалық) бөлімнің тергеу аппаратының іс жүргізуінде болса, онда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды беру туралы өтінішхаттың заңдылығы мен негізділігі туралы қорытындыны ауданның (қаланың) прокуроры қорытындының көшірмесін облыстың прокурорына жібере отырып дайындайды. Өтінішхаттың көшірмесі мәлімет үшін Қазақстан Республикасының ІІМ-не жіберіледі;

- айыптау актісі жасалып, аяқталған қылмыстық істің материалдары белгілі бір дәйектілікпен – сотқа дейінгі іс жүргізудің кезеңдері және қылмыстық қылықтың эпизодтары бойынша жүйелендіріледі. Қылмыстық істің бір томында тігілетін парақтың санын 300-ден асырмау ұсынылады [3].

Қаулының мазмұны мен құрылымы

Процестік заң ерекше процестік нысанның, сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде жасалатын процестік әрекеттердің тіркелуінің ерекше тәртібін қатаң сақтауды талап етеді. Қылмыстық қудалау органдары жасайтын процестік құжаттардың негізгі түрлері хаттамалар және қаулылар болып табылады.

Қаулы (Қазақстан Республикасы ҚПК 7-бабының 16 тармағы) – бұл үкімнен басқа, кез келген қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында қабылданған сот шешімі, анықтау органының, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың шешімі (күдіктінің әрекетін саралау туралы Қазақстан Республикасы ҚПК 204-бабы; эксгумациялау жүргізу туралы - Қазақстан Республикасы ҚПК 226-бабы; жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы - Қазақстан Республикасы ҚПК 233-бабы; сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы - Қазақстан Республикасы ҚПК 288-бабы және т.б.). Тергеуші шығаратын қаулылар, олар қатысты, барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 34-бабының 5 б.). Заңмен белгіленген жағдайларда тергеушінің (анықтаушының) қаулылары, олар бекітілгеннен немесе санкцияланғаннан кейін заң күшіне ие болады, мысалы, тінту жүргізу туралы, жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулылар.

Қаулы үш бөліктен тұрады: кіріспе, сипаттамалық-уәждемелік және

қарарлық (Қазақстан Республикасы ҚПК 198-б.).

Кіріспе бөлігінде қаулының атауы, уақыты, оның жасалған орны, оны кімнің жасағаны, қылмыстық істің атауы көрсетіледі.

Сипаттамалық-уәждемелік бөлігі істің нақты деректерін және мән-жайларын қабылданатын шешімді негіздеу үшін қажет көлемде қамтиды. Онда қабылданатын шешімнің себептері келтіріледі. Бұл бөлік қаулыны шығаруға негіз болған қылмыстық-процестік заңның баптарына сілтемелермен аяқталады.

Қарарлық бөлігінде іс бойынша қабылданған нақты шешім тұжырымдалады. Бұдан кейін осы процестік актіде легализациялауға жататын жанама сұрақтар бойынша шешім баяндалуы мүмкін.

Хаттаманың мазмұны мен құрылымы

Қылмыстық қудалау органы жасайтын процестік құжаттардың келесі түрі, жоғарыда көрсетілгендей, хаттама болып табылады. Хаттамалау тергеу процесінде жүзеге асырылатын тергеу әрекеттерінің нәтижесінде алынған нақты деректерді тіркеудің (процестік бекіту) негізгі тәсілі болып келеді.

Хаттама – қылмыстық процесті жүргізетін орган жасайтын процестік әрекет тіркелетін процестік құжат (Қазақстан Республикасы ҚПК 7-бабының 54-тармағы).

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде белгіленген, қылмыстық-процестік заңмен көзделген, мән-жайлар мен деректерді куәландыратын хаттамалар қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 119-бабы).

Нақты деректерді хаттамаларда тіркеудің негізгі талаптары: хаттамалаудың кідіріссіздігі; хаттамада тергеу әрекетіне қатысушыларға құқықтарын және міндеттерін түсіндіру фактісінің бейнеленуі; тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелерін егжей-тегжейлі суреттеу; хаттаманы куәландырудың ерекше тәртібін сақтау болып табылады.

Нақты процестік әрекеттердің хаттамалары Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 119 және 199 баптарында көзделген жалпы қағидаларды сақтай, олардың іс жүргізуін реттейтін нормаларда бекітілген ерекшеліктерді ескере отырып жасалады (мысалы, Қазақстан Республикасы ҚПК 212-бабы – жауап алу хаттамасы; Қазақстан Республикасы ҚПК 256-бабы – тінту хаттамасы; Қазақстан Республикасы ҚПК 224-бабы - қарап-тексеру және куәландыру хаттамасы және т.б.).

Қазақстан Республикасы ҚПК 199-бабына сәйкес, тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады. Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс- және бейнежазба материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады.

Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және

аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады. Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады. Егер тергеу әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылса не іздің баспа-таңбалары мен бедерлері әзірленсе, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада сондай-ақ оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану талаптары мен тәртібі, осы құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұдан басқа ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені аталуға тиіс. Хаттамаға тергеу әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, өзге ақпарат жеткізгіштер, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің баспа-таңбалары мен бедерлері қоса тіркеледі. Егер тергеу әрекетін жүргізу барысында маман өз зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, осы құжат хаттамаға қоса тіркеледі, бұл туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады. Хаттама танысу үшін тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертулер, толықтырулар, түзетулер келісілуге және осы адамдардың қолдарымен куәландырылуға тиіс. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық өзге де адамдар қол қояды. Тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда, бұл жөнінде хаттамада белгі жасалады, оны тергеуші өз қолымен куәландырады. Хаттамаға қол қоюдан бас тартқандар бас тарту себебін түсіндіруге құқылы және ол түсіндірме хаттамаға енгізілуі тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 8 және 10 бөліктері).

Жәбірленушінің, оның өкілінің, куә мен оның жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет деп табуға негіздемелер болған кезде, тергеуші тергеу әрекеттері хаттамасына, көрсетілген адамдар қатысатын, олардың жеке басы туралы деректерді келтірмеуге құқылы. Мұндай жағдайда тергеуші қаулы шығаруға міндетті, онда жеке басы туралы деректерді құпия сақтау туралы қабылданған шешімнің себептері жазылады, бүркеншік аты көрсетіледі және тергеу әрекеттерінің хаттамасында пайдаланылатын қол үлгісі келтіріледі. Қаулы конвертке салынып мөрленеді. Аталған конверттегі деректермен тергеушіден басқа прокурор мен сот таныса алады.

Қаулылар мен хаттамаларға қоса сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде мынадай басқа да процестік құжаттар жасалады:

- ұсыну (Қазақстан Республикасы ҚПК 200-б.);
- қол қою (Қазақстан Республикасы ҚПК 137-б.);
- шағым (Қазақстан Республикасы ҚПК 7-б.);
- қылмыстық теріс қылық туралы хаттама (Қазақстан Республикасы ҚПК 527-б.);
- айыптау актісі (Қазақстан Республикасы ҚПК 298-299 б.б.).

Айыптау актісін есептегенде, заң аталған актілер үшін белгіленген процестік нысанды арнайы реттемейді, қандай да бір құжатта қандай сұрақ шешуге жататынын ғана көрсетеді.

5. Қылмыстық-процестік құқығы және құқықтың басқа салалары

Қылмыстық-процестік құқығы құқықтың жеке саласы ретінде құқықтық реттеудің оқшау нысанасына – қылмыстық сот ісін жүргізу және құқықтық реттеудің өзіндік әдісіне – процестік нысанға ие. Сонымен бірге қылмыстық-процестік құқығы құқықтың басқа салаларымен бірге бірыңғай принципте құрылады, бірыңғай әдіснаманы пайдаланады, қоғамдық қатынастарды реттеуге қызмет етеді. Қылмыстық-процестік құқығы құқықтың кейбір салаларымен өзінің табиғатымен ғана емес, нақты міндеттерімен де, нормаларды пайдалану саласымен де байланысты. Ондай салаларға: қылмыстық құқық, қылмыстық-атқару құқығы, азаматтық процестік құқығы және т.б. жатады [15].

Қылмыстық құқық қылмыстық-процестік құқығына ең жақын сала болып табылады. Қылмыстық құқықтың нормалары қылмыстық-процестік құқығының нормаларын қолданбай іске асырыла алмайды [5]. Өз кезегінде, қылмыстық-процестік құқығы қылмыстық құқықсыз практикалық мағынасын, өзінің маңызын жоғалтады, пайдасыз болып қалады. Қылмыскерлікке қарсы күрес, қылмыстық-процестік құқығының да, қылмыстық құқықтың да мақсаттары жұмылдырылған аса маңызды міндет болып табылады.

Қылмыстық-процестік және қылмыстық құқықтардың негізінде жүйелі демократиялық қағидаттар жатыр. Материалдық және процестік құқығының ажырамастай байланыстылығы қылмыстық процестің барлық бойында көрінеді. Сонымен бірге қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөліктерінің нормалары пайдаланылады. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау үшін қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілерін көрсететін деректер қажет; бұлтартпау шараларын таңдау кезінде Қылмыстық кодекстегі қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығының тізбесі ескеріледі және т.б.

Қылмыстық-процестік құқығы мен қылмыстық-атқару құқығының арақатынасы қылмыстық-процестік құқығы мен қылмыстық құқықтың арақатынасына біршама ұқсас [5]. Жазаларды орындау процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар қылмыстық-атқару, сондай-ақ қылмыстық-процестік құқығымен де реттеледі.

Қылмыстық-процестік құқығы жазаларды орындау саласында үкімнің

орындауға жолдану тәртібін реттейді (мысалы, Қазақстан Республикасы ҚПК 51 тарауы) «Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау», жазаны орындау кезінде шүбәлар мен дауларды шешу, сотталған адамды ауруына байланысты жазаларды орындаудан босату туралы материалдар мен сот ісін ұсыну, жазадан шартты және шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды ұстау жағдайларын өзгерту, жазаны өтеу кезінде және т.б. Сонымен бірге қылмыскерлікпен күрес – қылмыстық-процес үшін ғана емес, сондай-ақ қылмыстық-атқару құқығы үшін де ортақ міндет.

Азаматтық-процестік құқығы, қылмыстық-процестік құқығы секілді сот төрелігіне жолдаумен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл ретте оларды көп нәрсе байланыстырады. Сотта істі қарау қылмыстық, сондай-ақ азаматтық істер бойынша бірыңғай қағидаттар негізінде жүргізіледі, белгілі бір процестік нысанда сот ісін жүргізудің екі түрін де қылмыстық процесте қаралатын азаматтық талап қою институты байланыстырады (Қазақстан Республикасы ҚПК 166-б.).

Сонымен бірге қылмыстық-процестік құқығы мен азаматтық-процестік құқығының арасында елеулі айырмашылық бар. Қылмыстық процесс қылмыскерлікке қарсы күрес жүргізу мақсатын көздейді, азаматтық процесс – азаматтық, отбасылық, мұрагерлік және кейбір басқа да азаматтық құқықтық қатынастарын қамтитын дауларды шешуді көздейді.

Дәлелдемелерді жинау тәртібі әртүрлі. Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер мемлекеттік органдармен жиналады, азаматтық істер бойынша – соттың жәрдемдесуі кезінде тараптармен жиналады. Қылмыстық және азаматтық істерді қарау салдарлары әртүрлі. Егер азаматтық іс бойынша келтірілген залал жуып-шайылса, бұзылған құқық қалпына келтірілсе, қылмыстық іс бойынша залалды жуып-шаю жөнінде ғана емес (жеке айыптау істері бойынша, Қазақстан Республикасы ҚПК 32-б.), сондай-ақ кінәліге жаза тағайындау туралы да шешім қабылданады.

Қылмыстық-процестік құқығы нормаларының «Сот туралы» және «Құқық қорғау органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарында қамтылған құқық нормаларымен тығыз байланыстылығы осы құқық қорғау органдарының ұйымдастырушылық құрылымы мен процестік қызметінде іске асырылатын ұйымдық және қызметтік қағидаттарының бірлігімен байланысты.

Тарау бойынша бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық-процестік құқығы ұғымының негізгі құрамбөліктерін атаңыз.
2. Қылмыстық-процестік құқығы ұғымына анықтама беріңіз.
3. Қылмыстық-процестік құқығының жүйесі.
4. Қылмыстық-процестік құқығының сатылары.
5. Қылмыстық-процестік функцияларының ұғымы және олардың түрлері.
6. Қылмыстық-процестік нысан және оның маңызы.
7. Қылмыстық-процестік кепілдіктер, олардың тағайындалуы.

8. Қылмыстық-процестік құқығы және оның құқық жүйесіндегі орны, құқықтың басқа салаларымен өзара байланыстығы.
9. Қылмыстық-процестік құқығының көздері.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2015 жылғы 1 қаңтардан күшіне енді).
3. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан (Том 1, Общая часть) / М.Ч. Когамов. – Алматы: «Жеті жарғы», 2015.
4. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: учебник для ВУЗов / под ред. Б.Х. Толеубековой. - Алматы: Баспа, 1998.
5. Громов Н.А. Уголовный процесс России: учебное пособие. - М., Юристь, 1998. - 284 с.
6. Уголовный процесс: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» / под ред. В.П. Божьева. 3-е изд., испр. и доп. - М.: Спарк, 2002. - 704 с.
7. Жогин Н.В., Фаткуллин Ф.Н. Предварительное следствие в советском уголовном процессе. – М., 1965. – 368 с.
8. Теория доказательств в советском уголовном процессе / Отв. ред. д.ю.н. Жогин Н.В. – М.: Юрид. лит., 1966. - 584 с.
9. Уголовный процесс: учебник для ВУЗов / под ред. П.А. Лупинской. - М.: Юрист, 1995.- 783 с.
10. Уголовный процесс Республики Узбекистан: Общая часть: учебное пособие / авт.-сост. к.ю.н. У.А. Тухташева. – Т.: Издательство ТГЮИ, 2007. – 513 с.
11. Чельцова М.А. Советский уголовный процесс. – М., 1962. – 321 с.
12. О рассмотрении гражданского иска в уголовном процессе: постановление Верховного Суда от 20 июня 2005 года № 1.
13. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса в 2-х т. - М., 1968. – Т. 1. - 511 с.
14. Нарикбаев М.С., Юрченко Р.К., Алиев М.М. Актуальные вопросы применения нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. - Астана, 1999.
15. Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). - Алматы: Ун-т экономики и права, 2000.

2 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМАСЫ

1. Қылмыстық-процестік құқығының көздері

Құқықтың көздері деп, әдетте, заңдық мағынасында құқықтық нормалардың қандай да бір сыртқы нысаны түсініледі. Заң – бұл қылмыстық-процестік құқығының негізгі көзі.

Қылмыстық-процестік заң – сотқа дейінгі тергеп-тексеру, қылмыстық істерді сотта қарау және шешу тәртібін, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың қызметін және осы қызмет саласында құралатын қоғамдық қатынастарды, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік биліктің жоғары органы қабылдаған нормативтік акт.

Осылайша, қылмыстық-процестік заңның көзі заң болып табылады.

Қылмыстық-процестік заңның негізгі қасиеттері мыналар:

1) қылмыстық-процестік заң – мемлекеттің заңнамалық билігінің жоғары заңдық күші бар актісі;

2) ол қылмыстық сот ісін жүргізу процедурасын, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру, қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және шешу тәртібін реттейді;

3) сондай-ақ бұл акт қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың да қызметін регламенттейді;

4) қылмыстық-процестік заң қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған.

Қылмыстық-процестік заңымен барлық қылмыстық істер бойынша және барлық соттар, прокуратура органдары, алдын ала тергеу және анықтау органдары үшін міндетті сот ісін жүргізудің бірыңғай тәртібі орнатылған.

Қылмыстық-процестік заңдар өзінің қылмыстық-процестік құқығы нормаларының ішкі мазмұнына, процеске қатысушылардың қызметін және олардың қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы қатынастарын реттеу іс-әрекетіне ие. Бұл мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өзара қарым-қатынасы ғана емес, олар мен процеске қатысушылардың және басқа да ұйымдар мен тұлғалардың арасындағы қарым-қатынастары да, сонымен қатар олардың әрекеттерден тұратын немесе заңмен тыйым салынған әрекеттерден қалыс қалудағы өзара мінез-құлқы да. Заңмен реттелген осындай қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастар болып табылады. Қылмыстық-процестік заң осындай қатынастарды реттеудің құқықтық амалдарын, қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу міндеттерін орындауды мақсат тұтқан қызмет үшін құқықтық негіздерді жасайды. Шын мәнінде оның мәні мен тағайындалуы осында болып табылады. Заңның тиімділігі материалдық заңның дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету, залалды жою мүмкіндігі (қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген) және тәрбиелік-профилактикалық міндеттерді жүзеге асыру секілді қызметтердің нәтижелерімен анықталады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 1-бабының 1-

бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдармен, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексімен Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптері мен нормаларымен анықталады. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін өзге қағидалар Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне енгізуге жатады.

Құқықтану көзқарасы тұрғысында бұл келесілерді білдіреді:

1) іс бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін белгілеу кезінде тікелей қолдануға тек қана Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі жатады, егер оның жекелеген ережелері конституциялық нормаларға қайшы келсе – Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2) егер қылмыстық-процестік нормалар қандай да бір өзге көздерде мазмұндалған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі мен Конституциясына қайшы келмеуі тиіс және оларға сәйкес келтіруге жатады;

3) егер қандай да бір өзге заңда жаңа қылмыстық-процестік нормалар қамтылса, олар Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне енгізілгеннен кейін ғана қолданыла алады.

Аталған қағидалар қылмыстық процесті оған туыс емес нормалардың, сот ісін жүргізудің демократиялық қағидастарына жауап бере алмайтын және қылмыстық-процестік заңның ішкі жүйесіне қайшы кіруінен сақтандырады.

Қазіргі уақытта қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тәртібіне қатысы бар нормалар қамтылған мынадай заңдар мен өзге де нормативтік актілер қолданылады: «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы (07.11.2014 жылғы жай-күйі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (13.11.2015 жылғы жай-күйі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (02.08.2015 жылғы жай-күйі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңы (19.06.1997 ж. №134-1, 02.07.1998 ж. №266-1; 07.04.1999 ж. №374-1, 23.07.1999 ж. №454-1, 29.03.2000 ж. №42-II, 05.05.2000 ж. №48-II, 10.10.01 ж. №247-II, 09.08.2002 ж. №346-II; 10.07.2003 ж. №483-II; 20.12.2004 ж. №13-III ҚРЗ, 15.05.2007 ж. №253-III ҚРЗ, 22.05.2007 ж. №255-III ҚРЗ, 27.07.2007 ж. №320-III ҚРЗ, 05.07.2008 ж. №65-IV ҚРЗ, 10.12.2008 ж. №101-IV ҚРЗ, 17.07.2009 ж. №188-IV ҚРЗ, 07.12.2009 ж. №221-IV ҚРЗ, 19.03.2010 ж. №258-IV ҚРЗ, 02.04.2010 ж. №262-IV ҚРЗ, 29.12.2010 ж. №374-IV ҚРЗ, 06.01.2011 ж. №379-IV ҚРЗ, 22.07.2011 ж. №478-IV ҚРЗ, 09.11.2011 ж. №490-IV ҚРЗ, 27.04.2012 ж. №15-V ҚРЗ, 05.07.2012 ж. №30-V ҚРЗ, 10.07.2012 ж. №36-V ҚРЗ, 04.07.2014 ж. №233-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы заңдарының редакцияларында). «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы);

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңы; «Сот сараптамасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 1403 Қаулысы; «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығы (31.12.2014 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен); ««Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы № 1-Е нысанды статистикалық есепті және оны құрастыру Нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 102 бұйрығы; ««Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» № 1-М нысанды статистикалық есепті және оны құрастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 8 қазандағы № 111 бұйрығы; «Жария емес тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бірлескен бұйрығы; «Ішкі істер органдарында қылмыстық теріс қылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша функцияларды бөлу тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 930 бұйрығы және т.б.

Егер қылмыстық сот ісін жүргізуде туындайтын жекелеген процестік қатынастар тікелей заңның нормаларымен реттелмесе, онда белгіленген жағдайларда қылмыстық-процестік заңның баламасын қолдануға рұқсат етіледі. Заңның баламасы реттелмеген қатынасқа ұқсайтын құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық нормасының әрекеті қатысты болғанда, орын алады.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының қылмыстық-процестік құқығының көзі ретіндегі рөлі

Қазақстан Республикасының Конституциясы – қылмыстық-процестік заңнамасының аса маңызды көзі. Қазақстан Республикасы Конституциясының қылмыстық сот ісін жүргізудегі маңыздылығы, оның жоғары заң күшіне салалық қылмыстық-процестік заңнама сәйкес болуы тиіс бірқатар негізге алынатын нормаларды қамтитынымен айқындалады. Бұл, ең алдымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының екінші бөлімінің ережесі, қылмыстық процестегі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, - заң алдында жұрттың бәрі теңдігіне, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, жазысқан хаттарының және алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына, тұрғын үйге қол сұғылмауына, сот төрелігі мен сот қорғауына қол жетімділік құқығына, кінәсіздік презумпциясына және т.б. қатысты. Конституция Қазақстан Республикасы сот билігінің (75-б.) және прокурорлық қадағалаудың (83-б.) жалпы негізін орнатады. Конституция басқа заңдарға нұсқауды қамтиды, атап айтқанда, «соттардың қызметінің ұйымдастырылуы және тәртібі заңмен

айқындалатынын» (107-б.) және «прокуратура органдары қызметінің ұйымдастырылуы, өкілеттігі мен тәртібі заңмен айқындалатынын» (120-б.) қарастырады. Конституцияға сәйкес «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Прокуратура туралы», «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары мен басқа да қылмыстық-процестік заңнамалардың көздері болып табылатын құқықтық актілер қабылданды. Салалық заңнаманың негізін сала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы қылмыстық процесте адам құқықтарының сақталуына және сот ісін жүргізудің демократиялық негіздеріне кепіл болады.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі

Жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан Республикасының аумағындағы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тәртібі Қылмыстық-процестік кодексімен айқындалады. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің белгіленген тәртібі бірыңғай және барлық соттарға, прокуратура органдарына, тергеуге, анықтауға, адвокаттық қызметке, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға міндетті болып табылады.

Қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданды (2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді). ҚПК құрылымы негізінен қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің мазмұны мен кезеңділігіне қарай құрылған. Барлық нормативтік материал 16 бөлім мен 73 тарауға топтастырылған. Бөлімдердің дәйектілігі және олардың мазмұны мынадай:

* Бірінші бөлім. Негізгі ережелер (ҚПК 1-6 т. 1-50 б.).

* Екінші бөлім. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар (ҚПК 7-14 т. 51-110 б.).

* Үшінші бөлім. Дәлелдемелер және дәлелдеу (ҚПК 15-16 т. 111-127 б.).

* Төртінші бөлім. Процестік мәжбүрлеу шаралары (ҚПК 17-19 т. 128-165 б.).

* Бесінші бөлім. Қылмыстық процестегі мүліктік мәселелер (ҚПК 20-22 т. 166-178 б.).

* Алтыншы бөлім. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу (ҚПК 23-39 т. 179-305 б.).

* Жетінші бөлім. Қылмыстық істердің соттылығы. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу (ҚПК 40-47 т. 306-413 б.).

* Сегізінші бөлім. Соттың үкімдері мен қаулыларын апелляциялық және кассациялық тәртіппен қайта қарау (ҚПК 48-50 т. 414-469 б.).

* Тоғызыншы бөлім. Соттың шешімдерін орындау (ҚПК 51-т. 470-483 б.).

* Оныншы бөлім. Соттың заңды күшіне енген шешімдерін қайта қарау жөнінде іс жүргізу (52-53 т. 484-508 б.).

* Он бірінші бөлім. Ерекше іс жүргізу (ҚПК 54-57 т. 509-556 б.).

* Он екінші бөлім. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық (ҚПК 58-62 т. 557-611 б.).

* Он үшінші бөлім. Процестік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізу (ҚПК 63-64 т. 612-629 б.).

* Он төртінші бөлім. Істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу

(ҚПК 65-70 т. 630-666 б.).

* Он бесінші бөлім. Үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізу (ҚПК 71 т. 667-672 б.).

* Он алтыншы бөлім. Өтпелі және қорытынды ережелер (ҚПК 72-73 т. 673-674 б.).

Нормативтік материалдың үлкен бөлігі (508 бап) жалпы ережелерге және нақты сатыларға арналған. Он бірінші бөлім қылмыстық істердің нақты санаттарының ерешелігін ескеріп іс жүргізуді реттейтін нұсқамаларды қамтиды (кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық туралы істері бойынша; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану; қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу және т.б.), он үшінші бөлім процестік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізулерді қамтиды (процестік келісім, оны жасасудың ерекше тәртібі; қылмыстық істерді сотта келісімдік іс жүргізуде қарау), он төртінші бөлім істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу (сот отырысын тағайындау ерекшеліктері; сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды іріктеу және т.б.).

Біздің еліміздің Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасы Конституциясының, Конституциялық және басқа заңдармен белгіленген принциптер мен жалпы ережелерді негізге алады. Қолданыстағы Қылмыстық-процестік заңының әдіснамалық негізі мемлекеттің халық еркіндігін білдіретіні, оның мүддесіне қызмет ететіні туралы ереже болып табылады. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар азаматтар алдында жауапты. Құқық қорғау органдары және олардың қызметкерлері тергеуді жүзеге асырғанда және соттар қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотта қарау барысында осыларды басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде заңдылықтың конституциялық принциптері, кінәсіздік презумпциясы, судьялардың тәуелсіздігі және олардың заңға ғана бағынатыны, қылмыстық істерді ашық қарау, күдіктінің (айыпталушының, сотталушының) қорғалу құқығын қамтамасыз ету ұдайы өндірісте болады және сот төрелігінің жүзеге асырылуын бейнелеп көрсететін қылмыстық процестің басшылыққа алынатын негізі бекітіледі. Қылмыстық-процестік заң қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәртібін және істі сотта қарауды реттейді. Сонымен қатар Кодексте сот төрелігін азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі бастауында, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ақиқатты орнату, сондай-ақ уәкілетті органның процестік әрекеттері мен шешімдеріне шағым түсірудің жүзеге асырылуына негізделген, адамның құқықтарын нығайту қажеттігінің түбегейлі регламенттелуі іске асты.

Қылмыстық-процестік кодекс қылмыстық процеске қатысушылардың барлығының қызметін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, кінәлілерді әшкерелеу, істі сотта қарау және шешуді регламенттейтін құқықтық нормаларды қамтиды.

Біздің еліміздің аумағында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу және істі сотта қарау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың қай жерде жасалғанына қарамастан, барлық жағдайда Қазақстан Республикасының

Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген қағидалар қолданылады. Бұл оның аумағында Қазақстан Республикасы ҚПК 6-бабына сәйкес шетелдік мекемелердің процестік әрекеттерді жүргізу туралы тапсырмалары орындалуына да қатысты.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібі заңдылықты нығайтудың маңызды құралы ретінде қызмет атқарады және барлық соттардың, прокуратура, анықтау, тергеу, адвокатура органдарының, сондай-ақ азаматтардың барлық істері бойынша дәл және бұлжытпай орындауына жатады.

3. Қылмыстық процесс мәселелері бойынша өзге де заңдар мен нормативтік құқықтық актілер.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі – негізгі, бірақ қылмыстық процеске қатынасы бар жеке-дара заң емес. Кодекстің ұйғарымдарын дұрыс қолдану басқа да бірқатар заңдардың ережелерін білуді талап етеді.

Қылмыстық процестің көздері қатарына Конституция мен заңдардың негізінде және орындау үшін шығарылған Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, қылмыстық-процестік кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар да жатады. Алайда қалай болғанда да бұл құқықтық актілер кодекске енгізіледі, себебі еліміздің аумағындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодекспен айқындалады. Сонымен бірге іс жүргізудің мұндай тәртібі бірыңғай және барлық соттарға, прокуратура, анықтау, тергеу, адвокатура органдарына, сондай-ақ азаматтар үшін міндетті болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 1-б.).

Соттың, прокуратура, анықтау, тергеу, адвокатура органдарының процестік қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру ісінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының, сондай-ақ Президиумының және алқасының оның бюллетенінде жарияланатын нақты істер бойынша қаулылары белсенді ықпал етеді.

Жоғарғы сот соттарға сот істерін қарау кезінде туындайтын мәселелер бойынша заңнамаларды қолдану туралы түсіндірмелер береді. Ұзақ уақыт бойында, Жоғарғы Сот Пленумы, барлық соттар үшін міндетті, басшылыққа алынатын шын мәніндегі заңды түсіндірме береді деп саналып келді (сондай-ақ қандай да бір құқықтық мәселелер бойынша түсіндірме беруге заңмен ерекше уәкілеттік берілген органнан шығатын). Сонымен бірге, соттарға міндетті түрде басшылыққа алынатын түсіндірмелер беру, судьялардың тәуелсіздігі мен олардың заңға ғана бағыныстылығы қағидатына қайшы келетіні назардан тыс қалып қойды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы судьялардың тәуелсіздігін және олардың заңға ғана бағынатынын бекітті. Өз кезегінде, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының екінші бөлімінің 17-бабында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумымен заңнаманы қолдану мәселелері бойынша, бірақ енді олардың басшылықтық сипаты көрсетілмей аталады. Сондықтан Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Сотының Пленумы қаулыларында мазмұндалған құқықтық нормалардың түсіндірмесін, қазіргі уақытта заңды түсіндірме ретінде қарауға болмайды. Олар – ресми сот түсіндірмесі, бірақ ерекше түрдегі, себебі, біріншіден, қандай да бір нақты істің мүддесі үшін берілмейді, заңның мүддесі үшін беріледі, екіншіден, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттар үшін моральдық бағыттағы формалды мәні бар. Міне неліктен соттардан олар өздерінің шешімдерінде заңға ғана емес, сонымен қатар Жоғарғы Соттың Пленумына да сүйенуін талап ету құқыққа қайшы болар еді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңның негізінде және заңды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады және Қазақстан Республикасының облыстық және қалалық прокуратура органдарының барлығы үшін орындауға міндетті нұсқаулар береді. Оның нұсқауы сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәселелері бойынша барлық тергеу органдары мен анықтау органдары үшін орындауға міндетті болып табылады (мысалы, «қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен жазбаларды қабылдау тәртібін және тіркеуді бекіту туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеулерді тіркеудің бірыңғай тізімін жүргізуді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығы, (31.12.2014 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 50 «қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтарды бекіту туралы»).

Ішкі істер министрі процестік қызметті жүзеге асыратын ішкі істер органдары жүйесінің адамдарына арналған бұйрықтар, нұсқаулықтар мен нұсқаулар шығарады. Ұлттық қауіпсіздік қызметі жүйесінің лауазымды адамдарына арналған осындай нормативтік актілерді, Ұлттық қауіпсіздік қызметінің төрағасы шығарады.

Әділет министрі соттардың қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету саласында ведомстволық актілерді шығарады. Бұл актілердің барлығы заңға тәуелді. Жаңа процестік нормаларды жасамай, өзгертпей және қолданыстағыны толықтырмай, олар заң нормаларының барынша тиімді жүзеге асырылуына және қолданылуына жәрдемдеседі.

4. Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамасындағы сот төрелігі мәселелері бойынша халықаралық-құқықтық нормалар имплементациясы сұрақтары.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы БҰҰ негізге алатын халықаралық құжаттарға, ЕҚЫҰ мемлекеттердің барлық салада, соның ішінде, адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық негіздерін белгілейтін Қорытынды актісіне (1975 ж.) қосылды. Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес, БҰҰ және ЕҚЫҰ мүшесі, Еуропа Қоғамдастығы Келісімі қатысушысы ретінде, өзінің ұлттық заңнамаларын халықаралық стандарттармен сәйкестікке келтіреді.

Адам құқықтары туралы жалпыға танылған қағидаттар мен халықаралық құқықтың нормалары кешені Қазақстан Республикасы Конституциясында көрініс тапты: II Бөлім адам құқықтарының барлық мәселелерін, соның ішінде

сот төрелігі саласындағы оның құқықтарын қамтиды [1].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабына сәйкес әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Ешкімді, заңның негізінен өзге, қамауда немесе күзетте ұстауға ұшыратуға болмайды. Бұл норма Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 15-бабында бекітілген. Конституцияның 77-бабы кінәсіздік презумпциясын, азаптау мен зорлық-зомбылыққа жол бермеуді бекітеді [1]. Бұл конституциялық нормалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 19-бабында бекітілген.

Конституцияның 13-бабы адамның құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіруге арналған, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуын, мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен қоғамдық бірлестіктердің заңсыз әрекеттеріне сотқа шағым түсіру құқығын кепілдендіреді. Бұл конституциялық ережелер «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 1-бөлімінің 1-бабының 2-бөлігінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көрініс тапты.

Конституцияның 77-бабына сәйкес, судьялар тәуелсіз, заңға ғана бағынады. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьяларға тиіспеушілік заңмен кепілдендіріледі. Бұл ережелер қолданыстағы заңнамада едәуір толық бекітілген («Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 1-бабының 3-бөлігі).

Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңмен істі жабық отырыста тыңдау көзделгеннен басқа жағдайларда, істерді соттарда қараудың ашық тәртібін регламенттейді, ал 76-бапта соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болатыны айтылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 29-б.). Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы адамға тергеу мен соттың кез келген сатысында қорғалу құқығын ұсынады (Қазақстан Республикасы ҚПК 27-б.).

Республиканың конституциялық-құқықтық нормаларына жасалған қысқаша талдау, олардың сот төрелігі саласында адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық құқық нормаларымен өзара тығыз іс-қимылда екенін көрсетеді. Қазақстан Республикасы заңнамаларының халықаралық заңнамалармен өзара іс-қимылы халықаралық құқық тұжырымдамасына негізделеді.

Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес халықаралық құқық мемлекетке міндеттеме жүктейді, ал олардың іске асырылуы ел ішінде ұлттық құқықпен реттеледі, мемлекет ұлттық деңгейде халықаралық стандарттарды қамтамасыз етудің дұрыс жолдары мен құралдарын табады.

Осылайша, адам құқықтары туралы халықаралық құқық нормалары республиканың ұлттық құқығына енгізілген, оның құқықтық жүйесінің бөлігі болып табылады және заңмен белгіленген процестік тәртіпте қолданылуы тиіс.

2. Қылмыстық-процестік заңнаманың міндеттері

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері болып табылады.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-бабының 2-бөлігі).

Құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және сотта қараудың барлық қағидаларын сақтай отырып кешіктірмей құқықтық әрекет етуді талап ететін қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу деректеріне дереу әрекет ету – оларды жасаған адамдарды дер кезінде ашудың және әшкерелеудің басты кепілдіктерінің бірі. Қылмыстық-процестік қызмет жазаның болмай қоймайтындығы, қылмыстық құқық бұзушылықтың әрқайсысын толық ашу жөніндегі талапты өмірде іске асыру міндеттерін шешуге бағытталған [21].

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дер кезінде ашу анықтау, тергеу және прокуратура органдарының «ізін суытпау» бойынша қызметін ұйымдастыруды көздейді. Бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді мақсатты және белсенді жүргізумен қамтамасыз етіледі, құқық бұзушылықтардың алдын алу міндеттеріне, олардың жасалу себептерін және оларға ықпал еткен жағдайларды жоюға ықпал жасайды. Құқық бұзушылықтарды толық ашудың өзі іс бойынша жиналған дәлелдемелерді түгел талдаудан, дәлелдеу нысанасына қатысты мән-жайларды жан-жақты зерттеуден, кінәлілердің барлығын анықтау және әшкерелеуден тұрады.

Байқалған қылмыстарды ашу және қылмыскерлерді әшкерелеу, кінәлі емес адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту және соттау жағдайларына жол бермеумен бірдей, істің нақты мән-жайларын шындыққа сәйкес анықтауды, яғни іс бойынша ақиқатты орнатуды білдіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағанның әрқайсысына әділетті жаза тағайындау және кінәсі жоқ адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту және соттау жағдайларына жол бермеу қылмыскерлікке қарсы тиімді күрес жүргізу, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін кепілдендірумен ұштасады [20].

Қылмыстық-процестік заңмен қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез және толық ашу міндеттерін қою заңдылық пен мақсатқа сәйкестілікті, қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тездігі мен іс үшін маңызы бар мән-

жайлардың барлығын зерттеудің толықтығын қарама-қарсы қоюға жол бермеуді пайымдайды. Қылмыстық-процестік заңнама құқық қорғау органдарының қылмыскерлікке қарсы күрес қызметінің құқықтық негізі болып табылады. Қылмыстық-процестік нормаларды дұрыс пайдалану құқық бұзушылықтарды объективті ашуды, кінәлілерді әшкерелеуді, кінәсіздерді қылмыстық жауаптылыққа тарту және соттау жағдайларынан басқа, құқыққа қайшы әрекет жасаған әрбір адамды әділ жазалауды қамтамасыз етеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және істерді сотта қарау кезінде қылмыстық-процестік заң нормаларын қатаң сақтау құқықтық тәртіпті, қоғамның мүдделерін қорғауды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қажетті жағдайлар мен құралдар ретінде қарастырылады. Қылмыстық-процестік нормалардың қатаң сақталуы ғана іс бойынша ақиқатты анықтауға, сайып келгенде, соттың заңды және негізделген үкімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын шығаруға әкелуі мүмкін [19].

Соттардың, прокуратура, анықтау және тергеу органдарының жұмысы жасалған құқық бұзушылықтармен күресумен ғана шектеліп қалмайды. Олар құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайда болуына, оларды жасауға ықпал ететін себептерді жоюға бағытталған шараларды жүргізуге міндетті.

Қылмыстық-процестік қызметтің алдын алу функциясы, ең алдымен, құқық бұзушылықтарды тез және толық ашуды, оларды жасаған адамдарды әділ жазалауды, процестік заңдарды істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот қарауында дұрыс пайдалануды қамтамасыз етеді. Осылайша, құқық қорғау органдары өзінің тікелей жұмыстарымен заңдылықтың нығаюына әсер етеді, азаматтарды тәуелсіздік идеологияларын іске асыру, демократиялық құқықтық мемлекет құру рухында тәрбиелейді. Қылмыскерлікке қарсы күрес міндеттерін табысты шешу жағдайларының ішінде құқық қорғау органдарының қоғамдық бірлестіктермен және адамдармен өзара іс-қимылы ерекше орын алады.

3. Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте, уақыт тұрғысында, адамдарға қатысты қолданылуы

Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте қолданылуы Қазақстан Республикасы ҚПК 3-бабында белгіленген, онда Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық сот ісін жүргізу, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерге қарамастан, республикалық қылмыстық-процестік заңға сәйкес жүргізілетіні айқындалған. Сонымен қатар, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстің кеңістікте қолданылуының өзгеше қағидалары белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады. Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңда кеңістік ұғымы, мемлекеттік шекара шегінде орналасқан құрлықтағы, судағы, жер астындағы және әуе бөлігін қамтиды. Бұл құрауыш бөліктер заңның әрекеті өзінің ерекшеліктері бар аумақтардың түрлері болып табылады. Мысалы, қылмыстық-процестік заңның су кеңістігіндегі әрекеті мынадай ерекшеліктерге

ие:

1. Қазақстан Республикасының ішкі су құқықтық режимі қолданыстағы қылмыстық-процестік заңмен белгіленеді.

2. Шетелдік порттағы не болмаса басқа мемлекеттің су аумағындағы теңіз (сауда) кемесі қай мемлекеттің туын ілсе, сол мемлекеттің аумағына теңестіріледі. Бұндай жағдайларда юрисдикция қылмыстық-процестік қатынастардың өзге мемлекеттің мүддесін қозғауына қарай жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, егер кеме бортында туындаған жанжал, ол туын іліп жүрген мемлекетке ғана қатысты болса, мұндай жағдайда ту тиесілі мемлекеттің қылмыстық-процестік заңы қолданылады.

3. Кеме ішкі суында болған мемлекеттің юрисдикциясы, халықаралық келісімдер ережелерімен байланысты, өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Атап айтқанда, халықаралық-құқықтық тәжірибе кеме ішкі суда болған келесі жағдайларда мемлекет юрисдикциясы әсерінің таралу үрдісіне ие:

- құқық бұзушылықтардың салдары халықаралық келісімнің қатысушысы болып табылатын басқа мемлекеттің аумағында таратылса;

- құқық бұзушылық шарттасқан тараптардың аумақтық суында немесе кез келген басқа портында тыныштықты немесе тәртіпті қозғаса;

- бұндай әрекет басқа шарттасқан тараптың заңы бойынша ауыр құқық бұзушылық болып табылса;

- құқық бұзушылық басқа шарттасқан тараптың азаматымен немесе азаматына қарсы жасалса, немесе кез келген адаммен, немесе кез келген адамға қарсы, экипаждың капитанынан немесе мүшесінен басқа.

Жоғарыда жазылғанмен қатар, Қазақстан Республикасы ҚПК 4-бабында: Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің тергеп-тексеру органдары мен сотының немесе олардың тапсырмасы бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органның шет мемлекеттің қылмыстық-процестік құқығын қолдануға, егер бұл Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген болса, жол берілетіні айтылады. Осылайша, Қазақстанның аумағында, мысалы, қылмыстық істер бойынша сол мемлекеттің тергеу органдарымен белгілі бір тергеу әрекеттері іс жүргізуі қажет болған жағдайда, іс жүргізу Қазақстан Республикасының шегінен тыс және сұрату салынатын мемлекеттің юрисдикциясында жүргізілетін басқа мемлекеттің қылмыстық-процестік заңнамасы қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар осы мемлекеттің құқық қорғау органдарының тапсырмасы бойынша тиісті процестік әрекеттер сұрату салынатын мемлекеттің қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген қағидалар бойынша Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен жүргізілуі мүмкін.

Қылмыстық-процестік заңның уақыт тұрғысында қолданылуы. Қазақстан Республикасы ҚПК 5-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу процестік әрекетті орындау, процестік шешімді қабылдау кезіне қолданысқа енгізілген қылмыстық-процестік заңға сәйкес жүзеге асырылады. Қылмыстық-процестік заң үш тәсілмен күшіне енгізіледі:

1) жаңадан қабылданған заң күшіне ресми органда жарияланғаннан соң 10 күннен кейін енеді;

2) заңның күшіне ену уақыты нормативтік актінің мәтінінің өзінде айқындалады (мысалы, жарияланған күнінен бастап немесе күні, айы, жылы көрсетіледі);

3) заңды енгізу уақыты кезеңдік сипатта болады, бұл кезеңдердің мазмұны мен уақытша шеңбері жеке заңмен анықталады. Соңғы актіге «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексін қолданысқа енгізу туралы» ҚР Заңы жатады, 4.07.2014 жылғы ҚР ҚПК бір мезгілде қабылданған. Қазақстан Республикасы ҚПК күшіне енгізудің шектік мерзімі толық көлемде 2015 жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей деп белгіленген.

Қылмыстық-процестік заңның уақыт тұрғысында қолданылуы заңның күшіне енген кезі туралы ережелермен шектелмейді. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі уақыт санаты ескіру мерзімінің аяқталу жағдайында біршама өзінше түсіндіріледі, егер ол қозғалған болса, немесе өзге де позитивті салдарлар, егер іс сот қарауы сатысында болса, қылмыстық істі қозғауға тыйым салуға не болмаса оны тоқтатуға әкеп соғады. Жалпы, қолданыстағы қылмыстық-процестік заңның, белгіленген мерзімнің аяқталуы бойынша әрекеттің өзектілігі жоғалуына байланысты белгіленетін шектеулердің күшінде болуы себепті қолданылмайтын жағдай жасалады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 5-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жаңа міндеттер жүктейтін, құқық процесіне қатысушыларға тиістілерді жою немесе төмендету, олардың пайдаланылуын қосымша жағдайлармен шектейтін қылмыстық-процестік заңның кері күші болмайды. Аталған ереже заңнаманы ауыстыру кезеңінде туындайтын құқықтық қатынастардың сипаттамасын анықтау кезінде маңызды. Жаңа қылмыстық-процестік заң қабылданғанға дейін басталған іс жүргізу, жаңа заң ережелеріне сәйкес жалғастырылуы және аяқталуы тиіс. Қазақстан Республикасы ҚПК 5-бабының 3-бөлігіне сәйкес, егер олардың алыну тәртібі, бекітіліп берілуі оларды алу кезіндегі қолданыстағы қағидаларға сәйкес болса, дәлелдемелерге жол беріледі. Бұл қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы ҚПК қабылданғанға дейінгі іс бойынша алынған дәлелдеменің, егер іс жүргізумен оның аяқталу уақыты жаңадан қабылданған Қазақстан Республикасы ҚПК күшіне енген уақытқа сәйкес келсе, сол іс бойынша дәлелдеме ретінде рұқсат етілетінін білдіреді. Қазақстан Республикасының талданып отырған кезеңде қолданылып жүрген ҚПК-сына сәйкес, жол берілетін дәлелдеменің маңызды шарты, оның процестік алынуы мен бекітілуінің мінсіздігі болып табылады. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу барысында алынған дәлелдемелер, егер олар жалғастырылса да не болмаса қылмыстық-процестік заң күшіне енгеннен кейін іс жүргізу аяқталса да (яғни жаңа Қазақстан Республикасы ҚПК күшіне енгеннен кейін), сол істер бойынша дәлелдеме ретінде жарамды болады.

Қылмыстық-процестік заңның адамдарға қатысты қолданылуы. Адамдарға қатысты қолданылу принциптері Қазақстан Республикасы Конституциясында қаралған, 14-баптың 2-тармағында тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез

келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Конституцияның осы ережесі Қазақстан Республикасы ҚПК 21-бабында нақтыланады («Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру»). Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру жоғарыда келтірілген кез келген себептермен кез келген адамды кемсітуге тыйым салуды қамтиды. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамдарға бұл қағидалар қатысты емес. Осы санатқа жататын адамдарға қатысты сот ісін жүргізудің ерекше тәртібі, артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамның мәртебесіне қарай және Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қылмыстық-процестік кодекспен немесе басқа заңдармен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен айқындалады.

Қылмыстық қудалаудан иммунитеті бар мұндай адамдарға: дипломатиялық қол сұқпаушылық құқығына ие адамдар жатады. Бұл шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, осы өкілдіктердің дипломатиялық персоналының мүшелері, олардың отбасыларының мүшелері және т.б. Аталған адамдар, егер шет мемлекет қылмыстық қудалауға қарсы иммунитеттен бас тартқан кезде ғана, қылмыстық қудалауға ұшыратылуы мүмкін. Бұндай бас тарту туралы мәселе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы дипломатиялық жолмен шешіледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына қатысты да қолданыстағы заңнамада арнайы ескерту берілген. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін (Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағы). Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасын, мүшелерін қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының Төрағасын, судьяларын, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

Сонымен, қылмыстық-процестік заңның кеңістікте, уақыт тұрғысында және адамдарға қатысты қолданылуының барлық үш форматы бірыңғай тұтас күйінде қаралуы тиіс, олардың әрекет етуі ажырағысыз және олардың біреуі болмай қалса, басқа негіздемелердің тәртібін төмендетеді, заңды негізде қылмыстық сот ісін жүргізуден айырады.

Бақылау сұрақтары

1. Қылмыстық-процестік заң және оның мазмұны.
2. Құқық көздерінің ұғымы және түрлері.
3. Қылмыстық-процестік нормалардың ұғымы және құрылымы.
4. Қылмыстық-процестік нормалардың түрлері.
5. Қылмыстық-процестік заңның уақыт тұрғысында, кеңістікте және адамдарға қатысты қолданылуы.
6. Қылмыстық-процестік заңды ұқсастығы бойынша қолдану.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).
2. Всеобщая декларация прав человека и гражданина от 10 декабря 1948 г. // Международные акты о правах человека; сборник документов. - М.: Норма-Инфра – М., 1998.
3. Международный пакт о гражданских и политических правах от 16 декабря 1966 г. // Международные акты о правах человека: сборник документов. – М.: Норма-Инфра - М, 1998.
4. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам. - Минск, 1993.
5. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам. - Кишинев, 2002.
6. Сборник стандартов и норм ООН в области предупреждения преступности и уголовного правосудия. ООН. - Нью-Йорк, 1992.
7. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: Кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V ЗРК (введен с 1 января 2015 года).
8. О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан: Конституционный закон Республики Казахстан от 25 декабря 2000 года №132 (с изм. и доп. по сост. на 07.11.2014 г.).
9. О правоохранительной службе: Закон Республики Казахстан (с изм. и доп. по сост. на 13.11.2015 г.); Об адвокатской деятельности: Закон Республики Казахстан (с изм. и доп. по сост. на 02.08.2015 г.).
10. О Прокуратуре: Закон Республики Казахстан от 21 декабря 1995 года №2709 (в редакции законов Республики Казахстан от 19.06.1997 г. №134-1, 02.07.1998 г. №266-1; 07.04.1999 г. №374-1, 23.07.1999 г. №454-1, 29.03.2000 г. №42-П, 05.05.2000 г. №48-П, 10.10.01 г. №247-П, 09.08.2002 г. №346-П; 10.07.2003 г. №483-П; 20.12.2004 г. №13-III ЗРК, 15.05.2007 г. №253-III ЗРК, 22.05.2007 г. №255-III ЗРК, 27.07.2007 г. №320-III ЗРК, 05.07.2008 г. №65-IV ЗРК, 10.12.2008 г. №101-IV ЗРК, 17.07.2009 г. №188-IV ЗРК, 07.12.2009 г. №221-IV ЗРК, 19.03.2010 г. №258-IV ЗРК, 02.04.2010 г. №262-IV ЗРК, 29.12.2010 г. №374-IV ЗРК, 06.01.2011 г. №379-IV ЗРК, 22.07.2011 г. №478-IV ЗРК, 09.11.2011 г. №490-IV ЗРК, 27.04.2012 г. №15-V ЗРК, 05.07.2012 г. №30-V

ЗРК, 10.07.2012 г. №36-V ЗРК, 04.07.2014 г. №233-V ЗРК).

11. Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей: Закон Республики Казахстан от 2 апреля 2010 года № 261-IV.

12. О судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан: Закон Республики Казахстан от 20 января 2010 года № 240-IV.

13. О некоторых вопросах судебной экспертизы: постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 1403.

14. Об утверждении Правил приема и регистрации заявлений и сообщений об уголовных правонарушениях, а также ведения Единого реестра досудебных расследований: приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 19 сентября 2014 года № 89 (с изм. и доп. по сост. на 31.12.2014).

15. Об утверждении формы статистического отчета № 1-Е «О работе органов уголовного преследования» и Инструкции по его составлению: приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 1 октября 2014 года № 102.

16. Об утверждении формы статистического отчета № 1-М «О зарегистрированных уголовных правонарушениях» и Инструкции по его составлению: приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 8 октября 2014 года №111.

17. Об утверждении Правил проведения негласных следственных действий: совместный приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан, Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции, службы государственной охраны Республики Казахстан, Министерства внутренних дел Республики Казахстан.

18. Об определении полномочий по досудебному расследованию уголовных проступков в органах внутренних дел: приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан № 930.

19. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК (Т. 1 Общая часть) / М.Ч. Когамов. – Алматы: «Жеті жарғы», 2015.

20. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: учебник для ВУЗов / под ред. Б.Х. Толеубековой. - Алматы: Баспа, 1998.

21. Акпарова Р.Н. Международный договор - правовая основа взаимодействия Республики Казахстан с другими государствами // Прокурорская и следственная практика. - 2001. – № 1, 2.

3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарының ұғымы, мәні және жүйесі

Қылмыстық сот ісін жүргізудің ең маңызды белгілерін, сипаттамасы мен айырмашылықтарын, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің іске асырылуының және сапасының, қылмыстық істерді сотта қараудың негізгі бағыттарын айқындайтын құқықтық ережелерді қылмыстық процестің қағидаттары деп атау қалыптасқан. Олар заңнамада бекітілген басшылыққа алынатын құқықтық идеялар ретінде, оның барлық негізгі конструкцияларының құрылуын, іс жүргізу нысандарын және құқықтық институттардың, процестік реттеудің пәні мен әдісін белгілейді.

Семантикалық қағидаттар – басшылыққа алынатын идеялар, қызметтің негізгі қағидалары. «Принцип» латынның «principium» деген сөзінен алынған, ол «негіз», «негізгі бастаулар» дегенді білдіреді. Себебі, құқық – бұл, мәні бойынша, әділдіктің жалпыға міндетті талаптары, яғни құқықтық қағидаттар құқықтағы әділділік шарасының өзі. Заң легитимді, сондай-ақ құқықтық мазмұнға ие, себебі, ол құқық қағидаттарына жауап береді. Олар заңдық идеялар ғана емес, құқықтағы әділ және тиісті объективті қажетті жалпыға міндетті өлшемшарттар [10]. Құқықтың дамуы мен құқықтық сананың өсуі шамасына қарай құқықтық материялардан қағидаттар белгілі бір заңдық идеялар ретінде бөлініп шығады, ал заң техникасының дамуымен заңда оның жекелеген ұйғарымдары түрінде бекітілуі мүмкін. Одан соң, олар қатыстылық дербестігіне ие болады және қолданылып жүрген заңнамалардың өзгеруі кезінде барометр рөлінде және құқықтың одан әрі қалыптасуы үшін компас ретінде қызмет атқара бастайды [13].

Қылмыстық-процестік ғылымда процестік қағидаттар жөнінде әртүрлі көзқарастар бар, алайда барлық ерекшеліктеріне қарамастан олар бір нәрседі ұқсас: қағидаттар – қылмыстық процесс құрылатын жалпы басшылыққа алынатын ережелер. Себебі қылмыстық-процестік қызмет, заңмен жазылған бастауларында және нысандарында ғана, осы қызмет сүйенетін, заңмен бекітілуі тиіс негізгі ережелермен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процестің өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процесс сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастаулары қағидаттар болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 9-б.).

Қағидаттар қылмыстық процестің мәні мен мазмұнын білдіреді, оның ең маңызды қасиеттері мен сапалы ерекшеліктерін, процестік реттеудің нысанасы мен әдісін сипаттайды [8].

Үлкен тұтастық нормаларымен, қағидаттар практикалық қызмет

барысында туындайтын барлық мәселелерді шешуге себепші болады. Егер процестік құқықта мәселелер немесе жекелеген нормалар арасында қарама-қайшылық анықталса, онда пайда болған қиыншылықтарды шешу кілті қызметін қағидаттар атқарады [12].

Өзінің мәні бойынша қағидаттар императивтік, биліктік-әміршілдік сипатта болады, олар орындалуы мемлекетпен қамтамасыз етілетін жалпыға міндетті ұйғарымдарды мазмұндайды.

Қағидаттар идеологиялық санат ретінде қоғамдық-саяси идеялар ықпалымен қалыптасады, бірақ процестік қызметті реттеуші және оның саласында туындайтын құқықтық қатынастар идеялардың өздері емес, ал оларға негізделген нормалар – қағидаттар болып табылады. Идеялар құқық нормаларында бекітілмейінше, олар қылмыстық процестің қағидаттары емес, құқықтық сананың, ғылыми қорытындылардың бастаулары болып қала береді.

Қағидаттардың нормативтілігі, мемлекеттік-құқықтық қызметтің ерекше түрі ретінде қылмыстық процестің табиғатынан бөлінбейтін, олардың маңызды сапасы болып саналады. Олардың адресаттарына адам мен азамат және тиісті мемлекеттік органдар жатады. Процесті жүргізетін мемлекеттік органдар белгіленген қағидаттар негізінде әрекет етуі тиіс және олардың бұзылуымен байланысты барлық салдарларға жауапты болады.

Қазақстан Республикасының халқы, өзін дүниежүзілік қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде ұғына отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдады, онда жалпыға танылған және бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттарда бейнеленген адам мен азаматтың құқықтары, сот төрелігі жазылған.

Барлық қағидаттар өзара ажырағысыз байланысты және қылмыстық процестің мақсатына жету үшін бірдей маңызға ие құқықтық бастаулардың бірыңғай жиынтығын құрайды. Олардың әрқайсысы, онсыз сот ісін жүргізу міндеттерінің дұрыс жүзеге асырылуы мүмкін емес жақтарын анықтайды.

Кейбір қағидаттар Қазақстан Республикасы Конституциясының жекелеген баптарында ерекше құқықтық қағидалар түрінде бекітілген (Конституцияның 13, 16, 21, 76, 77 баптары). Конституциялық қағидаттар қылмыстық-процестік заңның негізгі ережелерінде де жасалған.

Қағидалар, әрбір қағиданың мәні мен маңызы өзінің мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар барлық жүйенің жұмыс істеуімен ескертілетін, кез келген қағиданың бұзылуы басқа қағидалардың бұзылуына әкеп соғатын және сонымен бірге қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заңдылықтың бұзылуына әкеп соғатын тұтас жүйе шеңберінде әрекет етеді.

Конституцияда және жаңа қылмыстық-процестік заңнамада қағидалардың демократиялық мазмұнын елеулі тереңдетті және байытты, олардың қолданылуының көлемін кеңейтті, жекелеген бастаулардың тұжырымдалуын жетілдірді, қағидаттардың кепілдендірілген қамтамасыз етілуін нығайтты.

Алайда қағидаттардың бәрі бірдей іс бойынша іс жүргізу сатыларында іске асырыла бермейді. Қандай да бір қағиданың жүзеге асырылу шектері қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы міндеттерімен және нақты сатының тікелей міндеттерімен айқындалады. Кейбір процестанушылардың пікірінше, процестің қағидаттарына, сот қарауын құруды процестің орталық сатысы

ретінде айқындайтын және қандай да бір ойды бұдан бұрынғы немесе одан кейінгі сатылардың бірінде табатын құқықтық ережелер жатады. Және бұл дұрыс, басқалар болса, қағидаттарға процестің барлық сатыларына тән құқықтық ережелерді ғана жатқызады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде келесі қағидаттар бекітілген: Зандылық (Қазақстан Республикасы ҚПК 10-бабы); Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы (Қазақстан Республикасы ҚПК 11-бабы); Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау (Қазақстан Республикасы ҚПК 12-бабы); Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу (Қазақстан Республикасы ҚПК 13-бабы); Жеке басқа қолсұғылмаушылық (Қазақстан Республикасы ҚПК 14-бабы); Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау (Қазақстан Республикасы ҚПК 15-бабы); Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы (Қазақстан Республикасы ҚПК 16-бабы); Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық (Қазақстан Республикасы ҚПК 17-бабы); Меншікке қолсұғылмаушылық (Қазақстан Республикасы ҚПК 18-бабы); Кінәсіздік презумпциясы (Қазақстан Республикасы ҚПК 19-бабы); Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік (Қазақстан Республикасы ҚПК 20-бабы); Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру (Қазақстан Республикасы ҚПК 21-бабы); Судьялардың тәуелсіздігі (Қазақстан Республикасы ҚПК 22-бабы); Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру (Қазақстан Республикасы ҚПК 23-бабы); Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу (Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабы); Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау (Қазақстан Республикасы ҚПК 25-бабы); Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы ҚПК 26-бабы); Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы ҚПК 27-бабы); Куәлік айғақтар беру міндетінен босату (Қазақстан Республикасы ҚПК 28-бабы); Жариялылық (Қазақстан Республикасы ҚПК 29-бабы); Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі (Қазақстан Республикасы ҚПК 30-бабы); Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы (Қазақстан Республикасы ҚПК 31-бабы).

Қылмыстық-процестік қағидаттар бірыңғай және біртұтас жүйе құрай отырып, өзара тығыз байланысты және тәуелді болады. Бұл бір мақсатқа қызмет қылудан ғана емес, сот ісін жүргізу алдына қойылған міндеттерге жетуден, сонымен қатар кез келген қағидаттың жалпы процестік нысандар шеңберінде қолданылатынынан да көрінеді.

Осылайша, қылмыстық процесс қағидаттарының маңызы:

- олардың қылмыстық процестің демократиялығы мен гуманизмділігін анық көрсететінінен, оның құрылымы мен жүйесін анықтауынан;
- олардың қылмыстық-процестік нормалар мен жекелеген қылмыстық-процестік институттарды одан әрі жетілдіру үшін негіз қызметін атқаруынан;

- қылмыстық процестің қағидаттары сол қылмыстық-процестік нормаларды түсіндіру және қолдану, практикада қиындық туғызатын нақты мазмұнын анықтау үшін сенімді база болып табылуынан;

- қылмыстық процестің қағидаттарын бұлжытпай сақтау қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық міндеттеріне жетудің қажет және міндетті шарты болып табылуынан;

- қылмыстық сот ісін жүргізуде Конституциялық қағидаттарын сақтау үшін тиісті жағдайлар жасауынан тұрады.

Сондықтан қылмыстық процесте заңдылықтың одан әрі нығайтылуы, оның әрбір қағидатының қатаң сақталуын және олардың барлық процестік сатылар мен институттарда жүйелі жүзеге асырылуын талап етеді, ал осы қағидаттардың мазмұны туралы дұрыс көзқарас және олардың жүйесі практикалық қызметкерлерді болашақта керек біліммен және өзінің жұмысының тиісті бағытымен қаруландырады.

Қылмыстық-процестік заңнаманы қолдану кезінде басшылыққа алынатын қағидаттардың маңызы мен міндетті ережелер, олардың кез келген қылмыстық қудалау органы мен сот үшін, олардың құқық қорғау жүйесінде атқаратын лауазымына қарамай, міндетті болып табылуынан, заңдарды сақтауға және орындауға міндетті азаматтардың, лауазымды адамдардың және мемлекеттік органдардың бұлжытпай орындауына жатуынан, сонымен қатар заң шығару органдарының жаңа заңдарды шығару, қолданыстағы процестік нормаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі әрекетінен көрінеді [14].

Осы заңдарды сақтау және орындау қылмыстық сот ісін жүргізу саласында қоғамдық қатынастарды регламенттейтін қылмыстық-процестік нормалардың барлық кешенімен қамтамасыз етіледі. Қылмыстық процесті жүргізетін мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың осы қағидаттарды бұзуы, сөзсіз, заңмен көзделген жауаптылықтың туындауын, атап айтқанда, мұндай іс жүргізу барысында шығарылған шешімдерді бұзу не болмаса сонымен бірге жиналған материалдарды дәлелдеме ретінде күші жоқ деп тануды туындатуы тиісті.

Сондай-ақ Конституциялық қағидаттар секілді, сот ісін жүргізудің барлық қағидаттары өзара тығыз байланысты және құқықтық негіздердің бірыңғай жиынтығын құрайды. Әрқайсысы өзіндік мазмұнға ие бола отырып, олар өзара бір-бірінің әрекетіне себепші болады және Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот ісін жүргізудің демократиялық мазмұны мен нысанын айқындайтын жүйесін құрайды.

Бұл жүйе заңдылықтың біркелкі ұғымының және анықтау органдары мен алдын ала тергеу қызметінде барлық құқықтық ұйғарымдардың қолданылуын қамтамасыз етуге, қылмыстық процесс туралы заңнаманы дамытудың және жетілдірудің әдіснамалық негізі ретінде қызмет етуге арналған.

Құқықтық мемлекеттің заңнамасын жетілдіру, оны демократиялық және гуманитарлық элементтермен қанықтыру, халықаралық тәжірибенің көптеген заңдарын зерттеу, сондай-ақ қылмыстық процестің теориясын дамыту қылмыстық сот ісін жүргізудің тұрлаулы негіздерінің шеңберін кеңейтуге алып

келді. Олардың мазмұнын және құқықтық реттеудің ерекшеліктерін тереңдеп зерттеу мүддесінде, бірқатар өлшемшарттарды ескере отырып, қылмыстық процестің қағидаттарын саралау (топтастыру) қажеттігі туындады.

Олардың арасында мазмұны, регламенттеу көздері мен әрекет ету шектері бойынша кейбір айырмашылықтардың барлығы белгілі.

Қылмыстық процестің теориясында қылмыстық істің жүргізілу сатысына байланысты процесс қағидаттары қолданысының біркелкі еместігі орын алған. Егер істің сотта қаралуында қылмыстық процесс қағидаттары толық көлемде қолданылса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру шарттары, мысалы, ашық түрде немесе сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруын белгілеуді қолдануды шектеуді талап етеді. Сондықтан қылмыстық сот ісін жүргізудің принципті негіздерінің жалпы сілемін жалпы құқықтық және салалық, Конституцияда бекітілген және қылмыстық-процестік заңнамада регламенттелген, жалпы және қылмыстық процестің кейбір сатыларында ғана қолданылатын қағидаттарға бөлген орынды.

Осылайша, қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарын саралау олардың жүйелік қасиетін және олардың дамуының негізгі үрдісін: өзара байланысын нығайтуды, демократизм саласын кеңейтуді, құқықтық регламенттеудің гуманитарлық сапасына назарды арттыруды (жеке басы құқықтарын қорғау), сот төрелігінің конституциялық қағидаттарын іске асыратын процестік нормаларды бұзушылық үшін жауаптылықты арттыруды ескеруі тиіс дейтін қорытынды шығаруға болады.

2. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарының мазмұны

Өзінің шығу тегі бойынша қылмыстық процестің қағидаттары тиісті қылмыстық-процестік тәртіп туралы, оның негізгі белгілері, әділ сот төрелігі туралы, оның негіздері қандай болуы қажеттігі жөніндегі түсініктерді бейнелеп көрсететін идеялар, көзқарастар болып табылады. Олар тұтас қоғамның, халықтың шынайы сот төрелігі туралы көзқарасын бейнелеуге тиісті [7]. Қылмыстық-процестік заңнамада қағидаттардың мынадай түрлері бекітілген:

Заңдылық қағидаты. Қазақстан Республикасында демократиялық құқықтық мемлекет қалыптастыру кезеңдерінде айрықша басымдық заңдылық пен азаматтардың құқықтарын қатаң сақтауға берілді. Бұл әсіресе қылмыстық процеске қатысты болды, себебі қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің тәртібі заңдылықтың нығаюына ықпал етуге тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-б.). Қылмыстық құқық бұзушылықты ашу, кінәліні әшкерелеу, оған әділ жаза тағайындау және кінәсізді қылмыстық жауапқа тартуға және соттауға жол бермей, қылмыстық сот ісін жүргізу саласында адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылықты қатаң сақтау негізінде ғана мүмкін болады.

Қылмыстық процеске байланысты заңдылық қағидаты Қазақстан Республикасы ҚПК 10-бабында көрсетілген.

Заңдылық қағидаты қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процестің субъектілеріне арналған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, қылмыстық істерді сотта қарау, қылмыстық процестің сотқа дейінгі және сот сатыларында тиісінше тергеу органдары мен соттардың қызметіне прокурорлық және сот қадағалауы барысында қылмыстық-процестік құқық нормаларын дәл және мүлтіксіз сақтау және орындау бойынша мемлекеттің талабын білдіреді.

Адамның тағдыры туралы мәселе шешілетін қылмыстық процесте заңдылық айрықша қатаң сақталуы қажет. Аталған қағидат істің барлық мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуді, әрбір қылмыстық істің, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, азаматтарды заңды құрметтеу және орындау рухында тәрбиелеуді заңға сәйкес дұрыс қарауды және шешуді қамтамасыз етуге арналған [16].

Заңдылық қағидаты процестік әрекеттерді заңды негізде және заңда көзделген процестік нысандарда жасауға, соттың, прокурордың, тергеу органдарының қылмыстық-процестік заңмен белгіленген сот ісін жүргізудің барлық сатыларында іс жүргізу тәртібін бұлжытпай орындауын, өздерінің шешімін материалдық және процестік құқықтың тиісті нормаларына негіздеуге, дәлелдемелерді жинаудың және бекітудің заңмен қаралған ережесін қатаң сақтауға және процестік мәжбүрлеу шарасына заңда белгіленген жағдайларда ғана жүгінуге міндеттейді.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында жасалатын процестік құжаттар, оларды шығарудың заңмен белгіленген негіздеріне толық сүйенуі, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарға сәйкес келуі, оларды қабылдау себебін ашатын жазбаны мазмұндауы, яғни заңды, негізделген және уәжді болуы тиіс. Процестік құжаттардың заңдылығының міндетті талаптарын, негізділігін және уәжділігін сақтамау, Қазақстан Республикасы ҚПК-да заңдылық қағидатын бұзу ретінде қаралады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде заңдылық қағидаты қылмыстық процестің өзінің мазмұнымен қамтамасыз етіледі, әрбір келесі сатыда алдыңғы сатыда қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігі тексеріледі, ал заң талаптарын бұзу анықталған жағдайда білікті лауазымды адамдар негізді шешімдер қабылдайды (қылмыстық іс қосымша тергеуге жіберіледі және т.б.).

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы заңдылық қағидатының мазмұнын қылмыстық-процестік қызметтің қатысушылары процестік заңдардың барлық талаптарын сақтауы тиіс органдардың міндеті ретінде белгілеуге болады (Қазақстан Республикасы ҚПК 10-б. 1-бөл.).

Заңдылық – өзінің көрінісін процестік құқықтың барлық қағидаттары мен нормаларында табатын, қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық жақтарын сипаттайтын әмбебап, барлығын қамтитын қағидат.

Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы. Сот төрелігі – сот билігін іске асырудың жетекші нысаны. Ол, өзінің құзыреті шегінде, қылмыстық істерді сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігі мен әділдігін қамтамасыз етуге арналған қылмыстық-процестік заңмен регламенттелген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылатын соттың қызметі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 11-бабында тұжырымдалған осы қағидат сот төрелігінің мәнін ашып көрсетеді, яғни жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа адамды кінәлі деп тану, сондай-ақ оны қылмыстық жазалауға тартуға сот қана өзінің үкімімен өкілетті. Сот қана медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын адамға қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабында: Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны айтылған. Сонымен бірге «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 3-бабы бойынша, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғары Соты, жергілікті және басқа соттар құрайды.

Қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру тәсілі қылмыстық істі сот отырысында қарау болып табылады, оның нәтижесінде қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға кінәлі деп танылған адамға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексімен белгіленген қылмыстық жаза тағайындалатын болады, не болмаса адам ақталады немесе қылмыстық жазадан босатылады.

Істің тиісті сотта қаралуы, қылмыстық істер бойынша сот төрелігі Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы Конституциясымен құрылған және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы сот жүйесіне кіретін жалпы юрисдикция соттарымен ғана, істің соттылығы туралы заңмен белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылатынын білдіреді. Соттылық құзыретіне осы істі қарау құқығы кіретін және істің материалдық-құқықтық және процестік белгілерімен байланысты нақты сотты анықтау болып табылады.

Соттардың дербестігі мен судьялардың тәуелсіздігі сот билігін арқалаушылар ретінде олардың заңға ғана бағыныстылығымен, сондай-ақ іс бойынша заңды, негізделген және әділ шешім шығарудың ерекше кепілдігін көздейтін сот төрелігін жүзеге асыру процедурасымен қамтамасыз етіледі.

Сонымен бірге, сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыру қағидаты әрекеті істі бірінші сатыдағы соттың қарауымен аяқталмайтынын ескерген жөн. Бұл қылмыстық процестің барлық соты сатыларына, соның ішінде апелляциялық және кассациялық іс жүргізуге, қадағалау тәртібіндегі және жаңадан ашылған мән-жай бойынша іс жүргізуге де қатысты. Аталған қағидатты тану сот билігінің ерекшелігіне баса көңіл аудартады: сот шешімдерін жоюға немесе өзгертуге тиісті жоғары сатыдағы соттармен және қатаң белгіленген процестік тәртіпте ғана жол беріледі.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар, ал «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес, әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың республиканың Конституциясы мен заңдарында

көзделген құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен әрекеттерінен сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Сот арқылы қорғалу құқығын пайдаланатын адамдар, осы құқықты тиімді іске асыру үшін мыналарды білуі тиіс: нақты қандай сотқа өтініш беру керектігін, ол өтініштің қандай нысанда және мазмұнда болуы тиістігін, сот ісін жүргізудің қандай түрінің қағидасы бойынша азаматтық іс қарауға жататынын, кімнің іске қатысуға тартылуы тиістігін, материалдық құқықтың қандай нормасымен даулы құқықтық қатынастың реттелетінін, берілген талапты растауда сотқа қандай дәлелдемелер ұсынылуы қажеттігін.

Жеке және заңды тұлғаның сот арқылы қорғалу құқығы өзіне екі құқықтылықты біріктіреді: азаматтық істі қарау міндеті жүктелетін сотқа сот арқылы қорғалудың процесілік құқығын және соттың заңды және негізделген талаптарды қанағаттандыруға материалдық құқықты.

Азаматтардың сот арқылы қорғалуға конституциялық құқығының іске асырылуымен байланысты сот практикасында, бұл құқықтың бәрін біріктіруші болып табыла ма немесе азаматтардың олардың құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуы туралы арыздарының қандай-да бір бөлігі ведомствоға қарасты емес пе деген сұрақ туындайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес, соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы да, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы да азаматтарды Конституциялық Кеңеске заңның және өзге де нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы өтініш беруге құқылы конституциялық іс жүргізудің қатысушы азаматтары деп танымайды.

Осылайша, бұл Конституцияға сәйкес еместігі себепті, заңнан және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерден қысым көрген азамат, өзінің Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау туралы талаптармен сотқа арыздануға құқығы жоқтығын білдірмейді ме дейтін сұрақ туындайды.

Білдірмейді деп санаймыз, себебі Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағында көзделген және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 1-бабының 2-тармағында сот арқылы қорғалу құқығы қандай да бір ерекшеліктермен шектелмеген.

Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу. Бұл қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК 13-бабында бекітілген. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процеске қатысатын адамның абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен әрекеттерге тыйым салынады, жеке өмір туралы мәліметтерді, сол сияқты адам құпия сақтау қажет деп санайтын жеке сипаттағы мәліметтерді қылмыстық-процестік заңда көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді.

Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін қорғау жеке басқа қол сұқпаушылықты мемлекеттік қамтамасыз ету көрінісінің бірі болып табылады. Абырой мен қадір-қасиетті құрметтеу қылмыстық процеске қатысушы барлық органдар мен лауазымды адамдар үшін міндетті. Кез келген адамның қадір-қасиеті оның іс жүзіндегі әлеуметтік құндылығына қарамастан мемлекеттің қорғауына жатады. Әрбір адам айналасындағылардың құрметпен қарауына құқылы. Ешқандай мән-жайлар жеке бастың қадір-қасиетін кеміту үшін қызмет атқара алмайды [15].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабының 1-бөлігіне сәйкес, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабының 2-бөлігіне сәйкес, ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Осыдан қылмыстық сот ісін жүргізу үшін бірқатар маңызды, түбегейлі ережелер шығаруға болады.

Қылмыстық процеске сот төрелігін жүзеге асыру үшін, күдікті мен айыпталушының ғана емес, сонымен қатар өзге де сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге, азаматтардың жеке және отбасылық өміріне қатысты мән-жайларды анықтауға тура келеді. Сондықтан жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін мемлекеттің қорғауында азаматтардың жеке өміріне қол сұқпаушылық шегіне жол берілетін негіздер мен нысандарды заңмен нақты айқындауды қажет етеді. Құқық қорғау органдарының, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының заңды талаптары, адамның абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу ретінде қаралмайды.

Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидатының қорғалу функциясының іске асырылуы, жеке бастың аталған құндылықтарға ие болуын негізсіз шектеуден кепілдендіруді қамтамасыз етудің құқықтық механизмін жасауды пайымдайды.

Азаматтың қадір-қасиеті жауап алу, куәландыру, сараптама, жеке тінту және жасырын тергеу әрекеттері кезінде жәбірленуі мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚПК 26, 27, 30 тараулары және 255-бабы). Жеке басқа моральдық зиянды тәнді заңсыз және этикаға жатпайтын әдістермен тексеру және зерттеу немесе сараптамалық зерттеу үшін биологиялық объектілер алу келтіруі мүмкін. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол бермейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 197-бабы). Тінту жүргізу кезінде тергеуші сол үй-жайда тұрып жатқан

адамның жеке өмірінің анықталған мән-жайларының жарияланбауына шаралар қолдануға міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 254-бабының 11-бөлігі). Жеке басын тінту тінтілетін адаммен жынысы бір адаммен ғана жүргізілуі мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚПК 255-бабының 2-бөлігі).

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге тыйым салуды мазмұндайды, ондай әрекеттерді Адам құқықтарының Жалпы декларациясында жарияланған адам құқықтары мен бостандықтарын бұзу деп таниды. Қазақстан Республикасының ҚПК бұл тыйым салудың қолданылуын қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушыларына таратады.

Азаптау деп, бұл ретте адамға одан немесе үшінші адамнан ақпарат алу немесе мойындату үшін, ресми адаммен немесе оның арандатушылығы бойынша жүзеге асырылатын қасақана келтірілетін қатты ауырту немесе қинау, физикалық немесе психикалық кез келген әрекетті түсіну қажет [4].

Қарастырылып отырған қағидат мемлекет органдары мен іске қатысатын адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынасты айқындайды, осылайша, алғашқысы іске қатысатын адамның абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға міндетті, екіншісі намысына тиетін ұстаудан қорғаудың кең кешенді құралдарына ие, соның ішінде лауазымды адамдардың кез келген әрекеттері мен шешімдеріне, егер бұл әрекеттермен және шешімдермен олардың мүдделері бұзылса немесе өзге түрде нұқсан келтірілсе (Қазақстан Республикасы ҚПК 100-бабы). Аталған қағидат жеке басқа физикалық, моральдық немесе өзге де зиян тигізуі мүмкін әрекеттерге қарсы тосқауыл қызметін атқарады. Мәселен, тәжірибе жүргізу, куәландыру, жеке басына тінту жүргізу кезінде оларға қатысушы адамдардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе олардың денсаулығы үшін қауіпті әрекеттерге жол берілмейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 223, 255, 258 б.б.). Егер іс бойынша іс жүргізу кезінде процеске қатысушы адамдардың интимдік жағына қатысты мәліметтер, бала асырап алу құпиясы, дәрігерлік құпия және т.б., анықталатын болса, онда мемлекет органдары мұндай мәліметтердің жария болмауына қатысты шаралар қолдануға міндетті. Заң анықтау органдарына, тергеушіге, прокурор мен сотқа айыпталушыдан және басқа да адамдардан зорлық, қорқыту және басқа да заңсыз шаралар қолдану жолымен жауап алуға тыйым салады. Заң кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол бермейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 197-б.).

Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаты өзінің көрінісін ақталған адамға келтірілген зиянды өтеу туралы заңның талаптарында да табады (Қазақстан Республикасы ҚПК 4-тарауы.). Егер заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тарту, заңсыз ұстау, заңсыз бұлтартпау шараларын қолдану, заңсыз соттау нәтижесінде кінәсіз адамға зиян келтірілсе, онда мұндай зиян ақтау үкімі шығарылған немесе кез келген ақтау негізі бойынша істі тоқтату жағдайында, анықтау органдары, тергеуші, прокурор және соттың кінәсіне қарамастан, толық көлемде өтеледі, сонымен бірге ақталған адамның мүліктік қана емес және өзге де зейнетақы, еңбек, тұрғын үй және басқа да

қатынастарға байланысты, сонымен қатар моральдық зиянды өтеу – адал атын, абыройын, қадір-қасиетін, атағын қалпына келтіру құқығы да сақталады.

Қылмыстық-процестік құқықтың жалпы ережесімен қылмыстық сот ісін жүргізу қағидатының жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуді жариялайтыны танылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 13-б.). Осы нормамен қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процеске қатысатын адамның абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен әрекеттерге, сонымен қатар оның адами қадір-қасиетін түсіретін ұстауға тыйым салудың негізгі талаптары бекітіледі. Осы нормамен Қазақстан Республикасы ҚПК-да бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттардың ережесі қайта өндіріледі, атап айтқанда, Азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пакті, Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын және т.б., қорғау туралы, қылмыстық сот ісіне қатысатындарды зорлық-зомбылық жасауға, азаптауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін түсіретін ұстауға тартуға тыйым салу туралы Конвенция.

Жеке басқа қолсұғылмаушылық қағидаты. Қазақстан Республикасы ҚПК 14-бабында: «Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік заңында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алуға, күзетпен қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айыруға болмайтыны» жарияланған.

Жеке басқа қолсұғылмаушылық қағидатының негізіне Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің, Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның ережелері, осы Конвенцияға хаттамалар, Халықаралық Қылмыстық Сотының Римдік мәртебесі, Азаптаулар және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлауға қарсы Конвенция, әрбір адамның бостандыққа және жеке басқа қолсұқпаушылыққа, олар бұзылған жағдайда өтеткізу құқығы барлығы жөніндегі ұстау және жазалау түрлері алынған [7]. Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабына сәйкес: 1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. 2. Заңда көзделген реттерде ғана және тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріле отырып, тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады. Соттың санкциясынсыз адамды 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады. 3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы. 16-баптың 1-тармағында бекітілген жеке басының бостандығына құқығы кез келген әрекеттерді жасау мүмкіндігін, кез келген белсенділік немесе ондайдан мәжбүрлеусіз және шектеусіз бас тартуды білдіреді [4]. Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 3-тармағына сәйкес, бұл бостандықтарға құқық ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс. Сондықтан Қазақстан Республикасы ҚПК 14-бабында («жеке басқа қолсұғылмаушылық») заң шығарушы бостандыққа бұл құқықты пайымдамайды, ал тікелей (тығыз) жеке басқа қолсұғылмаушылықпен байланысты, ұстау, қамау, адамды мәжбүрлі түрде медициналық ұйымға сараптама жүргізу үшін орналастыру жолымен шектелуі мүмкін. Бұл Қазақстан

Республикасы Конституциясының 39-бабы 3-тармағының мағынасынан ғана емес, сонымен бірге жеке басқа қолсұғылмаушылық туралы Қазақстан Республикасы ҚПК 14-бабының барлық мазмұнына жасалған талдаудан келіп шығады. Бұл Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактімен, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясымен, барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс (Декларацияның 1-бабы). Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмаушына құқылы (бұл жерде адамның үш құқығы бөліп көрсетілген – өмір сүру құқығы, бостандықта болу құқығы және жеке басына қол сұғылмау құқығы (Декларацияның 3-бабы)). Ешкім де құлдықта немесе кірішарлықта ұсталуы тиіс емес. Құлдық пен құл саудасына, қандай түрде болса да, тыйым салынады (Декларацияның 4-бабы). Ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес (Декларацияның 5-бабы). Ешкім де негізсіз тұтқындалуға, қамауда ұсталуға немесе қуғынға ұшыратылуға тиіс емес (Декларацияның 9-бабы). Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және тікелей қолданылады. Ал Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабына сәйкес – Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді. Аталған ережелер Қазақстан Республикасы ҚПК 14-бабында мәтіні өзгермеген күйде берілген, ол аталған қағидаттың жоғары гуманистік миссиясы туралы куәландырады. Жоғарыда баяндалған барлық халықаралық құжаттар, конституциялық және өзге де оған сәйкес өзге де ережелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚПК 14-бабының мазмұнынан, қылмыстық процестің аталған қағидаты мынадай түрде түсіндірілуі мүмкін:

- Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік заңында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алуға, күзетпен қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айыруға болмайды;

- Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген жағдайларда ғана және күзетпен қамауға алынған адамға сотқа шағым жасау құқығын бере отырып, соттың санкциясымен ған күзетпен ұстауға және ұйқамаққа алуға жол беріледі;

- адам соттың санкциясынсыз 72 сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстап алынуы мүмкін;

- күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімімен ғана жол беріледі. Күзетпен ұсталмаған

адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың немесе прокурордың шешімімен ғана жол беріледі; әрбір ұстап алынған адамға ұстап алудың негіздері, сондай-ақ оған қылмыстық заңда көзделген қандай іс-әрекетті жасады деп күдік келтірілгені туралы дереу хабарланады; сот, қылмыстық қудалау органдары, күзетпен ұстау орны әкімшілігінің, медициналық ұйымның басшысы заңсыз ұстап алынған немесе күзетпен ұсталып отырған немесе медициналық ұйымға заңсыз орналастырылған не заңда немесе үкімде көзделгендегіден артық мерзімге күзетпен ұсталып отырған адамды дереу босатуға міндетті; қылмыстық процеске қатысатын адамдардың ешқайсысын азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас немесе жазалау түрлеріне ұшыратуға болмайды;

- ешкімді де адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін процестік әрекеттерге қатысуға тартуға болмайды; жеке басқа қолсұғылмаушылықты бұзатын процестік әрекеттер Қазақстан Республикасы ҚПК тікелей көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана адамның не оның заңды өкілінің еркіне қарсы жүргізілуі мүмкін;

- адамды, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамды күзетпен ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төндірмейтін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс;

- азаматты бас бостандығынан заңсыз айыру, оны өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда ұстау, оған қатыгез қарым-қатынас жасау салдарынан келтірілген зиян Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген тәртіппен өтелуге жатады.

Кімнің де болмасын жеке басқа қолсұғылмаушылық құқығын бұзу үшін негіздердің бірі, қылмыстық заң бас бостандығынан айыру түрінде жаза көздейтін қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына күдік болып табылады. Бұл ретте сотпен тағайындалуы мүмкін бас бостандығынан айыру соттың қылмыстық іс бойынша шешім шығару сатыларында жеке бас бостандығы құқығына іс жүзінде нұқсан келтіруі жатады. Айыпталушының жеке басылық бостандығының іс бойынша соттың шешімінде белгіленетін ұзақ мерзімге бұзылмауына кепілдік, айыпталушы сотқа дейінгі сатыларда тұтқында болған бас бостандығынан айыру мерзімінің процесте саналу ережесі болып табылады.

Осылайша, айыпталушыны бас бостандығынан айырудың іс жүзіндегі мерзімі, адамның қамақта болған уақытын қоса (153-б., 5-бөлігі және 7-бөлігі) есептегенде сот белгілеген бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімінен аспайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 380-бабының 1-бөлігі). Сонымен қатар бұл ереже Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 62-бабында да (бұдан әрі - мәтін бойынша Қазақстан Республикасы ҚК) бекітілген. Адамды қамаққа алу және тергеу изоляторында, уақытша ұстау изоляторында ұстау және күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың санкциясымен, ал сот-медициналық сараптама жүргізу үшін – соттың немесе прокурордың шешімімен ғана жол беріледі, бұл адамды, оның жеке

басқа қолсұғылмаушылық құқығынан айыру кезіндегі заңдылықтың сақталуының қосымша кепілдігі болып табылады. Азаматқа бас бостандығынан заңсыз айыру, оны өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда ұстау, оған қатыгез қарым-қатынас жасау салдарынан келтірілген зиян Қазақстан Республикасы ҚПК 39-47 баптарында көзделген тәртіппен өтелуге жатады. Сот, қылмыстық қудалау органдары, күзетпен ұстау орны әкімшілігінің, медициналық ұйымның басшысы заңсыз ұстап алынған немесе күзетпен ұсталып отырған немесе медициналық ұйымға заңсыз орналастырылған не заңда немесе үкімде көзделгендегіден артық мерзімге күзетпен ұсталып отырған адамды дереу босатуға міндетті. Қамаққа немесе күзетте ұстауға тартылған адам, бұл әрекеттерге сот тәртібінде шағымдануға құқылы, өзінің жеке басының бостандығын талап ету кезінде адам адвокаттың (қорғаушы) құқығын ұсталған сәттен бастап пайдалана алады, қамақ немесе айып тағу – бұл жеке басқа қолсұғылмаушылық заңдылығының тағы бір кепілдігі [7].

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Бұл қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК 15-бабында бекітілген. Қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық процеске қатысатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, қылмыстық процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақтылы шаралар қолдануға міндетті. Азаматқа қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын бұзу салдарынан келтірілген зиян Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен өтелуге жатады. Жәбірленушіні, куәні немесе қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдарды, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін немесе өзге де жақын туыстарын өлтірумен, күш қолданумен, мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не өзге де құқыққа қарсы қауіпті әрекеттермен қорқытты деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде қылмыстық процесті жүргізетін орган өз құзыреті шегінде бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғауға заңда көзделген шараларды қолдануға міндетті.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес «әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы».

Бұл қағидаттың мәні, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жауапты, қылмыстық процеске қатысатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 15-бабы).

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде, әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы барлығы жазылған:

1. «Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген процедураға сәйкес айырылуы мүмкін.

2. Қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері мен өзіне тағылған кез келген айып жедел түрде хабарланады» [5] (Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 9-бабының 1 және 2 тармақтары).

Әркімнің өзінің жеке басының бостандығына және жеке басқа қолсұғылмаушылығының Конституциялық құқығы (Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабы), әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы барлығымен, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріле отырып, заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болатынымен кепілдендіріледі. Соттың санкциясынсыз адам жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынуы мүмкін [1].

Заң жеке басқа қолсұғылмаушылық талаптарынан келіп шығатын, бұлтартпау шаралары ретінде тұтқындауға алуды қолдануды шектейтін, бірқатар маңызды кепілдіктерді белгілейді. Күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынып жүр не істі объективті тергеп-тексеруге немесе сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін орган үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін өз өкілеттіктері шегінде осы адамдарға бұлтартпау шараларының бірін қолдануға құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 136-бабы).

Қазақстан Республикасы ҚПК 136-бабында санамаланған негіздер болмаған кезде, жасалған қылмыстың ауырлығы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау үшін жалғыз негіз бола алмайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 138-бабы).

Азаматқа қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын бұзу салдарынан келтірілген зиян Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген негіздер бойынша және тәртіппен өтелуге жатады (Қазақстан Республикасы ҚПК 15-бабы).

Күдікті мен айыпталушыға ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға және олардың мерзімінің ұзартылуы туралы сотқа шағымдану құқығын ұсыну орынды. Сотқа азаматтың жеке басына қолсұғылмаушылығын шектеу туралы мәселені шешу құқығын ұсыну қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге байланысты соттың айрықша өкілеттігінен келіп шығады және қылмыстық қудалау органдарына сеніп тапсырылмауы тиіс.

Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар (ҚПК 16-бабының 1-тармағы).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария

етілуі мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады (Қазақстан Республикасы ҚПК 201-бабы).

Қылмыстық істерді талқылау барлық соттарда және сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Іске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және басқа да істер бойынша, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәның немесе іске қатысатын басқа да адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мүдделері талап ететін жағдайларда, соттың уәжді қаулысы бойынша жабық сот талқылауына жол беріледі. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген, тергеу судьясы шешетін шағымдар да жабық сот отырысында қаралады (Қазақстан Республикасы ҚПК 29-бабының 1-тармағы).

Пошта жөнелтілімдерінен ақпараттар алу, оларды тексеру және тәркілеу, телефон арқылы сөйлесулерді тыңдау бойынша іс-шараларға қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген жағдайлар мен тәртіпте ғана рұқсат етіледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 30-тарауы).

Конституция: тұрғын үйге қол сұғылмайтынын, соттың шешімсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейтінін, тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол берілетінін белгілейді (Қазақстан Республикасы Конституциясының 25-бабы) [1].

Бұл қағидаттың қылмыстық сот ісін жүргізуде қолданылуы, заңның тінту жүргізу үшін негіздемелерді белгілеуінен, оны жүргізу прокурор санкция берген, немесе соттың анықтауы бойынша рұқсат етілген анықтаушының немесе тергеушінің қаулысының негізінде ғана шешілетінінен, тінту ісін жүргізудің және оның нәтижелерін тіркеу тәртібін реттейтінінен көрінеді.

Айрықша жағдайларда, іздестіріліп жатқан және (немесе) алып қойылуға жататын объект оны табуды ұзаққа созудан жоғалуы, бүлінуі немесе қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін болғанда не іздестіріліп жатқан адам жасырынуы мүмкін болғанда тінту және алу тергеу судьясының санкциясынсыз, алайда одан кейін оған жиырма төрт сағат ішінде жүргізілген тінту жөнінде хабарлау арқылы жүргізілуі мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚПК 254-бабының 3-бөлігі).

Заң кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейтіні жөніндегі қағиданы белгілейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 197-бабы).

Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы. Бұл қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК 16-бабында бекітілген. Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде әркімге жеке (жеке және отбасылық) өміріне қолсұғылмаушылық құқығы қамтамасыз етіледі. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі. Заңда көзделген жағдайлардан басқа, ешкім адамның келісімінсіз оның жеке өмірі туралы ақпарат жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға құқылы емес. Адамның жеке өмірі туралы осы Кодексте көзделген тәртіппен алынған ақпаратты қылмыстық процесс міндеттерін орындаудан басқаға пайдалануға болмайды.

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығы да халықаралық құқықтағы аса маңызды құқықтың бірі болып табылады және көптеген халықаралық құқықтық актілерде бекітілген. Мәселен, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 12-бабына сәйкес, «әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан, озбырлық жасап баспанасына қол сұғуынан қорғалуға құқығы бар» [3]. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 17-бабына сәйкес, ешкім өз бетінше немесе заңсыз озбырлық жасап, баспанаға қол сұға алмайды.

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығы жеке мүліктік емес құқық және жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын құрайтын құқық болып табылады. Тұрғынжайда болатын барлық нәрсе, соған мүдделі адамдардың келісімінсіз жариялауға (білдіруге) берілмейді [5]. Норма халықаралық заңның ережесін, Конституцияның 18-бабын еске түсіреді және қылмыстық процестің конституциялық қағидаты болып табылады.

Азаматтың жеке өмірінің (жеке және отбасылық) құпиясын қорғауға, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, күнделіктер, естеліктер, жазбалар, өмірінің интимдік жақтары, бала асырап алу, туу, дәрігерлік, адвокаттық құпия, банктағы салымдар құпиясы да қосылады. Жеке өмірінің құпиясын ашу заңнамалық актілермен бекітілген жағдайларда ғана мүмкін (Қазақстан Республикасы АҚ 144-бабы). Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады (Қазақстан Республикасы ҚК 147-бабы).

Өзара жазысқан хат-хабарлардың құпиясы пошта-телеграфтық жөнелтілімдерінің барлық түрін қамтиды (хаттар, телеграммалар, посылкалар, бандеролдар, аударымдар және т.б.) (Қазақстан Республикасы ҚК 148-бабы).

Құпиялықты сақтау және оның бұзылуы үшін жауаптылық іс бойынша кез келген істі жүргізудің аса маңызды қағидасы болып табылады [7] (Қазақстан Республикасы ҚПК 13-бабына түсіндірмені қар.).

Азаматтық талапкерге қатысты үкімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, банктер мен кредиттік мекемелердегі есептер мен салымдардағы

акша қаражаттары мен өзге де құндылықтарға, басқа да мүліктік өндіріп алуларға немесе ықтимал мүлікті тәркілеуге тыйым салуды прокурордың санкциясымен немесе соттың қаулысы бойынша анықтаушы, тергеуші жүргізеді. Бұл ретте шот деректері бойынша барлық шығыс операциялары тыйым салынған қаражаттар шегінде тоқтатылады («Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы заңның 51-бабы).

Тыйым салынған мүлік, тыйым салуды жүргізген адамның қарауы бойынша мүліктің сақталуы үшін жауаптылық туралы ескертілген, ол жөнінде қолхат алынған, тәркіленуі немесе жергілікті әкімшіліктің, тұрғын үй-пайдалану ұйымының өкіліне, иесіне немесе өзге де адамға сақтауға берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы ҚК тізімдеуге немесе тыйым салуға ұшыраған не болмаса тәркілеуге жататын мүлікке қатысты заңсыз әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді (Қазақстан Республикасы ҚК 357-б.).

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық қағидаты. Конституциялық қағидаттардың бірі – азаматтардың тұрғынжайға мүліктік құқығымен байланысты абсолюттік құқығын қамтамасыз ететін «тұрғынжайға қолсұғылмаушылық» қағидаты болып табылады. Тұрғынжай құқығын реттеуде азаматтардың тұрғынжай құқығына берілетін конституциялық кепілдіктер аса маңызды болады.

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығы – халықаралық-құқықтық құжаттарда белгіленген, адам мен азаматтың іргелі құқықтарының бірі. 1948 жылы қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 12-бабы: «Әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан, озбырлық жасап баспанасына қол сұғуынан қорғалуға құқығы барлығын» жариялайды [3]. 1995 жылғы 26 мамырдағы Адам құқықтары және негізгі бостандықтары туралы Тәуелсіз мемлекеттер достастығы Конвенциясы да осы құқықты бекітеді және мемлекеттік органдар тарапынан осы құқықты пайдалануға ешқандай араласу, ондай қол сұғу заңмен көзделген және демократиялық қоғамда мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулықты және халықтың имандылығын немесе өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатындағы жағдайларды есептемегенде, болмауы тиістігін орнатады.

1. Қазақстан Республикасының азаматтары кез келген заңға сәйкес алынған мүлікті жеке меншік ретінде иелене алады.

2. Меншік, соның ішінде мұрагерлік құқығы заңмен кепілдендіріледі.

3. Ешкімді де соттың шешімі болмайынша, өз мүлкінен айыруға болмайды. Мемлекеттің қажеттілігі үшін мүліктен мәжбүрлеп айыруға заңнамалық актілермен көзделген ерекше жағдайларда ғана жол беріледі [18].

Осы қағидатқа сәйкес тұрғынжай иелері иелену құқығын тұрақты жүзеге асыру, пайдалану және оларға тиісті тұрғынжайды билеу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Адамның бірқатар тұрғынжай құқығы Қазақстан Республикасындағы тұрғынжай қатынастарының ретелуіне ықпал ететін халықаралық актілермен регламенттеледі.

Айталық, БҰҰ негізгі құжаттарының бірі – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді және т.б., қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы екендігі көрсетілген [3] (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 25-бап).

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының келесі ережесі былайша баяндалады: «Әр адам... өзгелердің өз бетінше озбырлық жасап баспанасына қол сұғуынан қорғалуға құқығы бар» (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 12-бап).

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 11-бабы: «Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әркімнің өзі және отбасының жеткілікті тамақтануын, киімі мен баспанасын қамтитын, жеткілікті тұрмыс деңгейінде өмір сүру және тұрмыс жағдайын үнемі жақсарту құқығын таниды. Қатысушы мемлекеттер, бұл ретте еркін келісімге негізделген халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін тани отырып, осы құқықтың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды» [5].

Конституциялық қағидаттардың бірі – азаматтардың тұрғынжайға мүліктік құқығымен байланысты абсолюттік құқығын қамтамасыз ететін «тұрғынжайға қолсұғылмаушылық» қағидаты болып табылады [1].

Ең алдымен – бұл «соттың шешімі бойынша болмаса, тұрғынжайдан айыруға жол берілмейтініне» кепілдік. Бұл қағидат, Қазақстан Республикасының азаматын да, шетелдікті де, Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтығы жоқ адамды да өз бетінше тұрғынжайдан айыруға болмайтынын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының басқа ережелері де «тұрғынжайға қолсұғылмаушылық» қағидатын қолдайды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 1-тармағы: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкіндігін» жариялайды. Бұл қағидада, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін заңнамаларды қолдану мүмкіндігі алынып тасталған. Сол кезде құқықтар мен бостандықтарды іске асыру кезінде конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қол сұғуға жол берілмейді [7].

Бұдан басқа, бұл қағидат, тұрғынжайға онда тұратын кәмелетке толған азаматтардың келісімінсіз орналасқан кез келген адамды шығаруға; егер құқыққа қайшы тұрғынжайға күшпен кіру зиян келтірсе, зиянды өтеткізуді талап етуге құқық беретін азаматтық және тұрғын үй заңнамасында да көрініс тапқан.

«Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық» қағидатының байқалуының бір түрі ретінде, меншік құқығының мерзімсіздігі туралы азаматтық заңнама нормаларын, мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалдау шартын негізсіз бұзу мүмкін еместігін және шығаруды қарауға болады.

Сонымен бірге, меншік иесінің өзінің құқықтарын теріс пайдаланушылығының жолын кесу жөнінде жалпы мемлекеттік саясат жүргізбей, тұрғын үй саласында жеке құқықтарды қорғауды абсолюттендіруге болмайды деген ой келеді. Қазақстан Республикасы АҚ-нің 188-бабына меншік иесінің мүмкіндіктерін сипаттаумен қатар, меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауы тиістігі көрсетілген осы құқықты шектеу шегі де енгізілген. Осымен бірге азаматтық заңнама меншік иесін оның құқықтарының бұзылуынан ғана қорғап қоймайды, сонымен қатар меншік иесінің ықтимал озбырлығынан азаматтық құқықтық қатынастарға басқа қатысушыларды да қорғайды. Сонымен бірге меншік иесінің тұрғынжайға құқықтарын осылай шектеу жүйесін жасау тұрғын үй заңнамасын дамытудың маңызды үрдісі болып табылады, мысалы, меншік иелерінің пәтерді тастап кету мәселесінде [9].

Конституциялық «тұрғынжайға қолсұғылмаушылық» қағидаты кімге де болмасын онда тұратын адамдардың еркіне қарсы тұрғынжайға кіруге тыйым салуды да білдіреді. Сонымен бірге бұл жерде «тұрғынжай» ұғымы дегенде, тұрақты тұрғылықты жер ғана емес, сонымен қатар бір немесе бірнеше адамның уақытша тұратын орны да, соның ішінде жеке немесе жалға алынған пәтерлер, үй, қала сыртындағы үй, тікелей жалғасып жатқан дәліздер, террасалар, галереялар, балкондар, жертөле және тұрғынжай құрылысының шатыры, көп пәтерлі үйден басқа, қонақ үй нөмірі, каюта, сондай-ақ өзен немесе теңіз кемесі түсініледі.

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығына осы тұрғынжайды тұрғылықты орны немесе болу орны ретінде пайдалану заңды құқығы берілген адам ғана ие болады. Бұған дәлелдеме адамның осы үй-жайды пайдалану құқығын растайтын құжаттары (меншік құқығын растайтын құжаттар, жалдау шарты және т.б.) болып табылады.

Осы үй-жайдың меншік иесінің немесе өзге де заңдық негізде тұрғын үйі бар адамның еркі бойынша үй-жайға азаматты көшіру, көшірілген азаматтың тұрғынжайға қолсұқпаушылық құқығының пайда болуына әкеп соқтырады.

Сол үй-жайда тұруға құқылы адамдардың біреуінің сонда тұратын басқа азаматтардың келісімінсіз немесе бөгет болуына қарамастан, мәжбүрлеу түрінде болса да оған кіруі «тұрғынжайға қолсұғылмаушылық» құқығын бұзу болып табылмайды [17].

Тұрғынжайға кіру, оған қарап-тексеру мен тінту жүргізуге заңда белгіленген тәртіппен ғана жол беріледі. Кімге және қандай негізде ондай құқық берілген?

Тұрғын үй-жайға бөгетсіз кіру құқығы құқық қорғау органдары қызметкерлеріне заңда көзделген тәртіпте және жағдайда тиесілі. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығы, іс жүргізудің негіздері мен тәртібі Қазақстан

Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде толық регламенттелген тінту және алу секілді процестік тергеу әрекеттерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жүргізу кезінде заңды негізде шектеледі.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған прокурордан санкция алынуға тиіс. Санкция беруден бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 220-бабының 13-бөлігі).

Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін, бірақ кейіннен материалдар прокурорға бір тәулік мерзімде жіберіледі. Прокурор берілген материалдарды дереу қарағаннан кейін, жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексеру үшін оны тергеу судьясына жібереді. Егер прокурор қарап-тексеру заң бұзушылықпен жүргізілгенін анықтаса, материалдар тергеу судьясына жіберілмейді және оның заңсыз екені туралы уәжді қаулы шығарылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 220-бабының 14-бөлігі).

Заңмен көзделген жағдайда, тұрғынжайға кіру құқығы сот орындаушыларына қарап-тексеру жүргізу кезінде және борышкердің мүлкіне тыйым салу кезінде, құтқарушыларға төтенше жағдайлар бойынша жұмыстарды жүргіз үшін және т.б. беріледі.

Тұрғынжайға онда тұратын адамның еркінен тыс заңсыз басып кіру жауаптылығы Қазақстан Республикасы ҚК 149-бабында көзделген. Тұрғынжайға ондағы мүлікті ұрлау мақсатында кіру жеке қылмыс түрінде жазаланады – ұрлық, тонау, қарақшылық, себебі Қазақстан Республикасының ҚК тиісті баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын қамтиды.

Меншікке қолсұғылмаушылық қағидаты. Бұл қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК 18-бабында бекітілген. Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Ешкімді де соттың шешімі болмайынша өз мүлкінен айыруға болмайды. Процестік әрекеттер барысында адамдардың банктегі салымдарына және басқа да мүлкіне тыйым салу, сондай-ақ оларды алып қою қылмыстық-процестік кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, азаматтар заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады [1]. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығы заңмен кепілдендіріледі. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Сонымен бірге соттың шешімі нақты заңды негізге сүйенуі тиіс. Қылмыстық-процестік заңнама, баяндалған конституциялық ережені бекіте отырып, оны процестік әрекеттер барысында адамдардың банктегі салымдарына және басқа да мүлкіне тыйым

салу, сондай-ақ оларды алып қою Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізілуі мүмкіндігімен толықтырады. Адамдардың банктегі салымдарына және басқа да мүлкіне тыйым салуға, прокурордың санкциясымен немесе соттың дәлелді қаулысы бойынша жол беріледі. Мүлікке тыйым салу кезінде, тыйым салынған мүліктің құны талап қойылған бағадан аса алмайтыны ескерілуі тиіс. Мүлікке тыйым салудың мақсатына себеп, азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алу немесе мүлікті ықтимал тәркілеуге қатысты үкімді орындауды қамтамасыз ету болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 161-бабы).

Кінәсіздік презумпциясы. Бұл қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК 19-бабында бекітілген. Әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс. Айыптау үкімі болжамдарға негізделі алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс.

Кінәсіздік презумпциясы (латынның *presumption* – жорамал деген сөзінен алынған) – қылмыстық процестің жеке тұлғаның құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін, негізсіз айыптауды және кінәлауды болдырмайтын маңызды демократиялық қағидаттарының бірі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында «Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» деп жазылған [1].

Кінәсіздік презумпциясы қағидаты Адам құқықтары саласындағы беделді халықаралық құжаттардың ережесіне сүйенеді. Мысалы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 2-бөлігінде: «Қылмыстық іс бойынша айыпталған әрбір адам, кінәсі заң бойынша дәлелденгенге дейін, кінәсіз деп есептелуге құқылы» деп көрсетілген [5].

Бұл қағидаттың мәні, барлық азаматтардың парасатты деп пайымдалуында және қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына заңмен белгіленген шарттар болғанда және қатаң белгіленген процедуралар қолдану нәтижесінде ғана мемлекетпен кінәлі деп танылуы мүмкіндігінде болып тұр. Кінәсіздік презумпциясы қағидатын қолдану адамды негізсіз айыптаудан кепілдендіреді.

Сот билігінің тәуелсіз және дербес органы ретінде сотқа ғана мемлекет адамды қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі деп тануға және оны Қазақстан Республикасы ҚПК белгіленген тәртіпте өзінің қаулысымен қылмыстық жауапқа тартуға өкілеттік беріп, сенім артады. Мұндай сенім сот төрелігін ашықтық, ауызекілік, жарыспалылық жағдайында жасау нәтижесінде жүзеге асырылады. Үкім заңды күшіне енгенге дейін адамның кінәлілігі туралы пайым үзілді-кесілді заңдық маңызға ие болмайды.

Кінәсіздік презумпциясын теріске шығару: кінәсіздік туралы болжам қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына адамның кінәлілігі жеткілікті, анық және объективті дәлелдемелер негізінде заңмен белгіленген тәртіпте анықталғанға дейін қолданыста болады.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заң кінәсіздік презумпциясынан келіп шығатын, осы институттың құқықтық мәртебесін қалыптастыратын және анықтау, тергеу және сот органдарының құқық қолданушылық қызметінде есепке алу және сақтауға жататын бірқатар ережелерді бекітеді:

1. Күдікті, айыпталушы (сотталушы) өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; айыптауды дәлелдеу және күдіктіні және айыпталушыны қорғауда келтірілген дәлелдерді теріске шығару міндеті айыптаушыға жүктеледі; прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы қылмыстық қудалауды жүзеге асыра келе қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері анықталған әрбір жағдайда Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген құқық бұзушылық оқиғасын, қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі адамды немесе адамдарды әшкерелеу бойынша шаралар қолданады.

2. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 19-бабының 3-бөлігі), сондай-ақ бұл қағида қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізуіне де таралады, істі тоқтату, айыптау мөлшерін өзгерту немесе жасалғанды саралауды өзгерту салдарының сипатталуына әкеп соқтырады. Сейілмейтін күмәндар іс бойынша жиналған дәлелдемелер негізінде шешуге болмайтын, ал Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген дәлелдемелерді жинаудың барлық құралы мен тәсілі таусылған болып саналады.

3. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті. Бұл ретте сот істе бар және ұсынылған дәлелдемелерді осы Кодексте көзделген тәсілдермен зерттейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинауға құқылы емес. Іс бойынша күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да, сондай-ақ олардың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықталуға жатады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәсіздігі немесе кінәлілік дәрежесінің аздығы туралы, сондай-ақ оларды ақтайтын не олардың жауаптылығын жеңілдететін дәлелдемелердің бар-жоғы туралы барлық мәлімдемелерді, сондай-ақ дәлелдемелердің жиналуы мен бекітілуі кезінде тергеудің рұқсат етілмеген әдістерінің қолданылғаны туралы мәлімдемелерді тексеруге тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабы).

4. Күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚПК 115-бабының 3-бөлігі).

5. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол сот талқылауы барысында сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі соттың зерттеген дәлелдемелерінің жиынтығымен расталған жағдайда ғана шығарылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 393-бабының 3-бөлігі).

Кінәсіздік презумпциясында айыптауды дәлелдеудің екі тәсілі бар – мәндік және формалдық-құқықтық. Бірінші тәсіл – тергеушіге, прокурорға, сотқа жүгінілген және егер бұл орындалмайтын болса, айыпталушы кінәсіз деп танылатынын алдын ала сақтандыратын, кінәні мәні бойынша дәлелдеуді талап ету.

Кінәсіздік презумпциясының формалдық-құқықтық тәсілі мынадан тұрады: мемлекет айыпталушыны заңды күшіне енетін соттың үкімі шығарылғанға дейін кінәсіз деп таниды.

Кінәсіздік презумпциясына қарай, заң шығарушы айыпталушының кінәлілігі туралы негізделген, дәлелді қорытындыны қамтамасыз ету үшін қылмыстық іс бойынша не қолдану қажеттігін белгілейді. Бұндай қорытынды шығару үшін, алдымен алдын ала тергеп-тексеруде дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау өткізілуі тиіс, содан кейін сотта айыпталушының, қорғаушының, жәбірленушінің және басқа да процеске қатысушылардың процестік құқықтары, іс бойынша дәлелдемелермен жиналған процестік актілердің негізделуі, істің мән-жайын сот отырысында мұқият зерттеу және т.б., іске асырылуы қажет.

Жиынтығы қылмыстық сот ісін жүргізудің негізін қалайтын осы кепілдіктердің барлығы, сот қаулысында айыпталушының кінәлілігі туралы дәлелді қорытынды шығару үшін қажеттілігі ең аз болып табылады. Сондықтан заң шығарушы, заңды күшіне енген сот үкімінің көрсетілген кепілдіктерін сақтау шарттары кезінде, жалпы қағида бойынша ақиқатқа қол жеткізілетін, атап айтқанда, дәлелдеудің негізгі мәселесі бойынша – айыпталушының кінәлілігі туралы акт болып табылатынын белгіледі. Заңмен белгіленген процестік кепілдіктер кешенін сақталған дәл осы заңды күшіне енген сот үкімі, қылмыстық жазалау құқығы берілген мемлекет пен жазалауға ұшырауға міндетті сотталушы арасындағы қылмыстық-құқықтық қатынасты туғызатын заң фактісі болып табылады.

Кінәсіздік презумпциясы айыпталушы үшін айыптау мен соттаудың негізсіздігінен кепілдендіруге ғана қызмет етіп қоймайды. Айыптау дәлелділігінің шүбәсіздігі туралы және сейілмеген күмәндарды айыпталушының пайдасына түсіндіру жөніндегі оның талаптары, мемлекет органдарын, онсыз соттың істі негізді және әділ шешуі мүмкін емес, істің мән-жайларын объективті, әділ анықтауға бағыттайды. Кінәсіздік презумпциясынан сәл ауытқу сот төрелігі заңдылығының бұзылуына, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге әкеп соқтырады.

Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік қағидаты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында, бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайтыны жазылған [1]. Қазақстан Республикасы ҚПК 20-бабы:

«Ешкімді де бір сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін қайтадан қылмыстық жауаптылыққа ұшыратуға болмайтынын» айтады. Қарастырылып отырған қағидаттың іске асырылуы, қылмыстық қудалауды болдырмайтын, қылмыстық істерді тоқтататын осы және басқа да мән-жайларды анықтау кезінде процесті жүргізетін органның заңмен көзделген міндетімен қамтамасыз етіледі. Қарастырылып отырған қағидат жамандыққа тыйым салу туралы конституциялық ережемен де келісіледі. Адамды қайтадан жауаптылыққа тарту қалай болғанда да айыпталушының жағдайының нашарлауына алып келеді.

Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру. Қылмыстық процестің бұл қағидаты Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабына [1] және Қазақстан Республикасы ҚПК 21-бабына, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 7-бабына «заң алдында жұрттың бәрі тең және де заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы» сүйенеді [3].

Баршаның заң мен сот алдында теңдігі қағидаты қылмыстық процесте, барлық қоғамдық және мемлекеттік өмір саласындағыдай қолданылады. Оның мәні қылмыстық сот ісін жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайтынынан көрінеді. Бұл талаптар сот сатыларына ғана емес, іс бойынша барлық іс жүргізуге де қатысты, себебі заң нормалары сот ісін жүргізудің бір де бір сатысында азаматтың құқықтық мәртебесін көрсетілген белгілерге тәуелді етпейді.

Азаматтардың заң мен сот алдында теңдігі – біріне бірі табиғи байланысты ереже, алайда бұл олардың әрбірінің жеке мазмұндалуынан айырмайды.

Азаматтардың заң алдында теңдігі, нәсіліне және қай ұлтқа жататынына, әлеуметтік, мүліктік және лауазымдық жағдайына немесе азаматтың дінге көзқарасына байланысты қандай да бір басымдық немесе керісінше, шектеу жасамайтын бірыңғай материалдық және процестік заңдардың барлығын білдіреді [12].

Азаматтардың сот алдында теңдігі, сотталушы мен жәбірленушінің нәсіліне, қай ұлтқа жататыны мен дінге көзқарасына, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына қарамастан, істерді қарау барша соттармен және барша азаматтарға бірдей процестік тәртіпте жүзеге асырылатынын білдіреді. Ол сондай-ақ, мемлекетте қызметінің тәртібі мен қағидаттары жоғарыда көрсетілген белгілердің біріне тәуелді болуы мүмкін сословиелік, нәсілдік және өзге де ерекше соттардың жоқтығын білдіреді.

Азаматтардың заң мен сот алдында теңдігі баршаның қылмыстық заңға бағынуының теңдей міндетінен және оны бұзғаны үшін тең жауаптылықта болатынынан көрінеді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, қылмыстық жауаптылыққа тартылады және атқаратын лауазымына, жұмыс

түріне және басқа да факторларға қарамастан, бірыңғай қылмыстық заңның қолданылуына ұшырайды.

ҚПК сәйкес, Қазақстан Республикасы сот ісін жүргізудің сараланған тәртібін белгілейді, айыпталушының жеке және психологиялық ерекшеліктеріне және осыған байланысты процестік кепілдіктердің әртүрлі көлемін көздейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 11-тарауы). Сот ісін жүргізудің мұндай саралануы барша азаматтардың заң алдында теңдігі қағидатынан кері шегіну болып табылады, бірақ ол объективті себептерден туындаған және өзін толық ақтады. Әрекеті сот ісін жүргізу мәнін құрайтын әрбір адам, өзінің мүдделерін қорғау үшін процестік құқықтар мен кепілдіктердің жеткілікті кешеніне ие болғаны ғана маңызды. Олай болмаған жағдайда бұл азаматтардың заң мен сот алдында теңдігі қағидатынан бас тарту емес, оны бұзу болып табылады.

Қағидатты дәйекті жүзеге асыру үшін әр қылмыстық іс бойынша әсіресе заңды және негізделген үкімнің рөлі маңызды. Бұл талаптарға жауап бере алмайтын үкім, барлық уақытта өзінің әділдігіне күмән туғызады, демек, баршаның заң мен сот алдында теңдігінің ақиқаттығына да.

Судьялардың тәуелсіздігі қағидаты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді» деп жазылған [1].

Бұл қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК 22-бабында бекітілген: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы мен Қазақстан Республикасы ҚПК 22-бабы, судьяларға, өздерінің құқықтары мен міндеттерін бөгетсіз және тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасалатынын белгілейді. Соттың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласу заң бойынша қудаланады. Ешкім сотқа қысым жасауға және нақты қылмыстық іс қалай шешілуі тиістігін көрсетуге құқылы емес. Қылмыстық тәртіпте сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі келтіру мақсатында сот қызметіне қандай да түрде араласу (Қазақстан Республикасы ҚК 407-бабы).

Демек, судьялардың тәуелсіздігі және олардың заңға ғана бағыну қағидаты судьяларды қандай да бір бөгде әсерлерден қылмыстық істі қарау кезінде қорғайды. Қылмыстық процестің аталған қағидатының негізгі маңыздарының бірі – осында.

Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды (Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабының 4-бөлігі) [1].

Судьялардың тәуелсіздігі олардың заңға ғана бағыну шарты кезінде мүмкін, ал заңға тәуелділік судьялардың сыртқы және ішкі факторлардың ықпалынан қорғалу шарту кезінде ғана мүмкін болады. Заңға бағынбайтын тәуелсіздік озбырлықты туғызуы мүмкін. Егер судьялар қандай да бір ведомстволар немесе лауазымды тұлғалардың ережелеріне тәуелді болмаса, заңға ғана бағыну міндеті мәні бойынша ешқандай нәтижеге әкелмеген болар еді.

Процестің барлық сот сатыларында судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабы). Сот қарауында судья, жалпы қағида бойынша, істі қарау барысында және олар ұсынған дәлелдемелер шеңберінде туындайтын барлық сұрақтарды шешуі кезінде, тараптардың пікірлеріне байланысты еместігі секілді, айыптау актісінде жазылған қорытындылармен де байланысты емес. Сондықтан сот тараптардың бірінің өтінісхаты бойынша немесе өзінің жеке бастамасы бойынша істе жетіспейтін дәлелдемелерді толтыру үшін куәні, сарапшыны шақырта алады. Сот (судья) адамды айыптаулардың барлығын немесе оның бөлігін мойындамауы мүмкін және өзінің ішкі сенімі бойынша айыптауды өзгертуі немесе сотталушыны ақтауы (Қазақстан Республикасы ҚПК 227, 343, 394 баптары), істі прокурорға жіберуі (Қазақстан Республикасы ҚПК 323-бабы) мүмкін.

Судьялар мен халық қосшы билерінің тәуелсіздігі және олардың заңға ғана бағыныстылығы қағидаты бойынша, қаралып жатқан іске қатысы бойынша судьялардың өздері барлық бір жақты және әділсіздіктен арылуы тиіс және өздерінің шешімдерін әрбір судья толық тең құқықты болатындай тәртіпте қабылдауы қажет. Сондықтан судьялар, осы істі қарау кезінде олардың мүдделі еместігіне немесе объективтілігіне күмән келтірілетін мән-жайлар бар болған кезде, өздігінен бас тартуға және қарсы болуға жатады (Қазақстан Республикасы ҚПК 87-бабы) және бұрын олардың қатысуымен шешілген істі қарауға қайтадан қатыса алмайды.

Судьялардың тәуелсіздігі қағидаты судьялардың қылмыстық істерді шешуге рақымсыздығын, олардың бақылаусыздығын білдірмейді. Жоғары тұрған соттар заңмен белгіленген тәртіпте үкімдерді тексеруге құқылы. Алайда, апелляциялық, кассациялық және қадағалау инстанциялары үкімді болдырмай және істі жаңа сот қарауына жібере, судьялардың қорытындысын күні бұрын шешіп қоюға және олардың тәуелсіздігі мен дербестігін өздерінің шешімімен байланыстыруға құқылы емес (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-тарауы). Істі қайтадан қараған кезде бірінші сатыдағы сот қорытынды жасауда жоғары тұрған соттан тәуелсіз және дәлелдемелерді бағалауға қатысты ғана емес және фактілерді белгілеу кезінде де дербес, сонымен қатар қылмыстық заңды пайдалану және жаза тағайындауда да тәуелсіз.

Судьялар өздерінің міндеттерін орындауы кезінде, сондай-ақ қызметтен тыс қатынастарда сот төрелігінің беделін, судьяның абыройын түсіруі немесе

оның объективтілігіне күмән туғызуы мүмкін барлық нәрседен қашық жүруі тиіс [2].

Судьялардың тәуелсіздігі оларды сайлау, тағайындау және босатудың белгіленген тәртібімен, судьяларға тиіспеушілікпен, шешім шығару кезінде судьялардың құпия кеңесімен және оны жариялауға тыйым салуды талап етумен («Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы) және процестік кепілдіктермен ғана қамтамасыз етіліп қоймайды, сондай-ақ біздің қоғамның барлық қоғамдық және мемлекеттік құрылымымен де қамтамасыз етіледі.

Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру. Сот алдында процестік теңдікті және қылмыстық сот ісін жүргізуді жүйелі демократияландыруды қамтамасыз етуге бағытталған негізгі идеялардың бірі ретінде тани отыра, қылмыстық-процестік заңнама тараптардың жарыспалылығын қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қағидатына енгізеді. Бұл қағидат ҚПК 23-бабында айқындалған, онда қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылатыны айтылған. Қылмыстық қудалау, қорғау және соттың істі шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асырады. Адамның қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы кінәлілігін дәлелдеу және оның өзін қорғайтын дәлелдерін теріске шығару міндеті – қылмыстық қудалау органдарына, ал сотта іс жүргізу кезінде мемлекеттік және жекеше айыптаушыларға жүктеледі. Қорғаушы күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға міндетті. Сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды, айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейді және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді. Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз процестік міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайларды жасауға міндетті. Қылмыстық процеске қатысатын тараптар тең құқылы, яғни оларға Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Кодекске сәйкес өз ұстанымын қорғауға бірдей мүмкіндіктер берілген. Сот процестік шешімді тек тараптардың әрқайсысына бірдей негізде зерттелуіне қатысу қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді. Тараптар қылмыстық сот ісін жүргізу барысында өзінің ұстанымын, оны қорғаудың тәсілдері мен құралдарын дербес және сотқа, басқа да органдар мен адамдарға тәуелсіз таңдайды. Сот тараптың өтінішхаты бойынша оған осы Кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді. Мемлекеттік айыптаушы және жекеше айыптаушы белгілі бір адамды қылмыстық қудалауды жүзеге асыра алады немесе заңда көзделген жағдайларда қылмыстық қудалаудан бас тарта алады. Күдікті, айыпталушы, сотталушы өзінің кінәсін еркін түрде теріске шығаруы немесе өзін кінәлімін деп мойындауы, жәбірленушімен татуласуы, процестік келісімді, медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісімді

жасасуы мүмкін. Азаматтық талапкер талап қоюдан бас тартуға немесе азаматтық жауапкермен татуласу келісімін жасасуға құқылы. Азаматтық жауапкер талап қоюды мойындауға немесе азаматтық талапкермен татуласу келісімін жасасуға құқылы. Сот тараптардың істі бірінші және апелляциялық сатыларында қарау құқығын қамтамасыз етеді; сотталушы мен оның қорғаушысы және процеске басқа да қатысушылар істі кассациялық тәртіппен қарау кезінде, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру және үкімді орындауға байланысты мәселелерді қарау кезінде қатысуға жіберіледі. Сот әрбір қылмыстық істі қараған кезде айыптаушы тарап атынан мемлекеттік не жекеше айыптаушы өкілдік етуге тиіс. Сот істі қарағанда тараптардың қатысуы міндетті болатын басқа да жағдайлар қылмыстық-процестік кодекспен айқындалады.

Қылмыстық процесте, тараптар – сот талқылауында жарыспалылық және тең құқылық негізінде айыптауды (қылмыстық қудалауды) және айыптаудан қорғауды жүзеге асыратын органдар мен тұлғалар, деп түсіндіріледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 7-бабының 45-тармағы). Заң негізгі процестік функцияларды атқаратындарды анықтайды. Процестік функцияларды межелей бөлу, айыптау функциясы бір тараппен жүзеге асырылатынынан (оған прокурор, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер қатысты), ал қорғау функциясы айыпталушы, сотталушы, оның қорғаушысы, өкілі, азаматтық жауапкер ұсынған басқа тараппен жүзеге асырылатынынан көрінеді.

Істі шешу функциясы сотқа ғана тиесілі. Ол айыптау және қорғау функцияларынан бөлініп шығарылған.

Айыптаушы және қорғаушы тараптардың сот алдында тең құқылығы, қылмыстық істерді қарау кезінде өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша тараптарды тең мүмкіндікпен қамтамасыз ететін, қылмыстық сот ісін жүргізуді құруды білдіреді. Процестік тең құқылық істің нақты мән-жайларын талдауға ғана емес, сонымен қатар сот қарауында туындайтын барлық заң мәселелерін талқылауға да қатысты.

Жарыспалылық қағидатын дәйекті жүзеге асыру кезінде сотқа сотталушыны әшкерелеуге қатысуға тыйым салынады, себебі сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды және айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейді. Сот тараптарға, өздерінің процестік міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайларды жасап беруге міндетті. Сот процеске басшылық жасай отырып, объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, сот қарауын басқаруы, істің зерттеліп жатқан мән-жайына тікелей қатысы жоқ кез келген ақпаратты жоюы, сот отырысында тәртіпті бұзу әрекетінің жолын кесуі тиіс.

Сонымен, жарыспалылық қағидаты, сот процесінің, айыптау және қорғау функциялары және оларға жанасатын азаматтық талапкерді қолдау және оған қарсылық білдіру функциялары өзара ажыратыла, сот қызметінен бөліне және өздерінің мүдделерін қорғау үшін тең процестік құқықтарды пайдаланатын тараптармен орындала, ал сот процесте объективтілік пен бейтараптылықты сақтай, істің мән-жайларының жан-жақты, толық, объективті зерттелуіне қажет жағдайларды жасай отырып, басшылық орынды алатын және осы істі өзі

шешетіндей құрылымын сипаттайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 331, 334 баптары).

Жарыспалылық қағидаты қылмыстық процесте мынадай негізгі элементтерді:

1. Айыптауды соттан бөлуді;

2. Соттың процесте белсенді, дербес жағдайын және іс бойынша шешім қабылдауды сотқа ғана ұсынуды;

3. Өздерінің функцияларын жүзеге асырулары үшін тараптарға тең процестік құқықтар беруді;

4. Айыптау және қорғау функцияларын сот төрелігі функцияларынан бөлуді және олардың өзара межелей бөлінуін сипаттайды.

Айыптау мен қорғауды дербес функция ретінде бөлу, және оларды өзара межелеп бөлу және сот қызметінен бөлу, жарыспалылық қағидаты тұрған және әрекет ететін негізді құрайды. Айыптау, қорғау және сот төрелігінің өзара қалай бөлінгеніне қарай, сот процесі үлгісі сараланады. Заң айыптау, қорғау және сот төрелігі функцияларын қатаң ажыратады және үкімнің сөзсіз жойылу қаупі олардың бірігуін болдырмайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 11-тарауы).

Жарыспалылық құқығын тану – жарысқа түсушілердің өздерінің талаптарын негіздеу үшін тең құралдар мен мүмкіндіктерді пайдалану, сондай-ақ басқа тараптардың пікіріне дау айту құқығын тануы. Мемлекеттік айыптаушы, сотталушы, кәмелетке толмаған сотталушының заңды өкілі, қорғаушы, сондай-ақ жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері сот отырысына тараптар ретінде қатысады және дәлелдемелер ұсыну, оларды зерттеуге қатысу, өтінішхатпен мәлімдеу, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар кез келген сұрақ бойынша өзінің пікірін білдіру тең құқығын пайдаланады (Қазақстан Республикасы ҚПК 8, 9 тараулары).

Процестік тең құқылығы аталған құқықтардан әлдеқайда кең және істің фактілік жағына ғана емес, сонымен қатар заңдық жағына да қатысты. Айыпталушы, сондай-ақ сотталушы да қорғаушымен бірге сот отырысында туындайтын және үкіммен шешілетін, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар мен жазаларды тағайындауды саралау туралы барлық мәселелер бойынша өзінің ойларын және қорытындыларын баяндауға құқылы.

Айыптаушының, сотталушының, қорғаушының, сондай-ақ жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің дәлелдемелер ұсынуға, олардың зерттеулерге қатысу және өтінішхатпен мәлімдеуі құқықтарының процестік теңдігі, істерді қарау және шешуде бір жақтылықтың және субъективизмнің қарсы елеулі кепілдігіне қызмет етеді және әр іс бойынша ақиқатқа жетуге қажетті жағдайларды жасайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 13-тарауы).

Сот істі жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін қажетті жағдай жасауы тиіс – ол жол берілмейтін дәлелдемелерді, олар қандай тараптан ұсынылмасын, қараудан шығарады; істі қараудан бұрын шығарылған дәлелдемелерді зерттеу жөніндегі сұрақты шешеді; тараптардың ұсынуы

бойынша жаңа дәлелдемелерді қарайды; сот қарауының барысын және т.б., басқарады.

Прокурордың айыптаудан бас тартуы жәбірленушінің тарапынан қарсылық болмаған кезде істі тоқтатуға әкеп соқтырады.

Тараптардың жарыспалылықтағы теңдігі – ақиқатты танудың күшті әдісі, тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі. Жарыспалылықтың бастауын адам барлық сот процесінде анықтайды, оның барлық құрылымын, үкімге өзіне сенімділік күшін береді, оның құқықтық және әлеуметік маңыздылығын арттырады.

Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу. Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабының негізінде, сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті. Бұл ретте сот істе бар және ұсынылған дәлелдемелерді осы Кодексте көзделген тәсілдермен зерттейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде орын алған ақтаңдақтарды жою мақсатында сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинауға құқылы емес. Қылмыстық қудалау органдары нақты деректерді айқындайды, солардың негізінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар анықталады. Қылмыстық істі қарайтын сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптаушы және қорғаушы тараптарға олардың істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге деген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай жасайды. Қылмыстық-процестік кодекстің 380-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сот істе бар және сот отырысында тараптар ұсынған дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктілігі мәселелері бойынша тараптардың пікірімен байланысты емес. Іс бойынша күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да, сондай-ақ олардың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықтауға жатады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәсіздігі немесе кінәлілік дәрежесінің аздығы туралы, сондай-ақ оларды ақтайтын не олардың жауаптылығын жеңілдететін дәлелдемелердің бар-жоғы туралы барлық мәлімдемелерді, сондай-ақ дәлелдемелердің жиналуы мен бекітілуі кезінде тергеудің рұқсат етілмеген әдістерінің қолданылғаны туралы мәлімдемелерді тексеруге тиісті.

Іс бойынша ақиқатты орнату үшін қылмыстық-процестік заңнамамен көзделген тәртіпте анықталған, тексерілген және бағаланған мәліметтер ғана пайдаланылуы мүмкін. Аталған қағидаттың мәні, күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан, жәбірленушіден, куәдан және басқа да іске қатысушылардан күш көрсету, қорқыту, олардың құқықтарына нұқсан келтіру және өзге де заңсыз шаралар жолымен жауап алуға тыйым салынатынында. Бұл қағидаттың талаптары Қазақстан Республикасы ҚПК басқа баптарында нақтыланады (113, 116, 121, 123, 125 баптары) және дәлелдемелерді жинауға, тексеруге және бағалауға жатады.

Аталған қағидат, ең алдымен, қылмыстық процесті жүргізетін органдарға арналған. Олар істі дұрыс шешуге қажетті істің мән-жайын толық, жан-жақты

зерттеуге, кінәсіздік немесе кінәлілігінің аз дәрежесі туралы, ақтайтын немесе жеңілдететін дәлелдемелер туралы барлық арыздарды тексеруге міндетті. Бұл оларға дәлелдеу міндеттері берілгенін білдіреді. Аталған қағидат континентальдық қылмыстық процестің аралас үлгісінде қатысқан инквизиция процесінің ерекше атавизмі болып табылады. Сотқа байланысты бұл қылмыстық іс бойынша ақиқатты орнатуға қажетті шараларды қолдану; істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеу үшін тараптарға, олардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау құқығы ретінде тұжырымдалады.

Істің мән-жайын жан-жақты зерттеу, іс үшін маңызы бар дәлелдеу заты мен өзге де мән-жайлардың толық анықталғанын, сонымен бірге тараптардың іс бойынша ұсынған айыптау және қорғау болжамдарының барлығы дұрыс тексерілгенін білдіреді.

Толықтылық дәлелдемелерді зерттеу процесіне және, ең алдымен, дәлелдеу шектеріне (дәлелдеу нысанасын анықтайтын дәлелдемелер жиынтығы) жатады. Ол дәлелдемелер жиынтығының істі мәні бойынша шешуге жеткіліктілігін білдіреді. Аталған талап жеткіліктілік секілді дәлелдемелер қасиеті арқылы көрінеді. Егер дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабы).

Объективтілік – субъектілерге, айыпталушының айыбын ашатын, сонымен бірге ақтайтын дәлелдеулерді, сондай-ақ оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды анықтауды міндеттейтін, қастықсыз және бейтарап болуға қойылатын талап. Қағидаттың аталған құрауышы істің мән-жайын жан-жақты зерттеумен тығыз байланысты.

Барлық дәлелдеуге жататын істің мән-жайлары мұқият, жан-жақты, толық және объективті зерттелген болуы тиіс. Істе туындайтын кез келген мәселелерді шешу кезінде, айыпталушыны немесе сотталушыны айыптайтын және ақтайтын, сондай-ақ оның жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықталған және зерттелген болуы тиіс. Бұл қарастырылып жатқан қағидаттың мән-жайларды және дәлелдеуді зерттеуге бағытталғанын білдіреді.

Істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу талаптары өзара тығыз және ажырамастай байланысты, алайда оның әрқайсысы өзіндік маңызға ие болады.

Істің мән-жайын жан-жақты зерттеуді:

- айыпталушыны әшкерелейтін, дәл осындай ақтайтын дәлелдемелерді, сондай-ақ оның жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды жинау, тексеру және бағалау;

- дәлелдеу қызметінің бағытын анықтайтын, біржақтылықтың және субъективизмнің алдын алатын, және дәлелдеудің дұрыс жолын қамтамасыз ететін объективті ықтимал болжамдардың барлығын дер кезінде қозғау және мұқият тексеру деп түсіну қажет.

Зерттеудің толықтығы деп дәлелдеу нысанасына алып баратын барлық мән-жайларды анықтауды түсіну қажет (Қазақстан Республикасы ҚПК 121-бабы).

Зерттеудің объективтілігі дегенді, тергеуші, прокурор мен соттың тарапынан дәлелдеу нысанасына жататын барлық мән-жайларды анықтауға қажетті дәлелдемелерді жинау, тексеру және бағалау кезінде қандай да біржақтылыққа, алдын ала ескертушілікке жол бермеу деп түсіну қажет.

Процестің барлық сатысында әрекет ете отырып, көрсетілген қағидат барлық тергеу және сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етеді, іс бойынша ақиқатты анықтауға қызмет етеді. Оның талаптары қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, айыптау қорытындысын, үкім қаулысын және т.б. жасау және бекіту туралы қағидалардың негізіне жатады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабының талаптарын орындауда, ұсынылған айыптаудың дәлелділігі сыналатын, сот өзінің үкімін тікелей сот отырысында қаралған дәлелдемелерге ғана негіздей алатын сот талқылауы айрықша маңызға ие.

Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау. Дәлелдемелерді бағалау да қылмыстық процестің классикалық қағидатына жатады және басқа, әсіресе кінәсіздік презумпциясымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасы ҚПК 25-бабына сәйкес, судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданды басшылыққа алады. Алқаби ар-ожданды басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды. Ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Ішкі сенім – дәлелдемелерді зерттеу процесі және нәтижесі. Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау, ішкі сенімнің өзінің бағалау нәтижесінде шындыққа сәйкес болуына мүмкіндік туғызады. Бірінші жағдайда бағалау субъектісінің алдын ала анықталып қойған заңдық күш пен қандай да бір дәлелдемелердің маңыздылығынан тәуелсіздігін білдіреді. Екіншісінде – бағалау субъектісінің, ол үшін гносеологиялық, логикалық және психологиялық жақтары бар, бұлтартпас және анық, үзілді-кесілді бір мағыналы қорытындылары. Бұл бағалау субъектісінің, өзінің қорытындыларының дұрыстығына сенімділігі жағдайын сипаттайды.

Ішкі сенім сипаттамасы, ол дәлелдемелерді өзінше түсінуіне негізделген жеке пайымы мен тұжырымының нәтижесінде бағалау субъектісінің өзімен еркін қалыптасуы қажеттігін білдіреді.

Субъектінің ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалаудағы тәуелсіздігі мен еркіндігі, ол үшін өзіндік сенім қалыптастыру кезінде, процеске қатысушы басқа субъектілердің бағалаулары, олар қандай процестік немесе лауазымдық орын алатынына қарамастан, міндетті еместігін білдіреді. Яғни, жоғары тұрған немесе төмен тұрған сатылардың, басқа да лауазымды адамдардың ешқандай пікірлері мен шешімдері ол үшін міндетті емес.

Дәлелдеме олардың жиынтығында объективті байланыстылығы ескеріле отырып бағаланады. Бағалау субъектісінің ішкі сенімі объективті ақиқаттың

субъективті бейнесі болуы тиіс. Дәлелдемелер заңмен белгіленген тәртіпте жиналған, тексерілген және жиынтықта, сондай-ақ жеке, толық және объективті зерттелген болуы қажет.

Ішкі сенім бағалау субъектісінің болжау, тәжірибелік және адамгершіліктік-психологиялық қызметінің нәтижесінде қалыптасады. Оған көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Бірақ бағалау субъектісінің мақсаты – дәлелдемелерді өзінің жеке өмірлік, кәсіби, адамгершіліктік тәжірибесі мен білімін ескере отырып және мүмкіндігінше объективті бағалау.

Оның қатыстылығы (іс бойынша дәлелдеу нысанасына), жарамдылығы (ҚПК көзделген нормаларға және тәртіпке сәйкес алу), растығы (нақты іс жүзіндегісіне сәйкестігі), және олардың қылмыстық істі дұрыс шешу үшін жеткіліктілігі көзқарасымен барлық жиынтығы (іс бойынша іс жүргізу қажеттігіне) көзқарасында. Қорыта айтқанда, дәлелдемелерді бағалау олардың пайдаланылуының негізін қалайды. Дәлелдеу процесі туралы айтқанда, оның барлық элементтерінің, әдетте, бір мезгілде пайда болатынын атап өту қажет. Мысалы, жауап алу шеңберінде тергеуші дәлелдемені жинай да, дәлелдемені зерттей де, дәлелдемені бағалай да, дәлелдемені пайдалана да алады. Немесе, айталық, дәлелдемелік ақпараттардың бірқатар көлемін алып, зерттеп және бағалап, тергеуші оларды пайдаланады, мысалы, қылмыстық істі тоқтату немесе тоқтата тұру туралы, процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы, айып тағу туралы және т.б., процестік шешім қабылдайды. Сондықтан дәлелдеу процесін төрт ірі элементке, кезеңге бөлу, тергеушінің жалпы қылмыстық іс бойынша және жекелеген процестік әрекеттер мен процестік шешімдерге байланысты іс жүргізу кезіндегі процестік және танымдық қызметінің мазмұндық жағын толық ұғыну мақсатында ғана жасалған.

Қазақстан Республикасының ҚПК қылмыстық процесті жүргізетін органның ішкі сеніміне тікелей тәуелді дәлелдемелерге баға қояды. Анықтаушы, тергеуші, прокурор, судья әрбір дәлелдеменің жеке алғанда және олардың барлық жиынтығы жоғарыда аталған сапа талаптарына жауап бере алатынына нық сенімді болуы керек. Яғни, олардың анықталу, ашылу процесі қылмыстық-процестік заңдарға сәйкес және Қазақстан Республикасы ҚПК нормаларының негізінде жүргізілуі қажет. Заң талаптарын есепке алудан басқа, дәлелдемелерді бағалау сонымен қатар адамгершілік санаты ретінде ұжданға сүйенілуі тиіс.

Ар-ождан аталған лауазымды адамдардың дәлелдемелерді бағалау нәтижесінің сенімділігі үшін адамгершіліктік борышын арттырады.

Дәлелдемелерді бағалау процесінен алқаби де босатылмайды, айырмашылығы, ол қылмыстық іс бойынша өзінің ішкі сенімін (алқабилер ұжымы алдында сұрақтарға жауап беру) басты сот қарауы барысында дәлелдемелерді зерттеуге қатысу негізінде, ар-ожданды басшылыққа ала отырып негіздейді. Алқабидің, сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуының әртүрлі нысандары, оның міндеті емес, құқығы болып табылады. Сондықтан, дәлелдемелерді бағалаудың негізіне, өзінікінің дұрыстығына ішкі сенімінен және қаралған дәлелдемелердің жиынтығынан басқа, сондай-ақ алқабидің ар-ожданын қоя отырып, заң шығарушы, сонымен бірге, қылмыстық

істің дұрыс шешілуі үшін оларға жоғары адамгершілік жауаптылық та жүктейді.

Әрбір дәлелдеме іс бойынша барлық дәлелдемелердің жиынтығымен байланыста ғана ұғынылуы және бағалануы мүмкін, - бұл дәлелдеу процесінің бұлжымас қағидасы. Ол қаншалықты тартымды болмасын, бұндай дәлелдеме жай және одан артық емес дәлелдеме ретінде ғана қаралады. Бір кездегі «дәлелдеме патшайымы» - айыпталушының өз кінәсін мойындауы, іс бойынша қолда бар басқа дәлелдемелермен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 115-бабы); тергеушінің, жәбірленушінің айғақтары, егер олар деректен өзінің хабардар болуын көрсете алмаса, сондай-ақ жауап алуға куә ретінде жатпайтын адамдардың айғақтары дәлелдеме болып табылмайды. Дәлелдемелердің заңдық күші қылмыстық процестің әр жаңа сатысында тексеріледі. Қылмыстық процестің күшінің бірегейлігі де осында, яғни мүлдем әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар дәлелдемелерді бағалау процесіне қатысады.

Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету. Бұл қағида Қазақстан Республикасы ҚПК 26-бабында бекітілген. Күдіктінің, айыпталушының қорғалуға құқығы бар. Олар бұл құқықты осы Кодексте белгіленген тәртіппен жеке өздері де, сол сияқты қорғаушының, заңды өкілінің көмегімен де жүзеге асыра алады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың күдіктен, айыптаудан заңда тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке бас құқықтары мен мүліктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдануға міндетті. Осы Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізетін орган іске күдіктінің, айыпталушының қорғаушысының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Күдіктінің, айыпталушының қорғаушысының және заңды өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы күдіктіге, айыпталушыға тиесілі құқықтарды кемітпейді. Күдікті, айыпталушы айғақтар беруге, қылмыстық қудалау органдарына қандай да болсын материалдар беруге, оларға қандай да бір жәрдем көрсетуге мәжбүр етілмеуге тиіс. Күдіктінің, айыпталушының олармен бірлесіп қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған адамға қатысты қылмыстық істі қарау кезінде де өздеріне тиесілі қорғалу құқығының барлық кепілдіктері сақталады.

Қорғалуға құқылы куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның, ақталғанның (бұдан әрі – күдіктінің, айыпталушының) қорғалу құқығы қылмыстық сот ісін жүргізудің іс бойынша заңды, негізделген және әділ шешім қабылдауға кепілдік беретін негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

Қорғалу құқығы қылмыстық сот ісін жүргізу жеке бас кепілдіктері жүйесінде ойып орын алады. Ол жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделері кепілдіктерін іске асырудың ғана емес, сондай-ақ сот әділдігі мүдделерінің де заңдық алғышарттары болып табылады. Қорғалу құқығы дербес әлеуметтік-құқықтық құндылық болып келеді.

Қорғалуға құқылы куәнің, күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығы әркімнің жеке бостандығы мен қолсұғылмаушылығының қамтамасыз етілуіне кепілдік беретін тікелей Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларынан кеп шығады. Кәсіби заңдық жәрдем құқығына тергеу мен сот ісін жүргізудің кез келген сатысында кепілдік беріледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 13-бабы). Азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға заңгерлік көмек көрсету үшін адвокатура әрекет етеді. Адвокатура қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі заңмен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың қорғалуға құқығы барлығын жариялап қана қоймайды, сонымен қатар осы құқыққа кепілдік берілетініне назар аударады. Қорғалу институты қылмыстық сот ісін жүргізуде қорғалуға құқылы куәға, күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, оларға тараптар рөлінде сөз сөйлеуге, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға айыптауды немесе күдікті әшкерелеуге, құқық бұзушылыққа өзінің қатысы жоқтығын қорғауға, жауаптылықты жеңілдетуге қол жеткізу үшін ұсынылатын құқықтар кешені болып табылады.

Күдіктіге (қорғалуға құқылы айыпталушыға, куәға), оған қандай айып тағылатынын білу, өзінің түсіндірмесін беру, айыптауға қарсылық білдіру, заңды мүдделерін өзінің қорғауына мүмкіндік туғызатын барлық құқықтық өкілеттікті пайдалануы үшін ұсынылатын процестік құралдар мен құқықтар жиынтығы қылмыстық процесте қорғалу құқығы институтының құқықтық негізін құрайды.

Қорғалу құқығы оны жүзеге асыру кепілдігінен ажырағысыз. Заң шығарушы қылмыстық істі жүргізетін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға айыпталушының тағылған айыптаудан заңды тәсілдермен және құралдармен қорғалуын қамтамасыз етуді жүктейді. Анықтауды жүргізетін тергеуші, прокурор, судья куәға, күдіктіге, іске қатысатын адамдарға қорғалу құқығының болуы жөнінде, аталған құқықтарды пайдалану тәртібін түсіндіруге және оларды толық жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 26-бабының 2-бөлігі). Мемлекет органдары тарапынан қорғалу құқығы осылайша қамтамасыз етілмесе, бос декларацияға айналады. Осы органдар әрбір іс бойынша айыпталушыны немесе сотталушыны әшкерелейтін, дәл осындай ақтайтын, сондай-ақ оның жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды анықтауға міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 19-бабы). Қорғалу құқығы бар куәға, күдіктіге, айыпталушыға қорғалу құқығын қамтамасыз етудің маңызды кепілдігі, кінәсіздік презумпциясының конституциялық қағидатын қатаң сақтау болып табылады, күдікті, айыпталушы, оның кінәсі заңда көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады.

Күдіктіге, айыпталушыға айғақтар беру жүктелмеуі тиіс, оған өзінің кінәсіздігін немесе қандай да бір істің мән-жайын дәлелдеуді жүктеуге жол берілмейді. Мұндай міндеттеме, заңның негізінде, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жауапты мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына жүктеледі.

Осылайша, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидаты, айыпталушының процестік құқықтары жүйесін соттың, анықтау, тергеу және прокуратура органдарының міндетімен ұштастырған кезде, аталған құқықтардың іске асырылу мүмкіндігін қамтамасыз ету, өзінің барынша толық және әрекеттік мазмұнына ие болады.

Алайда айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидатының мазмұны қандай да бір нақты процестік құқыққа тапсырыла алмайды. Айыпталушының (қорғалуға құқылы күдіктінің, сотталушының, куәның) қорғалу құқығы деп, оған тағылған айыптаудан жеке, дәл осындай қорғаушының көмегімен қорғалу мүмкіндігін беретін процестік құқықтардың барлық жиынтығын, бүкіл кешенін түсіну қажет.

Айыпталушыға (қорғалу құқығына ие күдіктіге, сотталушыға, куәға) іске асырылуы, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік туғызатын құқықтар кешені берілген. Осы мақсатта, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарға, құқықтардың кең түрі ұсынылған: оларды не үшін айыптайтынын білу құқығы, айғақ және түсіндірме беру, дәлелдемелермен танысу және т.б. (Қазақстан Республикасы ҚПК 65-бабы). Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз етудің маңызды элементі, оған процестік әрекеттермен және анықтаушы, тергеуші, прокурор және соттың (судьялар) шешімдерімен белгіленген тәртіпте шағым түсіру құқығын ұсыну болып табылады.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жауапты мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының әрекеттері мен шешімдеріне шағымдар, сонымен қатар күдіктінің, айыпталушының қорғаушысымен және заңды өкілімен берілуі мүмкін.

Қорғаушы күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, сотталушының өтініші бойынша немесе келісімінің негізінде басқа да адамдармен шақырылады. Күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының өтініші бойынша қорғаушының іске қатысуын анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот қамтамасыз етеді.

Егер қорғаушы күдіктінің, айыпталушының, сотталушының өтініші бойынша не болмаса олардың келісімінің негізінде басқа адамдармен шақырылмаса, қылмыстық қудалау органы анықтауға, алдын ала тергеп-тексеруге немесе сотқа қатысу үшін қорғаушыны тағайындауға міндетті.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама бойынша қорғаушы куә, күдікті, айыпталушы мәртебесін алған кезінен бастап, сондай-ақ қылмыстық процестің кез келген келесі кезінде қорғаушы қылмыстық процеске қатысуға құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 66-бабының 3-бөлігі). Адвокатқа қорғаушы ретінде қатысуға жол беріледі. Адвокатпен қатар айыпталушының өтінішхаты бойынша жол берілетін жақын туыстарының бірі немесе өзге адам жіберілуі мүмкін.

Заң шығарушы айыпталушыға іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде қорғаушыдан бас тарту құқығын ұсынады. Алайда осындай бас тартуға

айыпталушының бастамасы бойынша ғана жол беріледі және өзге тараптардың ісіне қатысуын жалғастыруға кедргі бола алмайды.

Іске қатысу туралы келісім жасалған сәттен бастап немесе тағайындалған сәттен бастап адвокаттың қорғаушы міндетін орындаудан бас тартуға құқығы жоқ (Қазақстан Республикасы ҚПК 66-бабының 5-бөлігі).

Қорғалу құқығына қосымша кепілдеме ретінде заң қорғалу құқығы бар куәға, күдіктіге, айыпталушыға және сотталушыға, олардың өтінішіне қарамастан және тіптен олардың қалауына қарамастан, қорғаушыны міндетті түрде тағайындау жағдайын белгілейді. Бұл кәмелетке толмағандарға, мылқауларға, керендерге, соқырларға және басқа да өздерінің дене және психологиялық кемістігіне байланысты өзін қорғай алмайтын, сондай-ақ сот ісі жүргізілетін тілді меңгермеген адамдарға қатысты. Бұдан басқа, қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы, егер адамға жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмыс жасады деп күдік келтірілсе, айып тағылса, міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 67-бабы). Қорғаушының іске міндетті қатысуы оның келісімімен де, сонымен бірге анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың қорғаушыны тағайындауымен де қамтамасыз етіледі.

Осылайша, қорғалуға құқылы куәның, күдіктінің, айыпталушының және сотталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидаты:

а) анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарының, қорғалу құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының және сотталушының мүдделерін қорғауға, сондай-ақ олардың өздерінің құқықтарын іс жүзінде жүзеге асыруын қамтамасыз етуге бағытталған заңда бекітілген міндеттерін;

б) куәға, күдіктіге, айыпталушы мен сотталушыға қорғалу құқығын, бұзылған мүдделері мен құқықтарын қалпына келтіруге жетудің нақты мүмкіндігін беретін және олардың құқықтарын бұзған лауазымды адамдардың тиісті жауаптылығы туралы мәселе қоятын заңда белгіленген құралдарды;

в) заңда көрсетілген барлық құралдар және тәсілдермен күдіктіні, айыпталушыны және сотталушыны қорғауға құқығы бар немесе олардың жауаптылығын жеңілдететін (олар ұжыммен, олардың заңды мүдделерін қорғау үшін бөлінген қоғамдық қорғаушы болуы мүмкін) куәні ақтайтын мән-жайларды анықтауға қол жеткізуге міндетті қорғаушы ие заңда бекітілген құралдарды қамтиды.

Айыпталушы процестің барлық сатысында қорғалу құқығының субъектісі болып табылады, бірақ оның процестік құқықтарының көлемі бірдей емес. Аталған құқықтардың көлемі, айыпталушы тараптарды айыптаумен қатар құқыққа ие болатын сот қарауында барынша кең.

Айыпталушының қорғалу құқығының күрделі және көп қырлы мазмұны соттан, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен прокурордан айыпталушының процестік жағдайын айқындайтын барлық нормаларды бұлжытпай сақтауды талап етеді (күдіктіні қорғауға құқығы бар куәдан).

Қазақстан Республикасы ҚПК 436-бабының мазмұны бойынша, қорғалу құқығын бұзу сот шешімін болдырмауға әкеп соқтырған елеулі деп санау

қажет, егер ол сотқа істі жан-жақты тексеруге кедергі келтірсе және заңды қаулы мен негізделген үкімге ықпалын тигізсе немесе тигізуі мүмкін болса.

Қылмыстық заңды елеулі бұзу сонымен қатар сот отырысында, сонымен бірге сотқа дейінгі тергеп-тексеру уақытында адвокаттың болмауы болып табылады, егер оның қатысуы Қазақстан Республикасы ҚПК 66-бабына сәйкес міндетті болып табылса.

Қорғалу құқығы – жеке бас мүдделерінің кепілдігі ғана емес, сонымен қатар сот төрелігі мүдделерінің кепілдігі де. Ол – әлеуметтік құндылық. Қорғаушыда айыптаушы биліктің қорытындыларына дау айтудың, қорғалушының пайдасына дәлелдемелер мен дәлел келтірудің кең түрде мүмкіндігі болуы, істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу, ол бойынша ақиқат орнату үшін барынша жағдайлар жасайды.

Біріккен ұлттар ұйымының 1984 жылғы 10 желтоқсандағы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына сәйкес, «азаптау» қандай да бір адамға қасақана қатты ауырту немесе азап шектіретін кез келген әрекетті білдіреді, одан немесе үшінші тұлғадан мәлімет немесе мойындау сөз алу үшін дене немесе адамгершіліктік, оны ол немесе үшінші тұлға жасағаны үшін жазалау, немесе жасауға оны күдіктенетін, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу, немесе кез келген сипаттағы дискриминациялауға негізделген кез келген себеп бойынша, мұндай ауырту немесе азап шектіру ресми түрде немесе олардың арандатушылығы бойынша, немесе олардың келісімімен, немесе үнсіз келісуімен көрінетін мемлекеттік лауазымды адаммен немесе өзге тұлғамен келтірілетін [4].

Қорғалу құқығын қамтамасыз ету мақсатында, дәлелдеу процесінде тергеу әрекеттерін, оның ішінде жауап алуды жүргізудің тәртібі мен шарты заңмен нақты айқындалған. Атап айтқанда, күдіктіден, айыпталушыдан дереу жауап алынуы қажет немесе Қазақстан Республикасының ҚПК 210-бабында белгіленген талаптар сақтала отырып, күдікті, айыпталушы алғашқы жауап алу үшін ұстап алынғаннан, жауап алуға шақыртылғаннан, тұтқындауға алынғаннан немесе жеткізілгеннен кейін, одан жиырма төрт сағаттан кешіктірмей жауап алынуы тиіс.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің белгіленген тәртіптері мен шарттарын бұзуды прокурор мен сот күдіктіге, айыпталушыға психикалық ықпал жасау ретінде бағалауы мүмкін. Ондай ықпал ету нәтижесінде алынған мәліметтердің дәлелдемелік күші болмайды және айыптау үкіміне негіз ретінде қаралмайды.

Заң бойынша күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығының қамтамасыз етілуіне байланысты процестік заң нормаларын елеулі бұзу, егер:

- оның ана тілін және аудармашының қызмет көрсетуін пайдалануға қатысты құқығы бұзылса;

- сот, заң бойынша қорғаушының қатысуы міндетті болып табылатын істі, оның қатысуынсыз тергесе немесе қараса;

- мүдделері біріне бірі қарама-қарсы бірнеше адамның құқығын қорғауды бір қорғаушы жүзеге асырса;

- айыпталушы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы бойынша істің барлық материалдарымен таныспаса, және бұл бұзушылық сотпен жойылмаса;
- қорғаушысы жоқ сотталушыға, өзін қорғау сөзі, сондай-ақ ақтық сөз ұсынылмаса;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен істі сотта қарау іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың орын алуы кезінде жүргізілсе, орын алады.

Іс бойынша көрсетілген бұзушылықтарды анықтау сот шешімін жоюға апарып соғады.

Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Ата заңының адам мен азаматтың құқықтарын кепілдендіретін конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық қағидаттардың бірі ретінде қолданылатын білікті заң көмегін алу құқығы ерекше орын алады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында әркімнің білікті заң көмегін алуға құқылы екені көрсетілген. Заңда көзделген жағдайда, ондай көмек тегін көрсетіледі. Аталған ереженің қағидат ретінде одан әрі дамуы қылмыстық-процестік заңның нормаларында іске асты (Қзақстан Республикасы ҚПК 27-бабы).

Қылмыстық процесте білікті заң көмегіне құқылы субъектілерге: күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған, жәбірленуші, жекеше айыптаушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер жатады. Куә да білікті заң көмегін алуға құқылы. Куәнің ерекшелігі, өзі куәлік айғақ беретін істің қалай аяқталатынына мүддесіздігі, оның бейтараптылығы болып табылды.

Заң көмегі қорғалатын ниеттің заңдылығына қарамастан өздерінің мүдделерін қорғайтын процеске қатысушылар үшін қажет. Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқықтарын қорғау бойынша функцияларды орындайтын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдар барлығын атап өткен жөн. Мысалы, сот, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып, жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерін орындауға арналған.

Алайда, шын мәнінде, ондай міндеттердің табысты жүзеге асырылуы адвокатура сықылды қоғамдық-құқықтық институттың қатысуынсыз мүмкін емес. Дегенмен қазақстандық заңнамада адвокатура еш жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмейді, соған қарамастан, ол құқық қорғау қызметі функцияларын атқарады. Әдетте құқық қорғау қызметі деп мемлекет пен арнайы уәкілетті органдардың белгіленген тәртіпті бұлжытпай сақтай отырып, заңға сәйкес заң шараларын қолдану жолымен азаматтардың құқықтарын қорғауы түсініледі.

Әрбір азамат сотта өзінің құқықтары мен бостандықтарын барлық заңға қайшы емес тәсілдермен, оның ішінде өзінің азаматтар мен ұйымдарды қорғау және өкілдік ету бойынша заң білімі және қажетті дағдылары бар адвокатқа, кәсіби заңгерге жүгіну құқығын пайдалана отырып, қорғауға құқылы.

Осылайша, азаматтардың білікті заң көмегіне құқығын қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органдары жүйесінде адвокатура ерекше орын алады. Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны міндеті жеке және заңды

тұлғаларға заң көмегін көрсету, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, сондай-ақ заңда көзделген кейбір басқа да функцияларды орындау болып табылатын білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы – адвокаттар алқасы болып табылады. Жеке тұлғаның ғана емес, жалпы қоғамның да құқықтық қорғалу деңгейі белгілі бір дәрежеде адвокатураның жүктелген міндеттер мен функцияларды қаншалықты тиімді орындай алатынына байланысты болады.

Куәлік айғақтар беру міндетінен босату. Куәлік иммунитет сот төрелігін жүзеге асырудың конституциялық қағидаты ретінде оны сақтауды құқықтың барлық салаларына тапсырады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаты (ҚР ҚПК 28-бабы), куәлік иммунитет лауазымды адамдар қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде басшылыққа алуы тиіс ереже болып табылады. Оны куәлік иммунитетті куәнің құқықтық мәртебесінде (ҚР ҚПК 78-бабы) және куәлар мен жәбірленушілерден жауап алу шарттарын белгілейтін нормаларда (ҚР ҚПК 214-бабы) бекітілуі де растай түседі.

Куәлік иммунитетінің мазмұнын нақты және біркелкі түсіну үшін, осы институтқа тән жалпы элементтерді тұжырымдау қажет деп пайымдаймыз. Осындай қатарда, біздің пікірімізше:

айғақ беруге жалпы процестік міндеттердің болмауы;

куәлік иммунитеттің ерекше диспозитивтілігі;

айғақтардың дәлелдеменің көзі ретінде заңда көзделген процестік нысанның сақталуы кезінде ғана пайдаланылуы;

куәлік иммунитетінің көлемі;

куәлік иммунитетінің субъектілері болып табылатын адамдардың қатаң белгіленген шеңбері;

айғақ беруден бас тарту құқығын пайдаланған куәлік беретін адамның заңдық жауапкершілігінің болмауы көрінеді.

Сайып келгенде, куәлік иммунитет – куәлік беретін адамның өзіне, жұбайына (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына, сондай-ақ тәубаға келуі (тәубаға келу және т.б.) үстінде өзіне ішкі сырын ашқан адамдардың құқық бұзушылық жасаудағы әрекеттерін әшкерелейтін мән-жайлар туралы айғақтар беруден бас тарту құқығын кепілдендіретін сот төрелігінің конституциялық қағидаты және қылмыстық процестің негізгі бастауы дейтін қорытынды шығаруға болады.

Имандылық айғақ беруден босататын барша иммунитеттердің негізі болып табылады, бұл институтта процестік құқық пен имандылық нормалары араласып кеткен. Осыған байланысты бізге имандылық нормаларының жалпы құқықтағы, атап айтқанда, куәлік иммунитеті институтында алатын орнын белгілеп алған жөн. Имандылық нормаларының құқық нормаларымен ара қатынасы, біздің жағдайда қылмыстық-процестік, аса күрделі әрекеттестік болып табылады. Осы мәселеге қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы бірқатар белгілі ғалымдардың (А.Ф. Кони, Т.Н. Москалькова, М.С. Строгович және басқалар) еңбектері арналған.

Куәлік иммунитетін:

өзін өзі айыптаудан босату иммунитетіне;

жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына қарсы айғақтар беруден босату иммунитетіне (бұл жіктеу жақын туыстарын түп-түгел бөлу есебінен кеңеюі де мүмкін);

діни қызметшілердің тәубаға келу үстінде өздеріне ішкі сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік беруден босатылу иммунитеті түрінде бөліп көрсетуге болады.

Өзін-өзі айыптаудан босату иммунитеті, куә ретінде жауап алынып отырған адамның қылмыс жасаудағы оның өзін әшкерелейтін айғақ бермеуін білдіреді. Айталық, куәда ондай құқық жоқ делік. Ондай жағдайда куә мыналардың бірін таңдауға мәжбүр болады: айғақ беруден бас тартқаны үшін жауапқа тартылу немесе қылмыстық жазаланатын әрекет жасағаны үшін жауапқа тартылады. Қылмыстық-процестік қатынастарға қатысушылар ондай жағдайға қылмыстық процеске куәлік иммунитеті туралы нормалар енгізілгенге дейін душар болып келді. Қазіргі уақытта ондай қарама-қарсы күштер өзін-өзі айыптаудан босату иммунитетімен жойылған.

Куәлік иммунитетінің келесі бір түрі қылмыс жасаудағы жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына қарсы әшкерелейтін айғақтар беруден бас тарту құқығы болып табылады. Жұбайлар дегенді, заңдық көзқарас тұрғысында, өзара құқықтар мен міндеттерге себепші болатын некеде тұрған адамдар (еркек пен әйелді) деп түсінген жөн. Неке қатынасының имандылық жағы шаруашылықты бірлесіп жүргізуден, бюджет пен мүліктің ортақтығынан, ең аяғы, балалардан және басқалардан көрінеді. Бұлардың бәрі жұбайлардың біріне бірі қарсы айғақ беруден бас тарту құқығын беруге себеп болады. Өйткені жұбайын қылмыс жасады деп әшкерелеу, қалайда некеге опасыздық жасау, сатып кету ретінде бағаланады. Мұндай жағдай қоғамның алғашқы ұясының ойрандалуына, мүліктің бөлінуіне, өшпенділік отының тұтануына және балалардың психикасының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Жақын туыстарына қатысты айғақтар беруден босату иммунитеті, барлық куәлік институты секілді, имандылық бастауларына негізделген. Қылмыстық процесте жақын туыстары қатарына балалар, бала асырап алушылар, асырандылар, толық туыстар мен толық емес ағайындылар және апалы-сіңлілер, аталар, әжелер, немерелер жатады. Адамдардың осы шеңбері толық және кең түсіндіруге жатпайды.

Діни қызметшілердің тәубаға келу үстінде өздеріне ішкі сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік беруден босатылу иммунитеті ар-ождан және тәубаға келу еркіндігіне конституциялық кепілдігі болып табылады. Мемлекеттің бұрынғы тоталитарлық тәртібі имандылық нормаларының заңның негізіне алынуына мүмкіндік бермей келді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қоғам мен мемлекеттің құндылықтарын қайта қарауға мүмкіндік туындады. Ондай жаңалықтардың бірі ар-ождан және тәубаға келу еркіндігінің конституциялық бекітілуі болды. Діни қауым мүшесінің, оның діни қызметшіге айтқаны жария болуы мүмкіндігін біле тұра, толық тәубаға келуін көз алдына елестетудің өзі қиын. Куәлік иммунитеті аталған құқықтың қылмыстық істі тергеу, сотта қарау кезінде, діни қызметшіге айғақ беруден бас тарту құқығын ұсына отырып, іске асырылуына ықпал жасайды.

Куәлік иммунитетін заңмен айқындалған адамдар тобынан белгілі бір мән-жайлар туралы жауап алуға тыйым салатын қылмыстық-процестік заңнама ережелерінен айыра білген жөн. Бұл жерде сөз ҚР ҚПК 78-бабының 2-бөлігі жөнінде болып отыр, мыналар:

1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуына байланысты, сондай-ақ сот шешімін шығару кезінде туындаған мәселелерді кеңесу бөлмесінде талқылау барысында өздеріне белгілі болған істің мән-жайлары туралы – судья, алқаби;

2) аралық судьяның немесе төрешінің міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – аралық судья немесе төреші;

3) өзінің міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның қорғаушысы, сол сияқты олардың заңды өкілдері, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің өкілі, сондай-ақ куәнің адвокаты;

4) тәубаға келу үстінде өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – діни қызметші;

5) өзінің жасының толмауына не психикалық немесе дене кемістіктеріне байланысты іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы айғақ беруге қабілетсіз адам;

6) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, медиацияны жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – медиатор;

7) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, өз қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы куә ретінде жауап алынуға жатпайды.

Баяндалған норма қылмыстық сот ісін жүргізуді, куәдан жауап алуды жүзеге асыратын адамға арналған. Аталған ереже, ең алдымен, ол топқа жататын адамдардың кәсіби міндеттерін, олардың лауазымдық жағдайларын және атқаратын функцияларын ескере отырып жасалған.

Қазақстан Республикасы ҚПК 78-бабының 1-бөлігінде, іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адамның айғақтар беру үшін куә ретінде шақырылуы және одан жауап алыну мүмкіндігі айтылады. Алайда заң шығарушы ерекшеліктің болуын да ескерген. Жоғарыда атап өткеніміздей, осы норманың 2-бөлігінде, белгілі бір мән-жайлар туралы жауап алу мүлдем мүмкін емес адамдар тобы көрсетіледі.

Куәлік иммунитетін құқықтың кешенді институты болып табылатын, айғақтар беруден бас тарту құқығын қамтитын дипломатиялық иммунитеттен де айыра білу қажет. Дегенмен, айғақтар беруден босататын иммунитет элементтерінің кейбір сәйкес келуі кезінде, куәлік иммунитетінен иммунитет субъектілерінің тобы мен мәртебесі бойынша, сондай-ақ оның дерек көзі мен арналуы бойынша елеулі айырмасы бар. Дипломатиялық иммунитеттің негізіне атқарылатын функциялар алынған, куәлік иммунитетінің субъектілері құқықпен реттелетін жеке қатынастардың сипатымен анықталады. Дипломатиялық иммунитет ұлттық қылмыстық сот ісін жүргізу мақсаттары,

міндеттері мен мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындауы арасындағы келісім қызметін атқарады.

Жариялылық. Сотта істі қараудың жариялылық тәртібі әрбір адамның құқығы болып табылады. Бұл құқық Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 11-бабында [3], Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабында және Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық құқықтың басқа да актілерінде бекітілген [5].

Істі сотта жария қарау деп, істердің қаралуы заңмен белгіленген жасқа толған және сот отырысы залына өз қалауымен келген азаматтардың қатысуымен жүргізілетін сот процесі, сондай-ақ процестің барысы мен нәтижесі баспасөзде еркін жариялануы, радио бойынша немесе өзге де құралдармен халықтың назарына кең түрде жеткізілу мүмкіндігі түсініледі.

Жариялылық қағидаты қылмыстық процесс қағидаттары жүйесінде маңызды орын алады, жариялылық, іс бойынша іс жүргізуге кіруге рұқсат шекарасын анықтайды және қылмыстық процестің тәрбиелік-алдын алу бастамасын іске асыруға ықпал етеді. Қылмыстық істерді алдын ала тергеп-тексерудің біршама жабықтығы құпия емес. Ол қылмыстық процеске қатысушыларға сотқа дейінгі тергеп-тексерудің деректерін жария етуге тыйым салатын Қазақстан Республикасының ҚПК тікелей талабы [7] (Қазақстан Республикасы ҚПК 201-бабы). Бұл басты сот талқылауының нысанына айналып үлгермеген барлық қылмыстық істерге қатысы бойынша толық ақылға қонымды. Сонымен бірге, қылмыстық қудалау органдары қылмыстық істің аяқталуы бойынша тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 200-бабының 1-бөлігі). Демек, іс бойынша кез келген ақпарат халықтың игілігіне қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 29-бабының нормасы жабық сот талқылауын жүргізудің бірнеше ықтимал негіздерін реттейді: бұл мемлекеттік құпияларды қорғау мүддесінен туындағанда; кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша; іске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында; сотқа дейінгі сатыларда қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығына сот бақылауын жүзеге асыру кезінде. Басқа жағдайларға жабық сот отырысында соттың істі алдын ала тыңдауды жеке өзі өткізуін жатқызуға болады (Қазақстан Республикасы ҚПК 321-бабының 2-бөлігі). Қазақстан Республикасының ҚПК жеке бастама бойынша да, тараптардың өтінішхаты бойынша да жабық сот талқылауын өткізу қажеттігіне байланысты сотқа жоғары уәжді талап қояды. Оған «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы» Жоғарғы Соттың 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 25 нормативтік қаулысында да айрықша мән берілген. «Жариялылықты заңсыз шектеу (іс материалдарын негізсіз құпиялау, заңда көзделмеген негіздер бойынша жабық отырыстар өткізу және т.б.), – дейді Жоғарғы Сот, – процеске қатысушылардың процессуалдық құқықтарын кемсітуге және нұқсан келтіруге

әкеп соғуы мүмкін. Осы бұзушылықтардың сипаты мен мәніне байланысты іс жүргізу өндірісі жарамсыз деп танылып, шығарылған шешім бұзылуы не жиналған материалдар дәлелдемелік күші жоқ деп танылуы мүмкін» (аталған қаулының 2-тармағының 3-бөлігі).

Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі. Қарастырылып отырған қағидат қылмыстық сот ісін жүргізуде азаматтардың өмірдің барлық салаларында және олардың ұлттық тілдерін еркін қолдануға мемлекеттік кепілдіктерінің көріністерінің бірі болып табылады. Оның бастапқы ережелері Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында тұжырымдалған. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды [1].

Осы қағидатқа сәйкес Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 30-бабы).

Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 30-бабының 3-бөлігі).

Қарастырылып отырған қағидатты жүзеге асыру сот ісін жүргізу тілін білмейтін іске қатысушы барлық адамдардың құқығы мен ұлттық көзқарасын кепілдендіреді. Бұл құқықтар түсіндірілуі және оларды іске асыру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Атап айтқанда, айыпталушыға, сотталушыға немесе өзге де процеске қатысушыларға табыс етілуі тиіс тергеу және сот құжаттары, Қазақстан Республикасы ҚПК 30-бабының 5-бөлігінде көрсетілгендей, ана тіліне немесе олар білетін басқа тілге аударылуы тиіс.

Бұл қағидат, бір аумақ шегінде істердің тергеп-тексерілуі мен істің сотта қаралуының бір тілде жүргізілуін талап етеді.

Егер адам сот ісін жүргізу тілін білмесе, онда аудармашы міндетті түрде, ондай адамның қатысуымен орындалатын барлық процессуалдық әрекеттерге қатысуға тартылады. Аудармашының қатысуы сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етіп қана қоймайды, дәлелдемелерді бекітуге жәрдемдеседі, тергеуші мен сотқа жауап алынушыдан немесе жазбаша құжаттарда мазмұндалғандардан шығатын толық ақпарат алуына мүмкіндік туғызады. Іс бойынша іс жүргізуді жүргізушінің қысқа мерзімге болса да аудармашының функциясын орындауға құқығы жоқ.

Сот ісін жүргізу тілін білмейтін күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қорғалу құқығы бар куәға, аудармашының көмегімен де өзінің қорғалу құқығын жүзеге асырудың қиындығын ескере келе, заң сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында және істі сотта талқылау кезінде қорғаушының міндетті

түрде қатысуын белгілейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 51-бабының 3-тармағы).

Куәнің құқығын, қорғалу құқығы бар күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, қорғаушының, олардың сот ісін жүргізу тілін білмеуіне байланысты, және осы адамдарға процестің әрбір сатысында ана тілін пайдалануы қамтамасыз етілмесе – қылмыстық-процестік заңның, үкімді жоюға әкелетін елеулі бұзылуы болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 436-бабы 2-бөлігінің 5-тармағы).

Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидаты азаматтар үшін қылмыстық сот ісін жүргізуді жеңіл және түсінікті етеді, іске қатысатын барлық адамдардың қай ұлтқа жататынына қарамастан заң мен сот алдындағы теңдігін кепілдендіреді, істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге жағдай жасайды, процестің ашықтығы мен басқа да бастауын іске асыруды қамтамасыз етеді, мүдделі тұлғаларға оларға заңмен жол берілген құралдарды өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін пайдалануға рұқсат етеді. Осы себептен – сот ісін жүргізу тілі туралы ережені бұзу іс бойынша қабылданатын үкім мен басқа да процестік шешімдерді жоюға негіз болып табылады.

Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы. Әркімнің сотта мемлекеттік билік органдары мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағым жасау құқығын белгілейтін соттың қорғауына құқығының конституциялық қағидаты мазмұнының құрамдас бөлігі, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүргізетін мемлекеттік органдардың әрекеті мен лауазымды адамдардың шешімдеріне шағым жасау бостандығын кепілдендіру болып табылады.

Қылмыстық-процестік заң, анықтау органының, анықтаушының, тергеушінің, прокурор мен соттың әрекеттері мен шешімдеріне қылмыстық процестің кез келген сатысында қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылармен, сондай-ақ өзге де адамдармен жүргізілетін процестік әрекеттер мен қабылданатын шешімдер олардың мүдделерін қозғайтын бөлігінде шағым жасау бостандығын белгілейді. Осылайша, қылмыстық процесте шағым жасау құқығы субъектілерінің тізбесі қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатындармен шектеліп қалмайды. Бірақ заң негізгі назарды тергеу және сот талқылауы барысында құқықтары шектеуге ұшырайтын адамдарға шағым жасау бостандығын қамтамасыз етуге бөледі. Құқық қорғау органдары лауазымды адамдарының міндеті қылмыстық процеске қатысушыларға шағым жасауды түсіндіру және оны іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

Процеске қатысушылар және басқа тұлғалар, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өкілдері, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге мүдделілер, Қылмыстық-процестік кодекспен белгіленген тәртіпте және мерзімде анықтаушының, прокурордың, сот пен судьяның процестік әрекеттеріне немесе шешімдеріне шағым жасауға құқылы. Қылмыстық-процестік кодексімен ұстап алынған адамдардың шағым мен арызды жолдау тәртібі белгіленген (Қазақстан Республикасы ҚПК 101-бабы).

Жалпы қағидаға сәйкес, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау іс бойынша барлық іс жүргізу бойында, оның кез келген сатысында беріле алады. Алайда іс бойынша қорытынды процестік шешімдер тиісті мерзімде қайта қаралуы мүмкін (ҚПК 101-бап). Соңғы жағдайда іс бойынша процестік шешімдердің, әсіресе сот шешімдерінің қайта-қайта қаралу жағдайларын болдырмау, тұрақтылығын сақтауға байланысты заң шығарушының қамқорлығы айқын көрінеді. Үкімді, өзге де сот қаулысын «тексеру» мерзімінен бөлек, сонымен қатар тараптар еркіндіктерінің барынша жеткілікті негіздері және көрінісі шектелген.

Шағымдарды қараудың жалпы тәртібін және қылмыстық процесті жүргізетін органдардың лауазымды адамдарының әрекетіне жасалған шағымды қарау тәртібін регламенттеу, сөзсіз, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін барынша толық қанағаттандыруға ықпал етеді. Бұған қоса, анықтаушының, тергеушінің, процестік әрекеттеріне, шешімдеріне тікелей құқық қорғау органының басшылығына, алдын ала тергеп-тексеру органы орналасқан жер бойынша прокуратураға, сотқа прокуратура орналасқан жер бойынша, жоғары тұрған сот инстанцияларына шағым жасау мүмкіндігі – бұл арызданушының, олардың іс бойынша шағым жасау фактісі зиянға айналу жағдайларының алдын алудың жүзеге асатын тетігі [7].

Бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық процесс қағидаттары ұғымы.
2. Қылмыстық процесс қағидаты түрлері.
3. Қылмыстық процестің конституциялық қағидаттары.
4. Қылмыстық процестің салалық қағидаттары.
5. Заңдылық қағидатының мәні мен маңызы.
6. Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыру қағидатының мәні мен маңызы.
7. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау қағидатының мәні мен маңызы.
8. Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидатының мәні мен маңызы.
9. Жеке басқа қолсұғылмаушылық қағидатының мәні мен маңызы.
10. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидатының мәні мен маңызы.
11. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық қағидатының мәні мен маңызы. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиялығы.
12. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық қағидатының мәні мен маңызы.
13. Меншікке қолсұғылмаушылық қағидатының мәні мен маңызы.
14. Кінәсіздік презумпциясы қағидатының мәні мен маңызы.
15. Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік қағидатының мәні мен маңызы.

16. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру қағидатының мәні мен маңызы.
17. Судьялардың тәуелсіздігі қағидатының мәні мен маңызы.
18. Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру қағидатының мәні мен маңызы.
19. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатының мәні мен маңызы.
20. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау қағидатының мәні мен маңызы.
21. Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидатының мәні мен маңызы.
22. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету қағидатының мәні мен маңызы.
23. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату қағидатының мәні мен маңызы.
24. Жариялылық қағидатының мәні мен маңызы.
25. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидатының мәні мен маңызы.
26. Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы қағидатының мәні мен маңызы.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).
2. Всеобщая декларация прав человека: принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года.
3. Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания: принята Резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН 39/46 от 10 декабря 1984 г. Республика Казахстан присоединилась к Конвенции в соответствии с Законом РК от 29.06. 1998 г. № 247-1.
4. Международный пакт о гражданских и политических правах: принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года. Вступил в силу 23 марта 1976 года.
5. Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах: принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года. Вступил в силу 3 января 1976 год. Ратифицирован Законом Республики Казахстан 21 ноября 2005 года № 87-III, вступил в силу для РК 24 апреля 2006 года.
6. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: Кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V ЗРК (введен с 1 января 2015 года).
7. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу РК (Том 1 Общая часть) / Когамов М.Ч. – Алматы: «Жеты жарғы», 2015. – 647 с.

8. Баймаханов М.Т. Проблемы воплощения принципов правового государства в Конституции Казахстана // Государство и право. - 1992.
9. Диденко А. Г. Гражданское право: научное издание. – Алматы: Нур-пресс, 2007. – 216 с.
10. Краткая философская энциклопедия. - М.: «Прогресс», 1994.- 363 с.
11. О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан: Конституционный закон Республики Казахстан от 25 декабря 2000 года N 132 (с изм. и доп. по сост. на 07.11. 2014 г.).
12. Уголовный процесс: учебник для ВУЗов / под ред. П.А. Лупинской. - М.: Юрист, 1995. - 783 с.
13. Уголовный процесс Российской Федерации (краткий курс): учебное пособие / Пикалов И.А. – М.: Allpravo.Ru, 2005. - 248 с.
14. Смирнов А.В., Калиновский К.Б. Уголовный процесс. 4-е изд. – М.: 2008. – 704 с.
15. Уголовный процесс: учебник для вузов (2-е изд., перераб. и доп.) - М.: Юстицинформ, 2006. - 783 с.
16. Михайлов В.А. Меры пресечения в уголовном судопроизводстве. – Тюмень, 1994. – 268 с.
17. Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). – Алматы, 2006. – 269 с.
18. Лосицкая Л. Применение конвенций «О взаимной правовой помощи по уголовным делам» и «О выдаче» // Российская юстиция. - 2000.

4-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІ ЖҮРГІЗЕТІН ОРГАННЫҢ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІМЕН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ АҚТАУ ЖӘНЕ ӨТЕУ ИНСТИТУТТАРЫ: ҰҒЫМЫ, НЕГІЗДЕМЕЛЕР, ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЛАРЫ

1 Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды ақтау және өтеу институттарының ұғымы, мәні мен мазмұны

Қазақстандық қылмыстық процесінде зиянды ақтау және өтеу институтын қарай келе, ең алдымен келтірілген зиянды ақтау, өтеу және өтемақы секілді ұғымдардың қолданбалы аспектілерін қарастыру қажеттігін белгілеу қажет, себебі заң әдебиеті әзірге келтірілген зиянды толық өтеуге бола ма, немесе ол ішінара ғана өтелуі мүмкін бе, деген сұраққа нақты жауап бермейді.

Бұдан басқа, ҚР Қылмыстық-процестік кодексінде, ҚР басқа да заңнамалық актілері мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында заң шығарушы әртүрлі терминологияларды пайдаланады: бір жағдайларда олар «өтеу» терминін пайдаланады (ҚР ҚПК 71-бабының 4-бөлігі, «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысының 4-абзацы және т.б.), басқа жерлерде – «өтемақы» (ҚР ҚПК 41-бабының 2-бөлігі, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2001 жылғы 10 қазандағы Заңы, «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысының 5, 6, 7 тармақтары және т.б.), сонымен бірге бұл терминдер моральдық зиянға қатысты ғана қолданылып қоймайды.

Мысалы, ҚР ҚПК 71-бабының 7-бөлігінде, «көрсетілген жағдайларда, егер залал бір жүз елу айлық есептік көрсеткіштен аспаса, жәбірленушінің залалды толық көлемде өтеткізуге құқығы барлығы» айтылады. «Егер оның мөлшері бір жүз елу айлық есептік көрсеткіштен асса, заң шығарушымен зиян толық көлемде қандай түрде өтелуі мүмкін?» деген сұрақтың туындайтыны сөзсіз.

Заңның ережесіне сүйенсек, заң шығарушы жәбірленушіге зиянды өтеуі ғана мүмкін, себебі өтеудің сомасы заң шығарушымен алдын ала нақты ескертілген. Бұл жерде өтеу және өтемақы ұғымдарының араласып кетуі орын алған, ал оған жол беруге болмайды. Оның үстіне, бір терминді екіншісімен ауыстыру байқалады және жан-жақты қарастырылады.

Осыған байланысты аталған ұғымдарды қарастыру кезінде олардың шығу көзіне жүгіну керек – бұл жағдайда заң терминдері сөздігін пайдаланған

ойға қонымды, онда *зиянды өтеу* – бұл келтірілген зиян нәтижесінде пайда болған мүліктік зиянды өтеу [2], ал *өтем* (лат. *compesatio*) демек «өтеу».

Осы терминологиялар бойынша, сондай-ақ заң әдебиеттері дереккөздері негізінде, өтеу дегенді қалай түсінуге болатыны, ал өтем деген не жөнінде екені туралы бір қорытындыға келу қиын. Сөздіктен келтірілген түсіндірмелер, шын мәнінде, бір нәрсе.

Шешімі мынада секілді. Зиянды өтеу дербес ұғым ретінде советтік құқықта пайдаланылған, және тарихи заң шығарушымен зиянды толық өтеуді пайымдаған. ҚР заң шығарушы дәстүрді сақтаған және қылмыстық-процестік заңнамада «өтеу» терминін кең мағынада қолданып, «өтем» терминін моральдық зиян саласында ғана қолданумен шектелген.

Түсіндірмелердің нақты ұғынылуына қол жеткізу және олардың әртүрлі пайдаланылуын жою үшін, «өтеу» терминінің БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 29 қарашадағы 40/34 қарарымен қабылданған Билікті асыра пайдаланушылар мен қылмыс жасау құрбандары үшін сот төрелігінің негізгі қағидаларының Декларациясы 12-13 баптарында берілген түсіндірмелерді ұстанған жөн (18-21 баптар).

Өтеу жәбірленушілерге қылмыстардан өтеуді алу мүлдем мүмкін болмаған немесе құқық бұзушыдан немесе басқа да көздерден толық көлемде алу мүмкін болмағанда мемлекеттен төленетін қаржы төлемдерін білдіреді.

Бұл жағдайда Н.И. Коржанскийдің көзқарасына назар аудару қажет, ол «қылмыстық салдарлардың аса елеулі ерекшелігі, олардың қалпына келмейтіні болып табылатынын» дәл байқаған. Қылмыспен келтірілген материалдық, моральдық және саяси зиянды, өтеу немесе түзеу мүмкін емес. Мысалы, тілденген абыройды, жеке бас бостандығын, зақымданған мүшені немесе арқауды қалпына келтіру мүмкін емес, жарияланған мәліметті құпия ету, жақыныңды өмірге қайта оралту және т.б. Қылмыс сондықтан да қоғамға қауіпті болып танылады, ол қоғамдық мүддеге ауыр және кері айналмайтын, орны қайта толмайтын зиян келтіреді. Ішінара қылмыстық зиянның өтелу мүмкіндігі фактісі ережені өзгертпейді – мысалға, мүліктік. Ұрланған мүліктің құнын өтеу, жәбірленушіге келтірілген зиянның толық көлемде өтелгенін әрқашан куәландыра бермейді – бірегей нәрсені ұрлау немесе жою, ата-тектік құндылықтарды, ескерткіштерді, ақша бағасы олардың бағалық баламасы болып табылмайды. Бұдан басқа, қылмыстар жәбірленушіде күйзелу, жиі денсаулығын бұзуға әкеледі, және бұл салдарлар да қайта түзелмейді» [3, 93-94].

Осы мәселе бойынша азаматтық құқық саласындағы авторлардың көзқарасына да тоқтала кеткен жөн.

Мәселен, С.В. Васильев, «азаматтық заңнамада бекітілген зиянды толық өтеу қағидатында (өмірге және денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу кезінде) ақшамен бағалауға бағынатын зиянға қатысты ғана түсіндіріледі. Өмірден айырылуды, адамның денсаулығын жоғалтуын, адамның генетикалық мінездемесіндегі кері өзгерістерді ақшамен өлшеу, қалай болғанда да қазіргі кезеңде мүмкін емес. Осы мәселе бойынша әлемдік тәжірибеде кездесетін мысалдар, әзірше дәлел ретінде жеткіліксіз» екенін атайды [4, 80].

Осылайша, ғалымдардың көзқарастарына, атап айтқанда, моральдық зиянға қатысты пікірлерге қысқаша тоқтала келіп және ҚР заңнамалық актілеріне талдау жасай келе, – «өтеу» термині моральдық зиянға пайдалануға келмейді, ол материалдық зиянға ғана қолданыла алады – оның өзінде барлық жағдайларда емес, деп түсінілуге тиісті.

Өз кезегінде, «өтеу» термині «өтемге» қарағанда анағұрлым кең мазмұнға ие және көп жағдайларда, атап айтқанда қылмыстық істі жүргізу кезінде, толық өтеу мүлдем жүзеге асырылмайды. Осылайша, көп жағдайда зиянның өзін өтеу мүмкін емес. Келтірілген зиянның салдарларын жою бойынша тиісті шаралар қолдануға ғана болады.

ҚР ҚПК 41-бабының «моральдық зиянды өтеу» емес, «моральдық зиянның салдарын жою» деп аталуы да зерттеуімізде бұрынырақ келтірілген деректерді растай түседі.

Қылмыстық процесте маңызы зор аспекті «зиянды өтеу» және «ақтау» ұғымдарының байланысы болып табылады. ҚР заң шығарушысы бұл ұғымдарды нақты ажыратпайды – сондықтан олардың әрқайсысының жеке мәнін анықтаған орынды.

ҚР ҚПК-да, пайда болуы елдегі зиянды өтеу және ақтау мәселелерін толық теорияландыру қажеттігін шешуге міндетті «Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу» деп аталатын 4-тарау бар.

Бұл фактінің құқық қолдану тәжірибесіне оң әсер ететіні сөзсіз. Алайда ақтау қылмыстық процестің зиянды өтеу секілді дербес институты болып табыла ала ма, немесе ақтау ұғымы қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды өтеуді қамтиды ма, деген түйткілді сұрақ ашық күйінде қалып қояды.

Өкінішке қарай, қолданыстағы заңнамалардан екеуіне де жауап ала алмаймыз. Белгілі болғанындай, құқықтық институт, олардың бірыңғай қоғамдық қатынастар түрін реттейтін белгілерінің белгілі бір тұтастығын біріктіретін заң нормаларының тобы болып табылады [2, 160].

Қылмыстық-процестік заңнамада ақтау туралы ҚР ҚПК 37-бабында ғана айтылады. Ал зиянды өтеуге анағұрлым көп бап арналған. Осыған қарағанда, мынадай қорытынды шығаруға тура келеді: немесе заң шығарушы, көп ойланбастан, «ақтау» және «зиянды өтеу» ұғымдарын өзара тығыз байланысты санаттар ретінде біріктіре салған, не болмаса «ақтау» ұғымының табиғатын толық тексеруді мүлдем қажет деп таппаған секілді.

Бұл мәселені Т.Т. Таджиев, Б.Т. Безлепкин, В.М. Савицкий, Т.Н. Добровольская мен В.В. Зинькевич, И. С. Касумов, А.Г. Эдилян, О.В. Химичёва [5; 6; 7; 8; 9; 10] және т.б., ғалымдар зерттеген.

Белгілі бір шамада ақтау мәселелерін С.М. Жалыбин және Б.Х. Толеубекова [11; 12] сынды қазақстандық ғалымдар, сондай-ақ басқа да процессуалист-ғалымдар ақтау ұғымын әртүрлі қырынан қараған.

Заң әдебиеттері мен нормативтік актілерді зерделеу ақтау ұғымы туралы жалпы көзқарас қалыптастыруға ғана мүмкіндік туғызады.

Мәселен, *ақтау* дегенді қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамды айыптау ауыртпалығынан босату (кейіннен латынның rehabilitation — қалпына келтіру), қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдардың құқығын қалпына келтіру деп түсіну ұсынылады [13; 14; 15].

Сонымен бірге РФ ҚПК салыстырғанда, Қазақстан қылмыстық-процестік заңнамасында «ақтаудың» бекітіліп берілген анықтамасы жоқ [16; 17; 43].

Қылмыстық процесс теориясында ақтау ұғымы әр түрлі түсіндіріледі.

Мәселен, Т.Т. Таджиев, «ақтау – сотталушыны ақтауды немесе сотталушыға, айыпталушыға, күдіктіге қылмыс оқиғасы немесе құрамы болмағаны үшін не болмаса бұл адамдардың қылмысты жасауға қатысуы дәлелденбеуінен, және олар үшін басталатын, осыған байланысты, құқықтық салдарлар, моральдық, сонымен қатар материалдық зиянды өтеуді қамтитын, заңсыз ұстаумен, қамаққа алумен, қылмыстық жауаптылыққа немесе соттауға тартумен сотталушыны ақтау немесе қылмыстық істі тоқтатуды білдіретін жеке қылмыстық-процестік институт» деп қорытады [5, 14 б.].

Б.Т. Безлепкинің пікірінше, ақтау деп сотталушыны ақтау немесе сотталғанға, айыпталушыға, сондай-ақ күдіктіге қатысты қылмыстың оқиғасы және құрамы болмауына не болмаса көрсетілген тұлғалардың қылмысты жасауға қатысуының дәлелденбеуіне байланысты қылмыстық істі тоқтату түсінілуі тиіс [18, 82-86 б.].

Себебі ақтау белгілі бір құқықтық салдарлар алып келеді, Н.Я. Шило, «ақтау ұғымына қылмыстық істі тоқтату немесе адамдарды сот бойынша ақтау дерегі ғана емес, қылмыстық жауаптылыққа негізсіз тартылған, құқықтық негіздер мен субъектілер тобы, сонымен қатар осыған байланысты басталатын құқықтық салдарлар да (мысалы, кінәсіз азаматтардың атақтарын және ар-намысын қалпына келтіру және материалдық зиянды өтеу) енеді» деп санайды [19, 16 б.].

С.М. Жалыбин мен Б.Х. Төлеубекова ақтауды мемлекеттің уәкілетті органдардың және лауазымды адамдардың атынан бір кезде басталған қылмыстық қудалауын, сотта істі қарауды тек қана оң сипатқа ие негіздер бойынша жалғастырудан бас тартуы ретінде қарастырады [12, 80-89 б.]. Асылында, олар ақтау ұғымына зиянды өтеу кірмейтінін жоққа шығармайды. Оның үстіне, С.М. Жалыбин оны аса маңызды дербес институт санайды.

Заң әдебиеттеріне осы мәселе бойынша салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізе отырып, осы сұрақ бойынша екі диаметральды қарама-қайшы көзқарас барлығын аңғармау қиын емес. Алғашқысы ақтау ұғымына зиянды өтеу ұғымы да кіретінінде болып табылады. Екіншісі бойынша, ақтауға байланысты емес дербес институт болып саналады.

К.С. Никишкиннің: «заң әдебиетінде қолданылатын «ақтау» ұғымына анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының лауазымды адамдарының әрекеттері ретіндегі азаматқа қылмыстық іс бойынша іс жүргізу нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуге бағытталған, және өзара себеп пен салдар ретінде байланысатын оның кінәсіздігін анықтайтын заңмен белгіленген тәртіптегі әртүрлі реттік ұғымдар біртұтас біріктірілген» дейтін қорытындысы толық дұрыс болып саналады [20, 65 б.].

Демек, қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды ақтау және өтеу жеке-дара институт болып табылмайды.

Біріншіден, ҚР ҚПК 4-тарауының атауы екі дербес институттың барлығын түспалдайды (мысалы, РФ ҚПК-нан ерекшелігі, 18-тарау «Ақтау» деп аталады, онда ақтау ұғымына зиянды өтеу құқығы да енгізілетіні айтылады).

Екіншіден, ҚР ҚПК 37-бабының 2-бөлігінде, соттың, қылмыстық қудалау органының осы норманың 1-бөлігінде көрсетілген адамдарды ақтау бойынша заңмен көзделген шараларды, және қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде оған келтірілген зиянды өтеу бойынша шараларды қолдануы тиіс.

Демек, егер ақталған қаламаса немесе қандай да бір себептер бойынша (мысалы, қылмыстық процесті жүргізетін органның мұндай құқықты түсіндірмеуі жағдайында) келтірілген зиянды өтеу құқығын пайдалана алмаса, онда бұндай жағдайда, ақталғанның еркіне қарамастан, сот немесе қылмыстық қудалау органы ақталғанға келтірілген зиянды өтеу бойынша шаралар қолдануы қажет.

Мәселені шешудің мұндай нәтижесі ақталғанның таңдау бостандығын шектейді. Ақталғанға ондай құқықты «міндеттеу» құр босқа өткізілетін болады.

Бұдан басқа, бұндай жағдайда, ҚР ҚПК 4-тарауының нормалары, зиянды өтеуге қатысты, императивті (міндетті) сипатта болуы тиіс. Ал бұл ҚР қылмыстық-процестік заңнамасында көзделмеген.

Мысалы, ҚР ҚПК 41-бабы диспозитивтілік қағидатына негізделеді. Осы ереженің 1-бөлігі ғана императивтілік сипатқа құрылған. Қалған үш бөлігінің орындалуы ақталғанның разылығын білдіруіне тәуелді етілген.

Үшіншіден, ҚР ҚПК 42-бабы талап арыз тәртібінде зиянды өтеткізу мүмкіндігін көздейді, сондықтан зиянды өтеу ақтау элементі болып табылатыны және осы ұғымға енетіні қате, себебі, осылайша, ақтаудың өзі ақталғанның көңіл білдіруімен анықталады.

Ақталған азаматқа зиянды өтеу құқығы азаматтық құқықта және процесте ақтаудан тәуелсіз дербес қолданылатын болады, себебі зиянды өтеу азаматтық сот ісін жүргізу қағидаты бойынша жүргізілетін болады. Яғни, ақталған адам зиянды өтеу құқығын қылмыстық процестен тыс та пайдалана алады.

Оның үстіне, зиянды өтеу жәбірленуші азаматтық талаппен арызданған кезде, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде де қолданылады. Бұл ретте, әрине, зиянды өтеу ақтау институтына тәуелсіз түрде өткізілетін болады, себебі соңғысының нормалары бұл жағдайда мүлдем пайдаланылмайды.

Өз кезегінде, қылмыстық процесте де, сонымен бірге азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде де зиянды өтеу құқығын іске асыру үшін негіздеме болып табылатын ақтау дерегінің өзіне ерекше назар аударылуы тиіс.

Демек, *ақтау* – заңмен білгіленген тәртіпте адамның кінәсіздігін соттың ресми түрде тануынан не болмаса прокурордың, тергеушінің, анықтау органының ақтау негіздері бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы және адам үшін ҚР заңнамасында көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге

асыру мүмкіндігін қалпына келтіру туралы тиісті қаулы шығаруынан тұратын қылмыстық процестің дербес институты.

«Ақтау» сөзінің семантикасы, ұғым ретінде оның өзіне сот бойынша құқықтарды қалпына келтіру, кірленбеген атын, бұрынғы атағын қалпына келтіру секілді элементтерді қамтитыны туралы айтуға мүмкіндік береді. Яғни адамды ақтау ұғымы қылмыстық қудалауды тоқтатуды, оған заңмен белгіленген негіздер болған кезде адамға қатысты жазаларды өтеуді жоюды білдіреді. Сонымен бірге, қылмыстық-процестік мағынасында, ақтауды қылмыстық істі тоқтатудың (қылмыстық қудалау) барлығы бірдей білдіре бермейді. Ақтау – бұл уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың атынан бір кездері басталған қылмыстық қудалауды, тек қана оң сипатқа ие негіздер бойынша сот қарауынан мемлекеттің бас тартуы.

Көрсетілген мән-жайлармен, қылмыстық істі тоқтату үшін, оларды ақтаушы және ақтамаушы негіздерге бөлу байланысты. Қылмыстық-процестік ақтау ұғымын қылмыстық процесті жалғастырудан позитивті негіздермен ғана бас тартумен байланыста қарау қажет.

Қылмыстық процесті жалғастырудан бас тарту сотқа не болмаса қылмыстық қудалау органына негізделуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚПК 37-бабына сәйкес ақтау негіздері:

1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауын (ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 1-тармағы);

2) іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауын (ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 2-тармағы);

3) ҚР ҚПК 32-бабының 2 және 3 бөліктерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жәбірленушінің шағымдарының болмауын;

Ерекшелікті:

- жәбірленушінің шағымы жоқ жекеше және жекеше-жариялы айыптау санаттарына жататын істер бойынша, бірақ іс жүргізу басталған не болмаса прокурормен жалғастырылған, егер әрекет көмексіз немесе тәуелділік жағдайында не болмаса басқа да себептермен оған берілген құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамдардың мүдделерін қозғауы;

- қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерін қозғайтын жекеше-жариялы айыптау істері құрайды;

4) егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану жағдайын (ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 6-тармағы);

5) егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысының бар болуын (ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 7-тармағы);

б) егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар болуын қамтиды (ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 8-тармағы).

Аталған негіздердің кез келгені болған кезде адам кінәсіз деп танылады және Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілетін құқықтар мен бостандықтарда шектеулерге тартыла алмайды.

Ақтаудың заңдық мақсаты – адамның бұзылған құқықтарын толық көлемде қайтару.

Ақтаудың имани мақсаты – кінәсіз азаматтың жұрт алдындағы және қызметтік саладағы кінәлілігіне қатысты күдікті жою, оның қоғамдағы кірсіз атын қалпына келтіру. Оның саяси міндеті – азамат пен мемлекет арасындағы сызат түскен сенімді қалпына келтіру, құқық бұзушылықтың алдын алу.

Ғылыми айналымда «ақтау» ұғымы құқық қорғау органдары қатесінен құрбандардың құқықтық мәртебесін сипаттау үшін пайдаланыла бастады.

Негізсіз күдіктелгендерді, айыпталғандарды, кейде кінәсіз сотталғандарды ақтау – қылмыстық-процестік ғылымның маңызды институты. Ол азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намыстары мен қадір-қасиеттерін ең жақсы қамтамасыз ету идеясынан енген. Толық және дер кезінде ақтауға негізсіз ұсталған, қамалған, айыпталушы және сотталушы ретінде адам ғана емес, сонымен қатар мемлекет те мүдделі. Қоғам әрбір кінәсіз адамның ақталуына мүдделі, сондықтан ақтауды жүзеге асыру анықтау органының, тергеушінің, прокуратура мен соттың міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматы өзінің кінәсіздігін немесе кінәлілігін дәлелдеуден босатылады. Оған сондай-ақ көрсетілген органдардың іс-әрекеттерінің құқыққа қайшы екенін де дәлелдеудің қажеттілігі жоқ: ол түйінделеді, егер ақтау үкімі немесе жоғары тұрған соттың үкімі ұсынылса істі осы себептер бойынша тоқтату туралы, қылмыстық қудалау органының баламалы қаулысы шығарылса.

Сондай-ақ бұл ретте, әрине, азаматқа қылмыстық процесті жүргізген органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеткізу құқығы берілген.

Қылмыстық процесті жүргізген органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген **зиянды өтеткізу институты**, сондай-ақ дербес болып табылады, және оның маңызы – ақталған азамат немесе оның мұрагерлері ол қайтыс болған жағдайда қылмыстық процесті жүргізген органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген материалдық және моральдық зиянды өтеткізу құқығына ие.

Жалпы алғанда, аталған институттар советтік кезеңде процессуалист ғалымдармен ұзақ уақыт бойында әзірленгеніне қарамастан, ақталғанның құқығын іске асыру бойынша мәселелер Қазақстан Республикасының дамуының қазіргі кезеңінде, тәуелсіз мемлекет ретінде азайған жоқ. Аталған институттар одан әрі зерттей түсуді және жекелеген аспектілерін толық қарастыруды талап етеді.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығында осыған ұқсас институттардың барлығын атап өту маңызды. Түптеп келгенде, егер ҚР ӘҚБК 48-тарауы мен Қазақстан Республикасы ҚПК 4-тарауын салыстырса,

реформалау кезеңіндегі қызмет атқаруы (2014 жылдың шілдесінен бастап), олардың арасында елеулі ерекшеліктердің жоқтығын аңғару қиын емес. Әрине, Қазақстан Республикасының заң шығарушысы, алғашқы Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында ақтау және зиянды өтеу институтын бекітіп, ҚР ӘҚБК-де дербес тарау енгізу қажет деп тапқан, Қазақстан Республикасы ҚПК 4-тарауынан көптеген ережелерге рецепция жүргізе отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттерінен азаматтың құқығын кепілдендіретін.

Толық және ішінара ақтау ұғымы

Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік құқығында толық және ішінара ақтау ұғымдарын бір-бірінен ажырату, себебі қылмыстық процестің теориясы осы мәселе бойынша ғалымдардың әртүрлі көзқарастарын бейнелейді, ал осы тақырыпты зерделеу кезінде бұл зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдардың тобын анықтау үшін қажет болады.

Қылмыстық процесс теориясында толық және ішінара ақтау мазмұны туралы екі ең көп таралған нұсқа қолданылады. Кей ғалымдар ақтау тек қана толық болуы мүмкін деп пайымдайды (мысалы, Т.Т. Таджиев). Басқалары ақтау ішінара да болады деп санайды [21].

Соңғы көзқарасты ұстану тиіс, себебі, мысалы, кінәліні ҚР ҚК бабы бойынша соттау кезінде, ауырлығы жеңілдеу, алғашында сотталушы тартылғанға қарағанда, нақ сол адамның қылмыстық жазаланатын әрекет жасағанын жоққа шығарылмайды. Әрине, осы жағдайда толық ақтау туралы айтуға болмайды. Бірінші айыптау бойынша аталған адамның ақталғанын ғана белгілеуге болады.

Осылайша, азамат ішінара ғана ақталуы мүмкін.

Айыптау толық қайтарылған жағдайларда (қылмыстық іс 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшалар бойынша (ақтайтын негіздемелер)) ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігі) тоқтатылады немесе ҚР ҚПК 37-бабының 1-бөлігінде көрсетілген тармақтар бойынша ақтау үкімі жарияланады, толық ақтау туралы сөз жүргізілуі мүмкін.

ҚР ҚПК 38-бабының 4, 5 бөліктерінде көрсетілген басқа жағдайларда ішінара ақтау орындалады.

2. Қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізу

ҚР ҚПК 38-бабының 1 және 2 бөліктерінде тізбектелген санаттарға өтелген зиянның көлемі туралы мәселе қызықтырады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган, ҚР ҚПК 39-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, адамды ақтау туралы шешім қабылдай отырып, оның зиянды өтеткізу құқығын тануға тиіс. Ақтау үкімінің немесе сотқа дейінгі

тергеп-тексеруді тоқтату туралы, өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы қаулының көшірмесі мүдделі тұлғаға табыс етіледі не пошта арқылы жіберіледі. Сонымен бір мезгілде оған зиянның өтелу тәртібі түсіндірілген хабарлама жіберіледі.

Азаматқа заңсыз ұстап алудың, күзетпен ұстаудың, ұйқамақтың, лауазымынан уақытша шеттетудің, арнаулы медициналық ұйымға орналастырудың, соттаудың, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың салдарынан келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсі бар-жоғына қарамастан, толық көлемде мемлекеттік бюджеттен өтеледі. Күдіктілердің, айыптаушылардың, құқықтарына заңсыз нұқсан келгендердің, зиянды өтеткізуге құқығы барлардың кең тобы заңмен көзделген [22].

Айталық, ҚПК 38-бабына сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы, бар:

- сот бойынша ақталған адамдар, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарымен позитивті сипатқа ие негізлер бойынша қылмыстық істер тоқтатылған күдіктілер, айыпталушыларға қатысты;

- қылмыстық іс қозғалмауы тиіс, ал қозғалған тоқтатуға жататын кейбір негіздер бойынша (жәбірленушінің үлкен емес немесе орта ауырлықты қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға айыпталушымен татуластыру, жекеше айыптаушының жекеше айыптау құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша айыптаудан бас тартуы), бірақ қылмыстық іс сонда да қозғалған немесе қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтаған сәттен бастап тоқтатылмаған адамдар;

- рахымшылық актісінің салдарынан тоқтатылуы тиіс қылмыстық істер қатысты, бірақ жоғарыда көрсетілген мән-жайларды белгілеу сәтінен тоқтатылмаған, және қылмыстық қудалау заңсыз жалғастырылған, қылмыстық істі тоқтатуға ондай адамдардың келісіміне қарамастан, адамдар;

- қамаққа, бас бостандығынан айыруға, ұсталған немесе күзетте ұсталатын, Қазақстан Республикасы ҚК бабында жасалған сыныптауды өзгерткеннен кейін, қылмыстық құқық бұзушылығы ауыр емес жауаптылықты көздейтін, егер бұл ретте заңмен ұстау немесе қамаққа алу жол берілмесе, адамдар. Бұл қағидалар сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚК бойынша сыныптаулар өзгерген кездегі жағдайларға таралады, жаңа, анағұрлым жеңіл жазаларды тағайындауды көздейтін, жазалар немесе үкімнен айыптау және төмендетуге қатысты, осыған байланысты жазаларды айыптау және төмендету. Зиянды өтеткізу көзделген және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын немесе тәрбиелік ықпал жасаудың мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы заңсыз шешімдерді сот тәртібінде болдырмау жағдайларында;

- қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында заңды негізсіз тиісті мерзімінен артық күзетпен ұсталған, сол сияқты кез келген өзге де процесік мәжбүрлеу шараларына заңсыз ұшыраған адамның құқығы бар..

Қылмыстық сот ісін жүргізу органының заңсыз әрекеті нәтижесінде келтірілген зиянды өтеткізу құқығы, азамат қайтыс болған жағдайда

сақталады. Мұндай құқық оның мұрагерлеріне, зиянды өтеткізу құқығы белгіленген тәртіппен – оның мұрагерлеріне, ал төленуі тоқтатыла тұрған зейнетақылар мен жәрдемақыларды алу бөлігінде – отбасының асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамтамасыз етілетін адамдар тобына жататын мүшелеріне ауысады.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы барысында адамның ерікті түрде өзіне өзі жала жабу жолымен ақиқатты анықтауға кедергі келтіргендігі және сол арқылы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген салдарлардың басталуына ықпал еткендігі дәлелденсе, оған зиян өтелмеуге тиістігін атап өтеміз.

Өтеуге жататын зиян, ҚР ҚПК 39-бабының 2-бөлігіне сәйкес бөлінеді:

- мүліктік;

- моральдық;

- еңбек, зейнетақы, тұрғынжай және өзге де құқықтарын қалпына келтіруге құқығы бар.

ҚР ҚПК 40-бабына сәйкес, мүліктік зиян: олар айырылған жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды, өзге де қаражаттар мен табыстарды; соттың үкімі немесе өзге де шешімі негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті; соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріп алынған айыппұлдарды; заңсыз әрекеттерге байланысты адам төлеген сот шығындары мен өзге де сомаларды; заң көмегін көрсету үшін адам төлеген сомаларды; қылмыстық қудалау салдарынан шегілген өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды.

Заңсыз қамаққа алумен, ұстаумен байланысты шығындар, сот шығындары қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу төлеміне жататын сомадан шегеріле алмайды.

Құқық қорғау органдарының заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу адам, қылмыстық істі тоқтату туралы үкім шығарған, қаулы шығарған органға заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы талаппен жүгінуге құқылы. Тиісті қылмыстық сот ісін жүргізетін орган зиянды өтеу туралы талапты алғаннан кейін бір ай ішінде қажетті есепті жүргізуі және құнсыздандуды есепке ала отырып, зиянды өтеуге төлем жүргізу туралы қаулы шығаруы қажет. Көрсетілген қаулының көшірмесі, елтаңбалы мөрмен расталған, төлем жүргізуге міндетті органға ұсыну үшін адамға тапсырылады.

Моральдық зиян адамның кірленбеген атын, атағын, бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жолымен өтеледі. Адамды ақтау туралы шешім қабылдаған қылмыстық сот ісін жүргізетін орган, келтірілген зиян үшін одан ресми түрде кешірім сұрауға міндетті. Моральдық зиян ақшалай мәнде өтелуі де мүмкін. Моральдық зиянның өтемақысы ақшалай түрде талап нысанында ресімделеді және азаматтық заңнама тәртібінде шешіледі.

Егер адамды қамаққа алу, ұстап алу, қылмыстық қудалау және оған қатысты қолданылып, кейіннен заңсыз деп танылған әрекеттер туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланса, онда осы адамның

талап етуі бойынша немесе оның құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдаған, қылмыстық сот ісін жүргізетін органның талап етуі бойынша тиісті бұқаралық ақпарат құралдары бұл туралы қажетті хабар жасауға міндетті. Сонымен бірге, заңмен хабар жариялаудың мерзімі белгіленген – азаматтың талап етіп өтініш жасаған күннен бастап бір ай ішінде.

Ақталған адам, қылмыстық сот ісін жүргізетін органдарға тиісті талаптармен жүгінген жағдайларда, онда соңғысы ҚР ҚПК 41-бабының 4-бөлігіне бөлігіне сәйкес он төрт күндік мерзім ішінде олардың жұмыс істейтін, оқитын, тұрғылықты жері бойынша заңсыз шешімдердің күші жойылғаны туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

Қылмыстық тәртіпте заңсыз қудаланған адам, атқаратын лауазымынан босатылған, тұрғынжай алаңынан айырылған жағдайларда, ол соттың үкімі бойынша бұрын атқарған лауазымына, сондай-ақ оның тұрғынжайға құқығы қалпына келтірілуі тиіс.

Бұрын құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныптан, сондай-ақ мемлекеттік наградалардан айырылған ақталған адамдардың атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі, біліктілік сыныбы қалпына келтіріліп, мемлекеттік наградалары қайтарып беріледі.

Келтірілген зиянды өтеудің мерзімдері заңмен регламенттелген.

Мәселен, мүліктік сипаттағы талаптар ҚР ҚПК 40-бабының 6-бөлігінің 2-абзацына сәйкес ұсынылуы мүмкін, ақталған адамдармен төлем жүргізу туралы қаулыны алған сәттен бастап үш жыл ішінде. Өзге құқықтарды қалпына келтіру туралы талап құқықтарды қалпына келтіру тәртібін түсіндіретін хабарламаны алған күннен бастап, алты ай ішінде ұсынылуы мүмкін.

Егер заңмен белгіленген мерзімдер орынды себептермен өткізіліп алынса, олар ҚР ҚПК 42-бабына сәйкес сотқа жүгіну арқылы қалпына келтірілуі мүмкін.

Қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының заңсыз әрекеттері салдарынан заңды тұлғаға зиян келтірілген жағдайда, ол жеке тұлға үшін белгіленген мерзімде мемлекетпен толық өтеледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақтау институтының ұғымы мен мәні.
2. Толық және ішінара ақтау мәнін ашыңыз.
3. Ақтау үшін не негіз болып табылады?
4. Ақтаудың мүліктік және өзге де салдарларын атаңыз.
5. Мүліктік зиянды өтеудің көлемі қандай?
6. Мүліктік зиянды және оның мөлшерін өтеткізу құқығы туралы сұрақты кім шешеді?
7. Мүліктік зиянды өтеу тәртібін ашыңыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).

2. Юридический энциклопедический словарь / гл. ред. А.Я. Сухарев; редкол.: М. М. Богуславский и др.: 2-е изд. доп. - М.: Сов. энциклопедия, 1987. - С. 57.
3. Коржанский Н.И. Социальная сущность вреда, причиняемого преступлением, и его возмещение // Проблемы обеспечения социалистической законности на предварительном следствии: сб. науч. тр. - Волгоград: ВСШ МВД СССР, 1986. - С. 93-94.
4. Васильев С.В. Доказывание и доказательства в делах о возмещении вреда, причинённого здоровью граждан неблагоприятным воздействием природной среды в гражданском процессе Украины // Государство и право. — 2000. - №10. - С. 80.
5. Таджиев Т.Т. Проблемы реабилитации в советском уголовном процессе: Дис. ... д-ра юрид. наук. — Ташкент, 1991. - С.14.
6. Безлепкин Б.Т. Вопросы реабилитации на предварительном следствии в советском уголовном процессе: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - М., 1972.
7. Савицкий В.М. По поводу уголовно-процессуальных гарантий прав невиновного на реабилитацию // Советское государство и право. - 1965. - №9. - С. 48-56.
8. Добровольская Т.Н., Зинькевич В.В. Институт реабилитации — надёжная гарантия охраны прав личности в советском уголовном судопроизводстве: межвуз. сб. науч. тр. — Свердловск, 1989. - С. 113-118.
9. Касумов И.С. Последствия реабилитации по советскому праву. — Баку: ЭЛМ, 1991. - С. 113.
10. Эдиян А.Г. Реабилитация в советском уголовном процессе: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1989; Химичёва О.В. Институт реабилитации в уголовном судопроизводстве // Закон и право. — 2004. — №1. — С.41-43.
11. Жалыбин С.М. Теоретические и методологические проблемы обеспечения прав человека при уголовном преследовании: дис. ... д-ра юрид. наук. — Астана, 2003.
12. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право РК. Часть общая: учебник. — Алматы: «Баспа», 1998. - С. 205.
13. Юридический словарь / под ред. П.И. Кудрявцева. — М.: Юрид. лит., 1956. - С. 317.
14. Ефимов Е. Правовые вопросы восстановления трудового стажа реабилитированным гражданам // Социалистическая законность. — 1964. — № 9. — С. 42-46.
15. Безлепкин Б.Т. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации (постатейный). — М.: ООО «ВИТРЭМ», 2002. - С.11.
16. Бачурин С.Н., Бачурин Н.И. Определение размера компенсации морального вреда в денежной форме реабилитированным в уголовном процессе Республики Казахстан // Фемида. — 2002. — №4. - С.43.
17. Безлепкин Б.Т. Конституционные права граждан на возмещение имущественного вреда, причиненного судебно-следственными органами // Проблемы правового статуса личности в уголовном процессе. — Саратов: Саратовский университет, 1981. - С.82-86.

18. Шило Н.Я. Проблема реабилитации на предварительном следствии. — Ашхабад, 1981. - С.16.

19. Никишкин К.С. Возмещение морального ущерба реабилитированному гражданину в советском уголовном процессе: дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1991. - С. 65.

20. Алексеев Н.С., Лукашевич В. З. Ленинские идеи в советском уголовном процессе. — Л.: Изд-во ЛГУ, 1970. С.129.

21. Теория доказательств в советском уголовном процессе / отв. ред. д.ю.н. Жогин Н.В. — М.: Юрид. лит., 1966. - С. 584.

5-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

1. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар ұғымы және жіктеу

Қылмыстық процеске қатысушылар – қылмыстық қудалауды және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғалар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, күдікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері (Қазақстан Республикасы ҚПК 7-бабының 25-тармағы).

Өткен жылдардағы заң әдебиеттерінен басқа көзқарастарды да кездестіруге болатын. Ол, сот ісін жүргізуге қатысушылар - бұл процестік қатынастардың барлық субъектілері емес, олардың істе белгілі бір материалдық-құқықтық мүдде танытатындары ғана (айыпталушы, күдікті, жәбірленуші азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер) немесе өкілі (қорғаушы, жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің немесе кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының заңды өкілі). Алайда қолданыстағы Қазақстан Республикасы ҚПК II тарауында сот ісін жүргізуге қатысушылар қатарына қандай да бір материалдық-құқықтық пайданы көздейтін немесе өкілі болатын адамдар ғана емес, сонымен қатар істе ондай болып табылмайтындар да жатқызылған: сот, прокурор, тергеуші, тергеу бөлімінің бастығы, анықтау органы, анықтаушы, куә, сарапшы, маман, аудармашы, айғақ, сот жасаушы, медиатор және сот отырысының хатшысы.

Сот ісін жүргізушілер біркелкі емес, олар әртүрлі қылмыстық-процестік функцияларды орындауы мүмкін және әртүрлі құқық пен міндеттері болуы, сондай-ақ әртүрлі құқықтық мәртебеге ие болуы мүмкін. Осылайша, қылмыстық сот ісін жүргізушілер – бұл мемлекеттік органдар, белгілі бір қылмыстық-процестік функцияларды орындайтын, лауазымды, сондай-ақ жеке тұлғалар, тиісті қылмыстық-процестік мәртебеге ие және бір-бірімен қылмыстық-процестік құқықтық қатынастарға түсетін [7].

Қылмыстық-процестік функциялар ұғымын сот ісін жүргізуге қатысушылардың қандай да бір өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттерінің қарапайым жалпы санына қосуға болмайды, сонымен қатар олардың құзыреттеріне, немесе құқықтық қабілетіне. Бір қатысушылардың функциялары, құқықтары мен міндеттері ұғымы арқасында қылмыстық-процестік қызмет жүйесін құрай отыра, басқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттерімен өзара іс-қимылға түседі. Қатысушылардың әрқайсысы онда белгілі бір міндеті болады, өзінің процестік рөлін ойнайды (тергеушіні, прокурорды, судьяны, айыпталушыны, қорғаушыны, куәні және т.б.). Әртүрлі қатысушылардың немесе олардың топтарының қызметі, өз кезегінде, сот ісін жүргізуде әртүрлі, өзара сәйкеспейтін, ал кейде тікелей қарама-қарсы, ірі бағыттарды құрайды. Осы бағыттардың әрқайсысының ішінде процеске

қатысушылармен орындалатын процестік рөлдер бір-біріне жақын және өзара қиылысуы да мүмкін, алайда процестік қызметтің әртүрлі бағыттарына жататын қатысушылардың рөлі қатаң ажыратылған және араласпауы тиіс. Бұл процестік қызметтің әртүрлі бағыттары, олардың негізіне қарама-қайшы процестік мүдделер жатқызылуы себепті қолданылады. Қызметте осындай мүдделердің қиылысуына жол беру бір қатысушыларды қайта-қайта, демек, олардың объективтілікті және процестегі қасақана еместікті сақтауды қауіп төндіру. Процестік қызмет функциялары ұғымы көмегімен, даяр үлгі бойынша, қарама-қайшы мүдделер біріне-бірі кедергі келтірмейді, ал керісінше, сот ісін жүргізудің ортақ мақсатына жұмыс істейді [7].

Ең алдымен, процестік функцияларды бөлу сот төрелігі функциясын орындайтын соттың объективтілігі мен тәуелсіздігі қорғауында тұр. Егер сот өзінің қызметінде бір мезгілде кінәлілерді қылмыстық қудалау міндетін және істі шешу міндетін қосуды тырысса, ол толық объективті және әділ болып қала алмайды, ал қылмыстық қудалау қажеттілігі өзіне сот төрелігі мақсатын бағындырып, алдыңғы шепке шығатыны анық. Өйткені соттамас бұрын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтау және әшкерелеу керек, ал бұл қандай да болмасын адал ниетті қылмыстық қудалаушыда айыпталушының кінәлілігіне сенім қалыптастырумен байланысты. Және, керісінше, бір мезгілде сот өкілеттіктері де берілген қылмыстық қудалаушы, істі шешу бойынша өзінің қызметіне айыптау бағыттарын беруге бейім болады. Осы жерден бұлжымас бәсекелесу қағидаты келіп шығады, ешкім өзінің жеке ісіне судья болмауы қажет.

Алайда басқалармен сот функцияларында ғана емес араласуға жол берілмейді. Қорғаушысын кінәлі деп тануға мүдделі адам қорғаушы бола алмау фактісі дәлелдеуге жатпайды; дәл сондай, қорғаушы сотқа айыптау дәлелдемелерін ұсынуға құқылы емес, айыптау қорытындыларын жасауға немесе ұстануға, қорғалушысын кінәлі деп тану туралы мәлімдеуге, егер ол оны теріске шығарса.

Белгілі бір ерекшелік ашық-бәсекелік қылмыстық процесте айыптау функциялары үшін қолданылады, белгілі бір жағдайлар кезінде қорғау функцияларымен қиылысуы мүмкін, мысалы, егер айыптаушы айыпталушыны қылмыстық қудалауды тоқтату қажеттігі туралы қорытындыға келсе және бұл қорытындыны заң тұрғысында дәлелдесе. Бір жағынан, айыптаудан бас тарту айыптау функциясының мазмұнына жатқызылады, оның аяқталуын білдіре отырып, осындай жағымсыз тәсілмен, бірақ басқа жағынан, айыптаушымен негіздеудің өзі (істі тоқтату туралы қаулыда) кінәсіздігі туралы қорытынды немесе адамды қылмыстық жауаптылықтан босату қажеттігі айыпталушының мүддесін қорғау қызметі [10]. Бұл жерде өзіне тән заң интерференция сезіледі, басқа қылмыстық-процестік бастаудың функцияларын бөлу қағидатына әсер ету, қорғау басымдығы, осындай жағдайда артық көру, өйткені айыптаушы қорғау көзқарасын ұстанады, ал қорғаушы айыптау ұстанымына, жоқ. Процестік функциялар ұғымы әуел бастан бәсекелестік сот ісін жүргізу теориясымен туындағанын атау керек, өйткені дәл осы реттегі процестік құрылымда ол аса өзекті, айыптау, қорғау, сот қарауы және істі шешу (сот

төрелігі) бәсекелестік функциялары тараптардың өзара қарама-қайшы мүдделерін оқшаулауға ғана емес мүмкіндік береді, процестің объективтілігінің кепілі қызметін атқарып қана қоймайды, сонымен қатар олардың кездесуін ашық және әділ сот дауын қамтамасыз етеді, қозғалыс және даму көзінің бәсекелес процесі үшін болып табылады [9].

Сонымен, процестік функциялар – сот ісін жүргізудің әртүрлі жеке топтарға біріктіретін, олардың құқықтық мәртебесінің мазмұнын белгілейтін, процестік қызметте қарама-қайшы мүдделерді межелеп айырады және оларды қылмыстық сот ісін жүргізудің ортақ мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін бағыттайтын процестік қызметтің бағыттары [11]. Қысқаша қайырғанда, процестік функциялар процестік қызметтің негізгі бағыттары болып табылады, оларда сот ісін жүргізу қатысушыларының араны рөлі мен неге арналғандығы көрініс табатын.

Сот ісін жүргізуге қатысушының процестік мәртебесі – бұл құқық нормаларымен белгіленген және олар атқаратын процестік функциялармен жауап беретін оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы [10]. Процестік мәртебе қисынсыз емес, ал қатысушы орындайтын функциямен анықталады және оның шекарасынан шыға алмайды. Мәселен, айыпталушыны, күдіктіні немесе кез келген басқа да тұлғаны өзіне қарсы айғақ беруге мәжбүрлеуге болмайды, өйткені мұндай міндет айыптау функциясына жатады, қорғауға емес және т.б.

Қылмыстық процеске қатысушылар әртүрлі белгілері бойынша жіктелуі мүмкін. Кейбір процессуалистер, функциялар ұғымы процеске қатысушыларды топтарға бөлуге жауап беретін болса, сонымен бірге осындай мәнді және маңызды өлшемшарт бойынша, әртүрлі процестік мүдделер ретінде, нақ осы функциялар ұғымы қатысушыларды жіктеудің негізіне жатқызу орынды. Егер сот төрелігі, айыптаудың (қылмыстық қудалаудың) және қорғаудың қылмыстық-процестік функцияларының барлығынан қарайтын болсақ, онда қатысушылардың жіктелуі мынадай түрде көрінуі мүмкін:

1. Істердің сот төрелігін, сондай-ақ сотта қарау мен шешу функцияларын орындайтын сот ісін жүргізуге қатысушылар. Бұл, ең алдымен, істі мәні бойынша қарайтын сот (тергеу судьясы), не болмаса істі апелляциялық тәртіпте, кассациялық тәртіпте, қадағалау, жаңадан немесе қайта ашылған мән-жайларға байланысты қайта қарайтын сот. Бұдан басқа, сот төрелігінің функцияларын жүзеге асыру кезінде алқа билер де қатысады, сотта іс жүргізу олардың қатысуымен жүргізілгенде.

2. Айыптау (қылмыстық қудалау) функциясын орындайтын сот ісін жүргізуге қатысушылар. Оларға: прокурор (тергеу прокуроры), тергеуші, тергеу бөлімінің бастығы, анықтау органдары (анықтау органы, анықтау органының бастығы, анықтаушы) жатады. Айыптау функциясын орындауға сонымен қатар жәбірленуші де (оның өкілі) қатысады, сондай-ақ азаматтық талапкер және оның өкілі, процестік мүддесі мен әрекеті, әдетте, сонымен қатар кінәліні әшкерелеуге және жазалауға бағытталған.

3. Қорғау функциясын орындайтын қатысушылар. Бұл күдікті, айыпталушы (қорғауға құқығы бар куә, сотталушы, ақталған адам), кәмелетке

толмаған айыпталушының заңды өкілі, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі.

4. Сот төрелігіне жәрдемдесу функцияларын орындайтын қатысушылар. Қазақстан Республикасы ҚПК-да (10-тарау) олар «қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар» деп аталады. Бұл функцияны куәлар, сарапшылар, мамандар, аудрмашылар, айғақтар, сот отырыстарының хатшылары, сот приставтары, медиаторлар орындайды.

Сонымен бірге, бәсекелес процесінің қатысушыларын жіктеу олар орындайтын функцияларға байланысты әмбебап емес және олардың жан-жақты сипаттамалары үшін жеткіліксіз. Сондай-ақ қатысушыларды басқа да қосалқы өлшемшарттары бойынша, олардың негізіне құқықтық мәртебесі жатқан бөлуге болады. Сонымен, мысалы, қатысушылардың іс бойынша іс жүргізудің бағытына, сонымен қатар іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудің басталуы туралы шешімдер қабылдауға немесе іс жүргізудің тоқтатылғаны немесе жалғастыру немесе істі бір сатыдан басқасына беруге ықпал етуіне байланысты, оларды қылмыстық-процестік қызмет субъектілеріне (айыптау және қорғау тараптары) сот ісін жүргізудің өзге де қатысушыларына жіктеуге болады. Сот ісін жүргізудің өзге де қатысушыларының ішінде билік субъектілеріне техникалық жәрдем көрсететін (аудармашылар, мамандар) адамдарды және дәлелдеу дереккөздері болып табылатын адамдарды (куәлар, сарапшылар және т.б.) бөлуге болады).

Биліктік өкілеттіктеріне қатынасы өлшемшарты бойынша субъектілердің өздерін іс бойынша процесті жүргізетін және шешім қабылдауға өкілеттігі бар (сот, прокурор, сотқа дейінгі тергеу органдары) және сот ісін жүргізуге қатысатын тұлғалар айыпталушы, жәбірленуші (оның өкілі), қорғаушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері және т.б., биліктік өкілеттіктері жоқ және іс бойынша ресми шешімдер қабылдауға құқылы емес мемлекеттік органдарға бөлуге болады. Алайда олар істің бағытына ықпал жасайтын қандай да бір процестік көзқарасты ұстанатын орын алуы мүмкін. Жәбірленушінің айыпталушымен татуласуы белгілі бір жағдайларда қылмыстық істі тоқтатуға және т.б., әкеп соғуға қабілетті.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік құқық үшін субъектінің процеске қатысу мақсаты есепке алынған кезде анағұрлым қолайлылау көрінетін, оның қызметінің бағыты, соңғысының байланысы қылмыстық процесс міндеттерімен, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу нәтижелеріне қатынасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексіне тікелей құрылымына сәйкестендіру. Осыны есепке ала отырып, қылмыстық процеске қатысушылардың мынадай топтарын бөлуге болады:

1. Сот (Қазақстан Республикасы ҚПК 7-тарау. 51-57 баптар).

2. Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-тарау. 58-63 баптар).

3. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар (Қазақстан Республикасы ҚПК 9-тарау. 64-77 баптар).

4. Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар (Қазақстан Республикасы ҚПК 10-тарау. 78-85 баптар).

Теорияда «қылмыстық процестің субъектілері» ұғымы қолданылады, бірінші кезекте, қылмыстық-процестік қызмет процесінде іске асырылатын олардың құқықтары мен міндеттерінің көлемін анықтау үшін. Кейбір процессуалистердің пікірінше процесс субъектілері және процеске қатысушылар ұғымы өзара тек және түр ретінде байланысады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі «Процеске қатысушылар» терминіне іске қатысатын барлық адамдарын қамтитын ең кең ұғымын береді. Процеске әрбір қатысушының алдында тұратын міндеттер және олар атқаратын процестік функциялардың сипаты осы процеске қатысушының құқықтық мәртебесін (құқықтық мәртебе) анықтайды, оған берілген құқықтар мен оған жүктелетін міндеттердің көлемін көрсететін.

2. Сот және тергеу судьясы

Сот сот төрелігін жүзеге асыру бойынша сот билігі берілген мемлекеттік орган болып табылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 1-тармағы). Істерді қарау және шешу, сондай-ақ со төрелігі функцияларын орындау оның ерекше билігі болып табылады. Сот төрелігі – бірінші саты бойынша сот талқылауындағы қызметке барып тірелетін ғана кең ұғым. Сот төрелігі ұғымына істерді сот отырыстарында қарау және шешу бойынша бірінші сатыда сот қызметін ғана емес, сонымен қатар жоғары тұрған сатыларда жүзеге асырылатын сот қадағалауын да енгізу керек. Бұл қадағалаудың процестік нысандары болады және істерді қарауды апелляциялық, кассациялық тәртіпте, қадағалау және жаңа және қайтадан ашылған мән-жайлар тәртібінде енгізеді [8].

Қылмыстық сот ісін жүргізу сот билігін іске асыру нысандарының бірі болып табылады. Сондықтан қылмыстық процестің басқа субъектілерінің ішінде сот басты орын алады. Қылмыстық істер бойынша сот төрелігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттар жүзеге асырады. Жергілікті соттарға: облыстық және оларға теңестірілген соттар; аудандық және оларға теңестірілген соттар жатады. Қазақстан Республикасында сонымен қатар мамандандырылған соттар да құрылуы мүмкін. Мамандандырылған соттарға гарнизонның әскери соты және басқалар жатқызылады.

Сот қылмыстық істерді жеке-дара немесе судьялар құрамының алқасында қарай алады.

Істі жеке-дара қарайтын судья, соттың өкілеттіктеріне ие, іс бойынша төрағалық етуші болып саналады. Ол өз құзыреті шегінде істі жеке-дара қарайтын, соттың отырысын дайындау немесе оның үкімінің немесе басқа да шешімінің орындалуын қамтамасыз ету жөнінде өкім жасау әрекеттерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіпте көрсетілген өтінішхаттар мен шағымдарды шешетін судьяға

соттың өкілеттіктері тиесілі болады (Қазақстан Республикасы ҚПК 53, 54 баптары).

Бірінші сатыдағы соттарда қылмыстық істерді қарауды судья жеке-дара жүзеге асырады. Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін өлім жазасы қолданылуы мүмкін болса, онда ондай қылмыстық істер үш судьядан тұратын алқаби құрамында қаралады (Қазақстан Республикасы ҚПК 52 бабының 1, 2 бөліктері). Қылмыстық істерді судьялар алқасының құрамында қараған кезде, «судья қаралатын іске байланысты туындайтын барлық мәселелерді шешу кезінде төрағалық етушімен және басқа да судьялармен тең құқықтарды пайдаланады» (Қазақстан Республикасы ҚПК 54-бабының 2-бөлігі). Қылмыстық істі судьялар алқасының құрамында қараған кезде соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы не заңда көзделген тәртіппен осыған уәкілеттік берілген судьялардың біреуі төрағалық етеді (Қазақстан Республикасы ҚПК 57-бабы).

Қылмыстық істерді қарау заңды, тәуелсіз, құзыретті және бейтарап талаптарына жауап беретін сот құрамымен жүзеге асырылуы тиіс. Сот құрамының аталған талаптарға құқықтық кепілдіктерге сәйкестігін қағидат шығады:

- нақты істердің соттылығын айқындау;
- нақты қылмыстық істерді қарау үшін соттың құрамын жасақтау;
- судьяларға қарсылық білдіру;
- істі шешу функциясын айыптау және қорғау функцияларынан бөлектеу қағидаларын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 51-бабының 2-бөлігі).

Сот билігінің органы ретіндегі соттың өкілеттіктері заңмен айқындалады. Қазақстан Республикасы ҚПК 53-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу құқығы сотқа ғана берілген:

1) адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп тануға және оған жаза тағайындауға;

2) адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге.

Сонымен қатар сот адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен мүдделеріне қысым көрсетуді, қылмыстық-процестік қағидаларды сақтамау, сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысы процесінде анықтау, тергеу органдарымен жол берілуі мүмкін басқа да заңдардың бұзушылықтарын анықтау және жою бойынша өкілеттіктер берілген. Сот ұйымдармен, органдармен, лауазымды адамдармен жол берілген заңның бұзылуын көрсетуі мүмкін. Төмен тұрған соттардың заңды бұзуға жол беруі кезінде, сот оны көрсетуге және оларды жою бойынша шаралар қолдануды талап етуге құқылы.

Егер істі сотта қарау кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға ықпал еткен мән-жайлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жол берілген басқа да заң бұзушылықтар анықталса, сот жекеше қаулы шығаруға құқылы.

Жекеше қаулы анықталған мән-жайларды жою бойынша қажетті шараларды қолдану мақсатында басқарушылық функцияларын орындайтын ұйымдарға, лауазымды адамдарға жіберілуі мүмкін.

Әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатын құқық бұзушылықтар анықталған кезде, сот қаралып жатқан қылмыстық іс бойынша шешім шығарумен бір мезгілде кінәлі жеке немесе заңды тұлғаларға әкімшілік жаза салуы мүмкін.

Соттың құқықтық мәртебесі үшін оның дербестігі және тәуелсіздігі туралы негізді ереже болып табылады. Соттар дербес және өзінің билігін кімнің де болмасын еркіне тәуелсіз, тек қана Конституция мен заңға бағына отырып, жүзеге асырады. Қылмыстық процесте судьялар мен қосшы билер сот төрелігін жөнелтуге қатысушылар, сондай-ақ тәуелсіз. Дербестік пен тәуелсіздік – субъектінің бостандығының бір дәрежесін көрсететін жақын ұғымдар. Алайда олардың арасында белгілі бір айырмашылық та бар. Соттардың дербестігі сот билігінің басқа билік топтарынан бөлектігінің сыртқы көрінісі – заңнамалық және атқарушылық, олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін жалпы мемлекеттік-демократиялық жүйесін ұстаным және қарсы салмақ. Сот билігінің дербестігі, осылайша, билікті бөлудің жалпы құқықтық қағидатынан келіп шығады. Билікті бөлу қағидатының маңызы жеке-жеке әрекет ете алмайтын мемлекеттік биліктің үш тобының өзара іс-қимылы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуден тұратын билікті бөлуден тұрады. Бұл тұрғыда сот билігі, заңнамалық, ол алатын заңдардан, және осы заңдарды орындай отыра, осылайша, бағынатын тәуелді болады. Сот билігі белгілі бір деңгейде атқарушылық биліктен де тәуелді боады, себебі сот шешімдерін іс жүзінде орындау әдетте атқарушылық билік органдарының әрекетінің тиімділігімен анықталады. Дербестік функцияларды бөлуді және субъектінің ағымдағы қызметіне араласпауды ғана пайымдайды. Дәл сондықтан биліктердің бір-бірінен тәуелсіздігі туралы емес, олардың бөлінуі, дербестігі туралы ғана айтылады.

Тәуелсіздік ұғымы жеке судьяларға және сот құрамына толық лайықты, бірақ оның пайдаланылуы мемлекеттік биліктің барлық сот тобына қатысты толық емес сыпайы, не болмаса тәуелсіздік семантикалық субъектінің автономдық қызметінің мүмкіндігін білдіреді, заң ісін қарайтын сот үшін әрине толық, бірақ жалпы билік пен сот билігінің ережесін бөлу қағидаты мағынасымен келіспейді. Соттардың тәуелсіздігі өзінің тікелей дереккөзімен билікті бөлу емес, ал процестің бәсекелестігі, себебі әртүрлі әділ бәсеке бейтарап арбитражға мұқтаж.

Заңдарға сәйкес соттардың тәуелсіздігі сотпен қамтамасыз етіледі:

- заңмен белгіленген тәртіппен оларды сайлау, тағайындау және босату;
- соттардың тиіспеушілігі;
- соттың құпия кеңесімен шешімдер шығару және оны жариялауға тыйым салу талап ету;
- сотқа құрметтемеу немесе нақты істерді шешуде араласу, сотқа тиіспеушілікті бұзғаны үшін жауапкершілік;

-сотта мемлекеттің есебінен материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұсынумен, оның жоғары мәртебесіне сәйкес келетін.

-бұдан басқа, соттың тәуелсіздігі қылмыстық сот ісін жүргізуде кепілдендіріледі:

Бұдан басқа, соттың тәуелсіздігі қылмыстық сот ісін жүргізуде кепілдендіріледі:

1. Оның қыметінде сот және қандай да болмасын басқа процестік функциялардың араласуына тыйым салумен.

Судья, олар қарайтын қылмыстық іс бойынша тергеуші, анықтаушы, прокурор бола алмайды, ол бойынша кез келген басқа процестік функцияларды орындауға, сот төрелігі функцияларынан басқа, ондай болмаған жағдайда ол қарсылық білдіруге жатады.

2. Судьялардың қарсылық білдіру және өздігінен бас тарту құқығымен. Мәселе осы институттың көмегімен әділетсіз судьялар процестен шеттетілетіндігінде ғана емес. Сот төрелігі болып қана қоймай, сонымен қатар әділ болып табылуы тиіс. Осыған байланысты классик заң ойшылы Чезаре Беккариа айтты: «Әділдік қағидатына сондай-ақ айыпталушыға қарсылық білдіру мүмкіндігі сәйкес, қандай да белгілі бір өлшемшартқа сәйкес, оған күдікті болып көрінетін. Және егер күдіктіге бұл мүмкіндікті кедергісіз іске асыру үшін қандай уақыт ұсынылатын болса, онда соттың үкімі, ол айыпталушының өзіне шығарылғандай көрінеді» [5].

3. Сотқа кімде болса бөтен пікірін байлауға тыйым салумен. Судьяның қызметіне сот төрелігін жүзеге асыру бойынша кез келген араласу заң бойынша қудаланады. Өзінің қызметінде сот төрелігін жүзеге асыру бойынша олар ешкімге есепті емес. Судья қаралған немесе іс жүргізуде жатқан істердің мәні бойынша қандай болмасын түсіндірмелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болмасын танысу үшін беруге, процестік заңмен көзделген жағдайлар мен тәртіптен өзге беруге міндетті емес. Бұл тыйым тараптарға, айыптауға да, сонымен қатар қорғау, процеске қатысушылар ретінде, сонымен қатар оған қатыспайтын адамдарға таралады.

4. Қылмыстық процесте дәлелдемелерді бағалаудың формальды өлшемшарттарын қолдануға тыйым салумен. Ешқандай дәлелдемелер бұл жерде алдын ала белгіленген күші болмайды және ішкі сенімі бойынша ғана бағаланады. Бұл, демек, судьяның тәуелсіздігі мүддесінде өзінің шегін соттың заңға бағыну, дәлелдемелердің формальды жүйесін қылмыстық процесте белгілеуге тиісті емес, мүддесінде.

5. Сот талқылауының ашықтығы. Ашықтық өзінен өзі сотты тәуелсіз етпейді, алайда судьялық әділетсіздік пен әділетсіздік көрінісін қиындатады, тез оларды қоғамдылыққа әрекет ету заты ете отырып.

6. Алқа билердің қатысуымен. Тұрақты судьялар кәсіби, психологиялық деформацияларға жиі тартылады – олар өзін мемлекеттік аппараттың бөлігі ретінде сезінеді, оның құқық қорғау бөліктерімен корпоративтік ынтымақтастығы сезінеді (полициямен, прокуратурамен), мемлекеттің міндеттері олар үшін қорғауды бастайды жекелеген азаматтардың, ал «жоғары» әділдік құрбанына әкелу жеке әділдігі. Бұл судьялардың әрекеттерінде

біржақтылықты, айыптау бағытын туғызады. Ақыр аяғында, тұрақты судьяны сатып алу жеңіл. Барлық осы кемшіліктерден айырылған немесе, қалай болғанда да, оларға сотта халық өкілдері азырақ ұшырағыш.

7. Қызметтік судьялық иммунитетпен. Судьялардың жеке басына қолсұғылмаушылық. Судьялардың қолсұғылмаушылығы оның тұрғынжайына, қызметтік бөлмесіне, олар пайдаланатын транспорт пен байланыс құралдарына, оның хат-хабар алмасуына, оған тиесілі заттар мен құжаттарға таралады.

Судьялардың тұрғынжайына немесе қызметтік бөлмесіне басып кіру, жеке немесе олар пайдаланатын көлік, онда текеру, тінту немесе алып қою, оның телефонмен сөйлесулерін тыңдау, сонымен тең тексеру, оның хат-хабарларын және оған тиесілі бұйымдар мен құжаттарды алып қою Қазақстан Республикасы прокурорының санкциясымен жүргізілуі мүмкін өзге.

Аудандық (қалалық) соттың судьяларына, әскери сотқа қатысты қылмыстық іс жоғары тұрған сотта қаралатын, ал басқа соттардың судьяларына қатысты – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына қатысты.

Тәуелсіздік қағидаты сонымен қатар алқа билерге олар сотта міндеттерін орындау кезінде таралады. Алқа билердің тәуелсіздігі заңда көзделген сот төрелігімен жүзеге асырылатын процедурамен қамтамасыз етіледі; сот төрелігін жүзеге асыру бойынша қызметіне араласу қандай да болмасын жауапкершілігін қауіп тыйым салатын; алқа билерге тиіспеушілікпен. Алқа биге ол сотта міндетін орындау толық көлемде судьялардың қолсұқпаушылығына кепілдіктерін таралады.

Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабы).

Бірінші сатыдағы сот қылмыстық іс бойынша үкім шығаруға немесе ұйғарым шығаруға құқылы, ал апелляциялық сатыдағы сот шағымдар мен заңды күшіне енген үкімдер мен бірінші сатыдағы соттың наразылықтар бойынша істерді қарайды және ұйғарым шығарады. Кассациялық сатыдағы сот сәйкесінше бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген үкімдері мен ұйғарымдарына шағымдар мен наразылықтар бойынша істерді қарайды және ұйғарым шығарады. Қадағалау сатысындағы сот заңды күшіне енген үкімдер мен ұйғарымдарға қарсылықтар бойынша істерді қарайды және ұйғарым шығарады (қаулы).

Сотпен қабылданатын шешімдер мемлекеттік билік органдары, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін ғана емес, сонымен бірге соттың өзі үшін де, сот шешімдерін жою және өзгерту қатаң заңмен шектелген шеңберде оларды аталған сот сатыларымен қайта қарау тәртібінде ғана мүмкін.

Өздерінің қызметінде соттар алдын ала тергеу органдарының қорытындыларымен ғана емес, сонымен бірге жоғары тұрған сот сатыларының қорытындыларымен де байланысты емес, егер бұл қорытындылар ішкі сенімге қол сұғатын болса. Сот жүйесінің әртүрлі топтарының соттарының өзара қарым-қатынасы соттардың тәуелсіздігі және олардың заңға ғана бағыну қағидатының мызғымас негізіне құрылады. Оларға кең өкілеттіліктер берілген. Соттың өкілеттіктеріне: қылмыстық істі сот талқылауына даярлау; істі және

үкім қаулысын немесе өзге де шешімді талқылау; істі апелляциялық, кассациялық, қадағалаушылық тәртібінде қарау; үкімді орындауға жүгіну.

Жоғары тұрған соттар, бұдан басқа, өздерінің өкілеттіктері шеңберінде төмен тұрған соттардың сот қызметіне қадағалауды жүзеге асырады.

Сот сот төрелігін бейнелейді, оның әділ және объективті қызметшісі болып табылады. Соттың қызметі тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясына және оның негізінде қабылданған заңдарға ғана бағыну, ашықтық, бәсекелестік және тараптардың тең құқылығы, кінәсіздік презумпциясы және басқа да қылмыстық процестің демократиялық бастаулары қағидаттарына негізделеді.

Тек қана осындай жағдайларда ғана сот билігі өзін әділ, ізгі, шынайы тәуелсіз, заңның үстемдігін қамтамасыз ететін және жеке бастың құқықтарының, мүдделері мен бостандықтарының мызғымастығын өзін көрсетеді.

Сот алқалы және жеке-дара әрекет ете алады. Қылмыстық істі қарауға соттың құрамына тағайындалған немесе таңдалған судьялар мен халық қосшы билері қатысады. Бұдан басқа, судья сот талқылауына істі дайындаумен байланысты әрекетерді орындайды, сот отырыстарына төрағалық етеді және қолданыстағы Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

Қылмыстық-процестік заңның маңызды новеллаларының бірі (2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы ҚПК) тергеу судьясының енгізілуі болды. Тергеу судьясы (судьялары) бірінші сатыдағы соттың судьяларының жиналысымен, осы соттың судьялары ішінен тағайындалады, ал судьялардың санының бестен кем болаған кезінде – осы соттың төрағасымен тағайындалады. Тергеу судьяларын ауыстыру қажеттігі кезінде ол қайта сайлануы немесе қайта тағайындалуы мүмкін.

Тергеу судьясы оның құзырлығына енгізілген, жеке-дара, сот отырысын өткізбей сұрақтарын қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы қаулы шығарады. Сот отырысын міндетті түрде өткізу қажет болған жағдайда, сот отырысының уақыты мен орны туралы алдын ала қорғау және прокурор тарапы хабарландырылады. Тергеу судьясының ұйғарымы бойынша сот отырысы бейне байланыс режимінде өткізілуі мүмкін. Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі.

Тергеу судьясы:

1) сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан қаралып жатқан мәселе бойынша қосымша ақпаратты талап етуге;

2) тиісті сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге;

3) процеске қатысушыларды сот отырысына шақыруға және олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпаратты алуға құқылы.

Қазақстан Республикасы ҚПК 55-бабына сәйкес, тергеу судьясына мынадай өкілеттіктер берілген:

1. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тергеу судьясы күзетпен ұстауды, ұйқамақты, экстрадициялық қамақты санкциялау, күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту, кепілді қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялау, күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттерді жасаған және психикалық аурулармен ауыратын адамдарға қауіпсіздік шараларын қолдану, кәмелетке толмаған айыпталушыны арнайы балалар мекемесіне орналастыру.

2. Бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру кезінде, мәйітті эксгумациялау, күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау.

3. Қылмыстық-процестік заңмен көзделген жағдайларда, тергеу судьясы анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды. Заңсыз жолмен алынған мүлікке үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы прокурордың өтінішхатын қарайды, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға қояды, сотқа дейінгі іс жүргізуде процестік міндеттерді орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолданады.

4. Прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені қарайды. Қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қоспағанда, қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру және қылмыстық іске қосып тігу туралы мәселені қарайды. Сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, сараптама тағайындау және іс жүргізу туралы мәселені қарайды.

5. Қылмыстық процесті жүргізетін органға айғақ беруі үшін келуін қамтамасыз ету қиындық тудыратын, бұрын өздері жауап алған куәні, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың өтінішхаты бойынша, мәжбүрлеп әкелу туралы мәселені қарайды.

Процестік келісімді бекітеді.

6. Тергеу судьясы істі мәні бойынша шешу кезінде сот қарауының заты болуы мүмкін қылмыстық-процестік заңға сәйкес мәселелерді шешпеуге тиісті. Тергеу бағыты туралы нұсқау беру және тергеу әрекеттерін жүргізу, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың орнына әрекеттер жасауға және шешім қабылдауға, және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың.

7. Күдіктінің оған азаптау және басқа да заңсыз әрекеттер қолдану туралы арызданған кезде немесе онда күштеу қолдану іздері болғанда, тергеу судьясы қадағалаушы прокурорға дереу көрсетілген деректерге тексеруді жүзеге асыруды тапсыруға міндетті.

8. Тергеу судьясының қаулысы қылмыстық-процестік заңның 107-бабының екінші бөлігінің тәртібінде шағым жасалуы, қарсылық білдірілуі мүмкін.

Ел Президенті ұлттық сот жүйесі қоғамдағы тұрақтылықтың сенімді кепілі, құқық үстемдігі, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің, қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың бұлжымас сақталуының [12].

3. Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар

3.1 Қылмыстық процестегі прокурор және оның өкілеттіктері

Прокурор – өз құзыреті шегінде жедел-іздігіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және осы Кодекске сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыратын лауазымды адам: осы Кодексте белгіленген өкілеттіктер шегінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, орынбасарлары, олардың аға көмекшілері мен көмекшілері, Қазақстан Республикасының Бас әскери және Бас көлік прокурорлары, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың прокурорлары және олардың орынбасарлары, департаменттердің, басқармалардың және бөлімдердің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға көмекшілер мен көмекшілер, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары және прокурорлары, аудандардың, қалалардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға прокурорлар мен прокурорлар. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Прокуратура құқық бұзушыларға жаза қолданбайды, бірақ биліктің барлық күшін бұзылған заңдылықты қалпына келтіру және кінәлілерді жауапкершілікке тарту үшін пайдалануға міндетті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы прокуратураға заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздігіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асыруды, заңдылықтың

кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолдануды жүктейді (Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабы).

Заңдылық үшін прокурорлық қадағалау көрінісінің маңызды саласының бірі қылмыстық сот ісін жүргізуде прокурор жүзеге асыратын қадағалу қызмет етеді.

Бұл қадағалаудың заты – қылмыстық істерді тергеу және сот қарауы кезінде процестік және өзге де құқықтың нормаларын орындау. Прокурор процестің барлық сатыларында заңмен көзделген шараларды кез келген заңның бұзылуына дер кезінде қолдануға міндетті. Өзінің процестік өкілеттігін ол заңға ғана бағына отырып, қандай да болмасын органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады.

Прокурор іс бойынша іс жүргізудің барлық кезіне қатысатын бірден-бір орган болып табылады.

Процестің сотқа дейінгі сатыларында прокурор қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен негізділігін қадағалайды, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барысын бағыттайды және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен жіберілген заңдардың бұзылуын тікелей жояды.

Прокурор қылмыстық құқық бұзушылық жасауға айыпталушы адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға және қылмыстық жауапқа заңсыз, негізсіз тартуға немесе азаматтардың құқықтарын өзге де шектеуге жол бермеуге.

Ол кез келген іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің іс жүргізуіне қатысуға, ал қажеттігіне қарай жекелеген тергеу әрекеттерін жеке жүргізуге құқылы. Прокурор қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізу үшін тиісті органға беруге, тергеушілер мен анықтаушылардың заңсыз қаулысын жоюға, анықтау және тергеу органдарынан тексеру үшін қылмыстық істерді, құқық бұзушылық туралы материалдарды, жедел-іздіксіз қызметі, анықтау, тергеу барысы және т.б., алуға құқылы.

Прокурорлық қадағалау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін шараларды қолдану қажеттігі туындайтын жерлерде аса маңызға ие. Заңға сәйкес, тінту жүргізу, жария емес тергеу әрекеттерін жүргізу, прокурордың санкциясымен ғана мүмкін.

Прокурордың қадағалаушылық функциясы оның мынадай өкілеттіктерінде нақтыланады. Прокурор өз құзыреті шегінде:

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарынан істерді тексеру үшін құжаттарды, материалдарды және өзге де жасалған құқық бұзушылық туралы, жедел-іздіксіз қызметінің, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барысы туралы өзге де мәліметтерді талап етеді; айына бір реттен кем емес, қабылдау, тіркеу және жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштер мен хабарламаларды шешуді талап етеді;

- тергеушілер мен анықтау органдарының заңсыз және негізделмеген қаулыларын бұзады;

- тінту жүргізуге, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге және басқа да анықтау органы мен тергеушінің әрекеттеріне заңда көзделген жағдайларда санкция береді;

- анықтау органынан кез келген істі алады және тергеушіге береді, сондай-ақ оны бір сотқа дейінгі тергеп-тексеру органынан басқасына береді, сонымен қатар бір тергеушіден (анықтаушыдан) басқасына береді;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамды анықтауды немесе алдын ала тергеуді жүргізуден босатады, егер ол істі тергеу кезінде заңды бұзушылық жіберсе.

Прокурордың нұсқауы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына олармен қылмыстық істерді, Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген тәртіпте мәліметтерді тергеумен байланысты, осы органдар үшін міндетті болып табылатын.

Процестің сотқа дейінгі сатыларында қылмыстық қудалау функциясы прокурордың мынадай өкілеттіктерінде көрінеді:

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу, бұлтартпау шараларын тағайындау, өзгерту немесе жою туралы, қылмыстық құқық бұзушылықтарды сыныптау туралы, іске қатысуға айыпталушы ретінде тарту, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жекелеген тергеу әрекеттері мен іздестіру туралы жазбаша нұсқаулар беру;

- анықтау органына ұстау, алып келу, күзетке алу, тұлғаны іздеу, тінту жүргізу, алу, басқа да тергеу әрекеттерін орындау туралы қаулыларды орындау тапсыру, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу үшін және адамдарды анықтау, оларды жасаған, істер бойынша процестік прокурорды іс жүргізуде болған қажетті шараларды қолдану туралы нұсқау береді;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізуіне қатысу және қажет жағдайларда жеке жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу немесе кез келген іс бойынша толық көлемде тергеу;

- істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына қайтару, қосымша тергеу жүргізу туралы өзінің нұсқауларымен;

- қылмыстық қылық туралы айыптау актісін немесе хаттаманы бекіту, қылмыстық істі сотқа жолдау;

- айыптау актісін әзірлеу;

- өзінің қаулысымен айыптау тұжырымдамасынан жекелеген тармақтарын шығару, ауырлығы жеңілдеу құқық бұзушылықтар туралы заңды қолдану және осы өзгерістермен айыптау актісін бекіту;

- істер бойынша іс жүргізу мерзімдерін тоқтатуға не болмаса үзуге, тергеушімен істерді тоқтатуға, бұл заңмен көзделген жағдайларда келісім беруге;

- алдын кесу шараларын жою, өзгерту немесе таңдау, егер ол бұрын таңдалмаған болса;

- сот отырысына шақыруға жататын адамдардың тізімін толықтыру немесе қысқарту.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы белсенділігінің шегі шексіз емес. Бұл оның тергеушімен өзара қарым-қатынасынан айқын көрінеді. Прокурор тергеушінің дербестігін кемітуге құқығы жоқ.

Айыптау актісімен бірге келіп түскен, сондай-ақ заңда көзделген қылмыстық іс бойынша прокурор шешетін мәселелердің тізбесі (Қазақстан Республикасы ҚПК 301-бабы). Прокурор немесе оның орынбасары тергеушіден айыптау қорытындысымен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеуге және мыналарды:

1) іс-әрекеттің орын алғанын-алмағанын және іс-әрекет қылмыстық құқық бұзушылық құрамын қамтитынын-қамтымайтынын;

2) істе оны тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлардың бар-жоғын;

3) күдіктінің іс-әрекеті дұрыс сараланғанын-сараланбағанын;

4) адамға тағылып отырған іс-әрекеттің істе бар дәлелдемелермен расталғанын-расталмағанын;

5) адамның анықталған қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің барлығы бойынша күдікті деп танылғанын-танылмағанын;

6) іс бойынша өздеріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы дәлелдемелер алынған барлық адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін шаралардың қабылданғанын-қабылданбағанын;

7) бұлтартпау шарасының дұрыс таңдалғанын-таңдалмағанын және істе оны өзгертуге не оның күшін жоюға негіздердің бар-жоғын;

8) азаматтық талап қоюды және мүлікті ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету шараларының қабылданғанын-қабылданбағанын;

9) сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуде қылмыстық-процестік заңды елеулі бұзушылықтарға жол берілгенін-берілмегенін;

10) қылмыстық қудалау органының процестік шығындар сомаларын және соттың оларды өндіріп алуын қамтамасыз ету үшін өзге де сомаларды анықтау шараларын қабылдағанын-қабылдамағанын;

11) процестік келісім жасасу үшін негіздердің бар-жоғын тексеруге міндетті.

Заңмен белгіленген мерзімде прокурор айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша шешім қабылдауы тиіс, сондай-ақ прокурор немесе оның орынбасары 10 тәулік мерзімінде жалпы тәртіпте тергелген қылмыстық іс бойынша және үш тәулік мерзімінде жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруде аяқталған қылмыстық істер бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) айыптау актісін бекітеді;

2) жаңа айыптау актісін жасайды;

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қылмыстық істі қосымша тергеу жүргізу үшін жібереді;

4) осы Кодекстің 35 және 36 баптарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі толық көлемде немесе оның бір бөлігін қысқартады;

5) өз қалауы немесе қорғаушы тараптың өтінішхаты бойынша процестік келісім жасасу туралы мәселені шешеді;

б) қорғаушы куәлардың тізімін қоспағанда, сотқа шақырылуға жататын адамдардың тізімін толықтырады немесе қысқартады.

Егер айыптауды толықтыру немесе ауырырақ не болмаса бұрынырақ тағылған айыптаудан нақты мән-жайлары бойынша елеулі ерекшеленетінге өзгерту, прокурор немесе оның орынбасары істі қосымша немесе айыптауды өзгерту тағу үшін қосымша тергеуге қайтарады.

Мұқият тексеруге айыптау актісі тартылады. Қажеттілігіне қарай өзгерістер енгізіледі. Атап айтқанда, прокурор қылмыстық істі сотқа жібергенге дейін өзінің қаулысымен сотқа шақырылатын адамдардың тізімін қысқарта немесе толықтыруға құқылы. Сонымен бірге тізімнен айыпталушылар, әрекет істей алатын жәбірленушілер, кәмелетке толмаған айыпталушылардың заңды өкілдері, сондай-ақ азаматтық талапкер ретінде танылған немесе іске азаматтық талапкерлер ретінде қатысуға шақырылған тұлғалар және олардың өкілдері шығаруға жатпайды. Тізімге қосымша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында куә ретінде жауап алынбаған және сарапшы ретінде қорытындылар бермеген тұлғалар енгізуге болмайды.

Айыптау актісін бекіткен соң (қылмыстық қылық туралы хаттама), прокурор қылмыстық істі, ол сотқа жататын сотқа жібереді. Осы сотқа барлық өтінішхаттар мен шағымдар тексеру және шешу үшін іспен бірге сот отырысына жіберіледі. Ол туралы прокурор дереу айыпталушы мен қорғаушыны, сондай-ақ жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін хабарландырады және оларға оларда бар өтінішхатты ұсыну және оларды сот отырысында мәлімдеу құқығы туралы хабарландырады. Бір мезгілде прокурор айыпталушы мен қорғаушыға айыптау актісінің көшірмесін (қылмыстық қылық туралы хаттама), сот отырысына шақыруға жататын тұлғалардың тізімінен басқа, ал егер айыптау актісіне (қылмыстық қылық туралы хаттама) немесе қосымша өзгерістер енгізілген болса – өзгерту туралы қаулының көшірмесін жібереді.

Прокурор, бірінші сатыдағы соттармен қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға қатыса отырып, мемлекеттік айыптауды қолдайды, дәлелдемелерді зерттеуге қатысады, сотталушыға, жәбірленушіге, куәларға, сарапшыларға және басқа да сотқа шақырылған тұлғаларға сұрақтар қояды, Қазақстан Республикасы ҚК нормаларын қолдану туралы, сотталушының әрекеттерін сыныптау және оған жаза түрі мен көлемін тағайындау және сотпен шешуге жататын басқа да сұрақтар бойынша өзінің пікірін білдіреді, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал жасайтын себептер мен жағдайлар және оларды жою бойынша шаралар жөнінде өзінің ойын білдіреді.

Прокурор, мемлекеттік айыптауды қолдай отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы ҚПК, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарын және істің барлық мән-жайына қарауға негізделген өзінің сенімін басшылыққа алады. Егер сот тергеуінің мәліметтерінің негізінде прокурор сотталушыға тағылған айыптауды өзгерту қажеттігі туралы қорытындыға келсе, ол бұл жөнінде сотқа уәжді мәлімдеме жасауға міндетті.

Сот талқылауы нәтижесінде прокурор сот тергеуінің мәліметтері сотталушының кінәсіздігі туралы куәландырады деген сенімге келген жағдайда, ол айыптаудан бас тартуға және сотқа бас тарту уәждемесін баяндауға міндетті. Айыптау тұжырымдамасын өзгерту туралы прокурордың пікірі немесе айыптаудан бас тарту уәждемесі сотқа жазбаша ұсынылуы тиіс.

Прокурор жәбірленушімен ұсынылған азаматтық талапкерді ұсынады немесе қолдайды, егер бұны азаматтар мен қоғамның құқықтарын қорғаумүддесі талап ететін болса. Ол қылмыстық істі қарау кезінде немесе үкімді орындаумен байланысты мәселелерді шешу кезінде, не болмаса басқа да сұрақтарды, Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген жағдайда апелляциялық, кассациялық, қадағалаушылық сатыдағы сотта қатысуға құқылы.

3.2 Тергеуші, оның міндеттері және процестік жағдайы

Тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушісі және экономикалық тергеу қызметінің тергеушісі, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда – прокурор.

Әрине, тергеушінің процестік өкілеттіктері мен процестік жағдайының көлемі оның ведомстволық жататынына байланысты емес. Олар бірдей. Тергеуші қызметінің мазмұны мен бағыты қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерімен анықталады. Тергеуші қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға және кінәлілерді әшкерелеуге міндетті, яғни қандай қылмыс қашан және қандай тәсілмен жасалғанын анықтауға, оның жасалуына қатысы бар барлық тұлғаларды анықтауға (орындаушыларды, арандатушыларды, ұйымдастырушыларды, көмектесушілерді), қылмыстық құқық бұзушылықтың, оның құрамын құрайтын барлық белгілерін, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісін сипаттайтын барлық мәліметтерді, оның субъектілік және объектілік жақтарын, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға міндетті.

Қазақстан Республикасы ҚПК 60-бабына сәйкес, тергеуші:

- Тергеуші өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген барлық тергеу әрекеттерін орындауға құқылы.

- Тергеуші істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын көрсететін оған қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды күдіктінің іс-әрекетін саралау, осы Кодекске сәйкес оған бұлтартпау шараларын таңдау, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары баяндалған, жинақталған дәлелдер сипатталған айыптау актісін жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндетті.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда прокурорды процестік келісімді жасасуға мүмкіндік беретін мән-жайлардың анықталғаны туралы хабардар етеді.

- Үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тергеуші күдіктінің немесе оның әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтау үшін шаралар қолдануға міндетті.

- Қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде тергеуші қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін де шаралар қолдануға міндетті.

- Тергеуші анықтау органдарының кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындауын күтпей-ақ, кез келген сәтте өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және оны тергеп-тексеруге кірісуге құқылы.

- Тергеуші заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. Қылмыстық іс бойынша тергеуші өз өкілеттіктері шегінде шығарған қаулы, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы тапсырмалар мен нұсқаулар барлық ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті.

Тергеуші тергеудегі іс бойынша прокурордың нұсқауларымен келіспеген жағдайда, олар жөнінде жоғары тұрған прокурорға шағым жасауға құқылы.

Тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға, оларды осы Кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті, іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқығы бар.

Тергеуші өзіндегі істер іс жүргізу бойынша анықтау органына жекелеген тапсырмалар беруге құқылы. Олар жекелеген тергеу әрекеттерінің, іздестіру іс-шараларының іс жүргізуіне қатысты болуы мүмкін. Анықтау органына тергеуші жеке тергеу міндетін тапсыра алады. Мысалы, күдікті тұлға туралы бағыт көрсететін ақпаратты жинау, белгісіз куәні анықтау, жасырынған күдіктінің тұрған жерін анықтау және т.б. Қажеттілігіне қарай тергеуші жедел-іздестіру материалдарымен танысуға құқығы бар.

3.3 Анықтау органдары

Анықтау органы – құқық берілген заңмен белгіленген мемлекеттік орган, тергеуші секілді белгіленген құзыреті шегінде қылмыстық-процестік қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ алдыларында тұрған өзге де функциялар мен міндеттерді орындайтын [4].

Анықтау органдарына Қазақстан Республикасы ҚПК 61-бабы:

- 1) ішкі істер органдарын;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдарын;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті;
- 4) экономикалық тергеу қызметін;

5) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілер, әскери жиындардан өту кезінде запаста тұрған азаматтар, әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персонал адамдары өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – әскери полиция органдарын;

арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен қызметкерлері жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарын;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңнаманы бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – шекаралық қызмет органдарын;

7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызметін өткеріп жүрген, өздеріне бағынысты әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери жиындардан өту кезінде запаста тұрған азаматтар жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персонал адамдары өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – әскери полиция органы болмаған жағдайда, әскери бөлімдердің, құрамалардың командирлері, әскери мекемелер мен гарнизондардың бастықтарын;

8) өздерінің қызметкерлері болу елдерінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің басшыларын;

9) күзетілетін іс-шаралар өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін жатқызады.

Бұдан, анықтау әртүрлі құқық қолдану органдарымен жүзеге асырылатынын, олар орындайтын негізгі функциялардан шығатын және олармен анықталатынын. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша олардың қызметі заңмен шектелген. Анықтау органдарына қылмыстық құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды анықтау мақсатында қажетті жедел-іздістіру және өзге де қылмыстық-процестік заңда көзделген шараларды қолдану жүктеледі.

3.4 Анықтау органының бастығы және анықтаушы

Заңда анықтау органы бастықтары болып табылатын лауазымды адамдар тобы және олардың өкілеттіктері едәуір нақты айқындалған.

Бас анықтау органы басқармасының (Департаментінің), анықтау органы басқармасының, бөлімінің, бөлімшесінің және өзге де бөліністерінің бастықтары анықтау органының бастығы болып табылады. Бұл сұрақтың заңнамалық шешімі маңызды практикалық мәнге ие. Тәжірибеде лауазымды адамдардың қайсысы (мысалы, АІБ бастығы немесе АІБ анықтау бөлімінің бастығы) анықтау органы бастығының өкілеттігін жүзеге асыруы, атап айтқанда, қылмыстық істер бойынша анықтаушының қаулысын бекітуі тиіс деген сауал жиі туындайды.

Анықтау органының бастығы анықтаушының жұмысын ұйымдастыруы, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін және оларды жасаған адамдарды анықтау мақсатында қылмыстық-процестік және жедел-іздістіру шараларын қамтамасыз етуі тиіс.

Алдын ала тергеп-тексеру жүргізілетін істер бойынша, анықтау органының бастығы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін өткізуді қамтамасыз етеді, тергеушінің, прокурордың, соттың жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу, жәбірленушілерді, куәлар мен процеске басқа да қатысушыларды қорғау бойынша шаралар қолдану туралы тапсырмаларының орындалуын ұйымдастырады.

Анықтау органының бастығы Қазақстан Республикасының ҚПК 62-бабы тәртібінде: анықтау органының бастығы мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау, халықаралық іздістіру жариялау, күзетпен ұсталмайтын күдіктіні, айыпталушыны стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға жіберу, күдіктіге, айыпталушыға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту; күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою; тінту жүргізу; күдіктіні, айыпталушыны лауазымынан шеттету; жақындауға тыйым салу; күдіктіні, айыпталушыны этаппен апару, күдіктіге, айыпталушыға іздістіру жариялау туралы қаулыларды келіседі; айыптау актісін, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы келіседі; қылмыстық құқық бұзушылық жасауға күдік келтірілген адамдарды ұстап алу туралы хаттаманы бекітеді; қылмыстық істі келісілген айыптау актісімен немесе қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен бірге

прокурорға жібереді; қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою жөнінде шаралар қолдануды қамтамасыз етеді.

Анықтау органының бастығы алдын ала тергеу органдарының тергеулігіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша:

- кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуді қамтамасыз етеді;

- прокурордың, тергеу бөлімі бастығының, тергеушінің тапсырмаларын, оның ішінде жекелеген тергеу ісін және өзге де әрекеттер жүргізу және жәбірленушілерді, куәларды, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамдарды қорғау шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады;

- соттың тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерілуін анықтау органдары жүзеге асыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау органының бастығы анықтаушылардың әрекеттерінің уақтылығын және заңдылығын бақылайды және:

- олардың іс жүргізуіндегі істерді тексеруге;

- жекелеген тергеу және өзге де процестік әрекеттерді жүргізу, күдіктінің іс-әрекетін саралау, істерді, материалдарды бір анықтаушыдан екіншісіне беру туралы нұсқау беруге;

- анықтауды бірнеше анықтаушыға тапсыруға;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және бұл ретте істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап не жекелеген процестік әрекеттерді орындай отырып, анықтауды жеке өзі жүргізуге құқылы.

Тергеумен аяқталған істер анықтау органының бастығымен прокурорға жолданады. Анықтау органы бастығының нұсқауы жазбаша түрде берілуі тиіс және орындау үшін міндетті, бірақ прокурорға шағым берілуі мүмкін.

Анықтаушы. Қазақстан Республикасы ҚПК 63-бабына сәйкес, Анықтаушы – іс бойынша өз құзыретінің шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам.

Анықтаушы, шын мәнісінде, ол да тергеуші, бірақ тергеуші секілді қылмыстық істі тергеу кезінде барлық дербестікке ие емес. Әңгіме мынада, оның көптеген процестік шешімдері іс бойынша іс жүргізу кезінде, олар бекітілігеннен соң ғана заң күшіне ие болады, ең алдымен, анықтау органының бастығымен (Қазақстан Республикасы ҚПК 62-бабының 5-тармағы). Сонымен қатар, анықтаушының қарсылық білдіру туралы мәселесі прокурордың өкілеттігіне жатады [3] (Қазақстан Республикасы ҚПК 89-бабы).

Анықтаушы істі анықтау органының бастығы бекіткен өз қаулысымен өзінің іс жүргізуіне қабылдап алуға және осы Кодексте айқындалған нысандарда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға, заңда оларды анықтау органы бастығының бекітуі не келісуі не прокурордың, соттың, тергеу судьясының санкциялары немесе соттың шешімі көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекеттері мен басқа да процестік әрекеттерді жүргізу туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 63-бабының 2-бөлігі).

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықтаушы осы Кодекстің 190, 191-баптарында көзделген алдын ала тергеу, алып қою үшін ерекшеліктерді қоспағанда, алдын ала тергеу жүргізу үшін осы Кодексте көзделген қағидаларды басшылыққа алады (Қазақстан Республикасы ҚПК 63-бабының 3-бөлігі).

Анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізілетін істер бойынша анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуге уәкілетті, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын ала тергеу органын хабардар етуге міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 63-бабының 4-бөлігі).

Анықтаушы соттың, прокурордың, алдын ала тергеу органының және анықтау органының жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу туралы, қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауға міндетті. Үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында анықтаушы күдіктінің немесе олардың әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтауға шаралар қолдануға міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 63-бабының 5-бөлігі).

Тергеушіден ерекшелігі анықтаушы, егер ол анықтау органы анықтаушылар штаттық бөліністерінде тұрса, оның іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша да, сонымен қатар тергеушінің тапсырмасы бойынша іс жүргізу міндетті қылмыстық іс жүргізулер бойынша жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруға құқылы. Қазақстан Республикасы ҚПК 3-бабының мағынасы бойынша анықтаушы, қылмыстық істерді тергеу негізгі міндеті функциясы болып табылатын, анықтау органының жедел аппаратына жасырын іс-шаралар жүргізу жөнінде, сондай-ақ өзінің тергеулігіндегі қылмыстық істер бойынша тапсырма беруге құқылы.

Анықтаушының қылмыстық іс бойынша заңсыз процестік әрекеттері мен процестік шешімдері қылмыстық-құқықтық тәртіпте жазаланады. Сонымен бір мезгілде тергеу барысының қылмыстық қарсы іс-қимылы, оның объективтілігі, анықтаушыға қол сұғушылық және олар жүргізетін тергеудің тәуелсіздігі, сондай-ақ осы кінәлі адамға қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырады.

4. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар

Қазақстан Республикасы ҚПК 9-тарауына сәйкес өздерінің немесе ұсынылатын құқықтар мен мүдделерді қорғап қылмыстық процеске қатысушыларға жататындар:

Күдікті. Қазақстан Республикасы ҚПК 64-бабының негізінде, өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған, қылмыстық-процестік кодекстің 131-бабының тәртібімен ұстап алынған, өзіне қатысты күдіктінің іс-

әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған, қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 64-бабының тәртібінде күдікті өзінің құқықтарын қорғау үшін құқықтық базаның жеткілікті кең тізбесіне, яғни құқығы бар:

- ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға;

- өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;

- өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы Қазақстан Республикасы ҚПК 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

- іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

- таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге;

- күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге;

- күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға;

- айғақ беруден бас тартуға;

- дәлелдемелерді ұсынуға;

- өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;

- ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;

- аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

- өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға;

- заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға;

- тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процесстік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процесстік келісімді жасасуға;

- өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге;

- тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге;

- өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға;

- сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде Қазақстан Республикасы ҚПК 274, 286 баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға;

- тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы ҚПК белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге;

- қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге;

- жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға;

- өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы тұлғаны ұстап алу бас бостандығынан айыру орындарына орналастырумен заңда көзделген негіздер бойынша жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алу болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 128-бабы). Мұндай ұстап алу сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын туғызады. Күдіктінің мәртебесі оны ұстап алу хаттамасымен белгіленеді. Әдетте ұстап алғаннан кейін, негіздер болған кезде, күдіктіні күзетке алынуы тиіс. Алайда бұл міндетті емес, және тергеуші бас бостандығынан айырумен байланысты емес өзге алдын алу шарасымен шектеле алады. Одан әрі қамаққа ала отырып ұстап алу кезінде бұлтартпау шарасын қолдану Қазақстан Республикасы ҚПК 139-бабында көзделген жағдайлардан басқа, оның іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылғанға дейін қолданылады. Одан әрі қамаққа алумен байланысты емес ұстап алу кезінде кез келген басқа бұлтартпау шарасын қолдану кезінен бастап он тәуліктен кешіктірмей саралануы тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 140-бабы). Ақыр соңында, күдіктінің пайда болуын заң белгілі бір тұлғаға қатысты бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы (қамақ міндетті емес) байланыстырады. Қаулы шығарылғанға дейін тұлға, куә ретінде немесе ешқандай процестік ретінде бола тұруы мүмкін. Белгілі бір адамға қатысты күдіктің болуы туралы негізді куәландыратын дәлелдемелерді жинап, тергеуші оған бұлтартпау шарасын қолдануға және одан әрі ол тұлғамен күдікті ретінде жұмыс істеуге құқылы.

Жоғарыда баяндалғанның құрамында, алдын ала жауап алу барысында күдіктінің куә ретінде берген мәліметтерінің, дәлелдемелер ретінде таныла алмайтыны және айыптау негізіне жатқызылмайтыны туралы ескертуі болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 115-бабының 3-бөлігі). Бұдан, егер нақты бір тұлғаға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталмаса, немесе бұлтартпау шарасы қолданылмаса, одан күдікті ретінде жауап алуға болмайды.

Айыпталушы. Өзіне қатысты прокурор айыптау актісін бекіткен, прокурор қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекіткен және

қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылдаған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы ҚПК 617-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен процестік келісім жасасу арқылы аяқталған адам айыпталушы болып танылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 65-бабының 1-бөлігі).

Айыпталушы Қазақстан Республикасы ҚПК 64-бабының тәртібімен көзделген барлық құқықтарды пайдалана алады, сондай-ақ заң оның құқықтық мөлшерін кеңейтеді:

- өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге;
- прокурор бекіткен айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін алуға;

- өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндікке ие болуға;

- іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

- тергеп-тексерудің кез келген сатысында процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға, процестік келісімнің көшірмесін алуға;

- қылмыстық-процестік заңда көзделген жағдайларда, қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

Қазақстан Республикасы ҚПК 65-бабына сәйкес, өзіне қатысты сот талқылауы тағайындалған, ал жекеше айыптау істері бойынша өзіне қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылдаған айыпталушы сотталушы деп аталады. Өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған сотталушы сотталған адам деп аталады. Өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы ақталған адам деп аталады.

Жоғарыда көрсетілген норма сотталушының құқығын белгілейді:

- бірінші және апелляциялық сатылардағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға;

- қорғаушы тараптың барлық құқықтарын, сондай-ақ соңғы сөз құқығын пайдалануға;

- сот талқылауының кез келген сатысында ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға;

- жасалған процестік келісімнен сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткен кезге дейін бас тартуға;

- жария сот талқылауын талап етуге;

- істі тоқтатуға қарсылық білдіруге құқығы бар.

Сонымен бірге сотталған адамның немесе ақталған адамның:

- сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге;

- соттың үкіміне, қаулысына, судьяның қаулысына шағым жасауға және шағым жасалған шешімдердің көшірмелерін алуға;

- іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар беруге;

- келтірілген шағымдар мен наразылықтардың сотта қаралуына қатысуға;
- ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға құқығы бар.

Айыпталушы – қылмыскер емес, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы кінәлі танылған адам емес деп батыл түрде айтуға болады. Кінәсіздік презумпциясы күшіне кінәлі деп тану заңды күшіне енген соттың үкімі бойынша ғана мүмкін.

Жәбірленуші. Қылмыстық құқық бұзушылық өзіне тікелей моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірді деп пайымдауға негізі бар тұлға қылмыстық процесте жәбірленуші деп танылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 71-бабының 1-бөлігі).

Жәбірленушіге бір мезгілде зиянның барлық үш түрі келтірілуі мүмкін: моральдық (адамгершілік, ішкі, жанды); тәндік (организмді және оның мүшелерін зақымдау); мүліктік (жеке меншік, жылжымалы, жылжымайтын мүлікті зақымдау, жою, ұрлау). Адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулыда тергеуші оған келтірілген зиянның түрлерін көрсетуге міндетті [3].

Жәбірленуші өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау, оларды қалпына келтіру және зиянды өтеу бойынша құқықтары берілген (Қазақстан Республикасы ҚПК 71-бабының 6-бөлігі). Оның: келтірілген күдік пен тағылған айыптау туралы білуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; дәлелдемелерді ұсынуға; өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өкілінің болуына; қылмыстық қудалау органы одан дәлелдеу құралы ретінде алып қойған немесе өзі ұсынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамнан алып қойылған, өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың төлнұсқаларын алуға; заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуға, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге; өз өтінішхаты не өз өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын ұсыну, жеке өмірінің мән-жайларын жария етпеу туралы, күдіктіге қатысты жақындауға тыйым салуды қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; өзін жәбірленуші деп тану немесе танудан бас тарту, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылардың, айыптау актісінің көшірмелерін, сондай-ақ бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға, ал сот отырысы

хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға; ал сот отырысында аудио-, бейнетіркеу қолданылған жағдайда – хаттаманың соңына қол қоюға, хаттамаға ескертулер беруге құқылы; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге; соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге және оларды қарауға қатысуға; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; тараптардың процестік келісім жасасу ниеті, оның шарттары мен салдары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге құқығы бар.

Жәбірленуші – қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды дәлелдеу процесіне белсенді қатысушы. Бұл функцияны олар, іс бойынша айғақтар беру және дәлелдемелер ұсыну жолымен іске асырады. Тиісті өтінішхатпен арыздану жолымен жәбірленуші ұсынатын заттар, құжаттар, мәліметтер қылмыстық процесті жүргізетін органның міндетті зерттеуіне (тексеру, зерделеу) жатады, егер олардың іске қатысы болса, Қазақстан Республикасы ҚПК белгіленген тәртіпте материалдарға тігіледі.

Жәбірленушінің өзіне мүліктік зиянды өтеу туралы талап қоюы, соның ішінде асыраушысын жоғалтып алуға байланысты келтірілген, денсаулығының жарымжан немесе өзге де зақымдануымен, жерлеуге кеткен шығыстар туралы, моральдық зиянды ақшалай түрде өтеу және т.б., азаматтық талапкермен қылмыстық процесті жүргізетін органның жеке қаулысымен танылуы тиіс. Иесінде (жалдаушы, сақтаушы және т.б.) заңды негізде болған материалдық құндылықтарды ұрлау, зақымдау немесе жою кезінде, азаматтық талапкер меншік иесі ретінде, сондай-ақ осы құндылықтардың қожасы ретінде ұсынуға құқылы.

Прокурор айыптаудан толық бас тартқан жағдайда, егер айыптаудан жәбірленуші де бас тартса, сот өз қаулысымен істі тоқтатады. Егер жәбірленуші айыптауды талап етсе, сот талқылауды жалғастырып, істі жалпы тәртіппен шешеді. Бұл жағдайда прокурор процеске одан әрі қатысудан босатылады, ал айыптауды жәбірленушінің өзі немесе өкілі арқылы қолдайды. Жәбірленушінің өтінішхаты бойынша сот оған өкіл шақыру үшін уақыт беруге тиіс, егер оның өкілі болмаса [3] (Қазақстан Республикасы ҚПК 337-бабының 7-бөлігі). Жекеше айыптау істері бойынша жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартуға құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 411-бабының 6-бөлігі). Бұндай жағдайда судья жекеше айыптаушының айыптаудан және тараптарды татуластырудан бас тартқанын ескере отырып, істі тоқтатады (Қазақстан Республикасы ҚПК 412-бабының 1-бөлігінің 2) тармақшасы).

Шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда жәбірленуші қылмыстық процесті жүргізетін органның уәжді қаулысы бойынша мәжбүрлі әкелуге ұшырауы мүмкін. Мәжбүрлі әкелуге он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар, он сегіз жасқа толмаған адамдар, олардың заңды өкілдерінің хабарландырылуынсыз, екіқабат әйелдер, сондай-ақ дәрігердің растауына жататын, денсаулық жағдайы бойынша немесе тұрған жерін қалдырып кетпеуі

тиіс ауру жәбірленушілер жатпайды. Мәжбүрлі әкелу туралы қаулы сот приставымен немесе ішкі істер органымен орындалады [3].

Жәбірленушінің айғақ беруден бас тартуы және көрінеу жалған айғақ беруі Қазақстан Республикасы ҚК 352-353 баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. Жәбірленушінің айғақ беруден бас тартуы (оған негіздерсіз) одан жауап алу хаттамасында көрініс табуы тиіс және қылмыстық іс қозғауға негіз болуы тиіс. Жәбірленуші қылмыстық жауаптылықтан босатылады, егер ол ерікті түрде анықтау, алдын ала немесе сот тергеуі барысында сот үкім немесе қаулы шығарғанға дейін оның жалған айғақ бергені туралы мәлімдесе. Жәбірленушінің өзіне, зайыбына (жұбайына) немесе өзінің жақын туыстарына қарсы айғақ беруден бас тартуы оның қылмыстық жауапкершілігін болдырмайды.

Осылайша, Қазақстан Республикасы ҚПК 71-бабы, «қылмыстық құқық бұзушылықпен» өзіне мүліктік зиян келтірілген заңды тұлғаның жәбірленуші болып танылатынын көздейді. Алайда құқық бұзушылықтың жасалғандығы үкім шығарылғаннан кейін ғана анық болады. Сондықтан тұлғаны жәбірленуші деп тануға дәлелді негіз қылмыстық құқық бұзушылық жасалды, және олармен осы тұлғаға зиян келтірілді деп пайымдауға жеткілікті дәлелдемелердің болуы.

Қылмыстық процесте, жекеше айыптау ісі бойынша сотқа шағым берген және сотта айыптауды қолдайтын тұлға, сондай-ақ жариялы және жекеше-жариялы айыптау істері бойынша мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда, сотта айыптауды жеке өзі қолдайтын жәбірленуші **жекеше айыптаушы** болып табылады. Жәбірленуші кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз болған жағдайда, оның өтінішхатты, өтіруді мәлімдеген немесе шағым берген заңды өкілі жекеше айыптаушы болып саналады (Қазақстан Республикасы ҚПК 72-бабының 1-бөлігі).

Кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз жәбірленушінің жекеше айыптаушысы, оның өтінішхатты, өтіруді мәлімдеген немесе шағым берген заңды өкілі болып саналады.

Жекеше айыптаушы жәбірленушінің құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

Азаматтық талапкер Қазақстан Республикасы ҚПК 73-бабының 1-бөлігіне сәйкес - қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның іс-әрекетімен келтірілген мүліктік немесе моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық талап қойған жеке немесе заңды тұлға азаматтық талапкер болып танылады.

Азаматтық талапкердің өзі қойған талапты қолдау мақсатында: күдіктің, айыптаудың мәнін білуге; дәлелдемелерді ұсынуға; қойылған талап бойынша түсініктеме беруге; қылмыстық іске қосып тігу үшін материалдарды ұсынуға; өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге, ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар мен түсініктемелер беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға, өкілінің болуына; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға; өзінің өтінішхаты бойынша немесе өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілген тергеу әрекеттеріне прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; тергеп-тексеру

аяқталғаннан кейін істің азаматтық талап қоюға қатысты материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға; өзінің мүддесін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талап қоюға қатысты процестік шешімдердің көшірмелерін алуға; азаматтық талап қоюдың кез келген сот сатысында қаралуына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге; соттың үкімі мен қаулыларына азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде шағым жасауға; іс бойынша азаматтық талап қою бөлігінде келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге; мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; қылмыстық-процестік кодекстің 173-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, келтірілген зиянның өтемақысын жәбірленушілерге зиянды өтеу қорының қаражаты есебінен алуға; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар.

Тұлғаны азаматтық талапкер деп тану туралы, азаматтық талапкер деп танудан бас тарту туралы не болмаса тұлғаның қылмыстық процесте азаматтық талапкер ретінде қатысуын тоқтату туралы шешім қылмыстық процесті жүргізетін органның уәзді қаулысымен ресімделеді. Қаулы талап арыз түскеннен соң не болмаса көрсетілген процестік ережеде тұлғаның болуы үшін негіздердің болмауын көрсететін мән-жайларды белгілеу дереу қабылдануы тиіс. Қабылданған шешім туралы азаматтық талап берген, сондай-ақ мүдделері азаматтық талапта қозғалатын процестің қатысушылары хабарландырылады. Сонымен бірге, азаматтық талапкер деп танылған тұлғаларға, Қазақстан Республикасы ҚПК 73-бабында көзделген процестік құқықтары мен міндеттері түсіндірілуі тиіс. Азаматтық талап қою туралы прокурормен сондай-ақ талап қойылған мүдделерінде тұлғалар хабарландырылады. Прокурор басқа тұлғалардың мүдделерін қорғауға азаматтық талап қойған, азаматтық талапкер деп тануға жатпайды, себебі оның дербес процестік ережесі Қазақстан Республикасы ҚПК 58-бабының 2-бөлігінде айқындалған. Бұл жағдайда талапкер деп мүддесіне талап берілген тұлға танылады. Іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында азаматтық талапкер деп танудан бас тартылған тұлға, сот тергеуі басталғанға дейін (Қазақстан Республикасы ҚПК 169-бабы) азаматтық талап қоюға сонымен бірге оны Қазақстан Республикасының азаматтық талапкері деп тану туралы өтінішхат беруге құқылы.

Қазақстан Республикасы ҚПК 74-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық істе өзіне талап қойылған жеке немесе заңды тұлға **азаматтық жауапкер** болып танылады.

Азаматтық жауапкердің өзіне қойылған талапқа байланысты өз мүдделерін қорғау мақсатында: күдіктің, айыптаудың және азаматтық талап қоюдың мәнін білуге; талап қоюға қарсылық білдіруге, қарсы талап қоюды беруге; қойылған талаптың мәні бойынша түсініктемелер мен айғақтар беруге; өкілінің болуына; қылмыстық іске қосып тігу үшін материалдарды ұсынуға;

өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін азаматтық талап қоюға қатысты материалдармен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға; өзінің мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талап қоюға қатысты процестік шешімдердің көшірмелерін алуға; азаматтық талап қоюдың кез келген сот сатысында қаралуына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге, қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге; соттың үкімі мен қаулысына азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде шағым жасауға; іс бойынша азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде келтірілген наразылықтар мен шағымдар туралы білуге және оларға қарсылықтар беруге; мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар.

Сотталушы өзінің кінәсін толық көлемде, оның ішінде істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы кезінде, азаматтық талап бойынша зерттеу жүзеге асырылмайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 1-бабының 1) тармақшасы). Сотталушының (азаматтық жауапкермен және оның өкілдерімен) азаматтық талапты мойындамауы, қылмыстық іс бойынша сот тергеуін зерттеумен, оның ішінде азаматтық талапқа жататын мән-жайларды толық көлемде жүргізуге әкеледі.

Қылмыстық іс барысында азаматтық талап қойылған кезде тек талапкер ғана мемлекеттік баж төлеуден босатылады, сондықтан талап толық немесе ішінара қанағаттандырылған жағдайда сот үкімде жауапкерден (жауапкерлерден) мемлекеттік бажды мемлекет пайдасына толық немесе талаптың қанағаттандырылған бөлігіне сәйкес өндіру туралы мәселені шешеді [6] («Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысының 28-тармағы).

Қорғаушы. Берілетін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғаларға қылмыстық-процестік заң қорғаушыны, кәмелетке толмаған айыпталушының, күдіктінің заңды өкілдерін, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің өкілдері мен жеке айыптаушыны, азаматтық талапкердің өкілін жатқызады.

Қорғаушы – қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оларға қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заң көмегін көрсететін адам (Қазақстан Республикасы ҚПК 66-бабының 1-бөлігі).

Адвокат қорғаушы ретінде қатысады. Адвокат қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысқан кезде қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жазбаша арызы бойынша оларды адвокатпен қатар қорғауды мына адамдардың біреуі: жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, қорғаншысы, қамқоршысы не қорғалатын адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі

жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара түсіністік негізде көзделсе, қылмыстық-процестік кодексте белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Адвокатты іске қатысуға рұқсат беру қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы негізінде, онда Қазақстан Республикасы ҚПК 70-бабында аталған қорғаушының өкілеттіктерін түсіндірмесі көрсетіле отырып жүзеге асырылады. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі ордермен куәландырылады. Ордердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді. Ордерлердің берілуін бақылау мен есепке алуды адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады. Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен расталады. Адвокат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ, егер бұл қабылдаған тапсырманы орындау үшін қажет болса және тиісті мемлекеттердің заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмесе, оның аумағынан тыс жерлерде адвокаттық қызметпен айналысуға құқылы («Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңының 13-бабы).

Адвокат, жұбайы (зайыбы), жақын туысы немесе күдіктінің, айыпталушының, сотталушының заңды өкілдері, кәсіподақтардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінің іске қорғаушы ретінде қатысуы туралы мәселені шешкен кезде қылмыстық процесті жүргізетін орган Қазақстан Республикасы ҚПК 68-бабының 8-бөлігінде көрсетілген құжаттардың оларда барлығын тексеруге міндетті. Кәсіподақтардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін қорғаушы ретінде жіберудің міндетті шарты күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның осы бірлестіктерге мүшелігі болып табылады, ол тиісті құжаттармен расталған болуы тиіс. Осыған байланысты, қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғаның қоғамдық бірлестіктерге өтініші, ол мүшесі болып табылмайтын, олардың өзіне қорғаушы функциясын қабылдауына негіз бола алмайды, ал демек, олардың олардың қылмыстық процеске жіберілуі («Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 26 нормативтік қаулысының 5-6 тармақшалары).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 70-бабының тәртібінде, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуға жіберілген сәттен бастап қорғаушы: күдіктімен, айыпталушымен саны мен ұзақтығы шектелмейтін оңаша және құпия кездесуге; қылмыстық іс материалдарына міндетті түрде қоса тігілуге жататын, заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға; күдіктіден, айыпталушыдан жауап алуға, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтінішхаты не қорғаушының өз өтінішхаты бойынша жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне және процестік әрекеттерге, оның ішінде қарап-тексеруге, тінтуге, алуға қатысуға; қарсылық білдірулерді

мәлімдеуге; күдіктіге, айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуға тиіс болатын ұстап алу хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолданудың және күзетпен ұстаудың, ұйқамақтың мерзімін ұзарту туралы қаулымен, іс бойынша мерзімдерді ұзу туралы хабарламамен, күдіктінің немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін – істің барлық материалдарымен танысуға, одан мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және айыптау куәларының тізімін қоспағанда, кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен көшірмесін түсіруге, күдіктіге күдікті деп тану туралы, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілген кезде қатысуға; өтінішхаттарды, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеуге; кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, сот талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау кезінде, соттың бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарауы кезінде, күзетпен ұстау, ұйқамақ мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттарды қарауы кезінде, тергеу судьясы қорғаушы тараптың шағымдары мен өтінішхаттарын қараған кезде, айғақтар сақтауға қою кезінде сот отырысына қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға құқылы, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға және оған ескерту енгізуге; өзіне және өзінің қорғауындағы адамға табыс етілуге жататын процестік құжаттардың көшірмелерін алуға; қылмыстық процесті жүргізетін адамның және қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды процестік құжаттарға енгізуді талап етуге; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге және оларды қарауға қатысуға; заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға; қорғауындағы адамның қатысуымен процестік әрекеттің өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ қорғаушы тараптың шағымдарын, бұлтартпау шарасын қолдану, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту, айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхаттарды қарауға байланысты барлық сот отырыстары туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган арқылы күні бұрын хабардар етілуге құқылы.

Қорғаушыдан бас тартуды қолдану туралы шешім қылмыстық процесті жүргізетін органның ерекше билігі болып табылады. Мысалы, қорғаушыдан бас тарту сондай-ақ істің белгілі бір мән-жайларымен байланысты қабылданбауы мүмкін (айыптаудың үлкен көлемі, жауапкершілікке тартылған тұлғалардың санының көптігі, істе күдікті, айыпталушы, сотталушы үшін қиындық туғызатын зерттеу материалдарының болуы және т.б.).

Заң, қорғаушыдан бас тарту қорғаушының немесе адвокаттың қатысуымен, қорғаушы болып тағайындалуы мүмкін және қорғаушының өзінің болмауына жол берілмейтіндігін ерекше ескертеді (Қазақстан Республикасы ҚПК 69-бабының 1-бөлігі). Қызмет көрсетуінен бас тартуы кезінде қорғаушының болуы адвокаттың ордері қылмыстық істің материалдарына

тігілуімен расталады не болмаса қорғаушы ретінде жіберілген өзге тұлғаның тиісті құжатының көшірмесі.

5. Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар

Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдарға, қылмыстық-процестік заң куәні, сарапшыны, маманды, аудармашыны, айғақты, сот отырысының хатшысын, сот приставын жатқызады (Қазақстан Республикасы ҚПК 10-тарауы). Заң, аталған адамдардың қылмыстық істе тікелей мүдделі еместігін, бірақ дәлелдеу процесіне тікелей қатысатынын (куә, сарапшы, маман), олардың қатысуынсыз қылмыстық іс бойынша ақиқатты белгілеу мүмкін еместігіне сүйенеді. Бұдан басқа, өзге адамдар көмекші және техникалық функцияларды орындайды (аудармашы, айғақ, сот отырысының хатшысы, сот приставы).

Іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам айғақтар беру үшін куә болуы мүмкін. Куәдан жауап алынуы мүмкін мән-жайлар, қылмыстық құқық бұзушылықтың өзін, сонымен қатар өзге де олармен байланысты өзге де мән-жайлар қатысты болуы мүмкін. Мысалы, куәмен қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін, айыпталушының сипаттамасын, процеске қатысушылардың өзара қарым-қатынасын және т.б., анықтау. Куә айғағының субъектісі қылмыстық құқық бұзушылықты көрген адамдар, туыстары, таныстары, қызметтестері, анықтау органының қызметкерлері және т.б., болуы мүмкін. Қазақстан Республикасы ҚПК 78-бабының 2-бөлігіне сәйкес: судья, қорғаушы, өкілдер, діни қызметшілер, сондай-ақ өзінің жасының толмауына не психикалық немесе дене кемістіктеріне байланысты іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы айғақ беруге қабілетсіз адамдар куә ретінде жауап алынуға жатпайды. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуына байланысты оған белгілі болған мән-жайлар туралы соттың жауап алуын жүргізуге тыйым сала отырып, сондай-ақ кеңесу бөлмесінде талқылаумен байланысты, заң оның тәуелсіздігінің қосымша кепілдіктерін белгілейді. Ұсынатын адамдарының құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша өздерінің міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің қорғаушысы мен өкілінен жауап алуға болмайды. Олай болмаған жағдайда олар өздеріне алған міндеттемелерін орындай алмаған болар еді.

Куәларда айғақ беру, ең алдымен, міндет. Содан кейін барып құқық болып табылады. Көрінеу жалған айғақ бергені немесе айғақ беруден бас тартқаны үшін куә Қазақстан Республикасы ҚК 420, 421 баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Алайда, жекелеген адамдарда айғақ беру – міндет емес, - құқық.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-тармағының 7) тармақшасында, ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни

қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті еместігі белгіленген [1].

Куәның сондай-ақ процестік құқықтарына: өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беру, аудармашының тегін көмегін пайдалану, өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеу, жауап алу хаттамасына айғақтарды өз қолымен жазу, қылмыстық процесті жүргізетін органның іс-әрекетіне шағым әкелу жатқызылады. Куә өзінің адвокатының қатысуымен айғақ беруге құқығы бар (Қазақстан Республикасы ҚПК 78-бабының 3-бөлігі). Алайда заң қылмыстық іске куәнің адвокатын жіберу тәртібін және онымен байланысты мәселелерді түсіндірмейді.

Қазақстан Республикасы ҚПК 78-бабының 4-бөлігіне сәйкес, куә:

- қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге;
- іс бойынша болғанның бәрін шынайы түрде хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге;
- егер өзіне бұл туралы анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге;
- тергеу әрекеттерін жүргізген кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Сарапшы – қылмыстық істе мүдделі емес тұлға, арнаулы білімі бар, қылмыстық процесті жүргізетін орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптама жүргізуді тапсырған. Сарапшы лауазымы бойынша немесе арнаулы ғылыми білімі бар адам болуы мүмкін.

Сарапшының процестік мәртебесі оның объективті, ғылыми негізделген зерттеулер жүргізу мүмкіндігін белгілейді, қылмыстық процесті жүргізетін орган ұсынған материалдар оның алдына қойылған мәселелерді шешу мақсатында.

Қазақстан Республикасы ҚПК 79-бабының 3-бөлігіне сәйкес, сарапшының: сараптаманың нысанасына жататын материалдармен (іс материалдарымен) танысуға; қорытынды беру үшін өзіне қажетті қосымша материалдарды беру туралы, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырысына қатысуға және оларға қатысатын тұлғаларға сараптама нысанасына қатысты сұрақтар қоюға; өзі қатысқан процестік әрекеттің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс тіркелуіне қатысты, хаттамаларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға құқығы бар. Сарапшы өз бастамасы бойынша қорытындыда іс үшін маңызы бар және сараптама жүргізу барысында анықталған мән-жайларды көрсете алады. Қорытынды мен оның айғағы сарапшының ана тілінде немесе өзі білетін тілде ұсынылуы мүмкін. Сарапшыға аудармашының тегін көмегін пайдалану, қылмыстық процесті жүргізетін органның және іс бойынша іс жүргізуге қатысатын өзге де тұлғалардың сараптама жүргізу кезінде өзінің құқықтарына қысым көрсететін шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасау, аудармашыға қарсылық білдіруді

мәлімдеу құқығы ұсынылады. Сарапшының арнаулы білімінің шегінен шығатын сұрақтар қойылған немесе оған қорытынды үшін жеткіліксіз материалдар ұсынылған жағдайда, ол қорытынды беруден бас тарта алады. Сараптама жүргізу кезінде шегілген шығыстарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқылы.

Сарапшы: қылмыстық процесті жүргізетін органды хабардар етпестен, процеске қатысушылармен сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге; зерттеу үшін материалдарды өз бетінше жинауға; егер сараптама тағайындаған органның бұған арнайы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішінара жоюға не олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеліп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге құқылы емес.

Сарапшы: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге; өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, қойылған мәселелер бойынша негізделген және объективті жазбаша қорытынды беруге; жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге; істің мән-жайы туралы мәліметтерді және сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге; процестік іс-әрекеттер жүргізу кезінде тәртіпті сақтауға міндетті. Көрінеу жалған қорытынды бергені үшін сарапшы Қазақстан Республикасы ҚК 421-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

Маман – қылмыстық құқық бұзушылықты тергеу процесінде көмек көрсету үшін шақырылатын арнаулы білімі бар, іске мүдделі емес тұлға. Маманның көмегі іс үшін маңызы бар заттар мен мәліметтерді анықтау, зерттеу, тіркеу, алу және бағалау кезінде; ғылыми-техникалық құралдарды кеңестер, анықтамалар және т.б., беру кезінде көрінуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚПК 80-бабының 2-бөлігіне сәйкес маманның:

- қылмыстық процесті жүргізетін органға өзінің шақырылу мақсатын білуге;

- егер тиісті арнаулы білімі мен дағдысы болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тартуға;

- тергеу немесе сот әрекетіне қатысушыларға қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен сұрақтар қоюға; олардың назарын дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға және ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға жәрдем көрсету, істің материалдарын зерттеу, сараптама тағайындауға материалдар дайындау кезіндегі өзінің әрекеттеріне байланысты мән-жайларға аударуға;

- қылмыстық іске қосып тігілетін хаттамада не ресми құжатта көрсете отырып, объектілердің толық немесе ішінара жойылуына не олардың сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соқпайтын зерттеулер жүргізуге;

- өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің қатысуымен жүргізілген әрекеттердің барысы мен нәтижелерінің тіркелуінің толықтығы мен

дұрыстығына қатысты, хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға;

- қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне шағым келтіруге;

- аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге құқығы бар.

Егер қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу маманның міндеттеріне кірмесе, ол іске қатысумен байланысты кеткен шығыстарды өтеттіруге, сондай-ақ орындалған жұмыс үшін сыйақы алуға құқылы.

Маман қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, тергеу әрекеттерін жүргізу мен сот талқылауына қатысуға, өзі орындаған әрекеттерге қатысты түсінік беруге міндетті. Маман тергеу әрекеттері жүргізілген кезде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауы тиіс. Оның қылмыстық іске қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ (Қазақстан Республикасы ҚПК 80-бабының 3-бөлігі). Өзінің міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін маман әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Бір адам әртүрлі қылмыстық істерде маман немесе сарапшы ретінде қатысуы мүмкін. Маман мен сарапшының негізгі айырмашылықтары:

- қылмыстық іске қатысу үшін маманды шақыру мақсаты, олармен дербес қорытынды беруі болып табылады, ал маманды – дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде, тіркеуде, алуда және бағалауда көмек көрсету болып табылады.

- маман процестік әрекеттің барлық қатысушылары үшін жалпы түсінікті шараларды орындауы және олардың маңызын түсіндіруі тиіс, маман қазіргі ғылыми құралдар мен әдістерді пайдалануы тиіс;

- маман олар зерттейтін объектіні өзгертуге ұшырата алмайды, сарапшы жекелеген жағдайларда оған ұсынылған материалдардың тұтастығын жоюы мүмкін;

- сарапшының қорытындысы дербес дәлелдеме ретінде бағаланады, маманның ресми құжаты тиісті процестік әрекет хаттамасымен бірге ғана дәлелдемелік маңызға ие.

Аудармашы - аударма жасау үшін білу қажет тілді меңгерген, процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, қылмыстық іске тартылған, іске мүдделі емес адам.

Аудармашының процестік мәртебесіне Қазақстан Республикасы ҚПК 81-бабы арналған. Аудармашы процестік әрекеттерге қатысушылардың айғақтарын аудару үшін, сондай-ақ жазбаша құжаттарды аудару үшін шақырылуы мүмкін. Аудармашының процестік мәртебесі саңыраудың немесе мылқаудың белгілерін түсінетін және қылмыстық іске қатысу үшін шақырылған адамға таралады.

Аудармашының: аударманы жүзеге асыру кезінде қатысатын адамдарға аударманы нақтылау үшін сұрақтар қоюға; жүргізуіне өзі қатысқан тергеу әрекеттерінің немесе өзге де процестік әрекеттердің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және аударманың

толықтығы мен дұрыстығына қатысты, хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасауға құқығы бар. Аудармашы егер оның аудару үшін қажетті білімі болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тарта алады. Егер іс бойынша іс жүргізуге қатысу оның лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, өзінің тергеу әрекеттеріне және өзге де процестік әрекеттерге қатысуына байланысты шеккен шығыстарына өтем және орындаған жұмысы үшін сыйақы алуға құқылы.

Аудармашының міндеттері маманның міндеттеріне ұқсас. Дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін аудармашыға заң әкімшілік жауапкершілікке тарту мүмкіндігін көздейді. Көрінеу дұрыс аудармаған жағдайда аудармашы Қазақстан Республикасы ҚК 421 бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Куәгер - қылмыстық қудалау органы қылмыстық-процестік кодексте көзделген жағдайларда тергеу әрекетін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан адам куәгер болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 82-бабының 1-бөлігі). Іске мүдделі емес және қылмыстық қудалау органдарынан тәуелсіз кәсіптік жасқа толған азаматтар куәгер ретінде шақырылуы мүмкін. Ол өзінің қатысуымен болып жатқан әрекеттерді толық және дұрыс қабылдауға қабілетті болуы тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 82-бабының 2-бөлігі). Тергеу әрекеттерін жүргізуге кемінде екі куәгер қатысады. Қазақстан Республикасы ҚПК 82-бабының 4-бөлігіне сәйкес, куәгердің тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуға, тергеу әрекеті жөнінде хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға, өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен танысуға, қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне шағым келтіруге құқығы бар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзі шеккен шығыстарға өтем алуға куәгердің құқығы бар. Куәгер қылмыстық қудалау органының шақыруы бойынша келуге, тергеу әрекетін жүргізуге қатысуға, тергеу әрекетінің хаттамасында осы әрекеттің жүргізілу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін өзінің қолымен куәландыруға міндетті. Куәгер тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтауға, іс бойынша іс жүргізуге қатысуға байланысты оған белгілі болған мәліметтерді қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз жария етпеуге тиісті (Қазақстан Республикасы ҚПК 82-бабының 5-бөлігі). Дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін куәгер әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сот отырысының хатшысы - сот отырысының хаттамасын жүргізетін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші сот отырысының хатшысы болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 83-бабының 1-бөлігі).

Сот отырысының барысы түгел, процестік құжат болып табылатын, барлық әрекеттер тіркелетін, сотпен, сондай-ақ оның қатысушыларымен жүзеге асырылатын сот отырысының хаттамасында көрініс табуы тиіс. Хаттаманың іс бойынша дәлелдемелік маңызы бар. Сот отырысының хаттамасының үлкен маңызы сот отырысының хатшысының міндеттері

себепші болады. Ол Қазақстан Республикасы ҚПК 83-бабының 2-бөлігіне сәйкес, өзі хаттамалауды қамтамасыз етуі қажетті барлық уақытта сот отырысының залында болуға және сот отырысынан төрағалық етушінің рұқсатынсыз кетпеуге; хаттамада соттың әрекеттері мен шешімдерін, соттың отырысына қатысушы барлық тұлғалардың өтінішхаттарын, қарсылықтарын, айғақтарын, түсініктемелерін, сондай-ақ сот отырысының хаттамасында көрсетілуге жататын басқа да мән-жайларды толық және дұрыс жазуға; сот отырысы уақытында орын алатын өзге де мән-жайларды бейнелеп көрсетуге; жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті. Сот отырысының хатшысы сот отырысына төрағалық етіп, хаттамаға қолын қоятын заңды өкімдеріне бағынуға тиісті. Сот отырысының хатшысы хаттаманы сот отырысының аяқталуы бойынша бес тәуліктен кешіктірмей әзірлеуге міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 347-бабының 4-бөлігі). Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін жеке жауаптылықта болады.

Сот приставы - өзіне соттар қызметінің белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам сот приставы болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 84-бабының 1-бөлігі).

Сот приставының міндетіне (Қазақстан Республикасы ҚПК 84-бабының 2-бөлігі): бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету, орындаушылық құжаттардың мәжбүрлі орындалуында сот орындаушыларына көмек көрсету, сот талқылауы кезінде залдағы тәртіпті сақтап тұру кіреді. Сот приставы сот талқылауы кезінде залдағы тәртіпті сақтап тұрады, төрағалық етушінің өкімдерін орындайды және соттарда судьяларды, куәларды және процеске басқа да қатысушыларды қорғауды жүзеге асырады, оларды бөгде адамдардың ықпалынан қорғайды. бұдан басқа, ол соттың процестік әрекеттер жүргізуіне жәрдемдеседі, сотқа келуден жалтарған адамдарды күштеп әкелуді жүзеге асырады. Сот приставы өзіне заңмен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Тараптар заң талаптарына сәйкес медиацияны жүргізу үшін тартатын тәуелсіз жеке тұлға медиатор болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 85-бабының 1-бөлігі).

Қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген тәртіпте, медиатор: медиация тараптарына қылмыстық процесті жүргізетін орган беретін ақпаратпен танысуға; медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылар туралы деректермен танысуға; қылмыстық-процестік заңға сәйкес кездесулердің саны мен ұзақтығын шектемей, медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылармен оңаша және құпия кездесуге; тараптарға медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасуға жәрдемдесуге құқылы. Сонымен бірге: медиация жүргізген кезінде медиация тараптарының келісуімен ғана әрекет жасауға; медиация басталғанға дейін медиация тараптарына оның мақсаттарын, сондай-

ақ олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге; медиация рәсімін өткізуге байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Медиатор тараптардың келісуімен медиация рәсімін қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз бен хабар тіркелген кезден бастап және қылмыстық процестің үкім заңды күшіне енгенге дейінгі кейінгі сатыларында жүзеге асыруға құқылы.

Тарау бойынша бақылау сұрақтары:

1. «Қылмыстық процеске қатысушылар» ұғымына анықтама беріңіз.
2. Қандай адамдар және неліктен қылмыстық процеске қатысушылар ретінде танылатынын көрсетіңіз. Қылмыстық процеске қатысушылар ұғымын ашыңыз.
3. Қылмыстық процеске қатысушылар қалай сараланады?
4. Қылмыстық процеске қатысушыларды олардың құқықтық ережесіне қарай саралаңыз.
5. Процестің әртүрлі сатыларындағы соттың өкілеттігі қандай?
6. Сот қандай құрамда қылмыстық істі қарауға құқылы?
7. Қылмыстық процестің әртүрлі сатыларында прокурор қандай функцияларды жүзеге асырады?
8. Анықтау сатыларында және сот талқылауында алдын ала тергеп-тексерудегі прокурордың өкілеттігі қандай?
9. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді кім жүзеге асырады?
10. Қандай органдар анықтау органдары болып табылады?
11. Анықтаушының процестік ережесі қандай?
12. Анықтаушының тергеушіден айырмашылығы неде?
13. Тергеуші, процестік ереже.
14. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын өзге де қатысушыларға кім жатады және олардың қатысу шегі?

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2015 жылғы 1 қаңтардан күшіне енді).
3. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК (Т. 1.Общая часть) / Когамов М.Ч. – Алматы: «Жеті жарғы», 2015.
4. Михайлов В.А. Меры пресечения в уголовном судопроизводстве. – Тюмень, 1994. – 268 с.
5. Ханов Т.А. Правовые и организационные вопросы применения имущественных мер пресечения в уголовном судопроизводстве РК: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Алматы, 1999. - 28 с.
6. Потапенко С.В., Зарубин А.В. Настольная книга судьи по спорам о праве собственности / под ред. С.В. Потапенко. - М.: Проспект, 2014. – 244 с.

7. Смирнов А. В., Калиновский К. Б. Уголовный процесс: учебник для вузов/ под общ. ред. А. В. Смирнова. - СПб.: - Питер, 2004. - 697 с.
8. Теория доказательств в советском уголовном процессе / Отв. ред. д.ю.н. Жогин Н.В. – М.: Юрид. лит., 1966. - 584 с.
9. Строгович М.С. Теория судебных доказательств. - М.: Наука, 1991. - Т.3. - 175 с.
10. Уголовный процесс: учебник для ВУЗов / под ред. П.А. Лупинской. - М.: Юрист, 1995.- 783 с.
11. Уголовный процесс: учебник / под ред. Гуценко К.Ф. - Изд. 2-е, перер. и доп. - М.: Зерцало, 2007. - 576 с.
12. Итоги по выполнению задач, обозначенных Главой государства на V Съезде судей. – Астана, 2013.

6-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ТЕОРИЯСЫ. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ТЕОРИЯСЫ

1. Дәлелдемелер ұғымы және мазмұны

Дәлелдеме құқығы қылмыстық-процестік құқығының бөлігі болып табылады. Ол өзіне дәлелдеу нысанында жүзеге асырылатын, құқық бұзушылық оқиғасын тану негіздерін, тәртібін, субъектілерін, құралдарын, тәсілдері мен мерзімдерін регламенттейтін қылмыстық-процестік нормаларды қамтиды. Құқық бұзушылық оқиғасын, нақты тұлғаның құқық бұзушылық жасаудағы және басқа да қылмыстық маңызы бар мән-жайлардағы кінәлілігін дәлелдеу нысанында ғана белгілеу мүмкін. Судья, тергеуші, анықтаушы, прокурор нақты құқық бұзушылық жасаудағы тұлғаның кінәсі туралы өзінің бағалауын дәлелдемелерге ғана негіздей алады. Қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық-маңызды мән-жайларды белгілеу дәлелдеу нысанында ғана өткізілуі мүмкін.

Дәлелдеу танымның жанама түріндегі нысаны болып табылады. Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу өзге де адам қызметі саласындағы дәлелдеуден ерешеленеді. Оның негізгі белгілері:

- құқық бұзушылық оқиғасын және жасаудағы кінәлі адамды анықтау мақсаты;

- заңмен көзделген арнайы құқық берілген тұлғаларды дәлелдеу субъектілері;

- іс бойынша қорытындылардың растылығын және белгілі болуы тиіс деректерді алуды қамтамасыз етуге қабілетті дәлелдеу, дәлелдемелер құралдары;

- азаматтардың қорғалуына кепілдікті және заңды құқықтары мен мүдделерін қамтитын дәлелдеу тәсілдері, процестік әрекеттері;

- заңмен арнайы белгіленген және шектелген дәлелдеу мерзімдері;

- қылмыстық іс бойынша дәлелдеу нәтижесінде тек қана тиянақты болуы тиіс, себебі кінәсіздік презумпциясы қағидатына сәйкес: тұлғаның кінәлілігіне күдіктің кез келгені айыпталушының пайдасына түсіндіріледі.

Заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот осы Кодексте айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 111-бабы).

Дәлелдеу құқықтары ережесі барлық қылмыстық процеске ортақ және Қазақстан Республикасы ҚПК 8-бабында көзделген қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізу мүмкіндігін анықтайды.

Дәлелдеу құқығының мақсаты қылмыстық істер бойынша объективті

ақиқатты белгілеу болып табылады.

Дәлелдеу құқығының нормаларына Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 3-бөлім арналған. Аталған бөлімге 15 тарау «Дәлелдемелер» және 16 «Дәлелдеу» енгізілген. Алайда, дәлелдемелік құқықтың нормалары қылмыстық-процестік құқығының барлық нормаларымен, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың міндеттерін, қағидаттарын, өкілеттіктерін регламенттейтін, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібімен тығыз байланысты.

Дәлелдемелік құқығының құрылымы жалпы және ерекше бөлікпен ұсынылған. Дәлелдемелік құқығының жалпы бөлігіне:

- дәлелдеу мақсаты болып табылатын дәлелдеу пәні;
- дәлелдеме ұғымы және оның қасиеті;
- дәлелдеу субъектілерінің процестік мәртебесі (мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, жәбірленуші, жекеше айыпталушы, күдікті, айыпталушы, қорғаушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, кәмелетке толмаған айыпталушының, күдіктінің, заңды өкілдері, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің, жекеше айыпталушының өкілдері);
- дәлелдеудің, сондай-ақ дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бекіту, пайдалануды бағалау тәртібінің жалпы қағидалары;
- ерекше іс жүргізулер бойынша дәлелдеу тәртібі (есі дұрыс еместерге медициналық сипаттағы шараларды қолдану туралы істер, шет мемлекеттердің құзырлы органдарымен және лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимылды талап ететін);
- қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша дәлелдеу тәртібі (кәмелетке толмағандарға қатысты, қылмыстық қудалаудың артықшылықтары және иммунитеті бар тұлғаларға қатысты).

Дәлелдемелік құқығының ерекше бөлігіне дәлелдемелер дерекөздерінің жинау, зерттеу, бекіту, бағалау және жекелеген түрлерін пайдалану тәртібін реттейтін нормалары кіреді. Қазақстан Республикасы ҚПК 111-бабының 2-бөлігі дәлелдемелердің деректерінің жекелеген түрлеріне: күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтарын, сарапшының қорытындысын, заттай дәлелдемелер мен процестік әрекеттердің хаттамаларын және өзге де құжаттарды жатқызады.

Заң қылмыстық істер бойынша объективті ақиқатты дәлелдеу бойынша міндетті арнайы басқаруға құқығы бар мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жүктейді. Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу бойынша мемлекет міндет жүктейтін дәлелдеу субъектілері, заң белгілейді: сот (тергеу судьясы), прокурорды (процестік прокурор), тергеу бөлімінің бастығын, тергеушіні, анықтау органын, анықтаушыны. Дәлелдеу субъектілерінің осы тобында әртүрлі функциялар басым болады: судьяларда – қылмыстық істі мәні бойынша шешу; тергеушіде – тергеу; прокурорда – айыптау және қадағалау. Бұл функциялар Қазақстан Республикасы Конституциясымен және басқа да заңдармен оларға жүктелген функциялардан келіп шығады.

Дәлелдеу субъектілеріне сонымен қатар процеске қатысушылардың

өздерінің немесе ұсынылатын құқықтар мен мүдделерін қорғауын жатқызуымыз керек. Қылмыстық істе жеке мүддесі бар адамдарға күдікті, айыпталушы, жекеше айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер жатқызылады. Күдіктінің жеке мүддесі құқық бұзушылық жасауда оған күдік келтірілгеннен келіп шығады. Айыпталушының жеке мүддесі қылмыстық-жазаланатын әрекет жауада оған айып тағудан келіп шығады. Жәбірленушінің (жекеше айыпталушының) жеке мүддесі оған моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірілген құқық бұзушылықпен анықталады.

Қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетімен келтірілген мүліктік және моральдық зиянды өтеу туралы Қазақстан Республикасы ҚПК 166-бабына сәйкес шығыстарды өтеу туралы азаматтық талап қоюлары қаралған. Сондықтан қылмыстық істе тікелей мүддесі бар тұлғаларға, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкер енгізілген.

Кәсіби заң көмегін көрсету қағидатын іске асыру қылмыстық істе жеке мүддесі бар тұлғалардың құқығында өзінің көрінісін табады, қорғаушысы, өкілі немесе заңды өкілі болу.

Қылмыстық істе барлық аталған тұлғалардың жеке немесе ұсынылатын мүдделері мен құқықтарының болуы оларды қылмыстық процесте дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану бойынша белгілі бір құқықтармен беру қажеттігі байланысты болады. Аталған тұлғалар қылмыстық іс бойынша дәлелдеу субъектілері болып табылады. Осылайша, дәлелдеу субъектілері ұғымы қылмыстық процесс субъектілері ұғымы болып табылады.

Дәлелдемелік құқығы қылмыстық іс бойынша объективтік ақиқатты белгілеу мақсатында дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бекіту, бағалау және пайдалану бойынша арнайы басқару құқығына ие тұлғалардың қызметін регламенттейтін қылмыстық-процестік нормалардың жиынтығы болып табылады.

2. Дәлелдемелік құқығының әдіснамалық негіздері

Қылмыстық процесте дәлелдеудің әдіснамалық немесе философиялық негізін, сондай-ақ барлық дәлелдемелік құқығын диалектикалық материализм танымы теориясының ережелері құрайды. Философиялық негіз теориялық, сонымен қатар тәжірибелік қызметтің қойылған міндеттерін шешу үшін танымда пайдаланылатын амалдарын, әдістерін анықтайды. Дәл осы әдіс танымды табысты жүзеге асыру мүмкіндігін белгілейді, ғылымның әдіснамалық негіздерінің маңыздылығын байланысты болатын.

Таным теориясы таным процесінің заңдылығын зерттейді, бір түрі қылмыстық істер бойынша дәлелдеу болып табылатын. Дәлелдемелік құқығы диалектикалық материализмнің келесі негізгі ережелерінен келіп шығады:

- философияның негізгі мәселелерін шешуге қатысы туралы;

- объективті болмысты тану туралы;
- таным теориясына диалектиканы қолдану туралы;
- танымда тәжірибенің маңызы туралы;
- объективті ақиқат ұғымы туралы;
- материялардың негізгі қасиеттері туралы;
- таным субъектісі белсенділігі туралы.

Дәлелдемелік құқығы философияның негізгі мәселесі материалистік шешімінен келіп шығады: болмыстың (материалдық әлем) біріншілігін және адами сананың екіншілігін тану. Диалектикалық материализм қоршаған болмыстың және адами сананың қабілеттілігінен қоршаған болмысты дұрыс бейнелеу мүмкіндігінен келіп шығады. Аталған ереже маңызды әдіснамалық алғышарты дәлелдемелік теориясы және дәлелдемелік құқығы, сондай-ақ оларды қолдану тәжірибесі. Мысалы, әрбір қылмыстық іс бойынша мән-жайлардың нақты жиынтығы белгіленуі қажет (Қазақстан Республикасы ҚПК 113-бабы бойынша дәлелдеу пәні). Олардың барлығы дәлелдеу қатысушылардың еркі мен санасына тәуелсіз өмір сүретін (өмір сүрмейтін) объективті болмыстың фактілері болып табылады. Заң олардың танымдық және қылмыстық іс бойынша объективті ақиқатты белгілеу мүмкіндігінен келіп шығады.

Объективті болмыс фактілерін тану процесінде диалектикалық әдіс қоршаған болмыс құбылыстарының жалпыға ортақ байланысы мен өзара байланыстығы қағидатынан келіп шығатынын оқиды. Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабы жан-жақтылығы туралы талап қылмыстық процестің міндетті қағидаты ретінде, оған сәйкес тергелетін құқық бұзушылықтың барлық мән-жайлары зерттелуі тиіс бекітеді. Сонымен бірге әрбір мән-жай тек қана белгіленіп қана қоймай, сонымен қатар оның басқа мән-жайлармен байланысы да анықталуы тиіс. Сонымен қатар жан-жақтылық талабы дәлелдемелер ісі бойынша жиналған жалпы жүйеде әрбір дәлелдемені маңызы мен орнын анықтау қажеттігін білдіреді.

Құқық бұзушылықтың барлық мән-жайларын жан-жақты тергеу талабы пайда болу және дамуын есепке ала отырып олардың белгілеу қажеттігі туралы талаппен тығыз байланысты. Объективті болмыстың дәлелдемеде дұрыс бейнеленуін белгілеу процесінде, судья, тергеуші материалдық іздерде немесе адамның санасында (куәнің, жәбірленушінің және т.б.) ықтимал өзгеруінен келіп шығуы тиіс. Объективті және субъективті факторлар, осы деректерде қорытындыланған ақпараттардың туындау, сақталу, берілу (алу) және қабылдау процесін себеп болатын ескерілуі тиіс.

Диалектикалық әдістің аталған талаптарын сақтау тергеушінің, судьяның, басқа да басқарма тұлғасының практикалық қызметі арқылы ғана мүмкін. Қоғамдық тәжірибенің ақиқаттың қозғаушы күші, мақсаты мен санаттары ретіндегі маңызы туралы диалектикалық материализмнің ережесі өзінің іске асыруын қылмыстық істер бойынша дәлелдеуде де табады.

Қылмыстық істер бойынша тергеу тәжірибесі дәлелдеудің пәні институты мен шегінің дәлелдеу бойынша қызметтің мақсаты мен шарттары ретінде қажеттігін анықтады. Қылмыстық-процестік заңмен белгіленген

қажетті қасиеттер, дәлелдемені болатын, оларды жинаумен, зерттеумен, бағалаумен тікелей байланысты. Мысалы, жіберу қасиеті дәлелдемелерді алу нысанының заңдылығын бедгілейді. Дұрыстық қасиеті міндетті түрде басқа дәлелдемелермен салыстыру жолымен белгіленеді, сондай-ақ әрбір нақты дәлелдемені жинау және зерттеу процесінде қолданылған әдістер мен ғылыми-техникалық құралдар есепке алынады. Дәлелдеу тәжірибесінің өлшемшарттары қылмыстық процестің барлық сатыларында көрініс табады, құқық бұзушылықты тіркеуден бастап (СДТБТ-ға) және қылмыстық сот ісін жүргізудің апелляциялық, қадағалаушылық сатыларын қамти, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлардың нәтижесінде жанарту.

Дәлелдеудің мақсаты объективтік ақиқатты белгілеуді анықтай отырып, оның ұғымы мен мазмұнын анықтау қажет. Объективтік ақиқат дегенде біздің санамызда қоршаған болмыстың дұрыс бейнеленуі түсініледі. Алайда, объективтік ақиқатты бұлайша түсіну жалғыз болып табылмайды. Мысалы, әлеуметтік мектеп құқықта объективті ақиқат сотта белгілене алмайды деген ережеден келіп шығады. Сөз фактілерді белгілі бір ықтималдық дәрежесін белгілеу туралы болуы мүмкін. Судья істі өзінің қарауы бойынша және қоғам мен тұлғаның мүддесін басшылыққа ала отырып шешуге құқығы бар.

Аталған ережеден қылмыстық істер бойынша ақиқат ұғымын анықтау кезінде, А.Я. Вышинский 30-50 жылдары қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесінің теориялық негіздерін әзірлеген [4]. Объективті ақиқатты түсінуге деген осындай көзқарасты профессор С.А. Голунский де ұстанады, «осы ықтималдықты үкімнің негізіне жатқызу үшін қажет және жеткілікті ықтималдықтың сол дәрежесін» түсіне отырып [5].

Дәлелдемелік құқығы объективті ақиқат ұғымын анықтау кезінде қазіргі уақытта ақиқаттың ықтималдық дәрежесінен емес, қылмыстық іс бойынша абсолютті немесе салыстырмалы ақиқатты анықтау мүмкіндігінен келіп шығады. Философияда абсолюттік ақиқат дегенде адами сана мақсаты түсініледі. Алайда, сонымен қатар объективтік болмыс фактілері жекелеген құбылыстары да түсініледі. Мысалы, су ауадан ауырырақ. Сонымен қатар абсолютті ақиқат дегенде таным кезі ұғынылады. Мысалы, құқық қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретінде пайда болды. Абсолютті ақиқат ұғымын пайдалану бұндай маңызда бізге қылмыстық істер бойынша абсолютті ақиқатты белгілеу мүмкіндігі туралы айтуға құқық береді [12].

Абсолютті ақиқат сипаттамасы күдікті адамға қол саусақтары іздері жататыны секілді, күдіктінің белгілі бір уақытта нақты жерде болуы, күдіктіде құқық бұзушылық заттарының болуы, күдіктімен оқ ататын қарудан атуды жүргізуі және т.б. Қылмыстық істер бойынша ақиқат нақты болуы тиіс. Бұл демек, соттың үкімі құқық бұзушылық оқиғасының болуы туралы куәландыратын анықталған фактілік деректерге ғана негізделуі тиіс, уақытқа, орынға, қылмыскерге, оның кінәлілігі мен басқа да нақты фактілерге қылмыстық-құқықтық маңызы бар немесе жазаны дұрыс шығаруға ықпал ететін. Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу құқық бұзушылықтың басқа процестермен және қоршаған құбылыстармен байланысын зерттемейді, мысалы, психологиялық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін немесе

моральдық-этикалық (жақындарымен және таныстарымен қатынасқа әсер), химиялық және т.б. Бұдан басқа, дәлелдемелердің болмауы себепті қылмыстық жауапқа бір тұлға тартылуы мүмкін, құқық бұзушылық сыбайластықта жасалғанына қарамастан.

Осылайша, қылмыстық істер бойынша объективті ақиқат абсолютті сипатқа ие бола, білімнің нақтылығы мен толық еместігі күшінде, бір мезгілде салыстырмалы ақиқат болып табылады.

Дәлелдеу процесінде объективті ақиқаттың мазмұны қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерімен байланысты, құқық бұзушылықтарды тез және толық ашуға, әшкерелеуге бағытталған және кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапқа тартуға, әділ сот талқылауы. Дәлелдеу үдерісінде фактілер ғана белгіленбейді, қылмыстық-құқықтық маңызы бар. Қоршаған болмыстың қандай да бір оқиғасы немесе фактілері қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесі үшін маңызға ие, яғни құқық бұзушылық құрамының барлық элементтеріне және олардың белгілеріне ие. Мысалы, нақты тұлғаның құндылығының жоғалу дерегі, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болып табылады (ЕРДР-ге материалды тіркеген кезден бастап), егер ол жасалған ұрлықтың салдары болып табылса. Сонымен бірге нақты мүліктің жоғалу дерегі дәлелденген болуы тиіс, оның бағасы, зияны, жәбірленушіге келтірілген, нақты тұлғаның әрекеті, құндылықты жасырын ұрлау көрінетін, олардың жасалатын әрекеттер мен салдарларын түйсінуі, олардың басталуын қалауы, қылмыстық жауапқа тартуға олардың жасының толуы. Осылайша, қылмыстық істер бойынша ақиқаттың мазмұнына фактілер және олардың құқықтық сипаттамасы енгізіледі. Мемлекетпен құқық бұзушылықтардың нақты түрі жасалғаны үшін жаза белгілеу уақыт ішінде олардың қоғамға қауіптілігінің дәрежесін бағалаудың өзгеруімен байланысты өзгеріске ұшырауы мүмкін, яғни субъективті кезең туады. Осыған ұқсас соттың үкімі де ақиқатты бейнелемейді, нақты қылмыскерге белгілі бір жазаны қолдану туралы қорытындыны, бағалауды қамтиды. Соттың үкімі негізделген, әділ және заңды болуы қажет, яғни дәлелді белгіленген деректерге немесе объективті ақиқатқа негізделеді.

Дәлелдемелік құқығы заттың, пәннің, құбылыстың қасиеті туралы диалектикалық материализм ережесінен келіп шығады өзіне ұқсас болу, сондай-ақ материялардың жалпыға ортақ қасиетімен – бейнесімен. Аталған ереже өзінің көрінісін, әрбір құқық бұзушылық іздерді анықтау, зерттеу және бағалау жолымен танылуы мүмкін, олар қалдырған, тергеу әрекеттері іс жүргізуі үдерісінде. Сонымен бірге осы дереккөздерден ақпаратты дұрыс алу маңызды. Алынған нақты мәліметтер дәлелдемелік ақпарат ретінде растылық қасиетіне ие болған жағдайда ғана қаралуы мүмкін.

Таным субъектісі белсенділігінің қажеттілігі туралы философиялық ереже дәлелдеу субъектісінің процестік мәртебесі мазмұнында бейнеленеді, заң дәлелдеуге дейін міндеттеме жүктейтін. Дәлелдеудің өзге де субъектілерінің процестік мәртебесі оларға дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда өздерінің немесе ұсынылған мүдделері мен құқықтарын қорғауға мүмкіндік ұсынады.

3. Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар

Қылмыстық-процестік заң әрбір қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың шеңберін белгілейді, қылмыстық процесте дәлелдеу заты анықталатын. Дәлелдеу заты тергеу процесінде анықталуы тиіс объективті ақиқат мазмұнын нақтылайды. Сондықтан дәлелдеу заты дәлелдеу мақсаты ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 113-бабының 1-бөлігінде дәлелдеу заты мазмұнының құрайтын мән-жайлар тізбектелген: оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары), кімнің жасағаны, құқық бұзушылық жасаудағы тұлғаның кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері, жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары, қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері, әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша, дәлелдеу затына жататын қосымша мән-жайлар: кәмелетке толмаған адамның жасы, өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары, зияткерлік, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінезі мен темпераментінің ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүдделері, сондай-ақ кәмелетке толмаған адамға ересек адамдар мен басқа да кәмелетке толмағандардың ықпалы анықталуға жатады (Қазақстан Республикасы ҚПК 531-бабы).

Қазақстан Республикасы ҚПК 113-бабының 4-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс бойынша құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайлар да анықталуға жатады.

Сірә, маңызы бойынша аталған мән-жайларды ықпал етуге жіктеуге болады:

- 1) құқық бұзушылықтың дұрыс саралануы;
- 2) әділ үкімнің шығарылуы;
- 3) кінәсіз тұлғаны қылмыстық жауапқа тарту мүмкін еместігіне кепілдендіретін.

Дәлелдеу затын анықтай отырып, қылмыстық-процестік құқығы қылмыстық құқығында бекітілген ұғымдар мен ережелерден кеп шығады. Құқық бұзушылық оқиғасын дәлелдеу орнын белгілеуді білдіреді: қандай да бір оқиғаның ақиқат болғанын, оның сипатын. Орны, уақыты, тәсілі, құқық бұзушылықтың жасалу жағдаяты әртүрлі құқық бұзушылықтың қылмыстық-құқықтық құрамында әртүрлі маңызға ие болуы мүмкін. Мысалы, құқық бұзушылық жасау тәсілі қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағының міндетті белгісіне енуі мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚК 188-бабы – ұрлық); жағдаятпен немесе сыныптайтын белгімен кінәні ауырлататын болуы мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 2-бөлігі – , аса

қатыгездікпен жасалған немесе басқа адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған қасақана адам өлтіру), немесе бейтарап қылмыстық-құқықтық маңызы болу. Алайда көрсетілген мән-жайлардың әрқайсысы құқық бұзушылық оқиғасының бір тобы бола отырып, қылмыстық-құқықтық маңызға ие басқаларымен тығыз байланысты. Мысалы, құқық бұзушылықтың жасалуының дәл уақытын белгілеу күдіктінің айыпсыздығын анықтау үшін маңызды болады. Құқық бұзушылық жасау тәсілі құқық бұзушылық жасаудың ықтимал себебі туралы куәландыруы мүмкін, демек аталған себеп адамдар тобын анықтауға, қылмыскерді іздестіру бағытын анықтауға.

Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған тұлғаны анықтау, құқық бұзушылықты жасау субъектісі болуы мүмкін нақты адамды дәлелдеуді білдіреді. Анықтауға жасы мен есінің дұрыстығы, арнайы субъект болған кезде сонымен қатар арнайы субъектіні сипаттайтын белгілер анықтауға жатады.

Тұлғаның құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін анықтау кінәнің нысаны мен түрін, себебін, мақсатын дәлелдеуді білдіреді. Тұлғаның жасалған әрекетке психикалық қатыстылығын дәлелдеу оның сыртқы көрінуін және байқалуын анықтау арқылы ғана мүмкін. Сондықтан тұлғаның кінәлілігі жеке тұлға мен айыпталушының әрекетінің арасындағы тәуелділік пен келісімді және дәлелдеу затына кіретін мән-жайлардың әрқайсысымен байланысын белгілеуді білдіреді.

Айыпталушының жауапкершілігінің дәрежесі мен сипатына ықпал ететін мән-жайларды белгілеу, мән-жайлардың болуын дәлелдеуді білдіреді, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін, сонымен қатар ауырлататын.

Айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайларды дәлелдеу, жазаны даралау үшін маңызға ие, сондай-ақ олар жасаған құқық бұзушылықты басқа да мән-жайларды дұрыс белгілеу және түсінуге ықпал ететін, мысалы, қылмыстық жауапкершілікті болдырмайтын немесе қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босатуға әкеп соғатын.

Жасалған құқық бұзушылықтың салдары әрбір қылмыстық іс бойынша анықтауға жатады, құқық бұзушылықтың құрамының түріне тәуелсіз – материалдық және идеалдық. Салдарлары моральдық, тәндік және мүліктік сипатта болуы мүмкін, тергеліп жатқан қылмыстық-жазаланатын әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін, оның саралануын дұрыс анықтауға ықпал ететін.

Зиянның сипаты мен көлемін анықтау қажеттігі мүліктік зиянның ақшалай түрін ғана емес, сонымен қатар тәндік және моральдық та мүмкіндігін анықтауды білдіреді.

Әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жайларды анықтау, қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілеріне формальды жатқызылатын әрекетті жасау кезінде мынадай жағдайлардың болуын анықтауды білдіреді: қажетті қорғаныс (Қазақстан Республикасы ҚК 32-бабы), қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру (Қазақстан Республикасы ҚК 33-бабы), аса қажеттілік (Қазақстан Республикасы ҚК 34-бабы), жедел-іздестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру (Қазақстан Республикасы ҚК 35-бабы), негізді тәуекел ету (Қазақстан Республикасы ҚК 36-бабы), күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу (Қазақстан

Республикасы ҚК 37-бабы), бұйрықты немесе өкімді орындау (Қазақстан Республикасы ҚК 38-бабы). Аталған мән-жайларды зерттеу кінәсіз тұлғаны қылмыстық жауапқа тарту мүмкін еместігіне кепіл болады.

Жазаның даралануын және қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату мүмкіндігін қамтамасыз ету қылмыстық жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайларды дәлелдеуге әкеп соғатын мән-жайларды дәлелдеуге ықпал етеді. Мұндай мән-жайларға қылмыстық заң: шынайы өкінуді (Қазақстан Республикасы ҚК 65-бабы), қажетті қорғаныс шегінен шығуды (Қазақстан Республикасы ҚК 66-бабы), процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босатуды (Қазақстан Республикасы ҚК 67-бабы), татуласуға байланысты (Қазақстан Республикасы ҚК 68-бабы), кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (Қазақстан Республикасы ҚК 69-бабы), жағдайдың өзгеруін (Қазақстан Республикасы ҚК 70-бабы), ескіру мерзімінің өтуін (Қазақстан Республикасы ҚК 71-бабы) жатқызады.

Қылмыстық-маңызға ие дәлелдеу заттарының құрамына кіретін мән-жайлар қылмыстық іс бойынша негізделген қылмыстық-процестік шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Жекелеген қылмыстық істер бойынша аталған мән-жайлардың шеңбері тергеушінің немесе өзге де басқару құқығына ие адамның қарауы бойынша өзгере алмайды. Ол қылмыстық процестің барлық сатысында өзгеріссіз қалады. Бұл ереже дәлелдеу затының тағы бір маңызын белгілейді – әрбір қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге бірыңғай әдіснамалық тәсілді қамтамасыз ету.

4. Дәлелдеу шектері

Дәлелдеу затына кіретін мән-жайларды белгілеу, құқық бұзушылықтарды тергеу процесінде қылмыстық-құқықтық маңызы жоқ басқа да фактілерді анықтауды талап етеді. Айқын емес құқық бұзушылықты тергеудің алғашқы кезеңінде тергеуші дәлелдеу затын немесе оның жекелеген мән-жайларын белгілейтін тікелей дәлелдемелері болмайды. Мысалы, ұрлық жасаған тұлғаны анықтау үшін, оның оқиға болған жерге келуінің материалдық іздерін анықтау қажет, ұрланған заттардың тұрған жерін, жәбірленушіде пәтрінде құнды заттардың және т.б., болуы туралы білген таныстарының тобын анықтау. Құқық бұзушылықты көрген адам болмаған кезде қасақана адамды өлтірген тұлғаны анықтау үшін, нақты адамның құқық бұзушылық жасалған орынға келу фактісі туралы куәландыратын материалдық іздерді анықтау қажет, жәбірленушінің таныстарын, оның байланыстарын, қызығушылықтарын анықтау, өлтіру жасауға себептері болуы мүмкін адамдардың тобын анықтау және т.б. Мысалы, оқиға болған орыннан күдіктінің қолының саусағына тиісті іздерінің болу фактісін анықтау. Жәбірленушінің қанына тән тобы бойынша, күдіктінің киімінде табылған мүмкін фактіні белгілеу; күдіктіде құқық бұзушылық заттарын анықтау фактілері және т.б. Сонымен қатар олар қылмыстық-құқықтық маңызға ие емес, саралау үшін

маңыды емес. Олар қосымша немесе көмекші фактілерге ие, жинала келе дәлелдеу заты мән-жайлары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін, мысалы, құқық бұзушылық жасауда тұлғаның кінәлілігі туралы.

Қылмыстық-құқықтық маңызы жоқ фактілер, бірақ қылмыстық істің мән-жайларының қалыптасуына жататыны туралы қорытынды жасауға мүмкін негізінде, дәлелдемелік фактілер деп аталады. Олардан айырмашылығы, құқық бұзушылықтың қылмыстық-құқықтық құрамын сипаттайтын мән-жайлар, дәлелдемелер теориясында басты факт деп атайды [6]. Басты фактіге қатысты әрбір қылмыстық іс бойынша: ақиқатқа фактінің қатысы бар ма, оны кім жасады, ол осы фактінің жасалуына кінәлі ме [7].

Басты фактіні және дәлелдемелік фактілерді дәлелдеуден өзге құқық бұзушылықты тергеу процесінде соған қоса өзге бағдар беретін фактілер де маңызға ие болады. Бағдар беретін фактілер қылмыстық-құқықтық маңызы жоқ фактілер болып табылады, және дәлелдеу заты туралы қорытынды жасалуы мүмкін негізінде. Олар тергеу нұсқаларын, сондай-ақ тергелетін оқиғалар немесе дәлелдемелердің жекелеген мән-жайларына қатысты қорытындылардың растылығын жылжыту үшін қызмет етуі мүмкін. Осындай фактілер ретінде, мінез-құлықтың «айғақтар» деп аталатын, қылмыстық істің қатысушыларының өзара қарым-қатынасы туралы куәландыратын фактілер болуы мүмкін (мысалы, күдіктінің тұрғылықты жерінен кенеттен кетуі және ауыстыруы, ол жасалған күзетілетін объектіге құқық бұзушылық жасалғанға дейін үлкен қызығушылықтың байқалуы және т.б.). Бағдар беретін фактілер ретінде құқық бұзушылықтар соған ұқсас тәсілмен тұлғамен жасау қызмет ете алады.

Осылайша, қылмыстық істер бойынша дәлелдеудің іс жүзіндегі көлемі дәлелдеу затына енетін мән-жайларды анықтау ғана емес, сонымен бірге дәлелдеу және бағдар беруші фактілерді де қамтиды. Олардың барлығы жинақтала келе, олардың жеткілікті болуы кезінде, дәлелдеу затының барлық мән-жайларын дұрыс толық дәлелдеуге ықпал етеді (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының 1-бөлігі). Қылмыстық іс бойынша маңызы бар әрбір факт, расталған болуы тиіс, белгіленетін факт туралы куәландыратын бірнеше дәлелдемелерді жинау қажеттігі білдіреді. Қылмыстық іс бойынша жиналған фактілік мәліметтердің жиынтығы, қылмыстық іс бойынша расталған қорытындыларды алу үшін жеткілікті, дәлелдеу шектері деп аталады. Егер дәлелдеу заты дәлелдеу мақсаттарын белгілесе, онда дәлелдеу шектері осы қызметтің шегін белгілейді.

Дәлелдеу шектері:

- басты факт мазмұнына;
- қарсы дәлелдеменің болуы (барлық басқа дәлелдемелерге қарсы дәлелдеме), олардың себептерін анықтауды талап ететін;
- ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайтыны туралы қылмыстық-процестік қағидаты (Қазақстан Республикасы ҚПК 25-бабы);
- соттың заңды күшіне енген шешімінің ақиқаттығын тану (Қазақстан Республикасы ҚПК 25-бабы);

- дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлардың болуы (жалпыға белгілі фактілер, қазіргі заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпте жалпыға бірдей қабылданған зерттеу әдістерінің дұрыстығы, адамның заңды білуі, адамның өз қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі, арнаулы даярлығы немесе білімі бар екендігін растайтын құжатты ұсынбаған және арнаулы даярлық немесе білім алған оқу орнын немесе басқа да мекемені көрсетпеген адамда арнаулы даярлықтың немесе білімнің болмауы (Қазақстан Республикасы ҚПК 114-бабы).

Егер дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының 6-бөлігі).

5. Дәлелдеме және оның қасиеті

Қылмыстық істер бойынша объективті ақиқатты анықтау мән-жайлар жөнінде, дәлелдеу затына кіретін, дәлелдеме негізінде ғана мүмкін. Арнайы құқықтар берілген тұлғалардың құқық бұзушылық оқиғасы туралы қорытындысы, тұлғаға, оны жасаған, аталған тұлғаның кінәлілігі құқық бұзушылық жасаудағы және басқа да мән-жайлар іс бойынша жинақталған дәлелдемелермен сәйкес қана жасалуы мүмкін. Осы ережемен дәлелдеу процесіндегі дәлелдемелердің маңызы анықталады. Дәлелдемелер объективті ақиқатты дәлелдеу құралдарымен шығады.

Құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу бойынша қызметтің өткенді шолу бағыттылығы танымның жанама сипатын себепші болады. Құқық бұзушылық оқиғасының әрбір оқиғасы қоршаған жағдайда іздер қалдырады. Жасалған құқық бұзушылықтың салдары ретінде іздер қол саусағының ізі, аяқ іздері, жәбірленушінің қанының іздері, қоршаған жағдайдағы өзгерістер және т.б., түрінде болуы мүмкін. Бұдан басқа, құқық бұзушылық жасау тергеліп жатқан оқиғаның бұрынғы қатысушысының немесе көрген тұлғаның санасында із қалдырады. Құқық бұзушылықтың барлық іздері қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпараттарды тасымалдаушылар немесе оның жекелеген жағдаяттары ретінде алға шығады. Ақпараттарды осындай тасымалдаушыларды анықтау, зерттеу жолымен, тергеуші, өзге де уәкілетті адам тергеліп жатқан құқық бұзушылықтың жекелеген мән-жайларын сипаттайтын нақты мәліметтерді алады. Мысалы, қолдың іздерін зерттеу жолымен олардың нақты күдікті тұлғаға тиістілігін анықтауға болады, яғни күдіктінің оқиға болған жерге келу фактісі туралы куәландыратын нақты деректерді алуды. Куәлардан, жәбірленушіден, айыпталушыдан, күдіктіден жауап алу процесінде жалпы құқық бұзушылық оқиғасын сипаттайтын нақты деректерді немесе оның жекелеген жағдаяттарын алуға болады.

Осылайша, құқық бұзушылық оқиғасын тану процесінде объективті шындық фактілерін белгілеу қажет: басты, дәлелдемелік, бағыт беруші.

Дәлелдеу процесінде тергеуші, өзге де басқарушы тұлға, құқық бұзушылықтың әртүрлі іздерінен алынған фактілік мәліметтерге сүйенеді, және оның негізінде тергеліп жатқан құқық бұзушылықтың мән-жайларының болуы және мазмұны туралы қорытынды болуы мүмкін.

Қылмыстық-процестік заң дәлелдеуде пайдаланылатын фактілік мәліметтерге қойылатын міндетті талапты белгілейді. Олар қатыстылық және анықтық қасиеттеріне ие болуы тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының 1, 3, 5 бөліктері).

Егер дәлелдеме осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының 3-бөлігі). Мынадай нақты деректерді қамтитын дәлелдемелер қатыстылық деп аталады:

- дәлелдеу нысанасына енетін мән-жайлар туралы,
- қылмыстық іс бойынша қорытындыны растайтын мән-жайлар туралы,
- жасалған құқық бұзушылықтың жекелеген мән-жайлары туралы қорытынды жасалуы мүмкін негізінде деректер туралы,
- қылмыстық іс бойынша тергеу болжамын жылжытуды негіздейтін,
- тергеу болжамын жоққа шығаратын,
- қылмыстық іс бойынша қарсы дәлелдемелердің болуын түсіндіретін,
- іс бойынша дәлелдеменің растылығын растайтын.

Дәлелдеу процесінде қатысты болған алдын ала тергеу, жекелеген дәлелдемелер дәлелдемелердің жалпы жүйесіне енбеуі мүмкін, оның негізінде қылмыстық іс бойынша қорытынды жасалатын. Мысалы, көмегімен тергеу болжамдары тексерілген, расталмаған нақты деректер. Осылайша, дәлелдеудің нақты көлемі әрқашан қылмыстық іс бойынша қорытынды алу үшін қажеттіден көп болады. Алдын ала тергеп-тексеруде дәлелдеу шектері, әдетте, сот талқылауындағыдан кең.

Сонымен қатар нақты деректер растық қасиетіне ие болуға тиісті, дәлелдеме сапасын сипаттайтын. Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса, ол анық дәлелдеме деп танылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының 5-бөлігі). Нақты деректердің анық дәлелдеме екендігін анықтау мүмкіндігі үшін қылмыстық-процестік заң оларды жинаудың ерекше тәртібін белгілейді. Қылмыстық-процестік кодексте белгіленген тәртіпте ғана нақты деректерді алу қажеттігі, дәлелдеменің келесі қасиетін – жол берілетін (Қазақстан Республикасы ҚПК 111-бабының 1-бөлігі; 125-бабының 4-бөлігі).

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлігінің 9-тармағына сәйкес, заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды [1]. Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабы дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректерді айқындайды. «Нақты деректер, егер олар осы Кодекстің талаптары бұзыла отырып алынса, алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету арқылы немесе қылмыстық процестің өзге

де ережелерін бұзу арқылы ықпал етсе немесе ықпал етуі мүмкін болса, дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуға тиіс» (Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабы). Осылайша, нақты деректерді жол берілмейтін деп тануды заң дәлелдеменің анықтығына заңды бұзу арқылы ықпал етумен немесе ықпал етуі мүмкіндігін анықтаумен байланыстырады.

Қылмыстық-процестік кодекстің мынадай талаптары бұзылған кезде нақты деректер пайдаланылуына жол берілмейді деп саналады:

1) азаптауды, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттер мен қатыгез қарым-қатынасты қолдану арқылы;

2) қылмыстық процеске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттері жөнінде түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалану арқылы;

3) осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ адамның процестік әрекетті жүргізуіне байланысты;

4) қарсылық білдірілуге жататын адамның процестік әрекетке қатысуына байланысты;

5) процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы;

6) белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден;

7) дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы алынса, дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуға тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабының 1-бөлігі);

8) бұдан басқа, нақты деректер дәлелдемелер ретінде оларды процестік әрекеттер хаттамаларында тіркегеннен кейін ғана пайдаланылуы мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚПК 122-бабының 1-бөлігі).

Процестік іс-әрекеттер немесе өзге де құжаттардың хаттамаларында алынған нақты деректердің процестік нысаны мен бекітілуін сақтау қажеттігі (Қазақстан Республикасы ҚПК 122-бабының 1-бөлігі) дәлелдеме – нақты деректер мен процестік көздің бірлігін айқындайды.

Осылайша, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер процестік іс-әрекеттер немесе өзге де қатыстылық, жол берілетін және анық дәлелдемелік қасиеттеріне ие құжаттардың хаттамаларында бекітілген нақты деректер болып табылады.

Сонымен қатар заң қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмегендерін дәлелдемелер қатарына жатқызбайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабының 3-бөлігі).

6. Дәлелдемелерді жіктеу

Кез келген құбылысты тереңдеп зерттеу оған ғылыми жіктеу жүргізуді пайымдайды. Табиғаты, мазмұны, құқықтық мәні және т.б., бойынша дәлелдемелердің айырмасы оларды анықтау, зерттеу, бекіту, бағалау және пайдалану қағидаларындағы ерекшеліктеріне себепші болады. Дәлелдемелерді жіктеудің теориялық маңызы, олардың жекелеген түрлерінің туындау, анықталу, зерттелу, бағалану және пайдаланылу процесімен байланысты

объективті заңдылықты жіті тереңдеп танудың қажеттілігінде болып табылады. Жіктеудің практикалық маңызы осындай заңдылықты тануға дәлелдемелердің сан алуан түрлерімен жұмыс бойынша ұсынымдар әзірлеу мүмкіндігімен айқындалады.

Дереккөздің табиғаты бойынша дәлелдемелердің барлығы заттық және жеке болып бөлінуі мүмкін. Ақпарат «сүзіп алынатын» жерді көз деп атайды. Ақпараттың өзі оның тасымалдағыштарында таңбалық немесе дабылдық нысанда болуы мүмкін. Аталған нысанның қаншалықты дұрыс «расшивровка жасалғанына» қарай алынатын нақты деректердің толықтығы мен анықтығы байланысты болады. Дәлелдемелердің жеке көздеріне тірі тұлғалар жатқызылады. Заттай дәлелдемелерге іс жүзінде басқа барлық ақпараттарды материалдық тасымалдағыштар жатады: материалдық іздер-бейнелеулер; қоршаған жағдайдағы өзгерістер, шағын объектілер, иістің қалып қоюы, адамның тәндік және психикалық жай-күйі тағы басқалар.

Дәлелдемелердің заттай және жеке көздері өзара табиғаты бойынша ғана емес, сонымен бірге ақпараттарды тіркеу тәсілі бойынша да ажыратылады (заттайда – дабылдық нысан, жеке бейнелік-белгілік). Сонымен қатар олар ақпараттарды қалыптастыру, сақтау және беру бойынша ерекшеленеді [9].

Заттай дәлелдемемен жұмыс оны анықтауды пайымдайды. Заттай дәлелдемелерді анықтау процесі тергеушінің, өзге уәкілетті тұлғаның қоршаған жағдайдан құқық бұзушылықтың ықтимал іздерін бөліп ала білу іскерлігіне тәуелді болады. Бұл үшін тергеуші тергеу болжамдарын жылжытуды пайдалана алады. Мысалы, оқиға болған жерден құқық бұзушылықтың іздерін іздеу нәтижелі болады, егер қылмыскердің әрекетінің мүмкіндігі туралы болжам дұрыс ұсынылған болса. Атылған гильзаны іздестіру, оқ жарақатымен мәйітті анықтау кезінде, оқ ату жүргізілген жерде мүмкіндігі туралы тергеу болжамын ұсынумен басталуы тиіс. Анықталған зат көзі пайдалы ақпарат қоршаған жағдайдың бөлігі ретінде қарастырылуы қажет. Заттай дәлелдеменің танымдық құрылымы ақпараттың көзі ретінде заттың өзін қамтиды, оның қасиеті мен сыртқы белгілері нақты деректерді және нақты деректерді дәлелдемелердің мазмұны ретінде алу құралы ретінде. Мысалы, анықталған гильза нақты деректердің, көзі, нысаны, корпусының диаметрі, корпус қабырғасында жарақаттардың болуы, қанның дағы болып табылады және т.б. (сыртқы белгілері) – нақты деректерді алу құралы. Заттың сыртқы белгілері мен қасиетін зерттеу жолымен қажетті нақты деректерді алуға болады. Мысалы, гильзада тиісті жарақаттардың болуы, оның атылғаны жөнінде куәландырады, ондағы қанның дағы атқан тұлғаның жарақаттанғаны туралы және т.б., куәландыра алады.

Заттай көзден нақты деректерді алу процесі қарапайым және күрделі болуы мүмкін. Мысалы, мәйітте соққыдан кесілген ішке кірген жарақат жүрек тұсында арқасында тікелей жәбірленушінің ондай жарақатты өзіне сала алмауы туралы куәландырады. Адамның қаңқалық сүйегін анықтау тікелей ол жасырылған жер жөнінде ғана куәландыра алады. Іс бойынша өзге маңызды нақты деректер анықталған мәйіттің қасиеті мен белгілерін сараптамалық зерттеу кезінде ғана алынуы мүмкін. Заттай көзден алынатын нақты

деректердің толықтығы мен анық дәлелдемелігі тергеушінің теориялық және кәсіби деңгейіне, оның барлық мүмкін болған ақпараттар туралы, нақты тасымалдаушы тарата алатын білуіне байланысты болады. Мұндай білім заттай тасушыны толық зерттеуге және сот сараптамасының тиісті түрін шешу үшін сұрақтарды дұрыс тұжырымдауға мүмкіндік туғызады. Нақты деректердің анық дәлелдемелігі техникалық құралдар мен ғылыми әдістерді оларды мамандардың немесе сарапшының зерттеуі бағалау жолымен анықталады.

Жеке дәлелдеменің құрылымы заттай құрылымнан ерекшеленеді. Нақты деректердің тікелей көзі ретінде адам алға шығады: куә, жәбірленуші, күдікті, айыпталушы. Олар білетін ақпарат, олардың санасында сақталып қалған бейне түрінде болып табылады. Аталған ақпарат белгі нысанында берілуі мүмкін: ауызша немесе жазбаша жауап [10]. Жауаптар суреттерді, жоспарларды, сызуларды қосуы мүмкін. Сонымен бірге тергеліп жатқан оқиғаның мән-жайларын анықтау туралы алынатын нақты деректер дәлелдеменің мазмұнын құрайды.

Осылайша, адам нақты деректердің көзі болып табылады, жауаптар – олардың алудың құралы, алынған нақты деректер – дәлелдеменің мазмұны. Нақты деректерді дұрыс қабылдау, белгілер нысанында жеке көзден алынған, белгілеуден тәуелді: терминнің мағыналық жүктемеге сәйкестігі; объекті бейнесіне сәйкестігі. Бірінші жағдайда сөз жекелеген жаргон терминдерді, сленгті және т.б., дұрыс түсіну туралы болуы мүмкін. Тұлғаның қандайда бір оқиғаны, объектіні қабылдауы барабар шындыққа сәйкес келетін көптеген факторларға байланысты болады: қабылдайтын адамның қызбалық, психикалық жағдайы, жылдамдығы, оқиғаның өзінің жай еместігі және т.б. Сондықтан сақталып қалған бейне барлық кезде де шындыққа сәйкес келе бермейді.

Тұлғалардың айғақтарында дәлелдемелік мәнге нақты деректер ғана ие, қорытындылық білім емес, құқық бұзушылықтарды тергеу үшін ақпараттық маңызы болуы мүмкін, ықтималдық ретінде бағалануға тиісті.

Тірі тұлғалардың айғақтарын қалыптастыру бірнеше саты бойынша өтеді: қабылдау, есте сақтау және қорғау, беру. Қабылдау, сақтау және беру процесіне объективті және субъективті сипаттағы әртүрлі факторлар ықпал жасауы мүмкін, нақты деректерге белгілі бір бұрмалау енгізе отырып. Қабылдаудың объективті факторларына бақыланатын оқиғаның сипатын жатқызуға болады, уақыт бойынша ұзақтығы, дәріптеу, көрінуі және т.б. Қабылдаудың субъективті факторларына қабылдайтын адамның өзінің тәндік және психологиялық қасиетін, оның жай-күйі және т.б. [11].

Қорғенді сақтаудың объективті факторына сияптын, оқиғаның жарқындығын, бақылау басталған кезден бастап уақыт ұзақтығының таусылуын және т.б., жатқызуға болады. Есте сақтаудың субъективті факторына адамның нысаналы бағытталуы жатады оның жадының қасиеті, көргенді дұрыс түсіну және т.б.

Тірі тұлғадан ақпаратты беру процесінде, ең алдымен, оның ұстанымы ықпал етеді, анық дәлелдемені жасыру себебі. Бұдан басқа, айғақтарды қабылдау процесінде де нақты деректердің бұрмалануы мүмкін және олардың

тергеушінің өзімен тіркелу оның жеке басылық қасиетінің күшіне қарай.

Айыптауға және қорғауға қатысы бойынша дәлелдеме айыптаушылық және ақтаушылық болып бөлінуі мүмкін. Айыптаушы дәлелдеме өзінің мазмұны бойынша айыптау нұсқасын қолдайды. Айыптаушы дәлелдемелерге айыпталушыда құқық бұзушылық жасау себебін, кінәсінің болуы туралы куәландыратын, жағдайды ауырлататын жатқызуға болады. Ақтаушы дәлелдемелер өзінің мазмұны бойынша айыптаудың жалғандығын әшкерелеуі мүмкін, нақты күдіктімен немесе айыпталушымен құқық бұзушылықтың жасалу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлар туралы куәландыруы, қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін.

Қылмыстық іс бойынша объективті тергеу қағидаты (Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабы) мән-жайдың кінәсін жеңілдететін, сондай-ақ ауырлататын анықтау қажеттігін анықтайды. Қазақстан Республикасы ҚПК 111-бабының 1-бөлігінде, дәлелдемелердің негізінде қылмыстық-жазалау әрекетінің болуы немесе жоқтығы белгіленетіні туралы ережені бекітеді. Бұдан басқа, міндетті дәлелдеуге жататын мән-жайлардың ішінде, заң айыпталушының жеке басын сипаттайтын, сондай-ақ жауаптылық дәрежесі мен сипатына ықпал ететін мән-жайларды атайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 113-бабының 1-бөлігі).

Айыптаушы да, ақтаушы да дәлелдемелер процестік актілерде көрініс табуға тиісті. Айыптау үкімі кезінде ақтау дәлелдемелерін қабылдамау себебі немесе оларды бағалау және жазаны даралау үшін пайдалану көрініс табуы кере. Ақтау үкімі кезінде айыптау дәлелдемелері қандай себептер бойынша түсіндірілуі қажет.

Дәлелдеу процесінде оның әртүрлі сатыларында дәлелдеме өзінің маңызын өзгертуі мүмкін: айыптаушыдан ақтаушыға ауысу.

Құқық бұзушылық оқиғасы мен қылмыстық процесті жүргізетін органның санасы арасында аралық топтың болуы бойынша дәлелдеме бастапқы және туынды болып бөлінеді. Дәлелдемелердің бастапқы көздері: тергеліп жатқан оқиғаны көрген адам, оқиға орнында қалған саусақтың ізі, құқық бұзушылықтың заттары, қылмыстық әрекеттің өнімдері және т.б. Туынды дәлелдемелер құқық бұзушылықтың оқиға болған жерден табылғаннан алынған іздердің слепкалары, көшірмелері, сараптамалық зерттеу үшін үлгілер, көрген адамның сөзінен құқық бұзушылық туралы белгілі болған тұлға және т.б.

Нақты деректердің туынды көздері мынадай шарттарды сақтау кезінде дәлелдемелер маңызға ие болады:

- дереккөз бен оны алудың шарты белгілі болса,
- олар арнайы басқаруға құқылы тұлғалармен алынған кезде,
- туынды дәлелдемелерді алу процесі хаттамада көрініс тапқан,
- егер туынды көздерде алынса бастапқы көздің сыртқы белгілерін саймасап суреттейтін.

Дәлелдемелерді туынды және бастапқыға бөлу оларды бағалау және жинау кезінде маңызды болады.

Мазмұны бойынша дәлелдеме тікелей және жанама болып бөлінеді. Бұлайша бөлу дәлелдеу затының мән-жайына қатысына негізделеді. Тікелей

дәлелдемелер қылмыстық істер бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар туралы нақты мән-жайларды қамтиды. Жанама дәлелдемелер дәлелдемелік (жанама, қосалқы) деректер туралы, сондай-ақ бағдар беруші деректер туралы мәліметтерді қамтиды [12].

Тікелей және жанама дәлелдемелер арасындағы айырмашылық дәлелдеу функцияларындағы ерекшелікпен белгіленеді. Тікелей дәлелдеменің функциясы жақын тезисті анықтау болып табылады, себебі тікелей дәлелдеменің мазмұны дәлелденген дерекпен үйлеседі. Мысалы, өлімші жарақат алу уақыты туралы сот-медициналық сараптамасының қорытындысы және өлім сол сәтте тууы тиіс, құқық бұзушылықтың жасалу уақытының тікелей дәлелдемесі болып табылады. Құқық бұзушылықты көрген адамның күдікті жәбірленушіге арқасы тұсына пышақпен бірнеше соққы жасағаны туралы айғағы құқық бұзушылық жасау тәсілін тікелей дәлелдеу болып табылады.

Тікелей дәлелдеменің танымдық құрылымын былайша көрсетуге болады: тікелей дәлелдеме – нақты деректер – дәлелденетін мән-жай [8].

Жанама дәлелдеме функциясы – жақын тезис арқылы екіншісін дәлелдеу. Жанама дәлелдеменің мазмұны: оқиға болған жерден табылған қол саусағының іздері күдіктіге тиісті болуы, күдіктіде ұрланған заттардың болуы, күдіктінің жәбірленушінің атына қоқан-лоққы айтуы туралы нақты деректер және т.б., болуы мүмкін. Жанама дәлелдеме бірінші жағдайда оқиға болған жерде күдіктінің болу дерегін белгілейді; екіншісінде – күдіктіде ұрланған заттардың болу дерегін; үшінші жағдайда – күдіктінің құқық бұзушылық жасауға себебінің болуын белгілейді. Аталған деректер жақын тезис рөлінде алға шығады. Бірақ ол арқылы басқа деректі – нақты тұлғаның құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлілік дерегін анықтау. Егер күдікті оқиға болған жерде болған болса – демек оның құқық бұзушылықтың жасалуына қатысы бар. Бұл дәлелдеуге жататын тезис жақыннан туған екінші болып табылады. Жанама дәлелдеменің құрылымы келесі.

Бір дәлелдеме нақты мән-жайға қатысы бойынша тікелей және басқасына қатысы бойынша жанама болуы мүмкін. Жеке басын тінту кезінде табылған заттарды күдіктіден алып қою, сараптама қорытындысы бойынша есірткі заттары деп танылған, оны сақтау тікелей дәлелдеме болып табылады, алайда оны жасалуына қатысы бойынша тұлғаның кінәлілігіне жанама.

Қазақстан Республикасы ҚПК 111-бабының 2-бөлігінде, қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер дереккөздердің процестік табиғаты бойынша жіктелетін дәлелдемелердің нақты түрлерімен белгіленетіні айқындалған. Оларға заң: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің айғақтарын; сарапшының қорытындысын; заттай дәлелдемелерді; процестік әрекеттердің хаттамаларын және өзге де құжаттарды жатқызады. Заң нақты деректердің процестік көздерін толық түрде тізбектеп көрсетеді, сондықтан өзге дереккөздердегі нақты деректер дәлелдеме болып санала алмайды.

Қылмыстық істің материалдарында нақты деректер әрқашан бекітілген және процестік іс-әрекеттер хаттамаларында немесе өзге құжаттарда

мазмұндалады. Куәнің, жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушының айғақтары, сарапшының қорытындысы, заттай дәлелдемелер жауап алу хаттамаларында; сараптама актісінде бейнеленеді; іс бойынша заттай дәлелдемелерді анықтау және зерттеу дерегі бейнеленетін хаттамаларда [7]. Алайда, дәлелдемелердің көздерінің маңызы, ең алдымен, жоғарыда аталған, ал хаттамалар олардан туындаған есебінде.

Процестік іс-әрекеттер хаттамаларына 111-бабының 2-бөлігінде Заң үй-жайды, жерді, заттарды, құжаттарды, тірі тұлғаларды, мәйіттерді, жануарларды қарау; куәландыру, эксгумация, тану; тінту және алу; ұстап алу; мүлікке тыйым салу; корреспонденциялар; хабарламаларды жол-жөнекей ұстау; сөйлесулерді тыңдау және жазу; айғақты орнында тексеру және нақтылау; тергеу эксперименті; сараптық зерттеу үшін үлгілер алу хаттамаларын; сондай-ақ сот әрекеттерінің барысын және олардың нәтижесін бейнелейтін хаттамаларды жатқызады.

Дәлелдемелер ретінде сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арызды қабылдау кезінде жасалған хаттамаларда, ұсынылған нәрселер мен құжаттарда, айыбын мойындап келуінде, тұлғаларға тиесілі олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндіруде қамтылған нақты деректер дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚПК 119-бабының 2-бөлігі).

Дәлелдемелік маңызы бар нақты деректердің көздері ретінде, Заң өзге де құжаттарды жатқызады. Құжаттар дәлелдемелердің дербес көздері ретінде қаралуы мүмкін, егер мынадай қасиеттерге ие болса:

-арнайы басқаруқұқылы органнан, лауазымды немесе жеке тұлғадан шығады;

-осы құжат үшін қажет реквизиттерді мазмұндайды;

-тергелетін іске қатысты құжатта қорытындыланған нақты деректерде;

-нақты деректер құжатында бар нақты деректерді алу көзі белгілі болып табылады.

Құжаттар ретінде қылмыстық іс бойынша тексеру актілері, түгендеулер, соттылығының барлығы туралы анықтамалар, мінездеме, баянат, тергеу әрекеттері хаттамаларына қосымшалар және т.б.

Дәлелдемелердің аталған жіктелуінің теориялық маңызы оларды анықтау, зерттеу, бағалау және пайдаланудың ғылыми негіздерін жасауда болып табылады. Дәлелдемелерді жіктеудің практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасы ҚПК 115-бабының 2-бөлігіне сәйкес, дәлелдемелердің аталған жекелеген түрлерімен жұмысты қылмыстық-процестік регламенттеуді жетілдіруде, сондай-ақ олардың жан-жақты, объективті, толық зерттелуі және анық дәлелдемелігін белгілеу бойынша тәжірибелік ұсынымдарды әзірлеуде болып табылады.

Тарау бойынша бақылау сұрақтары:

1. Дәлелдемелерге түсінік беріңіз.
2. Қылмыстық процестегі дәлелдемелердің түрлері.
3. Дәлелдемелердің көздері.
4. Дәлелдеу заты.
5. Дәлелдеу шектері.
6. Дәлелдеу сатылары.
7. Дәлелдеме және оның қасиеті.
8. Дәлелдемелерді жіктеуді қалай түсінесіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2015 жылғы 1 қаңтардан күшіне енді).
3. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК (Т. 1. Общая часть) / Когамов М.Ч. – Алматы: «Жеті жарғы», 2015.
4. Голунский С.А. О вероятности и достоверности в уголовном суде // Проблемы уголовной политики. – М., 1937. – С. 61.
5. Громов Н.А. Уголовный процесс России: учебное пособие. - М.: Юристь, 1998. - 284 с.
6. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: учебник для ВУЗов / под ред. Б.Х. Толеубековой - Алматы: Баспа, 1998.- 432 с.
7. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса в 2-х т. - М., 1968. - Т 1. - 511 с.
8. Карнеева Л.М. Доказательства в советском уголовном процессе: уч. пособие. – Волгоград: Высш. след. шк., 1988.
9. Карнеева Л.М. Источники доказательств по советскому и венгерскому законодательству. – М.: Юрид. Лит. Будапешт КезгаздаашаглЭшйогн, 1985.
10. Копьева А.Н. Доказывание по уголовным делам в вышестоящем суде. - Иркутск, 1990.
11. Кузнецов Н.П. Доказывание в стадии возбуждения уголовного дела.– Воронеж: Воронеж. ун-т, 1983.
12. Михеенко М.М. Доказывание в советском уголовном судопроизводстве. – Киев: Высшая Школа, 1984.

7-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ДӘЛЕЛДЕУ

1. Дәлелдеу ұғымы және мәні

Қылмыстық-жазалау әрекеттерін тергеу процесінде дәлелдеу нысанында ғана мүмкін объективті ақиқатты белгілеу. Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу танымның аралық нысаны ретінде алға шығады.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу қылмыстық-процестік нысан талаптарымен байланысты. Дәлелдеу қылмыстық процесс міндеттеріне бағынады, Заң: қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-бабының 1-бөлігі). Таным процесінің қылмыстық-процестік нысаны қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу процесінде негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуден қамтамасыз етуге тиісті. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тәртібі кінәсіз адамды негізсіз айыптау және кінәсіз адамды соттау болған кезде оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге тиісті. Дәлелдеудің қылмыстық-процестік нысанын мүлтіксіз сақтау, бұдан басқа, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 8-бабының 2-бөлігі).

Осылайша, қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесін құқықтық реттеу аталған міндеттерге кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу кезінде қол жеткізуді қамтамасыз етуді қамтамасыз етуі тиіс. Дәлелдеу тәртібін регламенттейтін нормалар, ғылыми негізделген және жалпыға міндетті болуы тиіс. Дәлелдеудің құқықтық нысанының объективті ақиқатты белгілеудің бірыңғай әдіснамалық негіздерін жасау қажеттігіне байланысты, сондай-ақ қылмыстық істе қарама-қарсы мүдделердің болуы.

Қазақстан Республикасы ҚПК 121-бабының 1-бөлігіне сәйкес: «Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады».

Осылайша, дәлелдеу процесінің мазмұны қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді, бағалауды және пайдалануды құрайды. Оларды дәлелдемелік құқығы теориясында дәлелдеу процесінің элементтері деп атайды.

Айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндетін Заң айыптаушыға жүктейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 121-бабының 2-бөлігі).

Айыптаушы тарап деп, Заң қылмыстық қудалау органдарын, сондай-ақ жәбірленуші (жекеше айыптаушы), азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдерін және өкілдерін атайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 7-бабының 2-бөлігі). Қылмыстық қудалау органдары прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы болып табылады. Сот талқылауына басшылық жасау судьяға (сот) жүктеледі. Бұл тұлғалар объективтілік, жан-жақтылық және толықтық қағидаттарына сәйкес дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді, бағалауды және пайдалануды жүзеге асыруға иісті. Сондықтан қылмыстық-процестік кодекс дәлелдеудің аталған субъектілері үшін қарсылық білдіру институтын қарастырады.

Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесі жекелеген азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін қозғайды. Заң дәлелдемелерді жинау мен зерттеуге бағытталған қылмыстық қудалау органдарының қызметін қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан Республикасы ҚПК 34-бабының 5-бөлігі қылмыстық қудалау органының талаптарын барлық мемлекеттік органдарының, ұйымдарының, лауазымды тұлғалары мен азаматтарының орындауы үшін міндетті болып табылатынын белгілейді. Ондай талаптарды орындамау заңмен көзделген жауапкершілікке әкеп соқтыруы мүмкін.

Өзінің немесе ұсынылатын мүддені қорғайтын дәлелдеу субъектілері, сондай-ақ дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану бойынша заңда белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие болады. Дәлелдеу тәртібін орнату кезінде барлық аталған субъектілердің мүдделерінің бағыттылығы, олардың дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану процесіне қатысуының нысандары мен әдістері ескерілуі тиіс. Осы ерекшеліктер қылмыстық-процестік нысанда бейнесін табады.

Дәлелдеудің әртүрлі субъектілерінде дәлелдеуде әртүрлі функциялар басым болуы мүмкін. Дәлелдеуде әртүрлі функциялардың басым болуын дәлелдеудің әртүрлі сатыларында да байқауға болады. Алдын ала тергеп-тексеруде (анықтауда) дәлелдемелерді жинау функциясы басым болады. Тергеуші дәлелдемелер жинау үшін заңда көзделген тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

Прокурор оқиға болған жерге тексеру өткізу жолымен дәлелдемелер жинауды жүзеге асыра алады, сот сараптамасын тағайындау, басқа тергеу әрекеттерінің жүргізілуіне қатысу, лауазымды тұлғалардың жекелеген іс-әрекеттерін жүргізуін санкциялау және т.б.

Дәлелдеудің мүдделі қатысушылары да дәлелдемелер жинау бойынша құқығы бар. Бірақ, жәбірленуші, айыпталушы, басқа қатысушылардың өздері тергеу әрекеттерін жүргізе алмайды. Олар оларға қатыса алады немесе оларды жүргізу туралы өтінішхат бере алады. Дәлелдемелерді зерттеу және бағалау бойынша құқығы дәлелдеудің мүдделі тұлғаларында, әдетте, алдын ала тергеп-тексерудің аяқталуы және істің материалдарымен танысу кезінде, олар істің жиналған материалдарын бағалау негізінде өтінішхат бере алатын.

Сот талқылауында сот шешімін қабылдау үшін дәлелдемелерді зерттеу, бағалау және пайдалану функциясы үстем болады. Сот дәлелдемелер жинауға міндетті емес. Мысалы, қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтару үшін

негіздер қатарында жиналған дәлелдемелердің жеткіліксіздігі көзделмеген (Қазақстан Республикасы ҚПК 323-бабы).

Алайда, заң сотқа қарап-тексеру және тану үшін көрсету, куәландыру, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу, сот сараптамасын тағайындау құқығын береді (Қазақстан Республикасы ҚПК 373, 379 баптар). Осылайша, сот дәлелдемелер жинаудың субъектісі де бола алады. Бұл ереже қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруда сот белсенді және дербес рөл атқаратыны жөніндегі ережеге сәйкес келеді.

Дәлелдеу процесі заң орнатқан қатаң тәртіпте, яғни қылмыстық-процестік нысанда белгіленген жүзеге асырылады [4]. Дәлелдеудің қылмыстық-процестік нысаны – қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесі жүзеге асырылуы тиіс, шынайы шындыққа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, сәйкес, қылмыстық-процестік заңмен белгіленген шарттар жиынтығы.

Дәлелдеудің қылмыстық-процестік нысаны:

- өзінің іске асырылуын дәлелдеу бойынша жекелеген нормалар арқылы табатын қылмыстық процестің қағидаттарын;

- Қазақстан Республикасы ҚПК 15 және 16 тарауларында бекітілген дәлелдеу құқығының арнайы институттарын;

- қылмыстық процестің жекелеген сатыларындағы дәлелдеудің және қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша ерекшеліктерін (кәмелетке толмағандар, есі дұрыс еместерге қатысты істер бойынша сотқа дейінгі және сот сатысында және т.б.);

- дәлелдеу субъектілерінің өкілеттіктерін қамтиды.

Қылмыстық процестік құқығының бөлігі бола отырып, дәлелдеу құқығы оның қағидаттары жүйесіне кірмейтін қағидаттарға құрыла алмайды. Қылмыстық процесс қағидаттарының бекітілген жүйесі қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу процесіндегі таным процесінің әдіснамасын айқындайды. Ол өзінің іске асырылуын қылмыстық-процестік нормаларда, сондай-ақ дәлелдеу құқығы нормаларында табады, заңда белгіленген міндеттерге табысты қол жеткізуге, демек, дәлелдеу міндеттеріне де ықпал етеді. Дәлелдеу құқығы мен қылмыстық процесс қағидатының ажырамастай байланыстығы олардың өзара кірігуінен байқалады. Мысалы, қылмыстық процесс қағидаттарының қатарына қазіргі уақытта қолданылып жүрген қылмыстық-процестік кодекспен ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау қағидаты енгізілген.

Істің мән-жайының заңдылығы, жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидаттары дәлелдеу құқығының барлық институттарында пайдалануын табады. Дәлелдеуде заңдылық қағидаты шынайы шындықты ашу үшін қылмыстық-процестік нысанның мәнін анықтайды [5]. Бірінші кезекте, заңдылықты сақтау уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан талап етіледі, себебі қылмыстық іс бойынша шынайы шындықты анықтау және азаматтардың, мемлекет пен қоғамның заңды құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүмкіндігі дәл солардың қызметіне байланысты. Қылмыстық-процестік заңның талаптарын бұза отырып дәлелдеме алу олардың дәлелдемелік күшінің жоғалтуға алып келеді. Осылайша, заңдылық қағидатын бұзу кезінде,

қылмыстық іс бойынша дәлелдеу міндеттері орындалмайды.

Тергеліп жатқан қылмыстық-жазалау әрекетінің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидаты негізінде дәлелдеу құқығының барлық институттарының мазмұны айқындалады: дәлелдемелер, дәлелдемелердің жіктелуі, дәлелдеу заты мен шектері, дәлелдеу, дәлелдеу субъектілері, қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша дәлелдеу ерекшеліктері. Дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану тәртібін белгілейтін нормалар, дәлелдеу құқығының ерекше бөлігіне кіретін, сондай-ақ осы қағидат негізінде қалыптасатын.

Дәлелдеу құқығында қылмыстық процестің өзінің тікелей және басқа да барлық қағидаттары көрінісін табады. Мысалы, сот төрелігін сотпен ғана жүзеге асыру қағидаты сот өкілдігінің мазмұнында ғана айтылған. Тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу өағидатын бұзу нақты деректерді анықтау процесінде олардың дәлелдемелік күшін жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін. Жеке өмірге, тұрғын жайға, меншікке тиіспеушілік қағидаттарын сақтау қосымша шарттарды енгізуге себепші болады (кемінде екі айғақтың қатысуы, прокурордың санкциясы және т.б.) тінту, пошта-телеграфтық корреспонденцияларды алу, сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, хабарламаларды және басқаларды ұстап қалу секілді тергеу әрекеттерін жүргізу.

Дәлелдеудің қылмыстық-процестік нысандары шарттарына Қазақстан Республикасы ҚПК 15 және 16 тарауларында көзделгендер ғана емес, қылмыстық процестің әртүрлі сатыларында және олардың ерекшеліктері кезінде дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану тәртібін орнататын жатады. Заң Қазақстан Республикасы ҚПК 16-тарауында дәлелдемелерді жинау тәртібімен тергеу және процестік әрекеттерді айқандайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 122-бабының 1-бөлігі), оларды жүргізудің тәртібі мен жалпы шарттары қылмыстық-процестік кодекстің басқа бөлімдері мен тарауларында көзделген (Қазақстан Республикасы ҚПК 25-33, 44 және басқа тараулары). Мысалы, кәмелетке толмағаннан, күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу Қазақстан Республикасы ҚПК 56-тарауының 535-бабында көзделген.

Дәлелдеу субъектілері шынайы шындықты ашу және азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау, бекіту және пайдалану бойынша құқықтар мен міндеттер берілген мемлекеттік органдар мен тұлға болып табылады [6].

Заң әртүрлі негіздерден дәлелдеудің әртүрлі субъектілерінің өкілеттіктерін береді. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар оларға заңмен жүктелген белгілі бір міндеттердің негізінде дәлелдеу бойынша өкілеттіктер беріледі. Оларға дәлелдеу бойынша міндеттер беруде кінәсіздік презумпциясы қағидаты, сондай-ақ жариялылық қағидатын өзінің іске асырылуын табады. Жариялылық қағидаты, «қылмыстық қудалау органы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапқан әрбір жағдайда өз құзыреті шегінде

қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын белгілеу, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу, оларды жазалау үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға, сол сияқты кінәсіз адамды ақтау үшін шаралар қолдануға міндеттілігін» білдіреді (Қазақстан Республикасы ҚПК 34-бабының 1-бөлігі).

Жәбірленуші, айыпталушы, күдікті дәлелдеу бойынша өкілеттіктер беріледі, қылмыстық іске олардың жеке мүддесі болуы негізінде. Бұл ретте, заң шығарушы конституциялық ережеге сүйенеді, кінәсіздік презумпциясы қағидатынан шығатын: айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес (Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-бөлігінің 6-тармағы) [1]. Қылмыстық процесте тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде сонымен қатар басқа да қағидаттар ескеріледі, атап айтқанда, сот төрелігін теңдк бастауларында (Қазақстан Республикасы ҚПК 21-бабы), тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде (Қазақстан Республикасы ҚПК 23-бабы) және басқалар.

Білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз ету конституциялық қағидатын іске асыру (Қазақстан Республикасы 13-бабының 3-бөлігі; Қазақстан Республикасы ҚПК 27-бабы) қылмыстық іске мүдделі тұлғаларға (айыпталушыға, жәбірленушіге, өзгелерге) қорғаушысы, заңды өкілі немесе өкілі болуға құқық ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Заңды күшіне немесе жасалған келісімді мүдделерін білдіретін қорғайтын тұлғалар, сондай-ақ дәлелдеу субъектілері танылады, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалануды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктер беріледі.

Дәлелдеудің қылмыстық-процестік нысанын сақтау дәлелдеу және қылмыстық сот ісін жүргізу мақсатына қол жеткізу кепілдігі болып табылады [7].

Дәлелдеу процесінде жүзеге асырылатын барлық шешімдер мен әрекеттер, қылмыстық іс материалдарында міндетті өзінің бейнесін алуға тиісті. Дәлелдеу нәтижелерін бекіту оларды басқа дәлелдеу субъектілерінің тануы және олардың растылығы мен негізділігін анықтау үшін қажет. Дәлелдеу – танымдық қана емес, куәландыру да қызметі. Бұл дәлелдемелерді алуды тергеу хаттамаларында бейнелеуге ғана емес, сонымен бірге дәлелдеу процесі үшін маңызға ие шешімдер қабылдауға да қатысты. Мысалы, күдіктінің әрекетін жіктеу туралы, тұлғаны жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы шығару, ең аяғы, айыптау немесе ақтау үкімін шығару. Тергеушінің шешімінің анық дәлелдемелік дәрежесі оның тағайындалуына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Үкім заңды және негізді болуы тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 388-бабы). Кінәсіздік презумпциясы қағидатына сәйкес «ақтау үкімінде ақталушының кінәсіздігіне күмән тудыратын тұжырымдалуларды пайдалануға жол берілмейді» (Қазақстан Республикасы ҚПК 399-бабының 2-бөлігі). Демек, қылмыстық істер бойынша дәлелдеу категориялық қорытындымен ғана аяқталуға тиісті, себебі дәлелденбеген кінәлілік дәлелденген кінәсіздік болып табылады.

Осылайша, қылмыстық істер бойынша дәлелдеу – арнайы басқару құқығы бар органдар мен тұлғалардың шынайы шындықты ашу жолымен қылмыстық

сот ісі міндеттеріне қол жеткізу мақсатында қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу процесінде дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалануға бағытталған заңда қатаң регламенттелген танымдық-қуәландыру қызметі.

2. Дәлелдемелерді жинау

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесі дәлелдемелерді жинаудан басталады. Алайда бұл дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдаланудың дәлелдеу элементтері ретінде емес қаралуы мүмкіндігін, ал оның сатысы, кейде процестік әдебиетте көрсетілетін. Аталған элементтер өзара тығыз байланысты. Мысалы, тергеуші қуәдан нақты деректерді ала отырып, барлық ақпаратты бірдей тіркей бермейді, тек қана тергеліп жатқан құқық бұзушылыққа қатысы барларын ғана және пайдалы болуы мүмкіндерін ғана тіркейді. Демек, нақты деректерді жинау, оларды бір мезгілде зерттеусіз жүзеге асырыла алмайды. Бұдан басқа, бір дәлелдемелерді жинау қылмыстық іс бойынша қолда барларды тексеруді білдіреді. Дәлелдеудің сатылары деп «әртүрлі, бірінен кейін бірі ілесетін кездер, істің мән-жайлары бойынша дәлелденетін анықтығының әртүрлі дәрежесін сипаттайтын ақиқатты белгілеу» [11].

Қазақстан Республикасы ҚПК 122-бабының 1-бөлігіне сәйкес дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде Қылмыстық-процестік кодексте көзделген процестік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау нақты деректердің ықтимал көздерін анықтауды, оларды алдын ала зерттеуді, заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес қылмыстық істің материалдарына енгізуді пайымдайды.

Осылайша, дәлелдемелерді жинау мазмұнына оларды анықтау, алдын ала зерттеу және бағалау, тіркеу, алу бойынша әрекеттер кіреді.

Дәлелдеудің әртүрлі субъектілерінде дәлелдемелерді жинау бойынша өкілеттігі әртүрлі тәсілдерде көрінген. Қылмыстық процесті жүргізетін орган, дәлелдемелерді жинау мақсатында заңда көзделген процестік әрекеттерді жүргізуге құқылы [8]. Дәлелдемелерді жинаудың негізгі тәсілі ретінде Заң тергеу әрекеттерін атайды. Сот талқылауында сот әрекеттері өткізіледі. сот, прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы тараптардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша қылмыстық-процестік заңға сәйкес:

- кез келген адамды жауап алу үшін шақыруға;
- кез келген адамды сарапшы ретінде қорытынды беру үшін шақыруға;
- ұйымдардан, олардың басшыларынан, лауазымды адамдарынан, азаматтардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен заттарды ұсынуды талап етуге;
- жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге;
- уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизия және тексеру жүргізуді талап етуге құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 122-бабының 2-бөлігі).

Сотқа дейінгі іс жүргізуде тергеу әрекеттерін жүргізу құқығы қылмыстық істі дұрыс шешу үшін дәлелдемелер жинау міндеті болып табылатын қылмыстық процесті жүргізетін органға ғана тиесілі.

Тараптардың бірдейлігі қағидатына сәйкес дәлелдеудің басқа субъектілері дәлелдемелер жинау бойынша өкілеттіктер берілген.

Күдіктінің (айыпталушының) мүдделерін білдіретін қорғаушы:

- күдіктімен, айыпталушымен саны мен ұзақтығы шектелмейтін онаша және құпия кездесуге;

- қылмыстық іс материалдарына міндетті түрде қоса тігілуге жататын, заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға;

- күдіктіден, айыпталушыдан жауап алуға, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтінішхаты не қорғаушының өз өтінішхаты бойынша жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне және процестік әрекеттерге қатысуға;

- қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;

- күдіктіге, айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуға тиіс болатын ұстап алу хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолданудың және күзетпен ұстаудың, ұйқамақтың мерзімін ұзарту туралы қаулымен, іс бойынша мерзімдерді ұзу туралы хабарламамен, күдіктінің немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін – істің барлық материалдарымен танысуға, одан мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және айыптау куәларының тізімін қоспағанда, кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен көшірмесін түсіруге, күдіктіге күдікті деп тану туралы, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілген кезде қатысуға;

- өтінішхаттарды, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеуге;

- кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, сот талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау кезінде, соттың бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарауы кезінде, күзетпен ұстау, ұйқамақ мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттарды қарау кезінде, тергеу судьясы қорғаушы тараптың шағымдары мен өтінішхаттарын қараған кезде, айғақтар сақтауға қою кезінде сот отырысына қатысуға;

- сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға құқылы, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға және оған ескерту енгізуге;

- өзіне және өзінің қорғауындағы адамға табыс етілуге жататын процестік құжаттардың көшірмелерін алуға;

- қылмыстық процесті жүргізетін адамның және қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды процестік құжаттарға енгізуді талап етуге;

- анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері

(әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге және оларды қарауға қатысуға;

- заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

- қорғауындағы адамның қатысуымен процесстік әрекеттің өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ қорғаушы тараптың шағымдарын, бұлтартпау шарасын қолдану, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту, айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхаттарды қарауға байланысты барлық сот отырыстары туралы қылмыстық процессті жүргізетін орган арқылы күні бұрын хабардар етілуге;

- тергеу судьясы алдында куәның және жәбірленушінің айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат беруге;

- сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда тергеу судьясы алдында, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, күдіктіге, айыпталушыға, қорғалуға құқығы бар куәға білікті заң көмегін көрсету және олардың мүдделерін қорғау үшін қажет кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру туралы өтінішхат беруге;

- егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, тергеу судьясы алдында сараптама тағайындау туралы өтінішхат беруге;

- істің мән-жайлары туралы бірдеңе білетін адамдардан сұрақ алуға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, сұрақ алуға және осылайша алынған нақты деректерді іс материалдарына қосып тігу туралы өтінішхат беруге;

- сарапшының, маманның іс бойынша қорытындыларын шарттық негізде алуға және осындай қорытындыларды іс материалдарына қосып тігу туралы өтінішхат беруге;

- тергеу судьясы алдында өзі бұрын сұрақ алған айғақ беру үшін келуін қамтамасыз ету қиындық туғызатын куәны қылмыстық процессті жүргізетін органға мәжбүрлеп әкелу туралы өтінішхат беруге құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 70-бабының 2, 3 бөліктері, 122-бабының 3-бөлігі).

Барлық шешімді тергеуші дербес қабылдайды, сондықтан ол қорғаушының өтінішхатын қабылдамауға құқылы, бірақ ол жөнінде уәжді қаулы шығаруы тиіс.

Қорғаушының қатысуына қарамастан, күдікті мен айыпталушы дәлелдемелер жинауға өздігінше қатысуға өкілетті. Қылмыстық-процестік заң мынадай жолмен дәлелдемелерді жинауға құқық ұсынады:

- оған қарсы күдік (айыптау) болуы бойынша айғақтар беру;

- дәлелдемелер ұсыну;

- өтінішхатты және қарсылық білдіруді мәлімдеуге [9];

- өзінің немесе қорғаушының өтінішхаты бойынша не болмаса заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу іс-әрекеттеріне қатысу (Қазақстан Республикасы ҚПК 64-бабының 7-бөлігі, 65-бабының 2-бөлігі).

Айыпталушы дәлелдемелерді жинаудың аталған жалпы құқықтарынан бөлек сарапшыға сұрақтар қоя алады.

Жәбірленушінің дәлелдемелер жинау бойынша құқығы айыпталушыға берілетін құқықпен тең. Ол айғақ беруге, дәлелдеме ұсынуға, өтінішхат және қарсылық білдіру мәлімдеуге, өзінің өтінішхаты немесе оның өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға құқылы. Алайда, жәбірленушіде күдіктіден, айыпталушыдан ерекшелігі айғақ беру құқығы ғана емес, сонымен бірге міндеті де болып табылады. Айғақ беруден бас тартқаны үшін және көрінеу жалған айғақ бергені үшін жәбірленуші Қазақстан Республикасы ҚК 420, 421 баптарына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкерге, олардың ұсынылған талаппен байланысты мүдделерін қорғау үшін маңызға ие дәлелдемелерді жинау бойынша бірдей құқық берілген. Олар дәлелдемелер ұсынуға, ұсынылған талап бойынша айғақ беруге, өтінішхат және қарсылық білдіру мәлімдеуге, қылмыстық іске тіркеу үшін материалдар ұсынуға құқылы (Қазақстан Республикасы ҚПК 73-бабының 4-бөлігі, 74-бабының 3-бөлігі).

Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының заңды өкілдері, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің, жекеше айыптаушының заңды өкілдері мен өкілдері заң бойынша дәлелдемелер жинау бойынша, және олар ұсынатын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көзделгендер шегінде құқықтарға ие болады (Қазақстан Республикасы ҚПК 75, 76, 77, 537 баптары).

Қылмыстық процесті жүргізетін органнан басқа, қылмыстық істің нәтижесіне мүдделі тұлғаларды заң кез келген азаматтар мен ұйымдар дәлелдемелер ұсыну құқығын береді (жазбаша, ауызша нұсқадағы мәліметтер, нәрселер және құжаттар).

Дәлелдемелерді жинау заңдылық, толықтық, жылдам, алынатын дәлелдемелердің анықтық кепілдігін сақтау талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиісті. Дәлелдемелер жинау мақсатында ғылыми-техникалық құралдар пайдаланылуы мүмкін, егер олар:) заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе; ғылыми тұрғыдан дәрменді болса; қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса; қауіпсіз болса, олар қолдануға жарамды деп танылады. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану ҒТҚ деректері, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, міндетті түрде тиісті процестік әрекеттердің хаттамаларында көрсетіледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 126-бабы).

Анықталған нақты деректер мен олардың көздерін зерттеу және бағалау олардың тергеліп жатқан қылмыстық құқық бұзушылыққа ықтимал қатыстылығын алдын ала анықтауда тұр. Мысалы, егер оқиға болған жерді тексеру кезінде шаншылған, тілінген жарақаттармен мәйіт анықталған кезде пышақ табылса, онда ол алдын ала оның размерінің жәбірленушінің жарақатының размеріне сәйкестігі көзқарасында, қанның, өзге де іздердің

болуы оны тергеліп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезінде пайдалану зерттеуі қажет.

Анықталған және алдын ала бағаланған нақты деректер, және олардың көздері бекітуге және алуға жатады. «Нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін» (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 1-бөлігі). Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы қылмыстық-процестік заңмен анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 2-бөлігі). Заң іс үшін маңызы бар нақты деректерді бекітудің жалпыға міндетті қағидаларын бекітеді. Процестік іс-әрекеттердің хаттамаларында, оның өткізілген орны мен күні, «оның басталған және аяқталған уақыты минутына дейін дәл көрсетілуі тиіс», тергеу әрекетін жүргізген тұлғаның лауазымы мен тегі, жүргізілген әрекетке қатысқан барлық тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты, ал қажеттілігіне қарай – олардың адрестері, процестік әрекетке қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені көрсетілуі қажет. Тергеу әрекетінің барысы мен нәтижесі «олар қалай болса, сондай тәртіпте» көрсетілуге тиісті. Тергеуші тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қорытынды жасамауы тиіс, тек қана әрекеттерді және олардың нәтижелерін дұрыс тіркейді (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 3-бөлігі, 199-бабының 3, 5 бөліктері).

Процестік әрекеттің хаттамасы жасалғаннан кейін оған қатысқан тұлғалардың барлығына хаттамамен танысу құқығы ұсынылады. Процестік әрекетке қатысушылар хаттамаға толықтырулар мен түзетулер енгізуге, осы әрекеттің өткізілу тәртібі мен жағдайлары бойынша қарсылық пен ескерту айтуға, хаттамадағы жазбаға өзінің редакциясын ұсынуға, өтінішхат және шағым мәлімдеуге құқылы. Процестік әрекет хаттамасының мазмұнына және оны жүзеге асырған тұлғаның әрекетіне қатысты барлық ескертулер хаттамаға тіркелуі тиіс. Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 6-бөлігі). Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Тергеу әрекетіне қатысушы қолын, өзінің қатысуын бейнелейтін хаттаманың бөлігіне ғана қоюға құқылы. Мысалы, бұл маман секілді қатысушыға қатысты болуы мүмкін (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 5-бөлігі).

Егер процестік әрекетке қатысушы қол қоюдан бас тартса, хаттамада тиісті белгі жасалып, оны сот отырысына төрағалық етуші тергеуші немесе анықтаушы және хатшы өз қолдарымен куәландырады. Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 9-бөлігі).

Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға

хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды. Хаттамада бұл туралы белгі жасалады.

Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану нәтижесінде алынатын «фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі» (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 11, 12 бөліктері, 199-бабының 7-бөлігі). Қосымша процестік әрекеттерді жүргізген тұлғалардың қолдарымен куәландырылады, жекелеген жағдайларда – куәгерлермен (Қазақстан Республикасы ҚПК 123-бабының 12-бөлігі). Қылмыстық-процестік заңның талаптарына сәйкес ресімделген процестік әрекетінің қосымшалары өзге құжаттардың процестік мәртебесімен ие, дәлелдемелер мәніне ие болады.

Егер дәлелдемелік мәні болуы мүмкін нәрселер мен құжаттар анықталса, олар тіркеліп қана қоймай, сонымен қатар оларды одан әрі зерттеу мақсатында алынуы тиіс. Нәрсені алып қою мүмкін болмаған кезде, олардан көшірме немесе бедерлер жасалады. Заңмен орнатылған тәртіпті сақтау кезінде және объектінің сыртқы белгілерін көшірмеге немесе бедерлеуге барабар беру, соңғысы туынды дәлелдеме ретінде қаралады. Бедерлерді немесе көшірмелерді алу және жасау бойынша әрекет міндетті түрде хаттамаға тіркелуі керек, ал алынған бедерлер мен көшірмелер қылмыстық процесті жүргізетін органмен, куәгерлермен, сондай-ақ оларды жасаған тұлғамен куәландырылуы тиіс [10]. Хаттамада алынатын нәрсенің немесе құжаттың, оны басқа, оған ұқсас нәрселер мен құжаттардан ерекшелейтін жеке белгілері суреттелеуі тиіс. Заттай дәлелдемелерді сақтау туралы мәселе Қазақстан Республикасы ҚПК 118, 221 баптарына сәйкес шешіледі.

3. Дәлелдемелерді зерттеу

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер оның мәні мен іс бойынша басқа да дәлелдемелерге байланыстылығы көзқарасында жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Қазақстан Республикасы ҚПК 124-бабына сәйкес дәлелдемені зерттеу, оны талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтуы тиіс.

Нақты деректерді талдау қандай да бір құбылыстың, деректің мәнін айқындауды білдіреді. Мысалы, ұрлық жасалған үй-жайдың терезесі шынысының сыртқы жағыннан қолдың саусақ іздерінің табылуы, құқық бұзушының үй-жайға терезенің айнасын сырт жағынан ашу арқылы енгенін білдіруі мүмкін. Көп қан кеткен жарақаты бар мәйіт анықталған жерде қанның болмауы, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жердің жәбірленуші анықталған жермен сәйкес келмейтіндігі туралы куәландырады. Қандай да бір құбылыстардың, деректердің мәнін анықтау, әртүрлі сипаттағы байланыстарды айқындауды білдіреді. Бұл байланыстар тектік немесе себеп-салдарлық, уақытша, кеңістіктік, сандық болуы мүмкін. Келтірілген алдыңғы мысалда

байланыстар себеп-салдарлық байқалады; екіншісінде – кеңістіктік. Уақытша байланысқа мысал ретінде, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде күдіктінің басқа қалада болуы туралы, яғни күдіктінің алибиі туралы куәландыратын нақты деректер болып табылуы мүмкін. Көп аяқ киім іздерінің анықталуы аталған жерде бірнеше адамның болғанын, яғни сандық байланысты көрсетеді. Анықталған нақты деректердің мәнін дұрыс ашу тергеу болжамдарын жылжытуға ықпал жасауы мүмкін. Мысалы, егер жәбірленушінің денесінің әр жерінде әртүрлі дәрежедегі жарақат болса, ондай жарақаттардың пайда болуы туралы болжамдардың біреуі, өзара күрестің болғаны болуы мүмкін. Сонымен қатар тергеу болжамдарын ұсыну жаңа нақты деректерді анықтауға себепші болады [12]. Мысалы, құқық бұзушыда да жарақат болуы мүмкіндігі туралы болжам.

Анықталған нақты деректердің мәнінің растылығы іс бойынша басқа дәлелдемелермен салыстыру жолымен ғана анықталуы мүмкін. Мысалы, өзара күрес туралы тергеу болжамы қылмыстық істегі куә айғақтарымен расталуы мүмкін. Дәлелдеменің мәнін тексеруге жаңа дәлелдемелер жинау да бағытталуы қажет. Тергеу жүргізіліп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына күдіктіні ұстап алу кезінде, өзара күрестің болуына тән жарақаттарды оның денесінен анықтау мақсатында оған куәландыру өткізу керек. Себебі қылмыстық құқық бұзушылық кеңістік пен уақыт бойынша байланысты бірден-бір процесс болып табылады, дәлелдемелердің барлығы өзара байланысты және өзара келісілген немесе біреуі екіншісін растайтын болуы тиіс. Мысалы, оқиға болған жерден анықталған қол іздерінің күдіктіге тиесілігін, күдіктіден қылмыстық құқық бұзушылық нәрселерін анықтау, күдіктіні қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде болған тұлға ретінде куә деп тану, күдіктіде алибидің болмауы. Қарсы дәлелдеме болған кезде ол түсіндірілген болуы тиіс.

Дәлелдемелер көздерін тексеру, ең алдымен, ондай көздердің табиғатына байланысты болады. Жеке көздерді тексеру:

-нақты адамның қандай да түрде белгілі бір оқиғаны қабылдауының нақты мүмкіндігін;

-онда жалған айғақ беруі үшін белгілі бір себептің болуын;

-оның белгілі бір айғақтар беруі үшін оған басқа ықпалдар жасалуын анықтау болып табылады [3].

Заттық көзді тексеру одан нақты деректерді алу үшін арнайы танымдар мен ғылыми-техникалық құралдарды дұрыс пайдалануды білдіреді.

4. Дәлелдемелерді бағалау және пайдалану

Қылмыстық процесті жүргізетін органмен қабылданатын шешімдердің барлығы, әдетте, дәлелдемелерді бағалауға негізделеді. Сондықтан дәлелдемелерді бағалау туралы мәселе дәлелдеу құқығында және дәлелдемелер теориясында негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Адамзат тарихында дәлелдемелерді бағалаудың сан алуан өлшемшарттары болған.

Соның ішінде көп тарағандары формалды дәлелдемелер теориясы мен дәлелдемелерді еркін бағалау теориясы болды. Формалды дәлелдемелер теориясы ақиқат өлшемшарты деп айыпталушының мойындау айғағын, сондай-ақ куәлардың екі сенім ұялататын біріне бірі қайшы келмейтін айғақтарын санады [11].

Дәлелдемелерді еркін бағалау теориясы артықшылықты судьялардың ішкі сеніміне бергенді жөн деп санады. Бір мезгілде осы теориямен қылмыстық сот ісін жүргізуде алқа билер пайда болады, тұлғаның кінәлілігін не болмаса кінәсіздігін дәлелдемелер тарапынан ұсынылғандар негізінде айқындаған, өзінің имандылығына және ішкі сеніміне сәйкес бағалаған.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама дәлелдемелерді бағалауды қылмыстық іс бойынша әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиістігін айқындайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының 1-бөлігі).

Дәлелдемелерді бағалау қағидаттары: ішкі сенім қағидаты; дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті түрде қарау, дәлелдемелер жиынтығының жеткіліктілігі қағидаты болып табылады.

Ішкі сенім қағидаты қылмыстық процесті жүргізетін органның, оның жиынтығы негізінде және заң мен ар-ожданға ғана басшылыққа алып дәлелдемелерді еркін бағалауын білдіреді. Заң тергеушіге анықтаушыға, судьяға прокурорға қысым көрсетуден кепілдендіреді қылмыстық жауаптылыққа тартуға дейін (Қазақстан Республикасы ҚК 420, 421 баптары). Ішкі сенім қағидатын іске асыру мүмкіндігі қылмыстық-процестік ережелермен тығыз байланысты: судьялардың, тергеушілердің тәуелсіздігі және дербестігі; дәлелдемелердің теңдігі туралы; қылмыстық істің тағдырын айқындау шешіміне қатысты бөлігінде қылмыстық процесті жүргізетін органның түбегейлі құзыреттігін құрайтын дәлелдемелерді бағалау туралы.

Дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті түрде қарау қағидаты істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеудің жалпы қағидатының туындауы болып табылады [13].

Іс бойынша жиналған дәлелдемелердің барлық жиынтығын бағалау, қылмыстық іс бойынша дұрыс қорытынды үшін оның жеткіліктілігін белгілеуге бағытталған. Іс бойынша жиналған дәлелдемелердің жиынтығы, егер:

- оған сапалы, яғни қатыстылық, жол берілетіндік және анық дәлелдемелік қасиеттеріне ие дәлелдемелер кірсе;
- егер қарсы дәлелдеме болмаса, немесе олар түсіндірілсе;
- егер жинақтала келе олар нақты тұлғаның (тұлғалардың) қылмыстық құқық бұзушылық және басқа да мән-жайлар, дәлелдеуге жататын жасаудағы кінәлілігіне қатысты бір қорытындыға алып келсе, жеткілікті деп саналады.

Осылайша, дәлелдемелерді бағалау тергеу жүргізіліп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелеген мән-жайын анықтайтын бір дәлелдемеге, дәлелдемелер жиынтығына, іс бойынша жиналған дәлелдемелердің барлық жиынтығына қатысты болуы мүмкін.

Бір дәлелдемені бағалау оның сапасын іс бойынша дәлелдеме ретінде анықтау мақсатында жүзеге асырылады. Сол уақытта дәлелдеменің анықтығы қылмыстық іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелер болған кезде ғана анықталуы мүмкін.

Дәлелдемелердің белгілі бір жиынтығын бағалау іс бойынша жекелеген мән-жайды анықтау үшін, мысалы, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерді анықтау үшін жүзеге асырылады. Сондай-ақ дәлелдемелердің жиынтығын бағалау сан алуан түрдегі процестік және өзге де шешімдерді қабылдау негізінде жатыр. Мысалы, бұлтартпау шарасын таңдау үшін, тұлғаны азаматтық талапкер және басқа деп тану үшін.

Қылмыстық іс бойынша заңды және әділ қорытынды шығаруға жеткілікті дәлелдемелер жиынтығының барлығы дәлелдемелердің жалпы жүйесін құрайды [14]. Жекелеген мән-жайларды анықтайтын, дәлелдеу затына енетін дәлелдемелер жиынтығы қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің жекеше жүйесі болып табылады.

Осылайша, дәлелдемелерді бағалау өзіндік мақсат болып табылмайды, қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу процесінде негізделген және заңды шешімдер қабылдауға қызмет етеді. Бұл шешім процестік немесе ұйымдық-тактикалық сипатта болуы мүмкін. Дәлелдемелерді бағалау негізінде күдіктінің әрекетін жіктеу туралы қаулы шығару үшін негіздердің барлығы туралы, бұлтартпау шарасы ретінде қамаққа алуды таңдау туралы, тұлғаны жәбірленуші ретінде және басқалар тану туралы шешім қабылданады.

Дәлелдеме қылмыстық іс бойынша тергеу болжамдарын жылжыту негізіне, қылмыстық құқық бұзушылықтың ықтимал қаруын іздеудің негізгі бағыттары, қылмыстық құқық бұзушылықтың нәрселері, тергеу әрекеттерінің жекелеген түрлерін жүргізу жүйелілігі, тергеу әрекетін жүргізу кезінде нақты дәлелдемелерді пайдалану мүмкіндігін белгілеу алынуы мүмкін және т.б.

Дәлелдемелер қылмыстық істе жеке немесе ұсынылатын мүддені қорғайтын дәлелдеу субъектілері ретінде де пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, өтінішхаттарды, шағымдарды негіздеу үшін, өзініңсөзін қорғаушымен құру үшін және т.б.

Сонымен, дәлелдемелерді пайдалану – қылмыстық процесті жүргізетін органның, сондай-ақ дәлелдеудің өзге де субъектілерінің процестік және ұйымдық-тактикалық шешімдер қабылдау бойынша қызметі.

Бақылау сұрақтары:

1. Дәлелдеу ұғымы және маңызы.
2. Дәлелдемелерді жинау.
3. Дәлелдемелерді зерттеу.
4. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау.
5. Дәлелдемелерді пайдалану.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2015 жылғы 1 қаңтардан күшіне енді).
3. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК (Т. 1. Общая часть) / Когамов М.Ч. – Алматы: «Жеті жарғы», 2015.
4. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: учебник для ВУЗов / под ред. Б.Х. Толеубековой. - Алматы: Баспа, 1998.
5. Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л. Уголовный процесс. Досудебное производство. - Астана, 2000.
6. Белкин А.Р. Теория доказывания. - М., 1999.
7. Горский Г.Ф., Кокорев Л.Д., Элькинд П. С. Проблемы доказательств в советском уголовном процессе. - Воронеж, 1978.
8. Карнеева Л.М. Доказательство и доказывание: лекция. - Волгоград, 1988.
9. Золотых В. В. Проверка допустимости доказательств в уголовном процессе. - Ростов-на-Дону, 1999.
10. Рыжаков А. П. Следственные действия и иные способы собирания доказательств. - М., 1997.
11. Смирнов А.В., Калиновский К.Б. Уголовный процесс. СПб.: Питер, 2005. 272 с.
12. Теория доказательств в советском уголовном процессе / под ред. Н.В. Жоги́на. - М., 1973.
13. Уголовный процесс / под ред. К.Ф. Гуценко. - М., 1997.
14. Уголовный процесс России / под ред. В.М. Савицкого. – М., 1997.

8-ТАРАУ. ПРОЦЕСТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ

1. Қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары

Құқықтық қоғамда ең басты құндылық – адам. Оның ар-ожданы мен қадір-қасиеті, бостандығы мен қол сұқпаушылығы Қазақстан Республикасы Конституциясының қорғауында болады. Құқықтық мемлекетті жариялау – бұл декларация емес және ұран да емес. Бұл демократияны іс жүзінде дамыту, заңдылықты нығайту, азаматтарды озбырлық пен әділетсіздіктен қорғау.

Құқық қорғау органдары қызметінде заңдылықты өрескел бұзу, өкінішке қарай, қазіргі уақытта да орын алады және кінәсіздік презумпциясын сақтамаумен, күдіктінің (айыпталушының) құқықтарына менсінбеушілікпен қарап, адамның қадір-қасиетін түсіретін тергеу әдістерін, заңсыз ұстау және қамау және бұлтартпау шараларын заңсыз пайдалану жағдайлары.

Заң әдебиетінде қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары және оның сенім және мемлекеттік мәжбүрлеу институттарындағы орны туралы ұғым кең түрде берілген.

Мәжбүрлеу және бұлтартпаумен әрқашан құқық нормаларын іске асыру салыстырылады, себебі «құқық нормаларын сақтауға мәжбүрлеуге қабілетті аппаратсыз құқық ештеңе де емес».

Процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін негіздер:

- қылмыстық-процестік заңмен көзделген тәртіпте тергеуді және сот талқылауын қамтамасыз ету;

- үкімнің тиісті дәрежеде орындалу қажеттігі болып табылады.

Процестік мәжбүрлеу шаралары:

- бұлтартпау шараларының орнына (мысалы, ешқайда кетпеу туралы қол қойдыру орнына – келу туралы міндеттеме бұлтартпау шарасы;

- бұлтартпау шараларымен қатар (мысалы, ешқайда кетпеу туралы қол қойған тұлға, келмеген кезде, тергеушіге жеткізілуі мүмкін, яғни мәжбүрлеу шаралары қолданылып);

- бір мезгілде мәжбүрлеу шараларының бірнеше кез келген түрлері бойынша пайдаланылуы мүмкін.

Процестік бұлтартпау шараларынан айырмашылығы, келу, алып келу және ақша өндіріп алу туралы міндеттеме секілді мұндай мәжбүрлеу шаралары айыпталушы мен күдіктіге ғана емес, сонымен бірге тергеушіге, сарапшыға, маманға, жәбірленуші мен азаматтық талапкерге және олардың өкілдеріне, сондай-ақ азаматтық жауапкерге, оның өкіліне немесе айыпталушының өкілдеріне де қатысты қолданылуы мүмкін.

Бұлтартпау шаралары, мүлікке тыйым салуды санамағанда, анықтау органы бастығының келісімі бойынша тергеуші мен анықтаушының жеке-дара шешімі бойынша қолданылады.

Қылмыстық-процестік заңнамада қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары Қазақстан Республикасы ҚПК 4-тарауында топтастырылған және үш түрге жіктеледі:

1. Күдіктіні ұстап алу (Қазақстан Республикасы ҚПК 17-тарау);
2. Бұлтартпау шаралары (Қазақстан Республикасы ҚПК 18-тарау);
3. Өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары (Қазақстан Республикасы ҚПК 19-тарау).

Өзге де мәжбүрлеу шараларына:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және сотқа келу туралы міндеттеме шаралары (Қазақстан Республикасы ҚПК 156-бабы);
 2. Күштеп әкелу (Қазақстан Республикасы ҚПК 157-бабы);
 3. Лауазымынан уақытша шеттету (Қазақстан Республикасы ҚПК 158-бабы);
 4. Ақшалай өндіріп алу (Қазақстан Республикасы ҚПК 159-бабы);
 5. Мүлікке тыйым салу (Қазақстан Республикасы ҚПК 161-бабы);
 6. Жақындауға тыйым салу (Қазақстан Республикасы ҚПК 165-бабы)
- жатады.

Аталған мәжбүрлеу шараларының әрқайсысының мәні мен мазмұны қарастырылуы тиіс.

Келу туралы міндеттемені айыпталушы, күдікті, егер оларға бұлтартпау шарасы қолданылмаса, куә немесе жәбірленуші жазбаша түрде, олар қылмыстық процеске қатысудан жалтарып кетуі мүмкін болған, атап айтқанда: тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысудан, не болмаса олар дәлелсіз себептермен келмеу дерегі кезінде беріледі.

Осы мәжбүрлеу шарасы таңдалған тұлға:

- шақыру бойынша уақтылы келуге;
- тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы хабарлауға міндетті.

Келу бойынша міндеттемені бұзған жағдайда аталған тұлғалар тергеу органына және сотқа күштеп әкелінуі мүмкін. Бұдан басқа, айыпталушыға немесе күдіктіге қатысты кез келген бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін.

Көрсетілген тұлғалардың келу мерзімін белгілей отырып, тергеуші, анықтаушы оның орындалуының іс жүзіндегі мүмкіндігін ескеруі қажет.

Келмеудің дәлелді себе ретінде:

- келу мүмкіндігінен айырған ауруы (бұл ауруды дәрігер растауы тиіс);
- шақыру қағазын уақтылы алмауы;
- әр түрлі дүлей зілзала (өрт, су тасқыны және т.б.);

өзге де себептер (отбасы мүшесінің ауыр науқастануы, көлік қозғалысының тоқтап қалуы және т.б.) танылады.

Күштеп әкелу – күдікті, айыпталушы, сотталушы, сондай-ақ куә, жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда, олар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, соттың уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі қолданылатын процестік мәжбүрлеу шарасы (Қазақстан Республикасы ҚПК 157-бабы).

Күштеп әкелу туралы дұрыс шешім қабылдау үшін, тергеуші, келмеу себептерін мұқият тексеруге міндетті (мысалы, келмеу себебін анықтау үшін учаскелік инспекторға, анықтау органына жеке тапсырма беру, шақыртылған тұлғаға немесе туыстарына қоңырау шалу және т.б.), себебі күштеп әкелу кезінде аталған тұлғаның атағына кір келуі мүмкін.

Күштеп әкелу туралы қаулы Қазақстан Республикасы ҚПК 198-бабының қағидалары бойынша жасалады. Қаулыда осы қаулының көшірмесі орындау үшін жіберілетін, күштеп әкелуді жүзеге асыру тапсырылатын нақты полиция органы көрсетуі керек.

Күштеп әкелуді жүзеге асыруға:

- 22.00-ден бастап 6.00-ге дейінгі түнгі уақытта;
- 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды;
- 15 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар, олардың заңды өкіліне хабарланбастан;
- жүкті әйелдерді және емізулі баласы бар әйелдерді;
- қатты ауыратындар және жұқпалы аурулармен ауыратындарға тыйым салынады (Қазақстан Республикасы ҚПК 157-бабы).

Айыпталушыны лауазымынан уақытша шеттету. Қазақстан Республикасы ҚПК 158-бабының тәртібінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде – тергеу судьясы немесе сот ісін жүргізу кезінде сот, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау үшін негіздер болмаған кезде күдікті, айыпталушы, сотталушы осы лауазымда қала отырып, істі тергеп-тексеруге және сотта талқылауға, қылмыспен келтірілген залалды өтеуге кедергі келтіреді немесе осы лауазымда болуымен байланысты қылмыстық іс-әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулы шығарылғаннан кейін күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны лауазымынан шеттетуге құқылы.

Айыпталушыны лауазымынан уақытша шеттету, айыпталушының Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген еңбек құқығын шектейді, осыған байланысты бұл шара, тергеу мен айыпталушының (үлкен отбасы, жалғыз асыраушы) және айыпталушы жұмыс істейтін мекеменің мүдделерін ескере отырып аса қажеттік туындаған жағдайда ғана қолданылуы керек. Егер аталған шараны сақтау қажеттігі болмаса, ол жойылуы керек.

Айыпталушыны лауазымынан шеттету лауазымды немесе материалдық жауапты тұлғаға қатысты ғана қолданылуы мүмкін. Бұлтартпаудың аталған шарасын қолдану оның басқа жұмысқа орналасу құқығынан айырмауы керек, бірақ оның бұрын атқарған лауазымымен байланысты емес. Егер айыпталушы оған байланысты емесе мән-жайлар бойынша басқа жұмысқа орналаса алмаған жағдайда, оған бір ең төменгі еңбек ақы төлеу сомасында ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалуы мүмкін.

Айыпталушы мынадай мақсаттармен лауазымынан шеттетілуі мүмкін:

- айыпталушының дәлелдемелерді жою немесе бұрмалау, куәларға ықпал ету, құжаттарды қолдан жасау жолымен тергеуге кедергі жасау және т.б.;
- олардың лауазымы бойынша жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауына не болмаса өздерінің қылмыстық әрекеттерін жалғастаруына жол бермеу.

Лауазымынан шеттету, айыпталушыны лауазымынан шеттету қажеттігінің нақты себептері көрсетілетін уәжді қаулымен ресімделеді.

Осы қаулының негізінде мекеменің басшысы үш тәулік ішінде аталған лауазым бойынша міндеттерді орындаудан айыпталушыны шеттету туралы

тиісті бұйрық шығаруға міндетті.

Заң процестік міндеттерді орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін, жәбірленушіге, куәға, маманға, аудармашыға және өзге де қылмыстық процеске қатысушы адамдарға ақшалай өндіріп алу (Қазақстан Республикасы ҚПК 159-бабы), ал Қазақстан Республикасы ҚПК 346-бабында көзделген жағдайда – әкімшілік жазалаудың өзге де шараларының қолданылу мүмкіндігін көздейді. Аталған шаралар, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамаға сәйкес, сотпен немесе судьямен қолданылуы мүмкін.

Мүлікке тыйым салу. Тергеуді жүргізетін тұлғаның міндеті, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық зиянды нақты өтеу үшін заңды шараларды қабылдау болып табылады, мүлікке тыйым салу жолымен, өндіріп алу немесе тәркілеу жасалуы мүмкін, және осы арқылы мүлікті жасыруы, сатуы немесе жойып жіберуінің алдан алу. Бұл жәбірленушіге келтірілген зиянды нақты өтетіп алудың тиімді құралы болып табылады.

Тыйым салу:

- айыпталушының немесе күдіктінің өзінің;
- заң бойынша азаматтық заңнама бойынша айыпталушының әрекеті үшін материалдық жауапкершілікте болатын тұлғалардың;
- айыпталушымен қылмыстық жолмен алынған мүлік болған адамдарға (мысалы, қылмыстық жолмен табылған ақшаға сатып алынған, бірақ оның туысының атына ресімделген автомобиль), осы деректі анықтау жағдайлары кезінде алынған мүліктеріне ғана қолданылуы мүмкін.

Тергеуші мүлікке тыйым салу туралы уәжді қаулы әзірлейді және оған прокурордың санкциясын алады. Егер мүлікті тізімдеу тінту немесе алумен қатар жүзеге асырылса, онда мұндай жағдайда ол туралы жеке қаулы шығарылады және тінту жүргізу туралы жеке хаттама жасалады.

Тізімдеме жасалған мүлік, мүлікті сақтау туралы және оны ысырап етуі, иеліктен шығаруы, жасыруы немесе заңсыз беруі үшін Қазақстан Республикасы ҚК 425-бабы бойынша жауаптылық туралы қолхат алына отырып, меншік иесіне, тиісті ұйымдарға не болмаса туыстарына жауапты сақтауға берілуі мүмкін.

Тізбесі Қазақстан Республикасы ҚАК белгіленген бірінші кезекте қажетті заттарға жататын мүлікке тыйым салынбайды.

2. Күдіктіні ұстап алу

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіні ұстап алу – қылмыстық қудалау органы қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында немесе адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын процестік мәжбүрлеу шарасы (Қазақстан Республикасы ҚПК 128-бабы).

Ұстап алу ашық немесе жедел-іздістіру жолымен жүргізілуі мүмкін, егер белгілі немесе пайымдалады, қылмыстық құқық бұзушылықпен ұйымдасқан қылмыстық топ айналысады, және маңызды емес, сыбайластары белгілі бір уақытқа дейін ол туралы білмеген.

Қылмыс үстінде ұстау кезінде, дәлелдеме жинау мақсатында бейнеге түсіріп алуды тіркеу үшін тиімді пайдалану.

А.Н. Ахпановтың көзқарасына қосыламыз, құқықты шектейтін сипаттағы процестік мәжбүрлеу шаралары қылмыстық-процестік кепілдер жүйесі жеке басына барынша қолайлы жасау туралы сұрағын қояды, алдын ала тергеп-тексеру органдарына мәжбүрлік ықпал жасауға жүгінуге өзге әдістер мен тәсілдер мақсатқа жетпеген аса қажеттілік кезінде ғана мүмкіндік туғызатын [5].

Жазылғанға байланысты қылмыстық қудалау органдары Қазақстан Республикасы ҚПК 128-бабында көзделген мына негіздердің бірі:

1) осы адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталған;

2) көзімен көргендер (куәлар), оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаған адам ретінде осы адамды тікелей көрсетсе не ол адамды Қазақстан Республикасы ҚПК 130-бабында көзделген тәртіппен ұстап алған кезде;

3) осы адамда немесе оның киімінде, өзінің бойында немесе тұрғынжайында қылмыстың анық іздері табылған кезде;

4) жедел-іздістіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында адамға қатысты ол жасаған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болғанда, бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасады деп күдік келтірілетін адамды ұстап алуға құқылы.

Қазақстан Республикасы ҚПК 128-бабының 4-бөлігіне сәйкес, күдіктіні ұстап алу үшін өзге де деректер негіз болуы мүмкін. Олар куәлардан, жәбірленушілерден жауап алу, тергеу әрекеттерін жүргізу, материалдарды сараптау және тексеру нәтижесінде алынуы мүмкін және т.б. Бұл деректер өздігінен күдіктіні ұстап алу үшін негіз болмайды, себебі олар Қазақстан Республикасы ҚПК 128-бабының 2-бөлігінде көрсетілген негіздермен салыстырғанда, айқындығы мен анық дәлелдемелігі әлсіз. Сондықтан қылмыстық-процестік құқықта негіздер емес, өзге деректер деп атайды. Осы өзге деректер:

а) тұлғаның қашуға оқталуы;

б) оның тұрақты тұрғылықты жері болмауы;

в) күдіктінің жеке басы анықталмауы болып табылады.

Қылмыстық-процестік заңның мазмұнынан ұстап алудың дәлелдігі, ұстап алу қажеттігін негіздейтін нақты деректер, яғни ұстап алу мақсатына жету деп түсініледі. Қазақстан Республикасы ҚПК 128-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бұл:

- қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу;

- адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді

қамтамасыз ету үшін қолданатын процестік мәжбүрлеу шарасы.

Осылайша, ұстап алу дәлелдері:

- өзге шаралармен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға дайындықтың алдын алу немесе жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтың жолын кесу мүмкін болмау;

- қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты немесе оны жасаудың мән-жайы, сондай-ақ күдіктінің жеке басы туралы деректер, бостандықта қалса оның қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін жасыру немесе іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіретіні туралы куәландырады;

- күдікті тергеу мен соттан жасырынып қалуы мүмкін деп пайымдауға негіздердің болуы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына күдікті адамды ұстап алудың қандай жағдайы туралы болса да, тергеуші, анықтау органы негізі мен себебін, сағаты, минуты мен күнін, айы және жылын, ұстап алған жерін, ұстап алынғанның түсіндірмесін көрсете отырып, ұстап алу туралы хаттама жасауға, сонымен бірге 24 сағаттың ішінде бұл туралы тергеу мен анықтауға қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға жазбаша түрде хабарлауға, сондай-ақ жақын туысын немесе оны ауыстыратын адамды хабарландыруға міндетті (Қазақстан Республикасы ҚПК 135-бабы).

Ерекше мән-жайлар кезінде, бұл істің айрықша сипатымен еріксіз көндірілсе (мысалы, іс бойынша алынған мәліметтердің құпиялылығын сақтау үшін немесе жедел-ізвестіру мақсатында және т.б.) прокурордың не болмаса оның орынбасарының санкциясымен хабарландыру ұстап алған кезден бастап 72 сағат ішінде, күдікті кәмелетке толмаған болып табылған жағдайлардан басқа, жүргізілмеуі мүмкін.

Егер ұстап алынған тұлға басқа мемлекеттің азаматы болып табылса, онда көрсетілген уақытта, сол мемлекеттің елшілігі, консулдығы немесе өзге өкілдігі, сондай-ақ тергеу мен анықтауға қадағалауды жүзеге асыратын прокурор хабарландырылады.

Ұстап алу хаттамасына тергеуші мен ұстап алынған адам, ал анықтау істері бойынша – анықтаушы қолын қояды және анықтау органының бастығы немесе оның бірінші орынбасары бекітеді. Жүргізілген ұстап алу туралы хабарлама алған кезден бастап 48 сағат ішінде тергеу судьясы ол адамды қамаққа алуға не болмаса ұстап алынғанды босатуды санкциялауға құқығы бар. Ұстап алынған адамды босатылған жағдайда тергеу мүддесінде оған бас бостандығынан айырумен байланысты емес, бұлтартпау шарасының басқа түрлері қолданылуы мүмкін.

Ұстап алу хаттамасын жасаған кезде куәгерлердің қатысуы көзделмеген, алайда егер жекеше тінту бірінші рет жүргізілсе, және ұстап алынған адамның бойында іс үшін дәлелдемелік маңызы бар заттар, құжаттар не болмаса нәрселер болуы мүмкін дейтін күдік болса, куәгерлер шақырылуы немесе тіркеу техникалық құралдары (суретке түсіру, аудиожазба, бейнежазба) пайдаланылуы тиіс.

Ұстап алу хаттамасы жасалуымен, қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына күдікті адам, күдікті ережесіне қойылады. Сонымен бірге ол

қылмыстық процеске қатысушы құқығын иемденеді (Қазақстан Республикасы ҚПК 64-бабы).

Ұстап алынған адамды босатуды ұстап алынғандарды ұстау орнының бастығы анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың дәлелді қаулысы бойынша, сонымен бірге, дереу Қазақстан Республикасы ҚПК 133-бабында көрсетілген негіздер бойынша жүргізіледі.

3. Бұлтартпау шаралары ұғымы және маңызы

Қылмыстық процестегі бұлтартпау шаралары – қылмыстық-процестік заңмен белгіленген айыпталушыға (күдіктіге), қажет жағдайларда анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот айыпталушыны тергеу мен соттан жасырынып қалу мүмкіндігінен айыру мақсатында, іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіру, қылмыстық әрекетпен айналысуын жалғастыру, үкімді орындаудан жалтару қолданылатын ықпал ету құралдары.

Басқаша айтқанда, бұл арнайы заңмен көзделген қылмыстық сот ісін жүргізу туралы процестік құралдар, пайдаланылуы айыпталушыға (күдіктіге) белгілі бір психологиялық әсер ететін немесе оның жеке бостандығын шектейтін, тергеу мен соттан жасырынып қалу мүмкіндігінен айыру, іс бойынша ақиқатты ашуға кедергі жасау, қылмыстық әрекетті жалғастыру, үкімді орындауды қамтамасыз ету.

Қазақстанда азаматтардың жеке басына қолсұғылмаушылық Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабына сәйкес кепілдендіріледі. Қазақстан Республикасының Конституциясында әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы барлығы белгіленген. Қамау және күзетте ұстауға заңда көзделген жағдайда және қамаққа алынғанға сотқа шағымдану құқығын ұсына отырып, соттың немесе прокурордың санкциясымен ғана жіберіледі.

Жеке басқа қол сұғылмау қағидаты республикада өзінің ұғымы мен нақтылануын жаңа қылмыстық-процестік заңда тапты, себебі құқықтық мемлекетте оның бұлжытпай сақталуы үшін айыпталушының құқықтарын процестік кепілдендіру жүйесі және процестің басқа да қатысушыларының.

А.Н. Ахпанов атап көрсеткендей, «Тәндік және психикалық нысандармен теріс пайдалану жеке басына зорлық анықтау және алдын ала тергеп-тексеру органдарымен өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде билік пен азаматтар арасындағы конфронтацияны қиындатуға әкеп соғады – ашық қарсы тұруға» [6].

Аталған қағида бас бостандығынан айырудың сотқа дейінгі шараларын қолдану туралы сұрақты шешу кезінде аса жиі байқалады. Осыған байланысты халықаралық-құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын ескере отырып қылмыстық қудалау орбитасына түсетін адамдардың жеке бостандығын шектеу тәртібін теориялық және практикалық регламенттеу қажет.

Қаралған шаралардың жолын кесу аспектісі, ең алдымен, жоғарыда көрсетілген мақсаттардан көрінеді. Жолын кесу шараларының мақсатына

келсек, ол нормативтік мазмұны бойынша, жолын кесумен емес, жол бермеумен, ескертумен айыпталушының (күдіктінің) жағымсыз мінез-құлқының байланысты. Сондықтан, «бұлтартпау шарасы» атауының өзі аталған институттың қызметін толық ашпайды. Бұлтартпау шарасы айыпталушының (күдіктінің) рұқсат етілмеген қызметін жоймайды, оның тиісті мінез-құлқын қамтамасыз етеді. Соның салдарынан, бұлтартпау шарасын басқаша атайды – «қамтамасыз ету шарасы» [14].

Осылайша, бұлтартпау шарасы, бір жағынан, қылмыстық сот ісін жүргізуді тиімді қамтамасыз етуге, айыпталушының (күдіктінің) тиісті мінез-құлқын және оның шақыру бойынша қылмыстық қудалау органы мен сотқа келуін кепілдендіру үшін және басқа жағынан, айыпталушының (күдіктінің) конституциямен кепілдендірілген құқықтары мен бостандықтарын қатаң қорғауды қамтамасыз ету. Аталған міндеттерді ескермей, бұлтартпау шараларын іске асыру кезінде сот төрелігін дұрыс және заңды атқаруды жүзеге асыру мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы ҚПК 136-бабының мазмұны бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органдар, Қазақстан Республикасы ҚПК 137-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін ғана қолдануға құқылы.

Қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларынан бұлтартпау шаралары өздерінің ерекше, өздеріне ғана тән белгілерімен ерекшеленеді:

1) Оларды қолдану мақсаты бойынша – күдіктінің (айыпталушының) тарапынан сот әділдігінің міндеттерін жүзеге асыруға кедергі жасайтын жағымсыз мінез-құлықтың жасалу мүмкіндігінің жолын кесу;

2) Оларды қолданудың негіздері бойынша – көрсетілген шараларды қолданбау қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге кедергі келтіретін салдарлардың нақты туындауына алып келеді деген пайымдауға жеткілікті деректер;

3) Шектеу белгісі бойынша – бұлтартпау шаралары елеулі түрде нақты айыпталушының жеке бас бостандығына құқығын елеулі кемсітеді.

Бұлтартпау шараларының мәнін сипаттай келе, олардың айыпталушыға моральдық әсер ететінін атап өту қажет [9]; елеулі материалдық жоғалту қаупін туғызады [13]; айыпталушыны қоғамнан оқшаулайды [7]; айыпталушыларға ғана емес, сонымен қатар басқа да процеске қатысушыларға және жалпы азаматтарға да алдын алу ықпалын жасайды [8]; бұл шаралар күш көрсету, мәжбүрлеу, олар еркі мен қалауын басуға бағытталған, оларды не болмаса қалыс қалуға мәжбүрлейді, заңмен белгіленген әрекеттерді жасамауға, не болмаса, керісінше, күдіктілерді заңда көзделген әрекеттерді жасамауға көндіреді [12]; ақыр аяғында олардың тарапынан қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде тиісті мінез-құлықты қамтамасыз ету мақсатында айыпталушыларға психологиялық, тәндік немесе материалдық ықпал жасайды [11].

4. Бұлтартпау шараларының түрлері және олардың саралануы

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заң (Қазақстан Республикасы ҚПК 137-бабы) бұлтартпау шараларының толық тізбесін қамтиды, оған:

1. Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат (Қазақстан Республикасы ҚПК 141-бабы);
 2. Жеке кепілгерлік (Қазақстан Республикасы ҚПК 142-бабы);
 3. Әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы (Қазақстан Республикасы ҚПК 143-бабы);
 4. Кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру (Қазақстан Республикасы ҚПК 144-бабы);
 5. Кепіл (Қазақстан Республикасы ҚПК 145-бабы);
 6. Ұйқамақ (Қазақстан Республикасы ҚПК 146-бабы);
 7. Күзетпен ұстау (Қазақстан Республикасы ҚПК 147-бабы) енгізілген.
- Бұлтартпау шарасының әрқайсысын жеке қарау қажет.

Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат (Қазақстан Республикасы ҚПК 141-бабы) күдіктінің тұрғылықты жерінен кетпеуі, сот пен тергеуден жасырынбауы, қылмыстық іс бойынша ақиқатты ашуға кедергі жасамау, қылмыстық әрекетпен айналыспау, үкімді орындауға кедергі жасамау, анықтау органы, тергеуші, прокурор, соттың шақыртуы бойынша келуге және оларға тұрғылықты жері өзгергені туралы хабарлау бойынша міндеттерінің кең түрі бар. Сонымен бірге айыпталушыны немесе күдіктіні, олар берген қолхатты бұзған жағдайда оларға Қазақстан Республикасы ҚПК 140-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес қатаңдау бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкіндігін ескертеді.

Бұл бұлтартпау шарасы айыпталушыға немесе күдіктіге қатысты мына мән-жайларды ескере отырып қолданылады:

- олар үлкен қоғамдық қауіп туғызбайтын қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде;
- олардың тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері болған кезде;
- тұрақты жұмыс орны болған кезде;
- отбасының асырауында жас балалар не болмаса қарт ата-аналары болған кезде;
- соттылығы болмаған кезде;
- тұрғылықты жері бойынша және жұмыс орнынан оң мінездемесі болған кезде;
- олардың бостандықта болуы істі тергеуге кедергі келтіру қаупі жоқ болса.

Көрсетілген мән-жайлар, сөзсіз, күдіктінің қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жалтару мүмкіндігі болжамын төмендетеді, дегенмен ол түпкілікті жоғалмайтындықтан, ал қауіптілік дәрежесі азаятындықтан, осы мақсатта ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат қолданылады.

Жеке кепілгерлік. Жеке кепілгерлік күдіктінің, айыпталушының тиісті мінез-құлқын және олардың қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуін сенімге лайық адамдардың өз жауапкершілігіне

алатыны туралы жазбаша міндеттеме қабылдауынан тұрады. Кепілгерлердің саны екеуден кем болмайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 142-бабы).

Өз кезегінде қылмыстық қудалау органы мен сот кепілгерлерге, айыпталушыға немесе күдіктіге моральдық ықпал жасай алатын, құрмет пен беделге ие адам ретінде сенім артуы тиіс. Сенім білдіруге болатын адам ретінде, жоғары адамгершілік қасиетке ие, саналы, қоғамда беделі бар, айыпталушының немесе күдіктінің мінез-құлқына оң әсер ете алатын, тұрақты тұрғылықты жері мен жұмыс түрі бар, сотты болмаған кез келген тұлғаны санау керек [4].

П.М. Давыдовтың пікірінше: «жеке кепілгерлік... оны өз жауапкершілігіне алған адам айыпталушы жалтарған жағдайда белгілі бір жауапкершілікке тартылатынынан айыпталушының қорқынышына негізделмейді, айыпталушы тергеу мен соттан жалтармайтынына кепілгердің сеніміне негізделуі тиіс» [10].

Кепілгер туысы, көршісі, жұмыс орны бойынша әріптесі, жақын достары, оның жақсы таныстары және т.б., болуы мүмкін. Заңмен кепілгерлік құқығына ие тұлғалардың саны шектелмеген.

Жеке кепілгерлік кепілгерлердің жазбаша өтінішхаты және айыпталушының немесе күдіктінің міндетті келісімі бойынша ғана қолданылады. Кепілгерлер қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген уақытында кепілгерліктен бас тартуға құқылы. Кепілгерлер бұлтартпау шараларын қамтамасыз ету бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған жағдайларды есептемегенде. Ондай жағдайда кепілгерлердің әрқайсысына сотпен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алу тағайындалуы мүмкін.

Әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы. Әскери бөлім қолбасшылығының әскери қызметшілер немесе оқу жиынына шақырылған әскери міндеттілер болып табылатын күдіктілерді, айыпталушыларды байқауда ұстауы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жарғыларында көзделген және осы адамның тиісті мінез-құлқын және оның қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз ете алатын шараларды қолданудан тұрады (Қазақстан Республикасы ҚПК 143-бабы).

Қазақстан Республикасы ІІМ Әскери-тергеу департаменті органдарында әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауын қолдану тәжірибесіне жасалған талдау, бұл бұлтартпау шарасының ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде және мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілері немесе әдетте казармалық жағдайда тұратын оқу жиынына шақырылған әскери қызметшілер болып табылатындарға ғана жиі тағайындалатынын көрсетті.

Бұл тұлғалардың анықтаушының, тергеушінің немесе судьяның рұқсатынсыз бөлімнің шегінен шығуға құқығы жоқ, олардың қызмет орнын өз бетінше тастап кетуі тағайындалған бұлтартпау шарасын бұзу ретінде бағаланады. Ондай жағдайларда оларға қатысты қатаңдау бұлтартпау шарасы

тағайындалуы мүмкін.

Офицерлік құрамдағы және мерзімнен тыс әскери қызметшілерге қатысты кетпеу туралы қолхат қолданылады.

Айыпталушының немесе күдіктінің қылмыстық қудалау органдары мен соттан жалтару қаупі болмаған жағдайларда, бұлтартпау шарасы мүлдем қолданылмауы және әскери қызметші өзінің әскери бөлімінде қалыпты тәртіпте жалғастыруы мүмкін.

Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен жағдайда, күдікті бұлтартпау шарасын тиісінше орындау міндеттемесін бұзып қана қоймайды, екі тәуліктен асуы бойынша оның әрекетінде сонымен қатар Қазақстан Республикасы ҚК 441-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы да болады [4].

Қазақстан Республикасы ҚПК 143-бабының 2-бөлігіне сәйкес әскери бөлімнің қолбасшылығына осы бұлтартпау шарасы таңдалған күдіктің мәні туралы хабарланады. Әскери бөлімнің басшылығы осы бұлтартпау шарасын таңдаған органға байқауда ұстаудың орнатылғаны туралы жазбаша хабарлайды.

Өздеріне жүктелген байқауда ұстау жөніндегі міндеттердің орындалмауына кінәлі адамдар заңнамада көзделген тәртіптік жауаптылықта болады.

Тергеу органынан немесе соттан келіп түскен бұлтартпау шарасын қолдану туралы хабарлама мен қаулының көшірмесінің негізінде, әскери бөлімнің командирі жауапты тұлғаларды тағайындай отырып, бақылау орнатылғаны туралы бөлім бойынша бұйрық шығарады, ол туралы дереу жазбаша түрде осы бұлтартпау шарасын таңдаған органға хабарлайды.

Кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру. Кәмелетке толмаған адамды ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының немесе басқа да сенімге лайық адамдардың, сондай-ақ ол тұрып жатқан, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйым әкімшілігінің қарауда ұстауына беру көрсетілген адамдардың қайсыбірінің өзіне кәмелетке толмағанның тиісті мінез-құлқын және оның қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз ету, оның ішінде оның үйден тыс жерде болуын шектеу және қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз басқа жерге баруына жол бермеу жөнінде жазбаша міндеттеме қабылдауынан тұрады (Қазақстан Республикасы ҚПК 144-бабы).

Аталған шараны қолдану қажеттігі, мысалы, кәмелетке толмаған адамды ортаның зиянды ықпалынан оқшаулау қажет болған жағдайда туындайды, ол болған (отбасыда, үйдің ауласында және т.б.). Аталған бұлтартпау шарасы міндетті түрде кәмелетке толмаған айыпталушыны қылмыстық іс бойынша ересек сыбайластардан оқшаулау мақсатында қолданылуы тиіс, себебі тәжірибеде кәмелетке толмаған сыбайластарға олардың құқыққа қарсы ықпал жасауы кездеседі [4].

Қазақстан Республикасы ҚПК 139-бабында мазмұндалған негіздерден басқа кәмелетке толмаған айыпталушыға қатысты осындай бұлтартпау

шарасын таңдау үшін, жеке басын зерделеу кезінде кәмелетке толмаған адамның екі жылдан асатын бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаға тартылатын қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын ескеру қажет, егер ол бақылаудан немесе ата-аналарының немесе оларды ауыстыратын адамдардың ықпал жасауынан шығып кетсе, егер бұрын сотты болған немесе құқық бұзушылық жасаған оның достарының немесе қоршаған ортаның қатты кері әсері, соның нәтижесінде кәмелетке толмағандардың істері бойынша инспекцияның тіркеуінде тұрған, тұрмысында, жұмыс немесе оқу орны бойынша жағымсыз мінезделетін.

Тергеуді өткізген тұлғаның қаулысы санкцияланған болуы тиістігін міндетті тәртіпте белгілеу қажет, себебі сөз бас бостандығынан айыру жөнінде болып отыр. Бұл қаулы жабық балалар мекемесінің әкімшілігіне орындау үшін міндетті. Жабық балалар мекемесінде ұсталатын айыпталушының қашуға немесе өзге де теріс мінез-құлыққа жол беруге кінәлі тұлғалардың жауапкершілігін тәртіптік немесе әкімшілік тәртіпте қарау қажет.

Күдіктіні жабық балалар мекемесінде ұстау мерзімін Қазақстан Республикасы ҚПК 151-бабында көзделген тәртіпте белгілеу керек. Жабық балалар мекемесінде ұсталатын кәмелетке толмаған сотталушыға қатысты үкім шығарған кезде соттар, аталған мерзімді Қазақстан Республикасы ҚПК 393-бабының тәртібінде есептеуі тиіс.

Кепіл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін сот депозитіне күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа адамның ақша енгізуінен тұрады. Тыйым салынатын басқа да құндылықтар, жылжитын және жылжымайтын мүлік кепіл ретінде қабылдануы мүмкін. Кепілдің құндылығын және ауыртпалықтың жоқ екендігін дәлелдеу кепілгерге жүктеледі. Аса ауыр қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстық-процестік кодекстің 148-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген жағдайларда кепіл қолданылмайды (Қазақстан Республикасы ҚПК 145-бабының 1-бөлігі).

Кепіл прокурордың санкциясымен не соттың, тергеу судьясының қаулысы бойынша ғана қолданылады.

Кепілдің мәні, күдіктінің, айыпталушының физикалық мүмкіндігінен айырылмайтындығында жатыр, ол әрекет бостандығын мүліктік жоғалту қаупімен байланыстырады, тергеу мен соттан жалтармау бойынша міндеттемелерді күдікті немесе айыпталушы орындамаған жағдайда.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес кепіл заты айыпталушыны күзетке алудан босату, тергеуді жүргізетін органның қарамағында болуын қамтамасыз ету үшін бір немесе бірнеше тұлғалардың сот депозитіне белгілі бір ақша сомасын енгізуі болып табылады. Кепіл ретінде соттың рұқсатымен жылжымайтын мүлік, құнды қағаздар немесе басқа да құндылықтар қабылдануы мүмкін.

Үшінші жақпен тағайындалған кепілді төлеу кезінде, күдіктінің және айыпталушының тиісті мінез-құлқын экономикалық қамтамасыз етуден басқа,

имандылық-психологиялық қамтамасыз ету элементтері де бар, яғни кепіл берушінің алдындағы қарыз. Осыған байланысты күдіктіге, айыпталушыға қолын қойғыза отырып, оның жөнсіз мінез-құлқының салдарын, анығырағы, олардың алдында кепіл берушінің материалдық жауапкершілігін түсіндіру қажет.

Кепілді айыпталушы немесе өзге де тұлғалар (ұйымдар) тиісті мінез-құлқын және шақыру бойынша тергеу органдары мен сотқа келуін кепілдендіру ретінде ақша немесе құндылықтар түрінде енгізеді [4].

Мүліктік кепілдік кепілгердің мүліктік немесе ақшалай жауапкершілікті айыпталушының тиісті мінез-құлық пен тергеу оргны мен сотқа келуден жалтарған жағдайда өзіне қабыдауынан тұрады. Мүліктік кепілдік кепілдің әртүрлілігі болып табылады, олардың айырмашылығы ақша мен құндылықтарды кепіл немес кепілдік ретінде енгізу уақыты бойынша ғана тұрады. Осыны ескере келе, бұлтартпау шараларының осы түрлерін бір жерге біріктіру және оларды кепіл деп атау қажет.

Кепіл қылмыстық процесте айыпталушының тиісті мінез-құлқын және жалтармауын экономикалық қамтамасыз етудің маңызды шарасы ретінде қарастырылады. Кепілдің мөлшерін Қазақстан Республикасы ҚПК 145-бабының 3-бөлігінің талаптары ескеріле отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекетінің сипаты, кепіл берушінің мүліктік жағдайы мен айыпталушының жеке басы ескере отырып, осы бұлтартпау шарасын таңдаған орган айқындайды.

Мүліктік кепілдік күдіктіде, сондай-ақ үшінші жақта материалдық қаржы болмаған кезде, оларда белгілі бір материалдық құндылығы бар жылжитын немесе жылжымайтын мүлік болған кезде қолданылады.

Кепілді қолданудың қылмыстық-процестік тәртібі қылмыстық заңмен ғана емес (қылмыстық әрекеттің ауырлығы, қылмыстық құқық бұзушылықтың саралау белгілері және т.б., назарға алынады), сонымен бірге азаматтық-құқықтық нормалармен де тығыз байланысты. Осыған байланысты, бұлтартпау шарасы – кепілді таңдау және қолдану кезінде міндетті түрде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін басшылыққа алған жөн (18-тарау, 3 және 4) параграфтар), және қажеттігіне қарай «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын; «Жер туралы», «Шаруашылық серіктестіктері туралы», «Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу және олармен мәміле жасау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын және басқа да кепілде немесе мүліктік кепілдікті қолдануды құқықтық реттеуге қатысты заңнамалық актілерді басшылыққа алған дұрыс.

Анықтауды жүргізетін тұлға, тергеуші немесе сот айыпталушы (күдікті) мен кепіл берушінің (кепілгер) арасындағы өзара қарым-қатынастың сипатын анықтауы тиіс, өсім алушылыққа жол бермеу, қылмыстық құқық бұзушылықтың сыбайластарының жәрдемдесуіне немесе кепіл сомасын төлеу жолымен қылмыстық жолмен жинаған капиталды «жуып тастау» жол бермеу үшін.

Кепілдің пайда болуына негіз шарт болып табылады. Сонымен қатар

кепіл заңнамалық актілердің негізінде онда көрсетілген мән-жайлардың басталуы кезінде (Қазақстан Республикасы АҚ 300-бабы). Кепілді алу туралы хаттама Қазақстан Республикасы АҚ 307-бабының баламасы бойынша жасалуы керек.

Кепілге салынған мүлік аталған мүлікті тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелген болуы тиіс. Кері жағдайда кепілге салынған мүлік (үй, жер телімі және т.б.) тергеу жүргізетін тұлғаның, немесе соттың келісімінсіз иелігінен шығарылуы мүмкін.

Кепілді қабылдаған орган, салынған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға міндетті (Қазақстан Республикасы АҚ 312-бабын қар.). тергеу жүргізетін тұлға, және сот ұйымдастырушылық шараларды көздеуі тиіс, ешкім кепіл затын пайдалана алмауы немесе иелік ете алмауы, одан жеміс және табыс көрмеу үшін.

Кепіл алушы кепілге салынған мүлікті жоғалтқаны немесе жарақаттағаны үшін, ол кімнің атына сақтандырылғанына қарамастан, сақтандырудан өтеуді қанағаттандыруға құқығы бар (Қазақстан Республикасы АҚ 299-бабының 2-бөлігі). АҚ 306-бабына сәйкес кепілге қойылған мүлік жазымнан, табиғи апаттан және т.б., сақтандырылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы АҚ 313-бабының нормаларының негізінде кепіл беруші кепілге салынған мүліктің кездейсоқ қирау немесе бүліну тәуекелін мойнына алады, егер кепіл туралы шартта өзге көзделмесе, ал кепіл ұстаушытолық немесе ішінара жоғалтқаны үшін жауаптылықта болады, оған берілген кепіл затын, егер өзінің кінәсіздігін дәлелдей алмаса.

Кепілге салынған мүлікке өтеу өтінуге негіз кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамау немесе тиісті орындамау болып табылады (Қазақстан Республикасы АҚ 317-бабы). Бұл күдіктінің немесе айыпталушының жөнсіз мінез-құлқы да болуы мүмкін. Айыпталушының (күдіктінің) жүйелі жөнсіз мінез-құлқының мән-жайын дәлелдеу тергеуді жүргізетін және қылмыстық істі қарайтын органдарға жүктеледі.

Мүлікті іске асыру сот орындаушыларының саудалау өткізу жолымен мәжбүрлік сот тәртібінде жүргізіледі. Ережесі мен рәсімі Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңымен және АҚ 319-бабының нормаларымен айқындалған.

Кепіл енгізген немесе айыпталушының (күдіктінің) оң мінез-құлқы үшін жауапкершілікті өз мойнына алған тұлға, Қазақстан Республикасы АҚ 334-бабының негізінде борышқордан көрсетілген тұлға үшін жауапкершілікпен байланысты кеткен шығындарды, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде талап етуге құқылы.

Кепілді қолдану процедурасы мынада болып табылады:

Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын тандаған тұлға, ол туралы сомасын немесе тағайындалған кепіл затын көрсетіп, прокурормен немесе судьямен санкцияланған уәжді қаулы шығаруға міндетті. Бұл қаулы танысу үшін айыпталушыға ұсынылады.

Бұдан басқа, тергеуді жүргізген тұлға және судья айыпталушы мен кепіл берушінің анкет мәліметтері, жасалған құқық бұзушылықтың мәні, келтірілген

зиянның мөлшері, тағайындалған кепілдің сомасы мен заты, міндеттемені орындау мерзімі, тараптардың қайсы жағынан қойылған кепіл мүлік немесе сақтауға қайда қойылған және оны пайдалануға жол берілуі көрсетілетін кепілді алу хаттамасын жасайды. Хаттамада айыпталушыдан (күдіктіден) тиісті мінез-құлық туралы міндеттеме алынады; кепіл берушіге немесе кепілгерге күдіктің немесе айыптаудың мәні, сондай-ақ айыпталушының (күдіктінің) жалтарғаны немесе жөнсіз мінез-құлқы үшін жауапкершілігі түсіндіріледі. Хаттамаға кепілді төлегені туралы түбіртек немесе құндылықтарды немесе мүлікті олардың бағасын көрсете отырып, жеткізу туралы қоса тігіледі. Кепіл затының бағасын анықтау үшін маман-сатушы шақырылады. Хаттамаға жоғарыда аталған тұлғалардың барлығы қолдарын қояды, айыпталушыға (күдіктіге), кепіл берушіге (кепілгерге) аталған процестік құжаттың көшірмесі тапсырылады.

Заңға сәйкес, аталған бұлтартпау шарасының міндеттемелерінің бұзылғаны дәлелденбеген барлық жағдайларда, кепіл қайтаруға жатады. Сонымен бірге кепіл беруші айыпталушының мінез-құлқын бақылау міндетін алмайды.

Қорыта айтқанда, кепіл бұлтартпау шарасы республиканың қылмыстық-құқықтық заңында заңнамалық реттелуі, аталған бұлтартпау шарасын іске асырудың халықаралық-құқықтық тәжірибесін ескере отырып және оны құқықтың қылмыстық және азаматтық салаларымен сәйкестікке келтіру, сөзсіз, кепілді қылмыстық сот ісін жүргізуде күдіктінің және айыпталушының тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ететін шара ретінде тиімді қолданылу мүмкіндігін жасайтынын атап өту қажет.

Ұйқамақ. Ұйқамақ күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстамай, бірақ Қазақстан Республикасы ҚПК 147-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен судья белгілеген шектеулер қолданыла отырып, оларды қоғамнан оқшаулауды білдіреді (Қазақстан Республикасы ҚПК 146-бабы).

Ұйқамақ кезінде күдікті (айыпталушы) тергеу изоляторына орналастырылмайды, ол өзінің үйінде қалады. Ұйқамақты таңдау үшін негіз барлық бұлтартпау шаралары үшін ортақ.

Ұйқамақ күдіктіге, айыпталушыға соттың шешімі бойынша, Қазақстан Республикасы ҚПК 147-бабында көзделген тәртіпте, қамақ түрінде бұлтартпау шарасын таңдауға мүмкіндік беретін, бірақ тұлғаның толық оқшаулау қажет емес немесе мақсатқа сай болмаған, жағдайлар болған кезде қолданылады. Бұл бұлтартпау шарасы шетелдіктерге, Отанға сіңірген көп еңбегі бар тұлғаларға, қоғамда жауапты орын алатындарға, ауыр науқастарға, егде жастағы адамдарға, жүкіт және 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге қатысты, олар ауыр қылмыстар жасаған кезде және өзге де мән-жайлар ескеріліп, бірақ қауіп болмаған кезде, олар тергеу органдарынан және соттан жасырынып қалады деген, қолданылуы мүмкін. Ұйқамақты таңдай отырып, тергеуші, прокурор және судья (сот), қамаққа алынған тұлғаны нақты қандай құқықты шектеуге тарту қажеттігін көрсетуге міндетті: белгілі бір тұлғалармен байланысуға тыйым салулар, телефон арқылы сөйлесулерді тыңдау (күдіктіні ол туралы хабардар ету) немесе телефонды үзіп тастау, пошта-телеграфтық хат-

хабарларды алуға немесе жөнелтуге, жұмыс орнына, оқуға, дүкенге және емдеу мекемелеріне бару мақсатынан бөлек, үйден шығуға тыйым салу.

К.Т. Балтабаевтың көрсетуінше, ұйқамақ өзіндік ерекшелікке ие, ол оның арнайы мақсатынан – айыпталушыны қоғамнан оқшауламау мүмкіндігінен оның жүріп-тұру бостандығын алдын ала шектеумен және қылмыстық процесті жүргізетін органдардың мүдделерімен сәйкес жеке басқа қолсұғылмаушылық [7].

Ұйқамақтың мерзімі, оны ұзарту және шағым түсіру тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК 151-бабында белгіленген қағидалармен айқындалады.

Күзетпен ұстау. Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 147-бабы).

Заң жалпы шарт ретінде, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы айыпталушыға (күдіктіге) қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тергеу судьясының санкциясымен ғана, екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделгенін қолданылатынын көрсетеді. Айрықша жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы, егер:

1) оның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері болмаса;

2) оның жеке басы анықталмаса;

3) ол бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын немесе процестік мәжбүрлеу шарасын бұзса;

4) ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға әрекет жасаса немесе жасырынса;

5) оған ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деген күдік келтірілсе;

б) оның бұрын жасалған ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталғандығы болса;

7) оның қылмыстық әрекетті жалғастырып жүргендігі туралы деректер бар болса, заңда бес жылдан аз мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деп күдік келтірілетін, айыпталатын, сотталатын адамға қатысты қолданылуы мүмкін.

Осылайша, күзетпен ұстау барлық тергелетін қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қолданыла бермейді, және егер қылмыстық заңның тиісті бабындағы санкцияда бұлтартпау шарасы түріндегі бас бостандығынан айыру түрінде баламалы көрсетілсе, онда кінәсіздік презумпциясы қағидатына сәйкес, бұл бұлтартпау шарасы қолданылмауы керек.

Күзетпен ұстау барлық бұлтартпау шараларының ішіндегі анағұрлым ауыры болып табылады, себебі оның кінәлілігі туралы сұрақ түпкілікті шешілгенге дейін күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны немесе сотталғанды бас бостандығынан айырудан тұрады. Бір жағынан қамаққа алу адамның конституциялық құқығы мен бостандығын едәуір шектейді, кінәсіздік презумпциясы күшінде айыптау үкімі шығарылғанға дейін, заңдық күшіне

кірген, кінәсіз деп саналады, ал екінші жағынан қамақ барынша тиімді бұлтартпау шарасы болып табылады, себебі оны қолдану кезінде бұлтартпау шарасының барлық мақсатына іс жүзінде қол жеткізіледі. Бұдан, қылмыстық процесте күзетпен ұстауды бұлтартпау шарасы ретінде қолдану қатаң заңдылық бастауларында азаматтарды заңсыз және негізсіз қамауды болдырмайтын кепілдіктер жүйесі болған кезде жүзеге асыру қажеттігін көрсеміз.

Күзетпен ұстаудың тиімділігі (Қазақстан Республикасы ҚПК 147-бабы) айрықша бұлтартпау шарасы ретінде ешқандай күдік туғызбайды.

5. Бұлтартпау шарасын қолдану, күшін жою және өзгертудің процестік тәртібі

Қазақстан Республикасы ҚПК 136-бабының талаптарының негізінде қылмыстық процесті жүргізетін орган бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Қазақстан Республикасы ҚПК 7-бабының 10-тармағына сәйкес «қылмыстық процесті жүргізетін органға» сот, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы жатады. Бұлтартпау шарасын таңдауға өзінің құқығын іске асыруға көрсетілген адамдар, прокурордан басқасы, өздерінің іс жүргізуіндегі істер бойынша ғана мүмкін. Прокурор кез келген іс бойынша бұлтартпау шарасын таңдауға, өзгертуге не болмаса жоюға құқылы, анықтау органы мен алдын ала тергеп-тексеру ісіндегі, ол қадағалауды жүзеге асыратын, соттағы істерден басқа.

Бұлтартпау шарасын таңдау туралы шешім қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын тұлғаның немесе судьяның уәжді қаулысымен рәсімделеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 16 бабының 2 бөлігіне сәйкес «Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі» [1]. Бірақ айыпталушыны (күдіктіні) күзетпен ұстауға судьялардың санкция беру құқығы салалық заңда құпталмайды және бүгінгі күні декларацияланған болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 62-бабының 5 бөлігінің талаптарына сәйкес күдіктіге (айыпталушыға) қатысты анықтаушы шығарған бұлтартпау шарасын таңдау, өзгерту немесе жою туралы қаулыны анықтау органының бастығы бекітеді. Аталған баптың 1 бөлігіне сәйкес анықтау органы бастығының өкілеттіктеріне өз құзыреті шегінде анықтау органы департаментінің, басқармасының, бөлімінің, бөлімшесінің және өзге де бөліністерінің бастықтары ие болады.

Бұлтартпау шарасын қолдану (таңдау) туралы қаулы кіріспе, сипаттау, қарар бөліктерінен тұрады.

Кіріспе бөлігінде құжаттың атауы, оның жасалған уақыты мен орны, қандай лауазымды адамның жасағаны, қандай іс бойынша, айыпталушының (күдіктінің) сауалнамалық деректері көрсетіледі.

Сипаттау бөлігінде нақты ненің анықталғаны және анықталғаннан қандай шешім қабылдануы қажеттігі; қабылданған шешімнің уәждемесі мен негіздемесі; ол қолданылатын қол жеткізу үшін мақсаттар; аталған бұлтартпау шарасы Қазақстан Республикасы ҚПК қандай бабына сәйкес қолданылатыны мазмұндалады.

Қарар бөлігінде қабылданған шешім тұжырымдалады, оны орындау тапсырылатын тұлға немесе орган көрсетіледі, қаулының көшірмесін прокурорға жіберу туралы белгі, күдіктіге (айыпталушыға) қол қойдыра отырып қаулыны жариялау және оған аталған құжаттың көшірмесін тапсыру туралы.

Бұлтартпау шарасы – ұйқамақ немесе кепілді қолдану, өзгерту немесе жою туралы қаулы прокурормен санкциялануы тиіс. Прокурордың санкциясы, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүргізілуін қадағалауды жүзеге асыратын орган ретінде, азаматтардың мүдделерін едәуір қозғайтын аталған бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығы мен негізділігіне кепіл қызметін атқарады.

Қаулы шығарудан басқа бұлтартпау шарасының кейбір түрлерін қолдану кезінде сонымен қатар тиісті қолхат, хаттама немесе қаулы рәсімделеді. Мысалы, шықпау және тиісті мінез-құлық туралы, жеке кепілгерлік туралы, қарауына қабылдау туралы қолхат; айыпталушыны қамау туралы хабарландыру; күзет парақшалары; әскери бөлімнің командирін хабарландыру; кепілді қабылдау туралы хаттама; қамаққа алынған адамның мүлігін қарауды қамтамасыз ету туралы қаулы және т.б.

Қылмыстық-процестік заң бұлтартпау шарасын қолданған органды күдіктіні (айыпталушыны) ұстап алу туралы оның отбасы мүшелеріне, сондай-ақ жұмыс орны бойынша хабарлауға міндеттейді.

Қазақстан Республикасы ҚПК 154-бабына сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін орган күзетпен ұсталуының, сол сияқты қылмыстық процесті жүргізетін органның басқа да әрекеттерінің нәтижесінде мүлкі қараусыз қалған адамның өз мүлкінің және өзіне тиесілі жануарлардың қарауда болуына құқығы бар, оны көрсетілген лауазымды адам осы адамға оның өтінуі бойынша және оның есебінен қамтамасыз етуге міндетті.

Күзетпен ұстауға алынған қараусыз қалған 16 жасқа дейінгі балаларды немесе еңбекке жарамсыздарды (қарияларды, мүгедектерді, ауыр науқастарды немесе психикалық дені сау еместерді және т.б.) қамқорлыққа беру туралы жеке қаулы шығарылады. Мұндай балалар мен еңбекке жарамсыз адамдарды қамқорлыққа беру қылмыстық қудалау органы мен соттың міндеті ретінде қаралуы тиіс.

Уақытша қамқорлық дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз ете алатын жекелеген кәмелетке толғандарға, мейірімді азаматтарға және балалар немесе еңбекке жарамсыз адамдар туралы тиісті қамқорлықты олардың келісімімен жүктелуі мүмкін. Олар туыстары, педагог, көршілері, қызметтестері, отбасының достары және т.б., болуы мүмкін. Бұдан басқа, балалар мектеп-интернатқа, балалар үйіне және басқа да балалар мекемесіне берілуі мүмкін. Қажеттілігіне қарай тиісті органдар арқылы заңмен белгіленген тәртіпте мұндай балаларға қамқоршылық немесе қорғаншы рәсімделуі мүмкін.

Күдіктінің қорғансыз қалған еңбекке жарамсыз туыстары, қарттар үйіне, санаторияға, ауруханаға және т.б., берілуі мүмкін.

Қамаққа алынған балалар мен еңбекке жарамсыз адамдарға қатысты қабылданған шаралар туралы оған дереу хабарлауға тиіс.

16 жастан бастап 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға қатысты, егер олар жалғыз қалса және өзіндік табысы болмаса, материалдық қаржыны республикалық бюджеттен қаржыландыру керек.

Егер күдіктіні (айыпталушыны) күзетпен ұстау кезінде оның отбасында басқа кәмелетке толған мүшелері жоқ болса, немесе ол жалғыз тұрса, онда оның мүлкі мен жануарларын қарауға шаралар қолданылады, қылмыстық процесті жүргізетін орган, аталған тұлғағаоның өтініші бойынша және оның есебінен қамтамасыз етуге міндетті.

Мүлік КСК, ЖЭУ немесе өзге де тиісті ұйымға берілуі мүмкін, сонымен бірге пәтер қамтамасыз етіледі. Жануарлар жануар шаруашылығы фермасына, серіктестікке немесе өзге де шаруашылықтарға берілуі мүмкін.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамның немесе судьяның қамаққа алынғанның мүлкіне және оған тиесілі жануарларға қарауды ұйымдастыру туралы тиісті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен орындау үшін міндетті кепілдік.

Бұдан басқа, пәтер, мүлік және жануарлар, олардың келісімімен туыстарына немесе көршілеріне берілуі мүмкін.

Күзетпен ұстау мерзімдері және оларды ұзарту тәртібі. Қазақстан Республикасы ҚПК 151-бабының талаптарына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде күзетпен ұстау мерзімін екі айдан асыруға болмайды. Тергеп-тексеруді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою үшін негіздер болмаған кезде бұл мерзімді тергеушінің уәжді өтінішхаты бойынша судья – алты айға дейін ұзартуы мүмкін.

Мерзімді одан әрі ұзарту істің аса күрделілігіне қарай тоғыз айға дейін ұзартылуы жүзеге асырылуы мүмкін.

Істің аса күрделілігі:

- көп эпизодты, созылатын не болмаса топтасқан іс;
- қылмыстық құқық бұзушылық әртүрлі аудандарда және облыстарда жасалғанда;
- тұлға бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп айыпталса және олар бойынша күрделі сараптама жүргізілсе;
- қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдардың кейбір нұсқалары не болмаса айыпталушының алибиі оларды тексеру үшін елеулі уақытты қажет етсе;
- айыпталушы медициналық немесе психиатриялық мекемеге стационарлық бақылау үшін орналастырылғанда және т.б.

Заңда күзетпен ұстау мерзімін одан әрі ұзартуға жол берілмейтіні, күзетпен ұсталып отырған күдікті, айыпталушы дереу босатылуға жататыны айқын көрсетілген.

Іс бойынша тергеп-тексеруді өткізу кезінде күзетпен ұстау мерзімі

күдіктіні (айыпталушыны) прокурор істі сотқа жібергенге дейін күзетпен ұстауға қамаған кезден саналады. Қамақ мерзіміне тұлғаны күдікті ретінде ұстау уақыты, ұйқамақ және сот шешімі бойынша психиатриялық немесе өзге де медициналық мекемелерде мәжбүрлі болу уақыты саналады. Айыпталушының және оның қорғаушысының қылмыстық істің материалдарымен танысу уақыты қамақ мерзімін есептеу кезінде саналмайды.

Қазақстан Республикасы ҚПК 151-бабының 12-14 бөліктеріне сәйкес айыпталушыны (күдіктіні) бір іс бойынша, сондай-ақ осымен біріктірілген немесе одан бөлініп шығарылған қылмыстық іс бойынша қайта қамаққа алған жағдайда қамақ мерзімі оның күзетте болған уақыты есепке алынып саналады. Сот істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарған кезде, айыпталушыны күзетпен ұстаудың шектік мерзімі аяқталмаған, ал бұлтартпау шарасын өзгерту үшін негіздер болмаған кезде, тергеуді қадағалауды жүзеге асыратын прокурор күзетпен ұстау мерзімін қылмыстық іс прокуратураға келіп түскен күннен бастап бір ай шегінде ұзартады. Қадағалау сатысындағы іс жүргізудің нәтижесінде үкім жойылған жағдайда немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген, күзетпен ұстау мерзімін санаудың жалпы тәртібі және ұзартылуы қолданылады.

Айыпталушы күзетпен ұсталған қысқартылған немесе тоқтатылған қылмыстық іс жаңартылған жағдайда, күзетпен ұстау мерзіміне қысқартылған немесе тоқтатылған іске дейін көрсетілген бұлтартпау шарасын қолдану уақытын кіргізу керек.

Қамақ мерзімін ұзарту қажеттігі кезінде іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын тергеуші уәжді қаулы шығаруға міндетті. Ұзартуға күзетпен ұстау мерзімі ғана емес, сонымен бірге тергеу мерзісі де жатады, себебі тергеу мерзімін ұзартусыз іс бойынша тергеуді одан әрі жүргізу мүмкін болмайды.

Сипаттау бөлігінде әрекеттің мәнін саралау; қылмыстық қудалау негізделген нақты деректер; бұлтартпау шарасын таңдау күні және әрекеттің саралануы; қаулы шығару кезіндегі тергеудің жағдайы; жүргізу қажет және ол үшін қанша мерзім қажет тергеу және процесік әрекеттердің тізбесі; бұлтартпау шарасын өзгертуге болмайтын себептер; тергеуді аяқтау болжанатын мерзімнің шегі; тергеу және күзетпен ұстау мерзімін ұзарту себептері, сондай-ақ тергеуді тез аяқтауға қолданылатын шаралар.

Қаулының қарар бөлігінде айыпталушыны қамау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат құралады. Мерзімді ұзарту туралы мәселені күзетпен ұстау мерзімі аяқталғанға дейін шешу үшін өтінішхат алдын ала қозғалуы тиіс. Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат тергеу судьясына күзетпен ұстау мерзімнің аяқталуына жеті тәуліктен кешіктірмей ұсынылады.

Заң шығарушы Қазақстан Республикасы ҚПК 151-бабында күдіктінің (айыпталушының) жеке басына қолсұғылмаушылық құқықтары мен мүдделерін қорғауға кепілдікті күшейтеді. Осыған байланысты, қылмыстық-процестік заң күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан 24 сағат бұрын іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан органға немесе адамға, сондай-ақ прокурорға ол туралы хабарлауға міндетті. Егер күзетпен ұстаудың заңда

белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін күдіктіні, айыптаушыны босату туралы не оларды күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім келіп түспесе, күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы оларды өзінің қаулысымен босатып, оның көшірмесін 24 сағат ішінде іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан органға немесе адамға және прокурорға жолдайды. Күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы заңның талаптарын орындамаған кезде Қазақстан Республикасы ҚК 414-бабына сәйкес қасақана заңсыз күзетпен ұстағаны үшін жауаптылықта болады.

Күзетпен ұстаудан күдіктілерді және айыпталушыларды босату күзетпен ұстау мекемесі әкімшілігінің басшысы соттың тиісті шешімін не болмаса тергеушінің, анықтаушының немесе прокурордың қаулысы бойынша жүргізеді.

Күзетпен ұстау орнынан босатылған күдіктіге немесе айыпталушыға оның дербес шотында сақталған жеке басының құжаттары, заттары, ақшалары, сондай-ақ оның қамағын кімнің санкциялағаны; ұстап алу орны мен уақыты және бұлтартпау шарасын таңдау негіздері көрсетілген анықтама беріледі; босату негіздері мен уақыты. Күзетпен ұстау орны әкімшілігінің күзетпен ұстауынан босап шыққан күдікті немесе айыпталушы, қажеттігіне қарай тұрғылықты жеріне теміржолмен, автомобильмен немесе су көлігімен жүруі, тамақпен, сондай-ақ маусымдық киіммен қамтамасыз етіледі.

Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту. Қазақстан Республикасы ҚПК 153-бабының талаптарына сәйкес, бұлтартпау шарасының қажеттігі болмай қалған кезде оның күші жойылады немесе ол негіздер мен мән-жайлар өзгерген кезде қатандығы неғұрлым жеңіл немесе неғұрлым ауыр шараға өзгертіледі.

Мазмұндалған нормалардың мағынасы бойынша бұлтартпау шарасының күшін жою негіздері таңдалған мақсатқа қол жеткізілген, не болмаса оның мақсаты мен мән-жайының қажеттігі болмай қалған кез болып табылады. Бұлтартпау шарасын өзгертуге негіздер оны қолдану кезінде ескерілген мән-жайлардың өзгеруі болады. Осыған, байланысты тергеуші, прокурор және судья (сот) істі тергеу және қарау процесінде бұлтартпау шарасы таңдалған негіздердің мән-жайларының болуына айрықша назар аударуы тиіс, сонымен бірге қажет кезде оның күшін жою немесе өзгерту бойынша шешім қабылдауы.

Қылмыстық-процестік заңда ҚПК 152-бабы талаптарын қаматмасыз ететін бірқатар кепілдіктер көзделген. Айталық, Қазақстан Республикасы ҚПК 193, 301-303 баптарына сәйкес прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңдерінде бұлтартпау шарасын таңдау заңдылығын, сондай-ақ істе оны өзгерту немесе күшін жою үшін негіздердің барлығын тексеруге міндетті. Судья Қазақстан Республикасы ҚПК 107-бабы талаптарының негізінде күдіктінің не болмаса айыпталушының шағымы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қамақ түрінде бұлтартпау шарасын қолдануға берген прокурордың санкциясының заңдылығы мен негіздігін тексеруді жүзеге асыруға құқылы. Бұдан басқа, судья Қазақстан Республикасы ҚПК 319, 322 баптарының негізінде судья басты сот талқылауын тағайындау сатысында, сондай-ақ бұлтартпау шарасын сақтау, күшін жою, өзгерту немесе таңдау

туралы сұрақты қарастыруға міндетті.

Таңдалған бұлтартпау шарасының күші қылмыстық іс тоқтатылған немесе ақтау үкімі шығарылған кезде міндетті түрде жойылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 394-бабы).

Қазақстан Республикасы ҚПК 151-бабының талаптарына сәйкес күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы, егер тұлғаны күзетпен ұстауға тұтқындаған күннен бастап он екі ай өтсе, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңадан саралануы жаза ретінде бас бостандығынан айыруды көздемеген айыптаудың өзгеруінің барлық жағдайларында міндетті түрде өзгеруі немесе күшін жоюы қажет. Айыптау күдіктінің (айыпталушының) кінәсін ауырлату жағына өзгерткен кезде бұлтартпау шарасы анағұрлым қатаңына өзгеруі мүмкін.

Бұлтартпау шарасының күшін жоюдың немесе өзгертудің барлық жағдайларында қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамның немесе судьяның уәждеделген қаулысы шығарылады. Күзетпен ұстауға бұлтартпау шарасының күшін жою немесе өзгерту, ұйқамақ немесе кепіл соттың шешімімен ғана жүргізіледі. Сонымен бірге қаулыда күдіктінің (айыпталушының) қолымен куәландырылатын танысу уақыты көрсетіліп белгі жасалады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 152-бабына сәйкес бұлтартпау шарасының күшін жою немесе өзгерту анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе судьяның не болмаса соттың уәжді қаулысы бойынша жүргізіледі. Қаулыда қабылданған шешімнің себебін көрсету керек, яғни, қандай мән-жайлар өзгерді және олар нақты неден көрінді.

Бақылау сұрақтары

1. Процестік мәжбүрлеу шарасы ұғымы.
2. Процестік мәжбүрлеу шарасының мәні мен маңызы.
3. Процестік мәжбүрлеу шараларының түрлері.
4. Бұлтартпау шаралары.
5. Күдіктіні ұстап алу.
6. Процестік мәжбүрлеудің өзге де шаралары.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (02.02.2011 жылғы өзгерт. және толықт.).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2015 жылғы 1 қаңтардан күшіне енді).
3. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 01 июля 1999 года №409.
4. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК (Т 1. Общая часть) / М.Ч. Когамов. – Алматы: «Жеті жарғы», 2015. – С. 162.

5. Ахпанов А.Н. Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования: автореф. дис. ... докт.юрид. наук. - М., 1997. – С. 50 .
6. Ахпанов А.Н. Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования. – Алматы, 1997. – С. 48.
7. Балтабаев К.Т. Применение домашнего ареста в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан // Актуальные проблемы уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права: материалы научной конференции. – Караганда, 2002. – С. 45-49.
8. Булатов Б.Б. К вопросу об уголовно-процессуальном принуждении // Проблемы борьбы с преступностью. – Омск, 1977. – С. 252.
9. Буряков А.Д. Меры пресечения в советском уголовном процессе: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – М., 1967. – С.18.
10. Давыдов П. М. Меры пресечения в советском уголовном процессе: автореф.дис. ... канд.юрид. наук. - Л., 1953. – С.18.
11. Мухамадалиев Д.С. Уголовно-процессуальное принуждение в механизме обеспечения задач предварительного следствия: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Ташкент, 1995. – С. 28.
12. Михайлова В.А. Меры пресечения в уголовном судопроизводстве. – Тюмень, 1994. – С. 420.
13. Ханов Т.А. Правовые и организационные вопросы применения имущественных мер пресечения в уголовном судопроизводстве РК: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Алматы, 1999. - С. 28.
14. Чельцова М.А. Советский уголовный процесс. – М., 1962. – С. 321.

**О.Т.Сейтжанов, А.В.Брылевский, С.Н. Бачурин,
С.А.Едресов, С.М. Сафронов**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ**

ЖАЛПЫ БӨЛІК

ОҚУЛЫҚ

Редакторы Исмагулова Г.Қ.
Түзетушісі Аманова Н.И.

Жүйе талаптары: процессоры Intel Core i3 және одан көп ДК; 512 Мб және одан көп; дискжетек CD/DVD – ROM; Microsoft Windows XP және одан жоғары; SVGA 800x600.16 bit және одан көп; Internet Explorer; Adobe Acrobat Reader 8.0 және одан жоғары.

Пайдалануға 2018 ж. 18.06 қол қойылды.
Көлемі 13 ш.б.т. Таралымы 10 дана

ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы
110005, Қостанай қ., Абай даңғылы, 11